

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын одан әрі іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 4 желтоқсандағы N 735 Жарлығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Президентінің 2010.02.01 № 922 Жарлығымен.

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын іске асыру мақсатында және "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Конституциялық заңының 19-бабына сәйкес қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары (бұдан әрі - Стратегиялық жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) өз қызметтерінде Стратегиялық жоспарды басшылыққа алсын және оны іске асыру жөнінде қажетті шараларды қолдансын;

2) қабылданатын мемлекеттік, салалық және аймақтық бағдарламалардың (жоспарлардың) Стратегиялық жоспармен үйлесімділігін қамтамасыз етсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері 2002 жылдың 1 ақпанына дейін Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау жөніндегі агенттігімен келісе отырып аймақтардың 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарларын әзірлеп, тиісті жергілікті өкілді органдардың бекітуіне енгізсін.

4. Қазақстан Республикасының Президентіне тікелей бағынатын және есеп беретін мемлекеттік органдар, орталық және жергілікті атқарушы органдар жыл сайын 20 қаңтарға Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігіне Стратегиялық жоспардың орындалу барысы туралы а қ п а р а т б е р і п о т ы р с ы н .

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2003.12.18. N 1252 жарлығымен.

5. Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі жыл сайын 5 ақпанға Қазақстан Республикасының Үкіметін

Стратегиялық жоспардың іске асырылу барысы туралы хабардар етіп отырсын.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2003.12.18 N 1252 жарлығымен.

6. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) жыл сайын 20 ақпанға Стратегиялық жоспардың орындалу барысы туралы Мемлекет басшысын хабардар етіп отырсын, сондай-ақ қажеттілігіне қарай Мемлекет басшысына Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі стратегиялық даму жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы ұсыныстар енгізіп отырсын;

2) осы Жарлықтан туындайтын өзге де шараларды қолдансын.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2003.12.18 N 1252 жарлығымен.

7. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

8. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Қазақстан

Республикасы

Президентінің

2001 жылғы 4

желтоқсандағы

N 735 Жарлығымен

бекітілген

**Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі
Стратегиялық даму жоспары АСТАНА, 2001 ж.**

КІРІСПЕ

1997 жылғы 10 қазанда Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан - 2030. Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы" атты Жолдауы жарияланған болатын, онда Қазақстанның 2030 жылға дейінгі ұзақ мерзімді даму стратегиясы белгіленді. Ұзақ мерзімді стратегияның алдын ала кезеңін іске асыру мақсатында Президенттің 1998 жылғы 28 қаңтардағы N 3834 Жарлығымен Қазақстан Республикасының 1998-2000 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары бекітілген болатын. Тұтастай алғанда үш жылдық Стратегиялық жоспар табыспен іске асырылды.

Қазақстан дамудың және қазіргі әлемдегі өз орны мен рөлін сезінудің жаңа сатысына көтерілді. Елді жаңа нарықтық желіге салу жөніндегі негізгі шаралар

жүзеге асырылды. Осыдан тоғыз жыл бұрын тәуелсіздікке ие болған сәтке қарағанда бүгінгі Қазақстан тәуелсіз экономикалық держава ретінде бәсекеге неғұрлым қабілетті әрі келешегі зор.

Алайда, Қазақстанның өзіндік даму моделін іздестіру жалғасуда және жалғаса беруге тиіс, өйткені дүние шапшаң өзгеріп, күрделене түсуде. Мұндай ізденістің аса маңызды құралы Қазақстан 1997 жылы алғаш рет пайдаланған ел дамуын стратегиялық жоспарлау болып табылады.

Өзінің бәсекелестік қабілетін арттыру үшін стратегиялық жоспарлауды алдыңғы қатарлы елдер мен аса ірі трансұлттық компаниялар қолданады. Олардың қазіргі заманда өмір сүру тәжірибесін пайдалана отырып, Қазақстан мемлекеттің рөлі мен өз дамуын стратегиялық жоспарлауды күшейтуге тиіс. Айқын стратегиялық жоспарсыз мемлекет өзінің мұратын іске асыру қабілетінен айырылады. Оқиғалар барысын басқарудың орнына, ол соларға тәуелді болып қ а л а д ы .

Сонымен бірге стратегиялық жоспарлар қатып-семген догмаларға айналмауға , елдің әлеуметтік-экономикалық дамуын мемлекеттік реттеудің икемді құралы болуға тиіс. Бұл - 10-жылдық стратегиялық жоспар іске асырылу бөлігінде жыл сайын талдануға және қалыптасқан ішкі және сыртқы жағдайлар ескеріле отырып, түзетілуге тиіс дегенді білдіреді.

Осы құжат Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары болып табылады және ол министрліктер мен ведомстволардың, ұлттық компаниялардың, облыстардың, Астана және Алматы қалаларының стратегиялық жоспарларын әзірлеу үшін негіз болып табылады.

I БӨЛІМ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ 2010 ЖЫЛҒА ДЕЙІНГІ ДАМУ МОДЕЛІ

1. БАСТАПҚЫ ШАРТТАР

Қазақстан дамуының осы заманға барабар стратегиясын түзу үшін ағымдағы геосаяси және геэкономикалық процестерді, жаңа басталған жиырма бірінші ғасыр әкелер мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерді түйсіну қажет. Социалистік жүйе күйрегеннен кейін әлем жаңа әлемдік тәртіп орнату дәуіріне қадам басты. Өз негізінде екі өрісті әлемдік тәртіп бір өрісті тәртіппен алмасты. Алайда әлемдік қауымдастық серпінді дамуын жалғастырып келеді. Әлемдік экономиканың ғаламдануы дамудың аса маңызды факторы болып табылады.

Шығыс Азия аймағының соңғы 30 жылдағы күрт дамуы күштердің жаңа

арасалмағына алып келді. Қазіргі кезде әлемде үш дамыған экономикалық орталық: АҚШ, Еуропа Одағы және Жапония бар. Өзімізбен көршілес Қытайдың экономикалық алыпқа айналуының нақты перспективасы бар.

Мемлекет рөлінің төмендей түсуі туралы болжамдарға қарамастан, егеменді мемлекеттер жиырма бірінші ғасырдағы әлемдік процесте басты іс-қимыл иелері болып қала бермек. Басқаша айтқанда, тарихтың басты қозғаушысы мемлекеттердің арасындағы бәсеке болып қала береді.

Тұтастай алғанда қазіргі кездегі әлемдік саясат дамыған мемлекеттердің шектеулі тобының мүдделерімен айқындалады. Табиғи ресурстардың жұтаңдау жағдайында іргелі елдер стратегиялық тұрғыдан маңызды шикізатқа бақылау орнатуға тырысуда. Едәуір энергетикалық ресурстарға ие Қазақстанға тиісінше қ а т е р т ө н у і ы қ т и м а л .

Әлемдік экономикада шын мәнісінде дамыған елдердің ұлттық компаниялары болып табылатын трансұлттық компаниялардың (ТҰК) мүдделері үстемдік етіп отыр. Қазіргі кезде ТҰК әлемдік өнеркәсіп өндірісінің жартысына дерлігін бақылайды. ТҰК-ның ерекше белгілері: нарықтарға ғаламдық тұрғыдан көз жіберу және бәсекені әлемдік ауқымда жүзеге асыру; әлемдік нарықтарды бөлісу; өз елдерінің мемлекеттік аппаратын компаниялардың мүдделерін ілгерілету үшін пайдалану; ТҰК жұмыс жүргізіп отырған мемлекеттерге экономикалық және саяси ықпалды жүзеге асыру болып табылады.

Ірі мемлекеттер өздерінің ТҰК-ларын белсене қолдайды, ал олар өз кезегінде халықаралық қызметтен салық қаражатының түсуін, олардың экономикалық және саяси ықпалының таралуын қамтамасыз етеді.

Қазіргі кезде ТҰК әлемдік экономиканың негізін түзеді.

ТҰК-лардың дамушы мемлекеттерге теріс ықпалының мынадай негізгі сәттерін атап көрсетуге болады:

- ТҰК жергілікті компанияларға қуатты бәсекелестік туғызады және олардың дамуына мүмкіндік бермей, ішкі нарықтан ығыстырады;

- трансұлттық капиталдың күрт орын ауыстыруы ұлттық валютаның тұрақтылығын бұзып, дамушы елдердің ұлттық Қауіпсіздігіне қатер төндіруі мүмкін.

2. МАҚСАТЫ

Ұзақ мерзімді тұрғыда бәсекеге қабілетті экономиканың негізін қалау. 2010 жылға қарай ішкі жалпы өнімнің (ІЖӨ) көлемін екі есеге ұлғайту.

3. ДАМУ МОДЕЛІ

Экономика саласында:

- мемлекетті экономикалық өрлеу "локомотивіне" айналдыру;
- мемлекеттің қатысуымен жүйе түзетін ірі компанияларды құру және оларды аймақтық және мүмкіндігінше, әлемдік деңгейге шығару;
- ТМД аймағындағы экономикалық өктемдік.

Мемлекеттік басқару саласында:

- мемлекеттік кәсіпкерлікті басқаруға қабілетті пәрменді Үкімет құру;
- орталық және жергілікті билік органдары функцияларының айқын бөлінісі;
- жергілікті мемлекеттік басқару органдарына заңнамамен белгіленген құзырет шегінде дербестік беру;
- бюджет жүйесін жетілдіру арқылы негізгі әлеуметтік салаларға мемлекеттің бақылау жасауы.

4. МЕМЛЕКЕТТІҢ ЭКОНОМИКАДАҒЫ РӨЛІ

ТҰК-ға төтеп беру үшін Қазақстан тәрізді халқының саны жағынан шағын елдердегі отандық компаниялардың ұлттық экономиканың ауқымымен шамалас ауқымы болуға тиіс. Бұл мемлекеттің оларды басқарудан және олардың қызметін реттеуден шет қала алмайтынын білдіреді.

Әрбір қаржы-өндіріс тобы немесе ірі корпорация бойынша мемлекет осы бизнестегі өзінің мүддесі қандай екендігін, өзінің меншік үлесі мен бағытталған қаражаттың қалай пайдаланылатынын шешуі керек. Ұлттық мақсаттарды жүзеге асыруға қатысатын қаржы-өндіріс тобы мемлекеттің қамқорлығында және осы топтардағы мемлекеттік меншіктің үлесі негізінде бақылауында болуға тиіс.

Перспективада мемлекет қаржы-өндіріс тобын жоғары технологиялар саласында дамытуға жәрдемдесуге тиіс. Отандық қаржы-өндіріс тобынан озық технологиялары мен қазіргі заманғы менеджментті игерген нағыз трансұлттық корпорациялар құру керек. Өзіміздің қаржы-өндіріс тобын басқа елдердің нарығына барынша жылжыта отырып, өзіміздің сыртқы экономикалық саясатымызды осыған тұрақты бағдарлай отырып, мемлекет ықпал ету саласын кеңейтіп, әлемдік экономикада өзінің маңызын көтере алады.

Сонымен, тарихтың жаңа орамында мемлекет экономиканың өзекті салаларына қайта оралуы қажет. Алайда бұл социалистік (кеңестік үлгідегі) мемлекеттің емес, елдің өз ішінде де, сондай-ақ шетелде де нарық жағдайында бәсекеге қабілетті мемлекеттің қайтып оралуы болуға тиіс.

Ғаламдану жағдайында кедергілер орнату, тұйық экономика жасау мүмкін емес және оның қажеті де жоқ. Мұның өзі отандық кәсіпорындардың шетел компанияларымен елдің өз ішінде де, сондай-ақ шетелде де бәсекелесуге тиіс екендігін білдіреді. Сонымен бірге ғаламдану мен ақпараттық технологияны

дамыту бізге бүкіләлемдік нарықта жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Қазақстан экономикасы ішкі нарық ауқымы жөнінен шағын болып табылады. Мұның өзі ұзақ мерзімді экономикалық өрлеуге қол жеткізу үшін біздің экономикамыз экспорттық бағдарлы болуға тиіс деген сөз. Импортты алмастыруға ғана бағытталған стратегия қате болар еді.

Мұнай секторында өндірістің алдағы өсуі бізге қатер төндірумен бірге, жаңа мүмкіндіктер де әкеледі.

Қатер біздің кәсіпорындарымыздың өнімдерінің көрші елдер кәсіпорындарының осындай өнімдерімен салыстырғанда бәсекеге қабілеттілігінің құлдырауымен байланысты. Қазақстанда еңбекке ақы төлеу деңгейінің неғұрлым жоғары болуы бізді көршілерімізде жоқ не оларда нашар дамыған өнеркәсіп салаларын дамытуға бағдарлануға итермелейді. Мұның өзі жоғары қосымша құны бар жоғары технологиялық өндіріске баса көңіл бөле отырып өнеркәсіп стратегиясын әзірлеу, ақпараттық технологияларды енгізу қажет дегенді білдіреді.

Қазақстанның осындай стратегияны іске асыруға мүмкіндіктері бар. Олар, ең алдымен, мемлекеттің мұнай секторынан қосымша табыс алуымен байланысты. Екінші жағынан, зейнетақы реформасының басталуы ішкі жинақ ақшаны молайтуға және жинақтаушы зейнетақы қорлары түріндегі ірі инвесторлар құруға мүмкіндік берді. Мемлекет осы екі сектордың ресурстарын шоғырландыруға және экономиканы жаңғыртуға: жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды қайта жаңартуға, экономиканың жаңа стратегиялық салаларын құруға бағыттауға тиіс.

Экономиканы жаңғырту үшін ірі ауқымды ұзақ мерзімді инвестициялар талап етіледі. Қазіргі кезеңде мұндай жаңғыртуға мемлекет қана "локомотив" бола алады, өйткені жеке сектордың өнеркәсіптің технологиялық тұрғыдан күрделі жаңа салаларына ұзақ мерзімді ірі инвестиция тартуды жүзеге асыруға әлі ұзақ уақыт бойы қабілеті жетпейді. Өнеркәсіп дамуының қажетті стратегиясын іске асыру үшін адам және қаржы ресурстарын тек мемлекет қана шоғырландыра алады.

Сонымен, біздің стратегиямыз экономиканың барлық негізгі секторларына мемлекеттің қатысуымен жүйе түзетін ірі компаниялар құру болып отыр.

Жүйе құрайтын компаниялар қазақстандық экономиканың базасын түзуге тиіс. Бұл компаниялардың төңірегінде ұсақ және орташа кәсіпорындар құрылып, солардың тапсырысы бойынша жұмыс істеуге тиіс. Жүйе құрайтын компанияларға мемлекеттің қатысу нысаны "алтын акцияны" иеленуден бастап, экономиканың салаларына және жалпы экономикалық ахуалға қарай акцияны жүз пайыз иеленуге дейін түрленіп отырады (өйткені жүйе құрайтын компаниялар ұлттық экономикаға ықпал ететін ірі кәсіпорындарды басқаратын

болады, бұдан былай оларды ұлттық компаниялар деп атаймыз).

Экономиканы жаңғырту стратегиясын іске асыру үшін тиісті қаржы жүйесін құру қажет. Мемлекеттік инвестициялық бағдарламаға сәйкес өнеркәсіптің жаңа салаларын инвестициямен қамтамасыз ететін мемлекеттік қаржы институттарын құру керек. Жұмыс істеп тұрған Ұлттық қормен қатар мұндай институттар Даму бюджеті, дамудың мемлекеттік несие ұйымдары бола алады.

Одан әрі ұлттық компаниялардың Қазақстаннан тыс экономикалық өктемдігі, олардың таяу шетелдегі, ең алдымен энергетика мен құбыр көлігі саласында Қазақстанға қажетті өнеркәсіп объектілері мен инфрақұрылымды иеленуі қажет.

Бірінші кезекте қаражатты Қазақстан жүктеріне қажетті кемежайлар мен терминалдарға, құбырларға, Орталық Азиядағы мұнай өндіру зауыттарына, гидроэлектростанцияларға инвестициялау керек.

Қазақстан экономикасының дамуына қарай ұлттық компаниялар өзінің қызмет аясын кеңейту мақсатында ТҰК-мен одақтарға кіретін болады.

II БӨЛІМ

ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ

Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес әлеуметтік мемлекет құру қоғамдық дамудың негізгі мақсаттарының бірі болып табылады. Елдің әлеуметтік дамуы тұтасымен мемлекеттің заңдарда белгіленген әлеуметтік функцияларын іске асыру сапасына байланысты.

Қазіргі кезде біз бірқатар аса маңызды әлеуметтік бағдарламаларды жетімсіз қаржыландырылуымен бетпе-бет келіп отырмыз.

Тұрмысы төмен азаматтарға - жұмыссыздарға, көп балалы отбасылар мен балалары бар жалғыздікті аналарға, зейнеткерлерге, мүгедектерге - мемлекеттік қолдау көрсету қағидаттарының жетілдірілмеуі әлеуметтік саясаттың тиімділігін төмендетеді. Денсаулық сақтау мен білім беру қызметтерінің іс жүзіндегі ақылы деңгейі едәуір өсті, мұның өзі осындай қызметтерге халықтың нақты қол жетімділігін шектеді.

Халықтың тұрмыс деңгейінің іс жүзінде төмендеуі әлеуметтік-демографиялық дамуға және соның салдарынан Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне нақты қатер төндіреді және тікелей экономикалық зиян шектіреді. Осыған байланысты әлеуметтік салада реформалар жүргізу шешімін кейінге қалдыруға болмайтын міндет болып отыр.

Әлеуметтік саладағы реформалардың басты мақсаттары мыналар болып табылады:

- тууды ынталандыру және өлім-жітім деңгейін төмендету мен салауатты

өмір салтын насихаттау есебінен күтілетін өмір жасын ұзарту жөніндегі шараларды қамтамасыз ету, медициналық қамтамасыз етуді жақсарту және тұрмыста әрі өндірісте жарақаттануды азайту, сондай-ақ көші-қон процестерінің реттелуіне қол жеткізу жолымен демографиялық жағдайды жақсарту;

- әйелдердің қоғамдағы жағдайын жақсарту және нақты тендерлік теңдікке қол жеткізу ;

- халықтың тұрмысы төмен топтары үшін экономикалық өсуді ынталандыру жолымен экономикалық мүмкіндіктерді кеңейту - еңбекке қабілетті халықтың неғұрлым жоғары әлеуметтік тұтыну деңгейін қамтамасыз ететін табыс табуына мүмкіндік беретін экономикалық жағдай туғызу;

- экономиканың нақты секторында жұмыспен қамтуды ынталандыру;

- халықтың экономикалық және әлеуметтік жағынан әлсіз топтарын тиімді мемлекеттік әлеуметтік қолдаумен қамтамасыз ету;

- әлеуметтік қамтамасыз етуге бағытталған қаражатты бөлудің неғұрлым тиімді жүйесін құру ;

- халықтың тұрмыс деңгейін, жұмыспен қамтуды арттыру және кедейлік деңгейін төмендету ;

- медициналық қамтамасыз етудің, жалпы және кәсіптік білім берудің жалпыға бірдей қол жетімділігін қамтамасыз ету;

- ұсынылатын әлеуметтік игіліктер мен қызметтердің жоғары сапасы мен оларды халықтың кеңінен таңдау мүмкіндіктерін қамтамасыз ету;

- Қазақстан Республикасының азаматтарын әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесін қаржыландырудың жаңа көздерін айқындау және қазіргілерін неғұрлым тиімді пайдалану .

Әлеуметтік саладағы реформалар әлеуметтік саясаттың бағыттарын мемлекеттің қолда бар нақты мүмкіндіктері мен ресурстарына орай дамытуға жәрдемдесуді мұрат тұтады. Бұл ретте белсенді әлеуметтік саясат экономикалық өрлеудің шектеушісі емес, жеделдетушісі ретінде көрінуге қабілетті.

Әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінде әлеуметтік сақтандыру: медициналық, зейнетақылық, жұмыстылықты (жұмыссыздықтан), мүгедектігін, асыраушысынан айырылуына байланысты сақтандыру айрықша орын алады. Бұл ретте сақтандыру қаражатын қалыптастыруға мемлекет, жұмыс беруші және халықтың өзі қатысатын болады. Іске осы тұрғыдан келу әлеуметтік саясаттың басым компоненті (бөлшегі) ретінде "адам факторының" өркенді дамуын қамтамасыз ету мақсатында инвестициялық мүмкіндіктерді нығайтуға бағытталған.

1. ТҰРҒЫН ХАЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫ (ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ)

1.1. МАҚСАТ

Халық санының елдің әлеуметтік дамуының деңгейіне сәйкес өсуі.

1.2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

1999 жылғы халық санағының нәтижесі бойынша, Қазақстан халқының жалпы саны 14,95 млн. адамды құрады. Сонымен, соңғы 10 жылда ол 1,2 миллионнан астам адамға кеміді (1-қосымшаны қараңыз).

Тұтас алғанда республика үшін, негізінен, туудың төмендеуі есебінен табиғи өсім қарқынының төмендеуі, көші-қонның теріс сальдосы (1991-2000 жылдары Қазақстаннан 2,5 миллионға жуық адам көшіп кетті, осы кезеңде көшіп келушілердің жиынтық саны небәрі 0,87 млн. ғана адамды құрады), ауыл халқы үлесінің біртіндеп төмендеуі, аумақ бойынша орнығудың біркелкі еместігі, халық тығыздығының төмен көрсеткіштері тән болып отыр.

Халықтың қартаю үрдісі байқалуда: 1999 жылғы халық санағының деректері бойынша, 65 жас пен одан үлкен жас тобындағы адамдар халықтың жалпы санының 6,7%-ын құрады (2-қосымшаны қараңыз). Халықтың едәуір жылдам қартаю себептерінің бірі, негізінен еңбекке жарамды жастағы адамдардың көшіп кетуі, ал республикада егде, зейнет жасындағы адамдардың қалуы болып т а б ы л а д ы .

БҰҰ-ның қартаю шкаласы бойынша, егер 65 жас пен одан үлкендердің үлесі:

- 4%-дан төмен болса - жас халық;
- 4-7% - қартаю табалдырығында тұрған халық;
- 7% және одан да жоғары - қартаң халық.

Сондай-ақ өсіп-өну денсаулығының статусын нашарлататын факторлардың күшейе түскенін атап өткен жөн. 60%-дан астам әйелдер анемиямен ауырады, жүкті әйелдердің қаны аздық дертіне шалдығуы соңғы он жылда он есе өсті. Сүт безінің қатерлі ісігіне шалдығудың өсе түсуі айрықша алаңдатушылық туғызады.

Тәуелсіздік жылдарында елде әйелдердің қоғамдағы құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау саласында белгілі бір прогреске қол жетті. Мемлекет тарапынан саяси және экономикалық қызмет салаларында нақты теңдікке қол жеткізу жолындағы кедергілерді жоюға ықпал ететін оң қадамдар жасалды.

1-қосымша

Қазақстан Республикасындағы халық санының серпіні (мың адам)

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

2-қосымша

Қазақстан халқының жыныстық-жастық пирамидасы, 1999 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай (мың адам)

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

1.2.1. Күшті жақтар

Халықтың жыныс-жас құрылымы мен медиандық жасы (халықты саны жағынан екі бірдей бөлікке бөлетін жас) оның салыстырмалы түрде жастығын көрсетеді.

Халықтың едәуір бөлігінде орташа немесе көп балалы отбасында өмір сүру ниетінің болуы.

Профилактикалық медицина академиясының американдық Макро Интернешнл компаниясымен бірлесіп 1999 жылы жүргізген медициналық-демографиялық зерттеулерінің нәтижелері елімізде ниет білдірілген орташа бала саны зерттеу жүргізілген сәтке 2,8 болғанын көрсетті (қазақ әйелдерінде - 3,1; орыс әйелдерінде - 2,3; басқа ұлт өкілдерінің әйелдерінде - 2,7).

Жастардың арасында туудың көбеюіне игі әсер ететін отбасылық-неке үрдісінің басым болуы.

Қазақстанда өсіп-өнудің даусыз көш бастаушысы жастардың орташа жас (20-25 жас) тобы болып табылады (салыстыру үшін:

АҚШ-та 30-35 жас неғұрлым өсіп-өнгіш жас болып есептеледі).

Этникалық қазақтардың өзінің тарихи отанына оралуына жәрдемдесу саясаты

Өсіп-өну денсаулығын сақтау және жақсарту үшін отбасын жоспарлау институтын енгізу.

Қазақстан адам құқықтары жөніндегі бірқатар халықаралық шарттарға қосылды. Олардың ішінде Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы конвенция бар.

Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның және ІІМ-нің әйелдерге қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөнінде арнаулы бөлімшелерінің жұмыс істеуі.

Ескерту. 1.2.1. шағын бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2006.02.06 N 56 , 2008.05.15 N 593 Жарлықтарымен.

1.2.2. Әлсіз жақтар

Халықтың өлім-жітім көрсеткіштерінің өсуіне әсер ететін факторлардың күшеюі: мертігушілік, маскүнемдік, темекі тарту, есірткіге тәуелділік, әртүрлі жұқпалы аурулар, қоршаған ортаның экологиялық ластануы, жекелеген аудандарда ауыз судың жетіспеушілігі.

Кедейлік деңгейінің өсуі мен тереңдеуі, халықтың төлем қабілетінің төмендігі

Ауруға шалдығу мен өлім-жітім деңгейін төмендету жөніндегі медициналық шаралардың жеткіліксіздігі. Алғашқы медициналық-санитарлық көмекке, әсіресе селолық жерлерде кеңінен қол жеткізе алмау.

Жасанды түсік бұрынғысынша тууды реттеудің және қалаусыз жүктілікті доғарудың негізгі құралы күйінде қалып отыр. Жасөспірімдер арасында жасанды түсік деңгейі дамыған елдерге қарағанда (Англия, Германия, АҚШ) ондаған есе жоғары.

Халықтың өсіп-өну денсаулығы деңгейінің (статусының, көрсеткішінің, коэффициентінің) төмендігі. Әйел денсаулығының индексі 20-30%-ды, жекелеген аймақтарда 10%-ды құрайды.

Халықтың өсіп-өну денсаулығын қорғау жөнінде пәрменді саясаттың болмауы.

Имандылық-жыныстық тәрбиенің әлсіздігі, демографиялық және гендерлік білімнің жоқтығы.

Эмиграцияны тежеу мен иммиграцияны жандандыру жөніндегі шаралардың тиімсіздігі.

Жас отбасыларын тұрғын үймен қамтамасыз етудің тиімді жүйесінің жоқтығы.

Отбасы институтының қоғамның негізгі ұясы ретінде әлсіреуі және соның салдарынан ажырасудың көбеюі.

1.2.3. Мүмкіндіктер

Белсенді иммиграциялық саясат, шетелдердегі қазақ диаспорасы өкілдерінің өзінің тарихи отанына көшіп келуге ниеттілігі. Қазақстанның бұрынғы азаматтарының қайта көшіп келу үрдісінің ұлғаюы.

Белсенді демографиялық саясатқа және гендерлік теңдікке қол жеткізуге қатысты Қазақстанның бастамаларын БҰҰ-ның және басқа халықаралық ұйымдардың қолдауы.

Гендерлік теңдік проблемаларын зерделеу жөнінде ғылыми-зерттеу

орталықтарының желісін құру.

Әртүрлі келісімдер шеңберінде шетелдерде және ТМД елдерінде гендерлік білім беретін мамандарды даярлау.

1.2.4. Қатерлер

Заңсыз иммиграцияның белең алуы.

Қоршаған орта жай-күйінің одан әрі нашарлауы.

Су құбырларының тозуы және бірқатар елді мекендерде таза су көздерінің болмауы.

Халық өсімінің проблемалары жөніндегі білім бағдарламаларының және ақпараттың болмауы.

Жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге, жастардың өзін-өзі көрсете алуына жағдай жасауға және өсіп-өну әлеуетін пайдалануға нақты ықпал ететін жастар саясатының болмауы.

Қоғамдағы әйелдердің рөліне таптаурын көзқарастардың және халықтың бір бөлігінде құқықтық нигилизмнің сақталуы.

1.3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Елдің тұрақты даму мақсатындағы демографиялық мүдделеріне прогрессивті жыныс-жас құрылымымен сипатталатын халықтың үдей өсу типін қалыптастыру сәйкес келеді. Халықтың санын көбейтуде, көші-қонның теріс сальдосын төмендетуге бір мезгілде ұмтыла отырып, халықтың табиғи өсіміне басты рөл берілетін болады.

Келесі онжылдыққа арналған стратегияның мақсатына сәйкес тұрғын халық саласындағы негізгі міндеттер мыналар болады:

- тууды көбейту мақсатында 1990-жылдардың бас кезіндегі халықтың өсіп-өнуге бейімділігін қалпына келтіру және сақтау (тууды ынталандыру);
- халықтың өсіп-өну денсаулығын жақсарту және қорғау;
- өлім-жітім деңгейін төмендету;
- эмиграциялық процестерді тежеу және иммиграцияны жандандыру;
- қоғамдық санада елдегі барлық саяси және әлеуметтік-экономикалық процестердің толық құқықты және белсенді қатысушысы ретіндегі осы заманғы әйелдің өркениетті бейнесін қалыптастыру.

1.4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

Дамушы елдер халықтың өсімін төмендету жолдарын іздестіріп отырған кезде, туу алмастыру деңгейіне жуық немесе төмен елдер халық санының күрт төмендеуін тоқтатудың тәсілін табуға әрекеттенуде. Адамзат тіршілігінің бүкіл тарихында халықтың өсімі тұралау мен жұтаудың белгісі емес, елдің саулығы мен әл-ауқатының көрсеткіші деп есептелді. Дегенмен, халықтың өсімін әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне сәйкес тұрақтандыру көптеген демографиялық стратегиялардың негізгі мақсаты болып саналады.

Әр түрлі елдердің демографиялық саясатты зерделеуге кірісуінің себептерін былайша топтастыруға болады:
халықтың өсуін экологиялық себептерге және "өмір сапасына" байланысты себептер бойынша тұрақтандыру;
тууды саяси, экономикалық және идеологиялық-психологиялық себептер бойынша ынталандыру;
иммиграция процестерін және халықтық әр түрлі, әдетте, этникалық топтарының әлеуметтік теңсіздігін реттеу халықтың ел ішінде қайта бөлініп орналасуына ықпал ету.

1.4.1. Тууды көбейту мақсатында 1990-жылдардың бас кезіндегі халықтың өсіп-өнуге бейімділігін қалпына келтіру жәнесақтау (тууды ынталандыру)

Дамыған елдердің басым көпшілігі тууды ынталандыру арқылы халықтың санын көбейтуді жақтайды. Бірақ әртүрлі елдерде бұның өз себептері болды. Мәселен, Жапонияда халықтың аса тығыз орналасқанына қарамастан, үкімет 70-жылдарда орын алған туу деңгейінің күрт төмендеуіне алаңдаушылық білдірді. Бүгінде Жапонияда туу қабілеттілігінің жалпы көрсеткіші (туудың жиынтық коэффициенті) 1.4-ке тең. Мұндай төмендеудің жанама салдары: а) еңбекке қабілетті халық санының азаюы және қартаюы; б) нарық ауқымының тарылуы; в) әлеуметтік қорғауға арналған шығыстардың көбеюі; г) жинақ ақшалар мен инвестициялардың қысқаруы. Яғни жапон үкіметінің алаңдауының негізгі себептері - әлеуметтік-экономикалық себептер. Израильде бұл себептердің діни, этникалық және саяси да сипаты бар деп айтуға болады. Бұрынғы Кеңес Одағында негізінен идеологиялық себептер болды.

Тууды ынталандыру жөніндегі өзекті іс-шаралардың қатарында балалы отбасыларға төлемдер мен материалдық көмек жүйесін көздейтін қаржы-экономикалық тетіктерді әзірлеу мен қолдану бар. Тууды ынталандыру төрт балаға дейін қоса алғанда, прогрессивті өсу жүйесі бойынша бала туған кездегі біржолғы және ай сайынғы төлемдер (мысалы, жүктілігі, баланы туу және күтіп-бағуға берілетін мемлекеттік жәрдемақы) тағайындау арқылы жүргізілетін болады. Табысы аз отбасыларындағы жас балалар сапалы тегін тамақпен қамтамасыз етілуге тиіс. Көп балалы отбасылар мен жалғыздікті ата-аналарды қолдау бағдарламасын енгізу қажет.

Отбасыларды қолдау жөніндегі бағдарламалар, әдетте, әлеуметтік игілікті жақсарту мақсатында жүзеге асырылады, бірақ, солай бола тұрса да, оның жасырын демографиялық бағыттылығы болады.

Отбасыларды қолдау жүйесінің әр түрлі нысандары мен жәрдемақылар

мөлшерлері бар, олар едәуір азғантай мөлшерден бастап (Аргентина, Бельгия, Франция, Грекия, Италия, Нидерланды, Швеция) айтарлықтай жеткілікті мөлшерге дейін (бұрынғы Чехословакия, Ұлыбритания және Жапонияда тек кедейлер үшін) өзгеріп отырады. Отбасылар үшін әр түрлі жәрдемақыларды тағайындау немесе салық ауыртпалығын азайту көптеген дамыған елдерде қандай да бір түрде жүзеге асырылады, бірақ мұндай бағдарламалардың өсіп-өну құлқының өзгеруіне тікелей ықпалын бағалау өте қиын.

Тууды ынталандыру жөніндегі шаралардың келесі тобында - отбасылық-неке қатынастарына түсу жасының ұлғаю (жас жұбайлардың егделенуі) өскелең үрдісін тежеу. Бір жағынан, жастардың отбасылы болғанға дейін туыстарынан материалдық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге, атап айтқанда тұрғын үй проблемасын шешуге деген салиқалы шешімін құптау керек. Алайда бұл жастардың өсіп-өну құлқын тежейді. Сондықтан некеге тұру үшін қолайлы жағдай жасауға айрықша назар аудару қажет.

Осы мақсатта тууды ұлғайту жөніндегі стратегияның өзекті шараларының бірі жастарға тұрғын үй проблемасын шешуде жәрдемдесу болуға тиіс. Бұған тұрғын үйі жоқ жас жұбайлардың, жас отбасылардың баланың (балалардың) дүниеге келуіне орай тұрғын үй кредитіне қол жетімділігін қамтамасыз ету қ п а л ы н т и г і з у і к е р е к .

Кейбір елдерде тұрғын үй саясаты халықтың өсуі мен орналасуының маңызды айқындаушысы болып табылады: шағын пәтерлер адамдардың қалаларда тұрақтап қалу ниетін тежейді және сондай-ақ бұл неғұрлым кешірек некеге тұруға, соның салдарынан отбасындағы адам санының аздығына алып келеді. Бұны соғыстан кейінгі кезеңде туу күрт құлдыраған Жапония және Шығыс Еуропаның көптеген елдерінің мысалында айқын көрсетуге болады. Ирландияда жас отбасыларына қоғамдық тұрғын үй қорының берілуі отбасыларының тез көбеюін ынталандырды. Отбасының көбеюіне байланысты тұрғын үй заемдарының берілуі өткен ғасырдың 70-80 жылдары бұрынғы Чехословакияда халықтың өсуіне әсер етті.

2001-2010 жылдар кезеңінде жастардың кәсіби білім алуына, жеке кәсіп ашуына, жастарды шағын және орта бизнес саласына тартуға арналған кредит берудің және гранттар бөлудің мемлекеттік бағдарламасын әзірлеу мен іске асыру арқылы оларды жұмыспен қамтудың белсенді саясатын жүргізу жөнінде ш а р а л а р қ а б ы л д а н у ғ а т и і с .

Әйелге ана және қызметкер ретінде көзқарастың да маңызы аз емес. Жүкті әйелдерге медициналық қызмет көрсету және босандыру іс жүзінде тегін болуға тиіс. Жүкті әйелдерге және босану кезінде медициналық көмек көрсету үшін ақы алу жағдайларын болдырмау жөнінде шаралар қолдану қажет. Еуропа елдерінің көпшілігінде жасалатындай, жұмыс істейтін, әсіресе жүкті әйелдерді және жас

бала тәрбиелеп отырған әйелдерді қолдау жөніндегі мемлекеттік бағдарламаларды әзірлеп, енгізу керек.

Моральдық ынталандырудың да атқаратын рөлі аз емес. Көп балалы отбасылардың мәртебесін көтеру жөнінде шаралар қабылдау және материалдық ынталандырумен қатар моральдық ынталандыруды да ұйымдастыру қажет. Көп балалы отбасылардың артықшылықтарын (бір-біріне сүйеніш, қарт ата-аналарына қамқорлық жасауды бөлісу және т.б.) насихаттау, отбасы-неке қатынастарын нығайту арқылы да, сондай-ақ туудың төмендеуінің кейінгі ұрпақтарға теріс әсер ететініне жасөспірімдер мен жастардың назарын аудару үшін білім беру ұйымдарында демографиялық білім беруді енгізу арқылы да тууды ынталандыру мүмкін әрі ақиқат.

1.4.2. Халықтың өсіп-өну денсаулығын жақсарту және қорғау

Әйелдер мен балалардың анемия ауруының, әйелдердің сүт безінің қатерлі ісігімен ауруының алдын алу және емдеу ана мен баланы қорғау саласындағы негізгі бағыттардың бірі болуға тиіс.

Жасанды түсік санының көптігі (жыл сайын 170 мыңнан астам) өсіп-өну денсаулығын қорғау саласында мемлекеттің тиімді саясатының жоқтығын дәлелдейді. Мемлекеттің күш-жігері әйелдердің тегін аборт жасауға қол жеткізуін шектеуден гөрі, жүргізетін тұрмысы біреулерге қаламаған жүктілікті болдырмауға, енді біреулерге қалаулы баланың туылуын күтуге мүмкіндік беретін медициналық-әлеуметтік қызметті дамытуға бағытталуға тиіс.

Бұл міндетті іске асыру жөніндегі өзекті шаралар бірінші кезекте жалпы денсаулықты және атап айтқанда, өсіп-өну денсаулығын сақтауға және нығайтуға бағытталатын болады. Осы мақсатта отбасыларына консультация беру, ағарту жұмыстарын жүргізу және жоспарлау жөніндегі қызметтерге қол жетімділікті қамтамасыз ету қажет. Бұған қоса, отбасын жоспарлаудың негізгі әдісі ретінде көптеген әйелдер қолы оңай жететін болғандықтан қолданып жүрген аборт деңгейін төмендету жөнінде белсенді саясат дамытылуға және енгізілуге тиіс. Әйелдерге:

- әйелдер мен қыз балалардың жыныстық өмір мен бала туу қауіп-қатерсіз ана болу және емізу, тамақтану, бүкіл өмірінің бойында денсаулық жай-күйіне және бақуаттылығына әсер ететін психикалық-активті заттарды шектен тыс пайдалану, қолайсыз экологиялық факторлар мәселелері жөніндегі жоғары сапалы санитариялық ағарту шараларына қол жеткізуін заңнамалық және нормативтік қамтамасыз ету. Осындай ағарту шараларын ұсыну коммерциялық мүдделерді көздемеуге тиіс;

- а) өсіп-өну функцияларын қалпына келтірудің әдістерін әзірлеу, енгізу және осы салада зерттеулер жүргізу; б) кеуде қатерлі ісігі, жыныс жолдарының жұқпалы аурулары, соз аурулары, АҚТҚ/ЖҚТБ (ВИЧ/СПИД) тәрізді әйелдердің денсаулығына аса елеулі немесе ерекше әсерін тигізетін аурулардың биомедициналық, эпидемиологиялық және санитариялық-гигиеналық қырларын зерделеу тәрізді шараларды мемлекеттік қолдау арқылы ұрпақ жалғастыруды реттеуге арналған құралдар ұсыну керек.

Ерлер мен әйелдер бедеулігінің алдын алу баланың өте кішкене кезінен басталуға және бедеуліктің себептерін жою жөніндегі шараларды көздеуге тиіс. Жасөспірімдер мен жастарға адамгершілік-жыныстық тәрбие беру, олардың бойында өсіп-өну денсаулығына байланысты салауатты өзімшілдікті қалыптастыру да алдын алу сипатындағы шараларға жатады. Сонымен қатар, ерлер мен әйелдердің бедеулігін емдеу, жасанды ұрықтандыру мен бала туудың өзге де мүмкіндіктері бойынша медициналық қызметке қол жетімділікті арттыру жөнінде шаралар қолданылуға тиіс. Бедеулікті туындататын экологиялық проблемаларды шешу жөнінде шаралар әзірленуі керек.

1.4.3. Өлім деңгейін төмендету

Халықтың өлім-жітімі мен ауруға шалдығуын азайту бағдарламаларының нәтижелілігін күшейту қажет. Халықтың қолы жетімді медициналық көмектің сапасын жақсарту - осы стратегияның денсаулық сақтауға қойып отырған бірден-бір талабы. Денсаулық сақтаудың негізгі бағыттары "Денсаулық сақтау реформасының стратегиясы" деген бөлімшеде неғұрлым толық сипатталған.

Қалған іс-шаралар медициналық сипаттағы шеңберден шығады, олар көбінесе қоғамдық болып табылады.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі білім беру бағдарламаларын енгізу, АҚТҚ/ЖҚТБ (ВИЧ/СПИД) індетін болдырмау жөніндегі шараларды іске асыру ауруға шалдығудың алдын алуда басты рөл атқаруға тиіс. Халықтың жазатайым жағдайлардан, жарақаттардан орын алатын өлімі мен ауруға шалдығуын азайту жөніндегі қоғамдық денсаулық сақтау бағдарламасын дамыту керек.

Халықтың өз денсаулығы мен болашақ ұрпақтың денсаулығы үшін жауапкершілігін арттыру жөніндегі іс-шаралар өзекті болуға тиіс.

Жаңа туған сәби денсаулығының жай-күйі ана денсаулығының жай-күйіне байланысты. Жаңа тіршілік иесінен айырылып қалмау үшін біз ананың денсаулығын қорғау жөніндегі күллі шараларды қамтамасыз етуге тиіспіз. Осы орайда жүкті әйелді гинеколог дәрігердің тұрақты медициналық бақылауы міндетті болып есептеледі. Алайда, бұл ретте жүкті әйелдердің барлығы бірдей тәртіпті сақтай бермейді, сондықтан да жүкті әйелдердің мамандарға ертерек қаралуын ынталандыру қажет.

1.4.4. Эмиграциялық процестерді тежеу және иммиграцияны жандандыру

Біздің көші-қон процестерін реттеуге қол жеткізуіміз қажет.

Халық өсімінің проблемаларын көптеген елдер көші-қон ағынын реттеу жолымен шешті. Мысалы, Австралия, Канада, Израиль және АҚШ тәрізді елдер елді жалпы дамыту мақсатында иммиграцияны көтермелесе, ал Бельгия, Франция және Нидерланды сияқты елдер еңбекке қабілетті халықтың іріктеулі көшіп келуін қолдады. Бүгінгі күні иммиграция кейбір елдерде ғана: Австралияда, Бельгияда, Канадада, Израильде, Германияда және АҚШ-та халықты толықтырудың негізгі көзі болып қалып отыр. Көшіп келудің барлық жерде этникалық реңкі бар. Біріккен Еуропаның аумағында да оңтүстіктен солтүстікке, неғұрлым дамыған индустриалды елдерге көші-қон ағыны б а й қ а л а д ы .

Еңбекке қабілетті халықтың тиісінше табыс табуына мүмкіндік беретін экономикалық жағдайлармен қамтамасыз ету жөніндегі шараларды эмиграциялық процестерді тежеу ісінде өзекті шаралар деп есептеуге болады. Кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі, шағын кредит беруді қоса алғанда, кредит беру жүйесінің әр түрлі нысандарын дамыту жөніндегі арнайы бағдарламалар кеңейтілуге және тиімді іске асырылуға тиіс.

Иммиграциялық саясатта көшіп келушілердің әлеуметтік және тұрғын үй-тұрмыстық проблемаларын шешу, көшіп келушілердің Қазақстанның әлеуметтік және экономикалық жүйесіне тезірек кірігуі үшін жағдай жасау жөнінде нақты қолдау көрсету жөнінде шаралар қолдану қажет. Кері иммиграцияны ынталандыру мен қолдау саясатын жандандыру қажет.

Халықтың ішкі көші-қонын реттеудің мемлекеттік саясатын жүргізу керек, оның мақсаты халықтың еңбекке қабілетті бөлігінің еңбектің аймақтық нарығындағы жағдайлардың өзгеруіне тез бейімделуіне бағытталған, халықтың көші-қон оңтайлылығын арттыру болуға тиіс. Қазақстанның өндіргіш күштерін орналастырудың схемасы халықтың еңбек көші-қонының құрамдас бөлігі болуға тиіс.

1.4.5. Қоғамдық санада елдегі барлық саяси және әлеуметтік-экономикалық процестердің толық құқықты және белсенді қатысушысы ретіндегі осы заманғы әйелдің өркениетті бейнесін қалыптастыру

Қолданыстағы ұлттық заңнаманы және әзірленетін нормативтік құқықтық актілердің жобаларын халықаралық құжаттарға сәйкес үйлестіруді және біріздендіруді қамтамасыз ету мақсатында әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы БҰҰ-ның Қазақстан бойынша қорытынды түсіндірмелерін ескере отырып, оларға гендерлік сараптама жасауды жүзеге асыру керек.

Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның, оның аймақтық бөлімшелерінің отбасының, әйелдер мен балалардың құқықтары мен мүдделерін қорғау саласында жұмыс істейтін әйелдердің, қоғамдық бірлестіктердің (үкіметтік емес ұйымдардың) елдің қоғамдық-саяси өміріне қатысуын жандандырудағы рөлін арттыруды қамтамасыз ету керек.

Халықтың барлық жіктері үшін гендерлік білім берудің тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру, гендерлік білімді тәрбие беру жүйесіне интеграциялауды қамтамасыз ету қажет.

Әйелдерге қатысты қылмыстарды іс жүзінде азайтуға, соның ішінде елдің барлық облыстары мен аудандарында әйелдерге арналған сенім телефондары мен баспаналары бар дағдарыстық орталықтар жүйесін кеңейту арқылы, қол жеткізу міндетін дереу шешу талап етіледі.

Ескерту. 1.4.5. шағын бөлімге өзгерту енгізілді - ҚР Президентінің 2006.02.06 N 56 , 2008.05.15 N 593 Жарлықтарымен.

2. БІЛІМ БЕРУ РЕФОРМАСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ

2.1. МАҚСАТ

Халықтың қалың жіктерін сапалы (әлемдік деңгейдегі) білім беру бағдарламаларымен қамтамасыз ететін білім берудің тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру.

2.2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Қазақстанның 2030 жылға дейінгі Даму стратегиясы білім беру жүйесінің алдына білім берудің ұлттық моделін жасауды қамтамасыз ету және оны халықаралық білім беру кеңістігіне интеграциялау мақсатын қойды.

Бұл мақсатқа қол жеткізу Қазақстан Республикасының Мемлекет басшысы мен Үкіметі бекіткен орта білім беру жүйесін ақпараттандыру, жаңа буындағы оқулықтарды әзірлеу мен енгізу және басқа да бірқатар бағдарламаларды іске асыру арқылы қамтамасыз етіледі.

2000-2005 жылдар кезеңінде іске асырылатын "Білім" мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, оның мақсаты сапалы білім беруге кеңінен қол жеткізуді қамтамасыз ететін білім беру жүйесінің ұлттық моделін тиімді дамыту

үшін жағдай жасау болып белгіленді. Білім беру сапасы бұл ретте әлемнің дамыған елдеріндегі біліммен салыстырарлық болуға тиіс.

2.2.1. Күшті жақтар

Балаларды мектепалды даярлау енгізілді.

Жалпы орта білім беру стандарттары әзірленіп, енгізілді, бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беру стандарттары әзірлеу және енгізу сатысында тұр.

Жалпы орта білім беру жүйесін компьютерлендіру негізінен аяқталды.

Мектепке бармайтын балалардың есебін алу жүргізілуде. Жалпы білім беретін мектептердің жанында жалпыға бірдей оқу қоры жұмыс істейді, қор қаражатын түзу тетігі әзірленіп, енгізілді.

Жоғары оқу орындары студенттері құрамының бір бөлігін қалыптастыру мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес абитуриенттерді орталықтандырылған тест сынағынан өткізу және мемлекеттік бюджет қаражатынан алынған білім беру гранттары мен кредиттерін конкурстық негізде орналастыру жолымен жүзеге асырылады.

Ата-аналар мектептерді тиісінше жай-күйде ұстауға қолдау көрсетуге белсене қ а т ы с а д ы .

Білім беруді бюджеттен қаржыландыру ІЖӨ-нің кемінде 4,0%-ын құрайды, бұл ретте білім саласында конституциялық кепілдіктерді қамтамасыз етуге күш салынады (3-қосымшаны қараңыз).

Жоғары оқу орындарында ақылы негізде оқитын студенттер санының а р т қ а н ы б а й қ а л а д ы .

Білім берудің мемлекеттік және мемлекеттік емес секторларында жеделдетілген кәсіби білім беру бағдарламалары, сондай-ақ экономика қажетсінетін мамандықтар бойынша мамандарды қайта даярлаудың қысқа және орта мерзімді білім бағдарламалары енгізілді.

3-қосымша

Бюджет қаражатын білім беру деңгейі бойынша бөлу серпіні

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

2.2.2. Әлсіз жақтар

Қазіргі түзету мектептері және мамандандырылған мектептер даму мүмкіндіктері шектеулі балаларды оқыту қажеттерін толық қамтамасыз ете алмайды. Елеулі ауруға шалдыққан балаларды оқыту мен сауықтырудағы қажеттерді қамтамасыз ететін ұйымдардың саны жеткіліксіз.

Орта және жоғары мектеп сабақтастығының үзіліп қалуы орын алып отыр.

Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында мемлекеттік тілді оқытудың

сабақтастық принципі қамтамасыз етілмеген.

Кәсіби білім беру проблемаларын шешуде білім беру жүйесі мен кәсіпорындар секторының серіктестігі нашар дамыған.

Білім берудің бейресми секторы нашар дамыған, мектептен тыс білім беру ұйымдарының жүйесі қысқаруда.

Білім беру ұйымдарын лицензиялау тетігінің кемшіліктері өз қызметімен студенттер мен оқушылардың қажетті білім-білік пен дағдыға ие болуын қамтамасыз ете алмайтын жеке университеттер мен колледждердің ашылуына мүмкіндік береді.

Елдің жоғары оқу орындарында орын алып отырған тамыр-таныстық құбылысы жоғары кәсіби білімді мамандар даярлаудың сапасына теріс әсерін тигізеді.

Білім беру саласының қызметкерлерін қайта даярлау мен біліктілігін арттыру жүйесінің оқу бағдарламалары уақыт талабына жауап бермейді, қоғамның қажеттерін ескермейді.

Елдің болашақ мұқтаждарына сәйкессіз мамандар даярлау орын алып отыр. Абитуриенттер экономика және заң мамандықтарына басымдық береді. Инженерлік-техникалық мамандықтарға сұраныстың жоқтығы немесе сұраныстың аздығы болашақта мамандардың жетіспеушілігі қатерін туындатады және оларды шетелден әкелу қажеттігіне алып келеді.

Білім берудің барлық деңгейіндегі мазмұны қоғамның және ел экономикасының сұраныстарына толық көлемде жауап бермейді.

Білім берудің барлық деңгейі материалдық-техникалық және оқу-әдістемелік жағынан нашар қамтамасыз етілуімен сипатталады.

Жоғары оқу орындарына арналған қажетті оқулықтарды және шетел ғалымдарының монографияларын жаппай сатып алу тетігі жолға қойылмаған. Әр түрлі нұсқадағы оқулықтарды оқу процесіне енгізу тетігінің беретін нәтижесі аз.

Оқып жүрген жастардың едәуір бөлігі үшін өндірістік практиканы және лабораториялық сабақтарды сапалы деңгейде ұйымдастыруға мүмкіндік жоқ.

Жалпы орта білім беру жүйесінде негізінен акпараттандыру емес, компьютерлендіру ғана жүргізілді.

Елдің жетекші университеттерінде ғылыми және инженерлік зерттеулер жүргізуге арналған мемлекеттік тапсырысты орналастырудың нақты тетігі жоқ, сондықтан да университеттер мен ғылыми-зерттеу институттарының мемлекеттік бюджет қаражатынан бөлінетін зерттеушілік гранттар мен кредиттерді алуына салауатты бәсекені дамыту үшін жағдай жасалмаған.

Оқытудың сапасын қамтамасыз ету үшін білім беру қызметкерлері мен ұйымдарын материалдық ынталандыру жүйесі жоқ.

Білім беру саласында бәсекелестік нарығы іс жүзінде жоқ, мұның өзі

шығындардың қайтарымын айтарлықтай төмендетеді.

Тәрбиелеу мен оқыту бірлігінің үзіліп қалуы жастар мен жасөспірімдердің арасында есірткіні, ішімдікті және темекі өнімдерін пайдаланудың өсе түсуіне алып келеді. Мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беруде еңбекке баулу мен оқытудың рөлі әлсіреді.

Білім беру индустриясы жоқ.

Оқытудың озық технологиялары нашар пайдаланылады.

2.2.3. Мүмкіндіктер

Қоғамның білім беру ісін инвестициялаудың маңыздылығын түсінуі. Үздіксіз экологиялық білім беру мен тәрбиелеу тұжырымдамасын қабылдау. Білім беру жүйесін реформалау процесін халықаралық ұйымдардың қолдауы. Бірқатар білім беру ұйымдарының дамыған елдердің оқу орындарымен өзара іс - қимылы.

Мемлекеттің ынтымақтастық саясаты шеңберінде басқа елдердің жетекші оқу орындарымен студенттер, оқушылар алмасу.

Әртүрлі келісімдер шеңберінде ТМД елдерінде мамандар даярлауды жүзеге асыру мүмкіндігінің болуы.

Ақпараттық жүйені, білім беру жүйесінде Интернетті пайдалану мүмкіндіктерін дамыту.

Елді дамытудың индустриялық бағыты.

2.2.4. Қатерлер

Халықтың жалпы тұрмыс деңгейінің төмендеуі тұрмысы төмен отбасыларынан шыққан оқушыларды барған сайын осал ете түседі, соның салдарынан мектеп жасындағы балалардың жалпы білім беретін мектептерде оқуға толық қамтылмауы орын алып отыр.

Елдің экономикалық, әлеуметтік саласының және қоғамдық өмірінің қажеттеріне сәйкес мамандар даярлауды жоспарлаудың тиімді жүйесінің болмауы.

Елдегі жұмыссыздық деңгейінің жоғары болуы салдарынан кәсіпорындар секторы тарапынан кәсіптік білім беру жүйесіне мүдделіліктің жоқтығы: әзірше еңбек нарығы оларды қажетті жұмыс күшімен қамтамасыз етуде. Мұның өзі бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесін жойылу шегіне апарып тірейді, өйткені бюджет қаражаты негізінен жалпы орта және жоғары кәсіби білім беру жүйесіне кетеді.

Негізінен жан басына шаққанда нақты қаржыландыру тетігінің жоқтығы.

Басқару жүйесінде енжарлық, салада стратегиялық жоспарлаудың және нәтижелерді өлшеу жүйесінің жоқтығы.

Білім беру саласында басқару мен қаржыландыру мәселелері бойынша халықаралық ынтымақтастықтың мүмкіндіктерін нашар пайдалану.

2.3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Білім беру жүйесіндегі басты стратегиялық міндет халықтың барлық деңгейлер мен сатыларда сапалы білім алуына қол жетімділігін кеңейтумен айқындалады. Осыған байланысты білім беру саласындағы күш-жігер оның сапасын қамтамасыз ету жүйесін құруға бағытталуға тиіс. Білім беру жүйесіндегі басты міндет пен ілесіп мақсат үздіксіз білім беру принципін енгізу болып табылады.

Сапа мынадай аспектіде қарастырылады: қазіргі кезде білім беру деңгейлерінің әрбірі өздері үшін тіршілік етіп жатқандай. Келесі онжылдықтың мақсаты, бір жағынан, адамның ілгерішіл дамуын қамтамасыз ететін бірыңғай ұлттық білім беру жүйесін құру, екінші жағынан, білім берудің ұлттық жүйесінің жалпыәлемдік жүйемен интеграциялануын қамтамасыз ету болып табылады.

Алдағы 10 жыл ішінде білім беру жүйесін адамды біліммен ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен бірге осы білімді білікті пайдалана білу және үздіксіз оқу дағдыларына баулу жүйесі етіп қайта құру күтіп тұр.

Білім беру жүйесі экономикалық және әлеуметтік салалардан оқшау тіршілік етуін тоқтатуға тиіс. Оны үлкен әлеуметтік-экономикалық жүйенің бір бөлігі болу және ел экономикасын адам ресурстарымен қамтамасыз ету міндеттерін шешу күтіп тұр.

Білім беру реформасының стратегиясы мынадай міндеттерді шешуді көздейді :

- білім беру нәтижелерінің сапасын арттыру;
- білімге қол жетімділіктің теңдігін қамтамасыз ететін шараларды енгізу;
- білім беру жүйесінде әріптестікті дамыту үшін жағдайлар жасау;
 - оқыту мен тәрбиелеу жүйесінің бірлігін қамтамасыз ету;
- білім мен ғылымның іс жүзінде интеграциялануын қамтамасыз ету;
- ресурстарды жұмылдыруды және білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету;
- білім беру ісін басқару жүйесін жетілдіру;
- қаржыландыру жүйесінің тиімділігін арттыру.

2.4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

Мемлекеттік тілде оқыту одан әрі күшейіп, қарқын алуға тиіс. Бұл орайда орыс тілін және әлем тілдерінің біреуін бейресми түрде оқу міндетті болуға тиіс.

Кәсіби білім өзінің барлық деңгейінде: бастауыш, орта, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі деңгейлерінде басты басымдыққа ие деп жарияланады. Бұл жалпы орта білімнің мәнін ешқандай да кемсітпейді, керісінше, білім берудегі басты басымдықты қамтамасыз ету үшін білім берудің осы деңгейінің маңыздылығы арта түседі.

даярлаудың жаңарған түрі оларды оқытудың кәсіби тұрғыдан қалыптасуына бағытталған дамушы сипатымен қамтамасыз етілуі қажет.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесі, алда оларды кезең-кезеңмен енгізу күтіп тұрған жалпыға бірдей мемлекеттік міндетті стандарттар арқылы, жалпы орта білім берудің жалпыға бірдей мемлекеттік міндетті стандарттарын игерумен бірге, мамандандырылған бағдарламаларды қамтамасыз етуге тиіс. Негізгі оқу жоспарларына жаңа технологиялармен және нарықтың қажеттерімен байланысты дағдыларды қалыптастыру енгізілуге тиіс.

ЭЫДҰ елдерінің тәжірибесі бастауыш кәсіптік білім беру жүйесінде техникалық пәндерді емес, жалпы мақсаттағы дағдыларға оқытып-үйрету керектігін көрсетті. Арнаулы кәсіби дағдыға ие болу келесі деңгейдегі оқу орындарында немесе кәсіпорындарда өндірістен қол үзбей оқу нысанында қамтамасыз етілуге тиіс.

Бастауыш және орта кәсіптік білім берудің сапасы оқу процесін және өндірістік практиканы осы заманғы жабдықтарды пайдалана отырып ұйымдастыру жолымен қамтамасыз етілуге тиіс.

Жоғары білім беру жүйесі біржақты мамандықтар бойынша даярлаудан арылуға тиіс. Жоғары оқу орындарының түлегі неғұрлым кең ауқымды кәсіби даярлыққа ие болуы керек. Осы жүйедегі даярлық құрылымын ғылыми-техникалық прогресті айқындайтын мамандықтар ыңғайына өзгерткен кезде, күш-жігерді ең алдымен, жетекші жоғары оқу орындары мен ғылыми-педагогикалық мектептерге қолдау көрсетуге жұмсау керек.

Баламалы ресурстардың, бірінші кезекте кадрлық қамтамасыз етудің жоқтығынан әзірше бізде сапалы кадрлар даярлай алмайтын мамандықтар бойынша (бұл - мамандар даярлау Ресейдің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында ғана жүзеге асырылып келген көптеген техникалық мамандықтарға қатысты) даярлықты толық сапалы білім беру шын мәнінде қамтамасыз етілетін жерде, мысалы, Ресейде, жүзеге асыру қажет. Ел ішінде мамандар даярлауды одан әрі ұйымдастыру үшін жоғары оқу орындарының оқытушыларын оқыту мен біліктілігін арттыруды бір мезгілде сол жерде жүзеге асыру керек.

Елде мыңдаған ұсақ фирмаларды барынша ынталандыру қажеттігі туындайды. Шағын бизнесті дамыту үшін адамдардың бойында тәуелсіздік пен іскерлік рухын тәрбиелеу қажет.

Шағын бизнесті, жеке кәсіпкерлікті дамытудың ең жемісті перспективалары кәсіби білім беру жүйесінің барлық деңгейінде ашылуы мүмкін. Бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесінде алынатын көптеген кәсіптер өз ісін сәтті ашу үшін тікелей пайдаланылуы мүмкін. Жоғары және орта кәсіптік мектепте техникалық мамандықтар бойынша оқитын студенттер үшін шағын бизнесті, экономика мен басқаруды ұйымдастыру мен дамыту, кәсіпкерлікті дамытудың

әлемдік тәжірибесі жөніндегі оқу бағдарламаларын енгізу керек.

Орта білім беру жүйесінде оқушылар білімін бағалаудың ұлттық жүйесін енгізу қажет. Практикалық, ауызша және жазбаша компоненттерді дұрыс үйлестірген жағдайда тесті басқарудың ашық рәсімі білім алуға әділдікті және тең қол жетімділікті қамтамасыз етуге тиіс.

Қазақстан білім беру саласында әлемдік қоғамдастықтың мүшесі болуға ұмтылып отыр. Осы мақсатпен Қазақстан өз шеңберінде әр түрлі елдердегі білім беру мен үлгерім көрсеткіштерінің жүйелеріне ұдайы салыстыру жүргізіліп отыратын бағдарламаларға қосылады.

Жетім балалардың және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалардың мемлекеттік тапсырыс негізінде кәсіптік білім беруге қол жетімділігін кеңейтуді қамтамасыз ететін тетікті көздеу қажет.

Ұзақ мерзімді перспективада жоғары оқу орындарына орта мектептегі бітіру емтихандары нәтижесінің негізінде қабылдау тетігін енгізу керек, яғни әңгіме орта мектепті ағымдағы оқу жылында бітіруші туралы болған кезде, бітіру емтихандары мен жоғары оқу орнына түсу мақсатындағы тесттен өткізуді біріктіру керек. Қалған үміткерлерге тесттен өту мүмкіндігін беру керек. Емтихан мен тест қабылдауды жүзеге асыратын орган біртұтас және тәуелсіз бо л у ғ а т и і с .

Колледж түлектері үшін жоғары оқу орнына тектес мамандықтар бойынша қысқартылған, жедел бағдарламалармен қабылдау тетігін енгізу керек.

Оқу орындарын оқыту сапасын бағалаудың өзіндік жүйесін жасап, енгізуге ы н т а л а н д ы р у қ а ж е т .

Білім берудің сапасына бақылау жасаудың негізгі нысандары ретінде оқу орындарын лицензиялау, аттестаттау және тіркеу процестерінің әдістемелері мен тетіктері ұдайы жетілдірілетін болады. Мемлекеттік және мемлекеттік емес оқу орындарын құру мен олардың жұмыс істеуінің бірыңғай құқықтық режимі белгіленетін болады.

2.4.2. Білімге қол жеткізу теңдігін қамтамасыз ету шараларын енгізу

Адам болашақта ие болатын күллі білім мен дағды жиынтығының негізі нақ ерте бүлдіршін жастан қаланатындықтан, баршасының мектепке дейінгі білім беру жүйесіне қолы жетуін қамтамасыз ету қажет. Өсіп-жетілуінде кемістігі бар балалар үшін конституциялық кепілді орта білім алуға қол жетімділік п р о б л е м а с ы н ш е ш у к е р е к .

Осындай балалар үшін білім берудің арнаулы ұйымдарын дамытумен қатар, олардың оқушылар ортасына бейімделуі үшін барлық қажетті жағдайды

қамтамасыз ете отырып, жай мектептерде оқыту практикасын кеңінен қолдану, сондай-ақ әдеттегі немесе мамандандырылған мектептерде оқуға мүмкіндігі жоқ балаларды дистанциялық оқытуды енгізу керек.

Оқушылардың білімді меңгеру мәселесі олардың денсаулығының жалпы жай-күйімен, әсіресе бала кездегі денсаулығының жай-күйімен тығыз байланысты. Тамақтың кенеусіздігі, дене бітімі мен психикалық саулығы тұрғысынан әлсіз жай-күйі білім сапасының нәтижелеріне қатты әсер етеді. Осыған байланысты оқушыларды кенеулі тамақтандыруды және оларды сауықтыруды қамтамасыз ететін бағдарламалар енгізу қажет.

2.4.3. Білім беру жүйесінде серіктестікті дамыту үшін жағдайлар жасау

Білім беру жүйесі, қысқа және орта мерзімді қажеттіктерге сәйкес ел экономикасын жоғары білікті мамандармен қамтамасыз ету функциясын орындай отырып, алдын ала сипаттағы міндеттемелерге де ие болуға тиіс. Бұл арада экономикалық өсудің кадрмен қамтамасыз ету сапасына қойылатын талапты қамтитын стратегиясының және білім беру саласындағы әлеуметтік әріптестіктің атқаратын рөлінің маңызы аз емес.

Еңбек нарығындағы жағдайды және өндірістің өсуін түбегейлі жақсарту үшін орта буындағы білікті жұмысшы кадрлары мен мамандарды даярлау маңызды. Кәсіптік мектептер мен колледждерде сапасы жоғары даярлықты қамтамасыз ете отырып сан алуан топтарға жататын отбасылар үшін қол жетімді, осы заман талаптарына неғұрлым барабар әлеуметтік арнаны ашуға болады.

Кәсіптік білім беру жүйесін дамыту үшін бюджет қаражатын тиімді пайдалану, халықтың және шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаражатын барынша жұмылдыру мақсатындағы тиісті институционалдық қолдауды қамтамасыз ету қажет. Кәсіптік-техникалық білім беру жүйесі тұтастай алғанда білім беру жүйесінің аса маңызды элементі болып табылады және жоғары оқу орнына оқуға бармайтын оқушылар бойынша еңбек дағдысын сіңіреді. Бұл жүйедегі мекемелерге өз оқу жоспарларының кәсіби бағдарын таңдау мәселелерін шешуде еркіндік беру қажет. Жергілікті жерлердегі кәсіптік-техникалық мектептер мен лицейлерге техникалық базасын беретін және оқушылардың шәкірт ретінде жалпы білім беру пәндерін оқудан қол үзбей өндірістік практикадан тікелей жұмыс орындарында өтуін қамтамасыз ететін кәсіпорындарды материалдық ынталандыру шараларын енгізген дұрыс.

Жоғары оқу орындарының ұсақ фирмаларға техникалық көмек көрсету бағдарламаларын енгізу бойынша шағын кәсіпкерлік субъектілері мен жоғары білім беру жүйесінің арасындағы байланысты жолға қою қажет. Семинар

сабақтарының қысқа мерзімді курстарын жүргізу арқылы осындай көмек шеңберіндегі оқу процесін ұйымдастырудың нысандарын алуан түрлі еткен жөн. Әлеуметтік серіктестік шеңберінде бастауыш, орта және жоғары кәсіби білім беретін оқу орындарының түлектерін жұмыспен қамту қызметін дамыту керек. Мұның артықшылығы қазіргі заманғы бизнестің қажетіне сәйкес жұмыспен қамту қызметі оқу бағдарламаларын әзірлеу мен жетілдіру ісінде маңызды факторға айналуы мүмкін.

2.4.4. Оқыту мен тәрбие беру жүйесінің бірлігін қамтамасыз ету

Білім беру жүйесі азаматтық сана-сезімнің қалыптасуын қамтамасыз етуді мұрат тұтады. Қазақстанда демократиялық институттардың одан әрі дамуына қарай оқу орындары қоғамда барған сайын өскелең рөлге ие болмақ.

Студенттік кеңестер құру идеясын қолдау қажет.

Әлемде АҚТҚ/ЖҚТБ (ВИЧ/СПИД) індетінің пайда болуы, біздің елімізде және көрші мемлекеттерде жыныстық жолмен берілетін жұқпалы аурулар (ЖБЖА) санының өсуі, жасөспірімдер мен жастардың арасында нашакорлардың, бей-берекет жыныстық қатынас жасайтын адамдар қатарының көбеюі АҚТҚ/ЖҚТБ-ның таралуына ықпал етеді, мұның өзі білім беру жүйесінің алдына оқу орындарында оқитындарға адамгершілік жыныстық тұрғыдан тәрбие беру м і н д е т і н қ о я д ы .

Тәрбие процесі орта мектепте басталуға тиіс, өйткені тап осы жасөспірім мен жасөспірім қарсаңындағы жаста балалардың бойында қауіпті нәпсіқорлық мінез-құлықтың қалыптас себептері пайда болады. АҚТҚ-ны, ЖБЖА-ны алдын алудың нәпсілік салауаттылық мәселелері бойынша білім беру мінез құлықты өзгертуге қабілетті әрі егер осы жаста жүргізілсе неғұрлым тиімді болады.

Осыған байланысты мектептерде, кәсіптік білім беретін жоғары оқу орындарында АҚТҚ, ЖБЖА және өсіп-өну денсаулығы мәселелері бойынша тиімді білім беру бағдарламаларын белсенді түрде енгізу керек. Бағдарламалардың сапасы жақсы болуға тиіс, бұл ретте олардың оқитындарға тікелей әсері болатындай мақсаткерлікпен берілуі міндетті. Мәселе балалардың аталған салаларда білім алу-алмауында емес қалай және қандай білім а л а т ы н д ы ғ ы н д а .

Жасөспірімдер мен жастарға адамгершілік-жыныстық тұрғыдан тәрбие берудің жоғарыда аталған жолдары өскелең ұрпақ денсаулығының жақсы жай-күйін сақтауды көздейтін салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі жалпы бағдарламаға енгізілуге тиіс.

Балалар мен жастарға әлеуметтік тәрбие беруде де мектеп аса маңызды рөл

атқарады. Осыған байланысты мектеп оқушыларының бірыңғай нысандағы киімін енгізу оқушылардың әлеуметтік теңдігін қамтамасыз етуге өз үлесін қосуға тиіс. Ата-аналардың өз балаларын киім-кешекпен қамтамасыз етудегі мүмкіндіктерінің бірдей болмауы қазіргі кезде мектеп оқушыларының арасында е л е у с і з ш е к т е р т у ы н д а т а д ы .

Оқушыларға адамгершілік-жыныстық тұрғыдан тәрбие беру, олардың бойында азаматтықты, салауатты өмір салтын қалыптастыру жөніндегі пәндерді оқу-тәрбие бағдарламаларына енгізу арқылы орта мектепте тәрбие жұмысының күшейтілуін ескере отырып, алда орта мектепте оқытуды 12 жылға көшіру туралы мәселені пысықтау күтіп тұр, ол соңғы үш жылда оқушылардың кәсіптік бағдарын толық көлемде қамтамасыз етеді. Аталған қадам мұқият зерделеніп, әзірленуге тиіс. 12 жылдық оқуға көшу үшін тиісті оқу-материалдық база құру және оның ұйымдық-құқықтық негізін қамтамасыз ету қажет.

2.4.5. Білім беру мен ғылымның іс жүзінде интеграциялануын қамтамасыз ету

Осы заманғы бәсекеге қабілетті экономиканы құрудың және дамытудың өзекті факторы жоғары оқу орындарының қызметінде оқу мен ғылыми-зерттеу бағыттары арасындағы тығыз байланысты жолға қою болып табылады. Осыған байланысты зерттеулер жүргізуге арналған мемлекеттік тапсырыстарды елдің жетекші жоғары оқу орындарында орналастырудың тетігін әзірлеу қажет, мұның өзі ғылым мен білім берудің интеграциялануын іс жүзінде жүзеге асырады. Ірі жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарын сөз жүзінде емес, іс жүзінде біріктіру ғылым мен білім беруді интеграциялаудың келесі қадамы б о л у ғ а т и і с .

АҚШ-тың технологиялық жағынан неғұрлым дамыған аудандарында экономикалық өсудің үлкен пайызы университеттік зерттеулердің және осы зерттеулерді лабораториялардан компьютерлік бағдарламалар жасап шығаратын зауыттарға және компанияларға жеткізудің арқасында мүмкін болып отыр. АҚШ пен Ұлыбританияда ғылымда жұмыспен қамтудың өсуінің негізгі орталықтары жетекші университеттердің төңірегінде шоғырланған.

Сондай-ақ ғылыми-зерттеу жұмыстарына жоғары курс студенттерін белсендірек тарту керек.

2.4.6. Ресурстарды жұмылдыруды және білім беру жүйесінің тиімділігін арттыруды қамтамасыз ету

Білім берудің мазмұнын жаңарту жаңа стандарттар мен оқу жоспарларын, жаңа мазмұндағы оқулықтар мен оқу материалдарын ғана емес, сонымен бірге оқытудың инновациялық технологияларын, оқу процесін ұйымдастырудың жаңа нысандарын енгізуді көздейді. Мазмұнды жаңарту сапалы кадрлармен қамтамасыз етумен қатар жүргізілуге тиіс, мұның өзі мұғалімдерді және жоғары оқу орындарының оқытушыларын даярлаудың, қайта даярлаудың және біліктілігін арттырудың жүйесі қайта қаралуға тиіс дегенді білдіреді. Мұғалімдерді және оқытушыларды қайта даярлау курстары өздерінің тыңдаушыларына проблемаларды шешуді, тәуелсіз оқуды, сондай-ақ студенттердің іскерлігін көтермелейтін педагогикалық әдістерге арналған бағдар беруге тиіс.

Білім беру саласындағы прогрессивті идеялар мен әзірлемелерді мультипликациялау міндеттері әзірше білім беру жүйесінің қызметкерлерін қайта даярлау мен біліктілігін арттырудың жұмыс істеп тұрған курстарының негізгі міндеттері бола қойған жоқ. Білім беру саласы үшін мамандар даярлау мен қайта даярлау қызметінің басым бағыттары тұтынушыларды оқушыларға, студенттерге, курс тыңдаушыларына және тағы басқаларға білімнің жаңа әдістемелерімен қамтамасыз ететін жаңа оқу бағдарламаларына көшу болуға тиіс.

Білім беру саласындағы зерттеу жұмыстарын жүйелі түрде жүргізу қажет, сабақ берудің әр түрлі әдістемелері және оқытуға балама көзқарастың тиімділігі соның шеңберінде зерделенуге тиіс. Осындай зерттеу жұмыстарының элементі ретінде жаңашыл эксперименттік мектептер құру қажет, оларда әр түрлі елдерде әзірленген оқытудың жаңа әдістерін байқап көруге және олардың тиімділігіне баға беруге болар еді.

Педагогтарды қайта даярлауды және олардың біліктілігін арттыруды ұйымдастыру педагогикалық ғылыми-зерттеу орталықтарымен және педагогикалық жоғары оқу орындарымен өзара байланыста жүзеге асырылуға тиіс.

Педагогикалық жұмыстың нәтижелері білім беру жүйесін сапалы кадрлармен қамтамасыз етуге байланысты екенін түсіне отырып, білім беру саласының қызметкерлеріне еңбекақы төлеуге көзқарасты өзгерту арқылы білім таратушылардың оқытудың сапалық деңгейін ұдайы көтеруге деген құлшынысын күшейту керек. Білім беру ұйымдарының мұғалімдері мен оқытушыларына еңбекақы төлеу олардың еңбегінің нәтижелеріне барабар болуға тиіс.

Білім беру саласындағы мамандардың жақсы даярлығынсыз жүйенің сапасы мұнан былай да төмендей беретін болады және жаңа түлектер өзгермелі еңбек нарығының қажеттіктерін қанағаттандыра алмайды. Мұғалімдер даярлауды

жүзеге асыратын жоғары оқу орындары мен колледждер кадрларды даярлау мен қайта даярлаудың икемді нарықтық бағдарламаларын қамтамасыз ету мақсатында өз бағдарламаларын қайта бағдарлауға тиіс.

Ауыл мектептерін кадрлармен қамтамасыз етудің сапасы арнаулы әзірленген аймақтық бағдарламалар бойынша мұғалімдерді даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыру арқылы өз шешімін табады. Бұл ретте осы бағдарламалар нәтижелерінің сапасы бағалау жүйесінің орталық деңгейінде әзірленетін болады.

Білім берудің сапасын қамтамасыз етуде білім беру саласын оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық жағынан қамтамасыз ету деңгейінің маңызы аз емес. Осы мақсатқа бөлінетін ресурстарды бөлуге деген қағидаттарды өзгерту қажет. Оқулықтарды әзірлеу мен басуға арналған қаражатты және оқу орындарын материалдық және техникалық құралдармен қамтамасыз етуді бір қолға шоғырландыру осы құралдарды пайдаланудың тиімділігі мен пәрменділігін төмендетеді. Оқу процесін ұйымдастыруды ресурстық қамтамасыз етуді іс жүзінде орталықсыздандыру керек.

Оқулықтардың және баспа материалдарының сапасын жақсарту, олардың түр-түрін кеңейту және құнын төмендету үшін оларды өндіру мен бөлудің тетігін қ а м т а м а с ы з е т у қ а ж е т .

ЭЫДҰ елдерінде оқу жоспарларының мемлекеттік стандарттары бар, алайда мемлекет жоғары мектеп немесе міндетті білім беру жүйесі үшін оқулықтар жасаумен және өндірумен шұғылданбайды. Оқулықтарды монополиялық мемлекеттік баспалар шығарудың орнына онымен оқу орындары мен оқушыларға өз өнімдерін тең дәрежеде ұсынатын жеке компаниялар айналысады.

Оқулықтар мен оқу материалдары ашық саудаға түсуі мүмкін, ал жергілікті баспагерлер өз өнімдерін басқа елдерге, мысалы, үлкен қазақ диаспорасы бар елдерге шығаруға мүмкіндік алады. Әр түрлі бағдарламалардың пайда болуы және студенттер талабының өсуі нәтижесінде мамандандырылған басылымдар мен көмекші оқу әдебиетінің жаңа атаулар саны артады.

Оқулықтар сатып алуға жағдайы жоқ халықтың жекелеген топтары үшін олардың қажетті оқу материалдарын, мысалы, гранттар ұсынылатын бағдарламаларды алуына жәрдем көрсететін бағдарламалар әзірленуге тиіс.

Таяу уақытта білім беру индустриясын құрып, дамыту қажет. Бұл өнімдері білім беру саласында пайдаланылатын өндіріс түрлерін дамытуға ықпал ететін болады. Отандық кәсіпорындар білім беру ұйымдары үшін жиһаздар, оқу жабдықтары, көрнекі құралдар өндіруді жолға қоюы керек.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру саласындағы бағдарламалар: оқу орындарын ақпараттандыру; бастауыш және орта кәсіптік білім беруге арналған

оқулықтарды, оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеу және шығару - іс жүзінде пәрменді қолдау табуға тиіс.

2.4.7. Білім беру ісін басқару жүйесін жетілдіру

Барлық деңгейдегі білім беру ұйымдарында (бастауыш және орта мектеп, кәсіптік мектеп, колледж, университет және т.б.) өзін-өзі басқару принципі енгізілуге тиіс. Осымен бір мезгілде олардың қаржылық есеп беру деңгейін көтеру және мүмкіндігіне қарай шығынды өтеу мен қаражатты үнемдеуді
ы н т а л а н д ы р у к е р е к .

Білім беру саласында елдің алдына қойылған мақсаттарға қол жеткізу үшін Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі рұқсат еткен оқулықтардың пайдаланылуына және оқытуда қолданылатын әдістемелерге байланысты мәселелерді мектеп басшылығының өздері шешеді. Мысалы, мектепті жылытудың неғұрлым үнемді тәсілін тапқан директорға үнемделген қаражатты оқулықтар сатып алуға немесе терезенің ескі жақтауларын ауыстыруға жұмсау құқығы берілуге тиіс. Кадрлармен қамтамасыз ету, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және тағы басқа мәселелерді директор дербес
ш е ш у г е т и і с .

Жоғары білім беру жүйесінде жоғары оқу орындарын дербестендіру іс жүзінде енгізілетін болады. Жоғары оқу орындарында оқудың жоғары жалпы деңгейін қамтамасыз етудің мақсатына жоғары оқу орындарын аттестациялау мен тіркеуді рәсімдеу және жоғары оқу орындарының арасында бәсекені дамыту арқылы қол жеткізу керек. Мұндай жағдайда студенттер мен олар жұмыс істеуге келетін компаниялар бұл жүйеде даярлаудың сапасын бағалайтын болады және екінші дәрежедегі жоғары оқу орындарының дипломдары сұраныстан заңды
т ү р д е қ а л а д ы .

Жоғары оқу орнының дербестенуі дегеніміз оларға өзінің оқу жоспарларын дербес әзірлеу, білімді бағалаудың өзіндік өлшемін енгізу және кадрлар мен оқу процесін ұйымдастыру мәселелерін шешу құқығын беруді білдіреді. Жоғары білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттары ұсынымдық сипатқа ие және білімнің ең аз көлемімен қамтамасыз ету үшін негіз болып табылады. Нақ осы жоғары оқу орындары жалақының мөлшерін және оқытушылармен еңбек келісімінің шарттарын белгілейді, оның үстіне бұл шарттар әртүрлі мамандықтағы оқытушылар мен қызметкерлер үшін әртүрлі болуы мүмкін.

Жоғары оқу орындарын директорлар кеңесі арқылы басқарудың моделін
б е л г і л е у қ а ж е т .

Оқу орындарына берілген дербестік нақ сол білім беру жүйесінің тиімді дамуының пайдасына жұмыс істеуі үшін оқу орындарын тіркеудің, лицензиялаудың, аттестаттаудың және аккредитациялаудың ашық рәсімдерін нығайту және енгізу қажет. Мемлекет кәсіптік білім беретін білім беру

ұйымдарының қызметін реттеу мақсатында лицензиялық қадағалау тетіктерін және мемлекеттік тапсырыс беру жүйесін пайдаланатын болады.

Бастауыш және орта кәсіптік білім беру жүйесіндегі білім беруді ұйымдастыруды дербестендіру қағидаты жоғары білім беру жүйесіндегі қағидатқа ұқсас.

2.4.8. Қаржыландыру жүйесінің тиімділігін арттыру

Жоғары білім беруде гранттар мен кредиттер жүйесі арқылы жүргізіліп отырғандай, білім беруді де жан басына қаржыландыру принципі бойынша қаржыландыруға көшуді іс жүзінде жүзеге асыру қажет.

Білім беру бюджетінде білім беруді тиімді қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайтын оқытудың жаңа технологияларын енгізуге арналған қаражат міндетті түрде көзделуге тиіс.

Білім беру гранттары мен кредиттері жүйесінде олардың отандық жоғары оқу орындарында кәсіптік білім алуға ғана емес, сонымен бірге шетелдерде оқуға және біліктілігін көтеруге де берілу шарттарын түрлендіре түсу керек. Мұнан басқа, оқу процесін, яғни білім беру объектілері үшін ғана емес, сонымен бірге білім беру субъектілері үшін де жаңғыртуға арналған көтермелеу гранттары болуға тиіс.

Білім беру - бұл инвестициялық сала. Осы орайда бұл салаға экономиканың нақты секторының субъектілері мен қаржы секторының назарын күшейту керек, мұның өзі білім беру міндеттерін шешуге бюджеттен тыс қаражатты тартуға бағытталған ынталандыру шараларын талдап жасауды талап етеді.

Білім беруді қаржыландыру жүйесі ашық болу керек. Білім беруге арналған шығындар және олардың бағыттары туралы, сондай-ақ білім берудің әрбір деңгейі бойынша оқытындардың саны мен оқудың сапасы туралы барлық ақпарат қол жетімді болуға тиіс.

3. ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ РЕФОРМАСЫНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫ

3.1. МАҚСАТ

Халықтың қалың жіктеріне арналған сапалы медициналық көмекке іс жүзінде қол жеткізу деңгейін арттыру арқылы халық денсаулығының жай-күйін жақсартуды қамтамасыз ететін, денсаулық сақтаудың пәрменді жұмыс істейтін жүйесін құру, денсаулықты көтермелеу мен қорғау жөніндегі шаралардың профилактикалық бағытын күшейту.

3.2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Денсаулық сақтау ісіндегі қазіргі жағдай елімізде мыналардың орын алып отыруымен сипатталады:

- өлім-жітім деңгейінің жоғарылығы (жалпы, балалардың, аналардың) және

дүниеге келгеннен бастап күтілетін өмір ұзақтығының, әсіресе еркектердің өмір ұзақтығының төмендігі;

- індетті сипат алып отырған туберкулез ауруының ұлғаюы, жүрек-қан тамырлары, онкологиялық, жұқпалы, паразитарлық аурулардың өсуі;

- өндірістік және тұрмыстық жарақат алу мен уланудың нәтижесінде мүгедектер санының көбеюі;

- жыныс жолдарымен берілетін жұқпалы аурулардың және АҚТҚ (ВИЧ) жұқтыру жағдайларының өсуі;

- өсіп-өну денсаулығы көрсеткіштерінің төмендігі.

Қазақстандық денсаулық сақтау жүйесі ресурстық көрсеткіштер негізінде қаржыландырумен ұштасатын, басқарудың әкімшілік жасау әдістерінің үстемдігіне негізделген экстенсивті дамумен сипатталады. Экономикалық реттеушілер рөлі іс жүзінде еленбеді.

Жекелеген ауруларды емдеудің ойдағыдай қолданылып жүрген және неғұрлым шығыны аз әдістері, саланы бюджеттік қаржыландырудың бағдарламалық принципі соңғы 1-2 жылда ғана енгізіле бастады.

Денсаулық сақтау жүйесіндегі неғұрлым оң өзгерістер Қазақстан Республикасы Президентінің 1998 жылғы 18 мамырдағы "Қазақстан Республикасы азаматтарының денсаулық жағдайын жақсарту жөніндегі бірінші кезекті шаралар туралы" N 3956, 1998 жылғы 16 қарашадағы "Халық денсаулығы" мемлекеттік бағдарламасы туралы" N 4153 Жарлықтары қабылданғаннан кейін басталды.

3.2.1. Күшті жақтар

Денсаулық сақтаудың әр түрлі аспектілері бойынша соңғы 2-3 жыл ішінде қабылданған бағдарламалардың болуы.

Алғашқы медициналық-санитариялық жәрдемнің жұмыс істеуі.

Отбасылық медицина дәрігерлері практикасын енгізу.

Туберкулезді емдеу мен диагноз қою кезіндегі DOTS стратегиясын енгізу практикасы.

5 жасқа дейінгі балаларды жаппай егу.

Салауатты өмір салтын (СӨС) қалыптастыру жөніндегі жұмыстардың жандандырылуы, СӨС-ты насихаттау жөніндегі науқандарға тиісті институционалдық қолдаудың болуы.

Жан басына шаққандағы норматив, амбулаториялық-емханалық тарификатор және клиникалық-шығындар топтары бойынша неғұрлым шығыны аз амбулаториялық көмекке көшуді ынталандыратын ішінара отбасылық медицина дәрігерлері қорын ұстауға негізделген медициналық көмекке ақы төлеудің жаңа принциптерін заңдық тұрғыда бекіту.

Медициналық қызметтерді қаржыландыру нысандарының көп арналылығы.

Халыққа медициналық қызмет көрсететін мемлекеттік емес сектордың болуы.

Медициналық жоғары оқу орындарында интернатураның, жалпы практика дәрігерлерін даярлауға арналған оқу модельдік отбасылық-дәрігерлік амбулаториялардың бар болуы.

3.2.2. Әлсіз жақтар

Азаматтардың денсаулығын сақтауды мемлекеттік қаржыландыру соңғы жылдары ІЖӨ-нің 1,8-2,2%-ын құрады.

Азаматтардың денсаулығын сақтау жүйесінің қызметін нормативтік-құқықтық реттеудің әлсіздігі.

Бірақатар елді мекендерде медициналық қызмет көрсетудің болмауы.

Емдеу-профилактика мекемелеріндегі диагностикалық және емдеу жабдықтарының 80-90%-ының ескіруі.

Басқару мен қаржыландырудың жоспарлы және нарықтық тетіктерінің оңтайлы үйлесімі үшін тұжырымдамалық негіздердің жоқтығы.

Кадрларды сапасыз даярлауға жол беретін медициналық білім беру жүйесі.

Пациенттердің денсаулығына зиян келтіргені үшін медицина қызметкерлерінің дербес жауаптылығын қамтамасыз етудің тиімді жүйесінің жоқтығы.

Пациенттерге таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ететін медициналық қызметтердің ішкі нарығының жоқтығы.

Ақы төлеу мәселесінің реттелмегендігінен медициналық қызметтердің көлеңке нарығының болуы.

Алматы қалалық денсаулық сақтау мамандарының бағалауы бойынша 50%-ға дейінгі қаражат саладағы көлеңке экономикасының үлесінде.

Денсаулық сақтаудың аурудың алдын алудан гөрі емдеу сипатындағы шараларға көбірек бағдарлануы.

Саланы қаржыландырудың тиімді жүйесінің болмауы.

Медициналық ұйымдардың жұмыс тиімділігінің төмендігі, бәсекелестік пен тиісті материалдық ынталандырудың болмауы.

Денсаулық сақтауда басқару мен бірыңғай саясат проблемасының өрістеуі.

Статистикалық ақпаратты есепке алу мен есептіліктің жеткіліксіз дәлдігі, саланың медициналық және қаржылық статистикасының өзара байланысының әлсіздігі, мұның өзі денсаулық сақтау жүйесінде болып жатқан көп факторлы процестерді нақты бағалауға мүмкіндік бермейді. Медициналық статистиканың дұрыстығы деңгейінің төмендеуі.

Алдын алу, диагноз қою және ауруларды емдеу саласында осы заманғы және тиімді технологияларды кеңінен қолдану жөніндегі шаралардың жеткіліксіздігі.

Республикада фармацевтік және медициналық өнеркәсіптің әлсіз дамуы.

Дәрі-дәрмектік заттардың және медициналық препараттардың сапасы мен құнына мемлекеттік бақылаудың іс жүзінде жоқтығы.

3.2.3. Мүмкіндіктер

Ірі медициналық орталықтардың белсенді халықаралық ынтымақтастығы. Денсаулық сақтау проблемалары бойынша бірлескен социологиялық зерттеулер.

Әлеуметтік саланың басқа да тармақтарын денсаулық сақтау шараларын ұйымдастыруға тарту.

Саланы қаржыландыруға бюджеттен тыс қаражатты тарту, қаржыландыру көздерін кеңейту.

Халық проблемалары, соның ішінде денсаулық сақтау проблемасы мәселелері бойынша үкіметтік емес ұйымдар қызметін жандандыру.

Денсаулық сақтауды реформалау процестерін халықаралық ұйымдардың қолдауы. Медициналық ізгілік көмек.

Халық денсаулығы саласында халықаралық бағдарламалық құжаттардың болуы, атап айтқанда "XXI ғасырда денсаулық - баршаға".

3.2.4. Қатерлер

Фармацевтік нарықта стандарттар талаптарына жауап бермейтін дәрі-дәрмектік заттардың болуы. Фармацевтік нарыққа қатысушылардың ауыз жаласып, дәрі-дәрмектік заттар мен медициналық препараттар бағасын (әлемдік орташа медиандық құнынан бірнеше есе) арттыруы.

Халыққа арналған сапалы ауыз суға қол жетімділіктің төмендеуі.

Халықтың едәуір бөлігінің төлем қабілетінің төмендігі (кенеулі аспен өзін-өзі қамтамасыз етуі жөніндегі мәселелер).

Азық-түлік тауарлары нарығында құрамында адамның денсаулығы мен өміріне қатер төндіретін заттар бар сапасыз тамақ өнімдерінің болуы.

Денсаулыққа әсер ететін экологиялық факторлардың күшеюі.

Салаға мемлекеттік инвестициялардың жеткіліксіздігі.

Әлеуметтік мәселелер бойынша сақтандыру нарығының мешеулігі.

Елде есірткі бизнесі әлеуетінің өсуі, мұның өзі есірткіге қол жетімділіктің артуына әкеледі.

Таяу және шалғай шетелдермен белсенді көші-қон алмасу АҚТҚ/ЖҚТБ-ның (ВИЧ/СПИД) карантиндік жұқпалы аурулардың таралу қаупін төндіреді. Заңсыз иммиграция елде эпидемиологиялық ахуалдың нашарлауына жағдай жасайды.

3.3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Денсаулық сақтау саласындағы өзгерістер халыққа медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру мен қаржыландыруды жетілдіру жолымен жалпы әлеуметтік даму стратегиясының ажырамас бөлігі болуға тиіс.

Денсаулық сақтауды реформалау жоспарлы негіздер мен нарықтық

реттегіштер рөлінің оңтайлы үйлесімін айқындауды талап етеді.

Бұл міндетті шешудің негізгі нәтижелері денсаулық сақтау шараларының нәтижелілігі мен тиімділігін арттыру және сапалы медициналық көмекке кепілді теңдікті қол жетімділікті қамтамасыз ету болуға тиіс.

Денсаулық сақтаудың назары тек аурудың зардаптарымен күресуге ғана емес, аурудың пайда болу себептерін жоюға бағытталуға тиіс.

Бұған қоса, халық денсаулығының қоршаған ортаның және сумен қамтамасыз етудің жай-күйіне байланысты проблемаларын шешуде нақты нәтижелерге жету к е р е к .

Денсаулық сақтауды реформалау стратегиясы мынадай міндеттерді шешуді к ө з д е й д і :

- элеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар үшін қауіпті аурулардың пайда болуы мен дамуының алдын алатын профилактикалық ш а р а л а р д ы к ү ш е й т у ;

- салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметін нығайту;

- халыққа медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру. Алғашқы медициналық-санитариялық жәрдемді нығайту, отбасылық медицина дәрігері п р а к т и к а с ы н д а м ы т у ;

- дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді жетілдіру. Қазақстан Республикасының фармацевтік және медициналық өнеркәсібін дамыту үшін тиісті жағдайды қ а м т а м а с ы з е т у ;

- қоршаған ортаның мониторингін және халықты сумен қамтамасыз етудің ж а й - к ү й і н ж е т і л д і р у ;

- халықтың сапалы тамақ өнімдеріне қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін ж а ғ д а й т у ғ ы з у ;

- әлемде оң көзқарас туғызған және ДДСҰ ұсынған емдеудің жаңа әдістерін енгізу жолымен емдеу процесін ұйымдастыруды жақсарту;

- халыққа сапалы медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін қ а р ж ы л а н д ы р у ж ү й е с і н қ ұ р у ;

- денсаулық сақтау жүйесін басқаруды жетілдіру;

- медициналық білім беру жүйесін жетілдіру, отандық медицина ғылымына қолдауды қамтамасыз ету.

3.4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

3.4.1. Элеуметтік мәні бар аурулардың және айналадағылар

үшін қауіпті аурулардың пайда болуы мен дамуының алдын алатын профилактикалық шараларды күшейту

Медициналық қамсыздандыру шеңберінде аурудың жолын кесуге айрықша
назар аударылуға тиіс.

Алдын алуға салынған қаражаттық тиімділікті үш есе қамтамасыз ететінін
тәжірибе көрсетті.

Кейбір аурулардың алдын алу үшін біршама қарапайым әрі қымбат емес
әдістер бар (халықты иммунизациялау), басқа ауруларға қатысты жағдайды
ағарту жұмыстары түзей алады. Егер шаралардың бірінші тобына қатысты
орталық және жергілікті денсаулық сақтау органдарының өкілеттігі жеткілікті
болса, шаралардың екінші тобы денсаулық сақтау, білім беру және ақпарат
жүйелерінің өзара іс-қимыл жасауын көздейді.

Шаралардың екінші тобындағы ауруларға, мысалы, жыныс жолдары арқылы
берілетін (ЖБЖА) және АҚТҚ (ВИЧ) жұқпалы ауруларына байланысты
халықтың өсіп-өну денсаулығының жекелеген аспектілері жатады. Ағарту және
өзге де профилактикалық жұмыстар халықты сауықтыру саясатының ажырамас
бөлігі болуға тиіс.

Санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің рөлін күшейту қажет.

3.4.2. Салауатты өмір салтын қалыптастыру қызметін нығайту

Қазақстанда байқалып отырған өлім-жітім мен ауруға шалдығудың
статистикалық көрінісі едәуір дәрежеде темекі тартумен және алкогольге шектен
тыс әуестікпен айқындалады. Адамдардың мұндай өмір салты жүрек пен тыныс
жолдары ауруларының дамуына ықпал етеді, балалар өлім-жітімінің және
қатерлі ісік ауруына шалдығудың өсуіне алып келеді, өндірісте және тұрмыста
қайғылы жағдайлар мен жарақаттардың, сондай-ақ жолдарда авариялардың орын
алуына тікелей немесе жанама түрде әсерін тигізеді. Болжамды есептеулер
халықтың ішімдік пен темекіні мемлекеттің денсаулық сақтау жүйесіне арналған
шығынынан асатын сомада тұтынатынын көрсетеді.

Салауатты өмір салты (СӨС) және денсаулықты нығайту денсаулық
сақтаудың жалпы саясатының ажырамас бөлігі болуға тиіс. СӨС-н қалыптастыру
денсаулық сақтау мен білім берудің ғана үлесі болып қоймай, бұл бағытта спорт,
мәдениет, ақпарат салаларында да жүйелі жұмыстар жүргізілуге тиіс. СӨС-н
қалыптастыру мәселелерін үйлестіретін органның функциясы мен өкілеттігін
кеңейту қажет: ол денсаулық сақтау жүйесінің шеңберінде ғана жұмыс істеумен
шектелмеуге тиіс.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру мақсатындағы білім беру
бағдарламалары мен ақпарат елдің: мектептердегі, жоғары оқу орындарындағы,
жұмысшылар ұжымдарындағы әрбір азаматына алғашқы
медициналық-санитариялық көмек мекемелері және т.б. арқылы жеткізілуге тиіс.

Салауатты емес өмір салтына қарсы әсер ететін тікелей, экономикалық шаралар жүргізілуі қажет.

Австралияның тәжірибесі: қаражаты темекі және ішімдік өндіретін фирмалардың ақша аударымдарынан қалыптасатын қор құрылған. Бұл қаражатты Үкімет темекіге қарсы және ішімдікке қарсы науқан шеңберінде білім беру және басқа бағдарламаларға жұмсайды.

3.4.3. Халыққа медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру.

Алғашқы медициналық-санитариялық жәрдемді

нығайту, отбасылық медицина дәрігері практикасын дамыту

Алғашқы медициналық-санитариялық көмек (АлМСК) - бұл денсаулық сақтаудың бүкіл жүйесінің бірінші негізі. Ол тиісті қызметтерді мүмкіндігінше жұмыс орындары мен тұрғылықты жерлерге жақын ұйымдастырып, оған қол жетімділікті қамтамасыз ету жолымен әрбір азаматтың, ұжымның, қауымдастықтың негізгі медициналық қажеттіктерін қанағаттандыруды білдіреді.

Халық тығыздығының төмендігі, шағын елді мекендерден әдетте, негізінен, көкейге қонымды медициналық қызметтер көрсету жүзеге асырылатын емдеу-профилактика мекемелері шоғырланған облыс орталықтарына дейінгі ара қашықтықтың ұзақтығы, алғашқы медициналық қызмет көрсету буынын жедел дамытуды осы саладағы басым бағыт деп белгілеуге негіз қалайды. Алғашқы медициналық-санитариялық көмек күрделі медициналық араласуды көздемейтіндігіне қарамастан, одан халық денсаулығының жай-күйін жалпылама жақсарту ең алдымен әйелдер мен балалар сияқты топтарды сауықтыруда жедел нәтижелер күту керек.

Денсаулық сақтау саласы алдында тұрған міндеттерді шешу шеңберіндегі профилактикалық жұмыстардың айтарлықтай бөлігін жүргізу АлМСК мекемелеріне жүктеледі. Осыған байланысты отбасылық медицина институтын одан әрі дамыта отырып, халыққа медициналық қызмет көрсетудің алғашқы буынын нығайту неғұрлым маңызды болып табылады. АлМСК-ті ресурстық тұрғыда қамтамасыз ету базалық профилактикалық шараларды, соның ішінде иммунизациялауды жүргізу міндеттерін орындаумен барабар болуға тиіс. Халықпен негізгі қатынасты нақ осы АлМСК мекемелері қамтамасыз ететіндіктен, фельдшерлік-акушерлік пункттерді, селолық учаскелік ауруханаларды, отбасылық дәрігерлік амбулаторияларды, консультациялық-диагностикалық орталықтар мен емханаларды медициналық жабдықтармен жасақтау және кадрлармен қамтамасыз ету талап етілетін

деңгейге дейін жеткізілуі қажет. Олар көрсететін қызмет аясын кеңейту көздеу қ а ж е т .

АлМСК көрсететін медицина қызметкері міндеттерінің шеңберін кеңейту көзделіп отырғанын ескере келіп, олардың қайта даярлықтан өтуі мен біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету қажет.

Медициналық көмектің келесі деңгейіндегі мекемелердің функциялары олардың төменгі деңгейдегі мекемелер жұмысына қолдау көрсетуін есепке ала отырып кеңейтілуге тиіс. Осы деңгейден бастап медициналық қызметкерлерді қайта даярлаудың тиісті курстары әр түрлі нысандарда ұйымдастырылуы мүмкін.

Қазақстанда транзиттік экономика ықпалының әртүрлі факторлары болуы салдарынан медицина кадрларын қайта даярлаудың деңгейі күрт төмендеді. Жеті-он күндік сапарлар және өзге циклдар, негізінен, білім емес, маманданудан өту сертификаттарын береді. Одан басқа, Қазақстанда көптеген мамандықтар: нейрохирургия, жүрек-қан тамырлары, торакальдық (өкпе) хирургия және бірқатар басқа мамандықтар бойынша оқу базасы іс жүзінде жоқ.

Мемлекеттік емдеу-профилактика мекемелеріндегі диагностикалық және емдеу жабдықтарын таяуда, оның үстіне бес жылдың ішінде кемінде 40%-ға жаңарту керек. Мұның өзі ауруға уақтылы диагноз қоюдың есебінен аурулардың стационарда және амбулаториялық емделуде болу мерзімдерін қысқартуға, мемлекет пен халықтың дәрі-дәрмекке арналған шығындарын азайтуға мүмкіндік туғызып қана қоймай, сонымен бірге медициналық кадрларды қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру бағдарламаларының нәтижелілігін арттырады.

3.4.4. Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз етуді жетілдіру.

Қазақстан Республикасының фармацевтік және медициналық өнеркәсібін дамыту

Елдегі фармацевтік ахуалды жақсарту қажеттігі дәрі-дәрмектерге жалпыға бірдей қол жетімділіктің ұлттық саясатын тұжырымдау талаптарын алға тартады, ол одан әрі іс-қимылдың алғышартын жасайды. Халықты сапасыз дәрі-дәрмек заттарынан, негізгі дәрі-дәрмектерге арналған бағаны негізсіз өсіруден қорғауды қамтамасыз ететін мемлекеттік дәрі-дәрмек саясаты әзірленіп, енгізілуге тиіс, яғни, әңгіме арзан, қауіпсіз және тиімді дәрі-дәрмектерге қол жетімділік пен оларды ұтымды пайдалану туралы болып отыр. Дәрі-дәрмектерге жалпыға бірдей қол жетімділіктің ұлттық саясатын әзірлеу отандық фармацевтикалық индустрияны тездетіп дамытуға серпін бере алады.

Медициналық қызмет көрсетуді ұйымдастыру мәселесі ауруларды емдеу процесін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету мәселелерімен тығыз байланысты.

Дәрі-дәрмек заттарының сапасы мен қол жетімділігі - фармацевтік секторға қойылатын негізгі талап, алайда, бұл өлшемдер бойынша халықтың жағдайы әзірше мардымсыз күйінде қалып отыр.

Дәріханалар жүйесінің 98%-ы жеке секторда. Дәрі-дәрмектер бағасын реттеуге, демек, олардың халықтың кедей жіктері үшін қол жетімділігі проблемасын шешуге мемлекеттік дәріханаларды қалпына келтіру (фармацевтік нарықтың 15-20%-ы) арқылы мүмкіндік туады. Бұл халықты өмірлік маңызы бар препараттармен қолайлы бағалар бойынша қамтамасыз етуге және жеке секторға бәсекелестік жасауға мүмкіндік береді.

3.4.5. Қоршаған ортаның мониторингін және халықты сумен қамтамасыз етудің жай-күйін жетілдіру

Егер экологиялық факторлардың денсаулыққа қалай терең әсер ететінін ескеретін болсақ, қоршаған ортаны сауықтыру жөніндегі іс-әрекеттер бірінші кезектегі міндеттер қатарына шығарылуға тиіс.

Атмосфераның, таза судың ластану, радиациялық зарарлану және сарқынды суларды өңдеу, кенеусіз тамақ ішу проблемалары халық денсаулығының жалпы деңгейіне айтарлықтай әсер етеді.

Қазақстандағы атмосфера мен судың ықтимал ластануының өсуін барынша шектеу мақсатында, өнеркәсіптің барлық салалары үшін заңмен бекітілген ластанудың жол берілетін шекті нормалары енгізілуге тиіс. Өнеркәсіптің барлық салаларындағы кәсіпорындар үшін концентраттардың жол берілетін шекті нормаларының сақталуына бақылауды қатайту қажет. Бұл нормаларды сақтамағаны үшін оларға қатаң өндіріп алу шаралары жүйесін көздейтін арнаулы мониторинг және есеп беру тетігін іске қосу қажет. Осы өндіріп алынған қаражаттың бір бөлігін медициналық қызметтер көрсетуді жақсартуға бағыттаған жөн. Экологиялық нормалар жүйесін енгізу мен олардың сақталуын қадағалау жөніндегі барлық шығындар өнеркәсіп орындарына жүктелуге тиіс.

Қазақстанның барлық халқы үшін ауыз су сапасын жақсарту - су ресурстарымен айналысатын органдардың негізгі міндеті.

Халықтың таза ауыз суға қол жетімділігін қамтамасыз ету қажет. Осы мақсаттағы бағыттардың бірі сумен жабдықтаудың қазіргі жүйесін санитариялық және гигиеналық нормалармен сәйкестендіру болуға тиіс. Қажет болған жағдайда жаңа құрылыстар жобалануға тиіс. Сумен қамтамасыз ету жүйесі халықаралық стандарттарға сәйкес келтірілмейінше, қазіргі жүйе аурулардың таралуына ықпал етуін жалғастыра беретін болады.

Елдің су ресурстары мониторингі жүйесі енгізілуге тиіс.

Егер қайсыбір елдегі су қоры халықтың жан басына шаққанда жылына 1000

текше метрге жетпесе, онда бұл оның жеткіліксіздігін білдіреді, мұның өзі ел экономикасының дамуына және адамдардың денсаулығына зиян келтіреді. 1990 жылы судың жетіспеушілігінен әлемде 20 ел немесе 132 млн. адам зардап шекті. Егер 2025 жылға қарай дүние жүзінің халқы 8 млрд. адамға дейін өссе, онда су жетіспеу проблемасы туындайтын елдердің саны 30-дан асып кетеді және халықтың өсу қарқынына қарай бұдан зардап шегетіндердің саны 600-900 млн. адамға дейін жетеді. Осындай елдердің қатарына Қазақстанның да еніп қалуы мүмкін болатын жағдайды болдырмау қажет.

3.4.6. Халықтың сапалы тамақ өнімдеріне қол жетімділігін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау

Халықтың тіршілік сапасын арттыру мақсатында салауатты тамақтану саласында ұлттық саясатты әзірлеу мен енгізу мәселесі барынша өзекті болат ү с у д е .

Ана мен баланың рационында бірқатар маңызды нәрлі заттардың болмауының себептерін жою қажет, өйткені бұл халық денсаулығына тікелей әсер етеді. 5 жасқа дейінгі балаларды, жүкті әйелдерді және бала емізетін аналарды кенеулі тағаммен қамтамасыз етудің бағдарламасы жасалуға тиіс.

Елдің тамақ өнеркәсібі медицина ғылымымен тығыз ынтымақтаса отырып, құрамында нәрлі заттары жеткілікті өнімдер шығару жөніндегі өндірісті құрып, да м ы т у ғ а т и і с .

Ана сүтінде нәрлі заттардың теңдестірілген құрамы, жұқпалы ауруларды дарытпаудың табиғи факторы болатындығын және сәбиге экологиялық зиянды заттардың әсер етуінің ықтималдығын кемітетіндігін назарда ұстай отырып, материалдық ынталандыру шараларын енгізу арқылы жаңа туған сәбилерді емшек сүтімен қоректендіруді көтермелеп отыру қажет. Бұл ынталандыру жекелеген жағдайларда аналарға өз денсаулығын күтуге және сәбиге емшек сүтін емізіп тамақтандыру қабілетін сақтауына мүмкіндік береді.

Өскелең ұрпақтың денсаулығын нығайту мақсатында мектеп оқушыларын, әсіресе табыс деңгейі төмен отбасыларынан шыққан мектеп оқушыларын, мектеп жасына дейінгі балаларға, әсіресе қысқы және көктемгі кезеңдерде витаминдер беруді қоса, тамақтандыру бағдарламасын әзірлеу керек.

Тамақ өнімдерінің отандық нарығында бар азық-түлік өнімдерінің сапасын бақылау жүйесін енгізу қажет.

3.4.7. Әлемде өзін ұтымды жағынан көрсеткен және Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған емдеудің жаңа әдістерін енгізу жолымен емдеу процесін ұйымдастыруды жақсарту

Медициналық көмек сапасын қамтамасыз ету дегеніміз, басқа шаралармен қатар, емдеудің және диагноз қоюдың халықаралық хаттамаларын медицина практикасына енгізу жөніндегі шараларды да білдіреді. Емдеудің халықаралық хаттамаларын енгізу мәселелері жоғары оқу орындары мен медицина қызметкерлерін қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстары оқу бағдарламаларының ажырамас бөлігі болуға тиіс.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынып отырған туберкулезді емдеудің стратегиясын енгізуді жалғастыру қажет. Бұл ретте туберкулезді емдеуде табысқа жету үшін ауруларды тамақтандыруды ұйымдастырудан бастап стационар жағдайында интенсивті химиялық терапиядан өткен ауруларды ауруханадан шыққаннан кейін де міндетті қадағалауға дейін барлық қажетті жағдайларды қамтамасыз еткен жөн, өйткені осы кезеңнің де маңыздылығы аз емес.

3.4.8. Халыққа сапалы медициналық көмек көрсетуді қамтамасыз ететін қаржыландыру жүйесін құру

Халық медицина қызметкерлеріне келіп медициналық көмекті не ақылы негізде, не тегін алады. Әрине, соңғы жағдайда біреулер төлейді, бірақ медициналық көмек көрсету кезінде ол тегін. Әңгіме медициналық көмекке ақы төлеуді - белгілі бір көлем мен сапада медициналық көмек көрсету бойынша медицина қызметкерлеріне өтем жасауды қамтамасыз ететін экономикалық қатынастар жүйесі туралы болып отыр. Қаржыландыру жүйесі арқылы халыққа медициналық қызмет көрсету нарығы реттеледі. Денсаулық сақтау жүйесінің де, сондай-ақ медициналық көмек алушының да тұрғысынан қарағанда басқару мен қаржыландыру тиімділігіне қол жеткізу қажет.

Қаржыландырудың орталықтандырылған мемлекеттік жүйесі медициналық қызмет көрсетудің негізгі жиынтығын төлеудің неғұрлым оңтайлы тәсілі болып табылады және мейлінше тиімділікті және халықтың барынша қамтылуын қамтамасыз етеді. Бұл ретте салада жан басына қаржыландыру принципін күшейту керек және ол қаржы ағындарының ашықтығымен қатар жүргізілуге т и і с .

Медициналық көмектің кепілді тегін көлемі туралы конституциялық норманы орындау қажет. Бұл үшін Қазақстан Республикасы Конституциясының К951000

29-бабын іске асыру мақсатында: алғашқы медициналық-санитариялық көмек туралы, медициналық көмектің кепілді көлемі туралы бірқатар заңдар қабылдау керек, - оларда мемлекеттің, жұмыс берушілердің, азаматтардың өздерінің денсаулық сақтау саласындағы осы кепілдіктері заң тұрғысынан белгіленуге тиіс.

Медициналық ұйымдардың ақылы медициналық қызмет көрсеткені үшін алатын табысын жария етуіне халықтың еңбекке қабілетті бөлігі үшін көрсетілген медициналық көмекті міндетті қосар төлеуді енгізу жәрдемдесуге т и і с .

Осымен бір мезгілде ерікті медициналық сақтандыруды дамытып, к ө т е р м е л е г е н ж ө н .

Зейнеткерлерді, мүгедектерді, жұмыссыздарды медициналық қамтамасыз ету, ана мен баланы қорғау тегін медициналық көмектің кепілді көлемі шеңберінде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен нақты жүзеге асырылуға тиіс.

Әйелдер мен балаларды тегін медициналық тексеру, осы санаттағы адамдарға витаминдерді қоса профилактикалық дәрі-дәрмек беру міндетті болуға тиіс.

2001-2002 жылдар ішінде міндетті медициналық сақтандыруды (ММС) енгізуді әзірлеу керек. Міндетті медициналық сақтандырудың классикалық үлгісіне тән болып келетін сақтандырудың отбасылық принципі көзделгенін қалар едік. Міндетті медициналық сақтандыруды енгізу қарсаңында оның тұтастығын, денсаулық сақтаудың бюджеттен қаржыландыру көздеріне тәуелділігін азайтуды, денсаулық сақтау жүйесіндегі ресурстардың тиімді пайдаланылуына сақтандыру делдалдарының жауапкершілігін қамтамасыз ете алатын, жұмыс істеу жүйесінің толық нормативтік құқықтық базасы құрылуға тиіс. ММС жүйесін дамытудағы өзіндік және дүниежүзілік тәжірибені ж а н - ж а қ т ы з е р д е л е у қ а ж е т .

Үкімет сақтандырудың жекеше жүйелері мен ақылы емдеу мекемелерінің дамуын ынталандыратын тетіктер мен заңдық базалардың жасалуын қамтамасыз е т у г е т и і с .

Егер өздері қадағалап отырған контингент белгілі бір уақыт ішінде дені сау күйінде қалса және денсаулықтың жекелеген проблемалары бастапқы деңгейде шешілсе, алғашқы медициналық көмек көрсеткен дәрігер үшін ақшалай көтермелеу енгізген жөн. Медициналық қызмет көрсетудің әр түрлі құрылымдарын қаржылай ынталандыру тетіктері енгізілуге тиіс.

Емдеу мониторингін және дәрігер қателігін бағалау жүйесін енгізу қажет.

3.4.9. Денсаулық сақтау жүйесін басқаруды жетілдіру

Денсаулық сақтау саласындағы реформалар мен қатынастарды халықаралық тәжірибе негізінде заңмен қамтамасыз ету және денсаулық сақтауды стратегиялық және ағымдағы жоспарлаудың үйлесімділігін қамтамасыз ету,

жоспарлау мен нормалаудың көп деңгейлі жүйесін құру, жоспарлау мен қаржыландыру жүйелерінің біртұтастығы міндеттерін қамтитын саланың басқарымдылығын арттыруға қол жеткізу қажет.

Бірінші кезекте, барлық деңгейдегі емдеу-профилактика мекемелерінің қызметін реттеу жөніндегі нормативтік базаны жасап, олардың әрқайсысының функциясын айқындау қажет.

Басқарудың жекелеген функцияларын дербестендіру, жекешелендіру арқылы мекемелерге беру қажет. Бұл ретте мемлекеттік басқарудың назары медициналық қызмет көрсету сапасын бақылауды қамтамасыз етуге шоғырландырылуға тиіс.

Денсаулық сақтау ісінде лицензиялау, аттестациялау рәсімдерін жетілдіру қажет. Дәрігерлік практиканы жүргізуге рұқсатты ресімдеу үшін оқу орындарының бағдарламаларындағы тиісті өзгерістермен байланыстырылған мамандығына қарай емдеу практикасымен айналысатын барлық медицина қызметкерлері үшін жалпыұлттық өлшемдер белгіленуге тиіс.

Медициналық қызмет көрсету жүйесінің барлық клиникалық, сондай-ақ әкімшілік құрылымдары үшін жұмыс ережелерін талдап жасау қажет.

Алдын алу шараларымен, атап айтқанда, иммунизациялау әдістерімен және алғашқы медициналық-санитариялық жәрдем құралдарымен емдеу арқылы жеңуге мүмкіндік бар ауруларды түп-тамырымен жою мақсатында денсаулық сақтау саласындағы бірыңғай жұмыс тәртібі республикалық деңгейде жасалуға тиіс.

Халыққа медициналық көмек ұйымдастыру мен саланы басқарудың барлық аспектілері бойынша мониторинг жүйесі құрылуға тиіс. Денсаулық сақтау жүйесін ақпараттандыруды жетілдіру денсаулық сақтауды басқару органдарын сенімді және орнықты, өзара байланыстырылған медициналық және қаржылық статистикалық ақпаратпен қамтамасыз ететін қызмет құру қажет.

3.4.10. Медициналық білім беру жүйесін жетілдіру, отандық медицина ғылымының дамуына қолдау көрсетілуін қамтамасыз ету

Білім беру мен ғылыми зерттеулер саласы медициналық қызмет көрсету жүйесін реформалау жөніндегі жұмыстардың іргелі учаскелерінің бірі болып табылады. Кең ауқымды мамандықтарға ие медицина қызметкерлерін даярлаудың тиімді жүйесін құру қажет. Бұдан басқа, клиникалық зерттеулер жүргізумен және медициналық қызмет көрсету мәселелерімен айналысатын құрылымдардың іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету керек.

Медициналық жоғары оқу орындарындағы даярлау деңгейін көтеріп, дәрігерлерді қайта даярлау мен олардың біліктілігін арттыру бағдарламаларын жетілдіру қажет.

Мемлекет басшысының тапсырмасымен 1998 жылдың басында Қазақстанның денсаулық сақтау жүйесіне тексеру жүргізген халықаралық сарапшылардың бағалауы бойынша Қазақстанда дәрігерлердің небәрі 37%-ы жоғары біліктілікке ие. Егер тұтастай алғанда 100 мың халыққа шаққанда дәрігерлердің саны 392,8 маманды құраса, сол 100 мың тұрғынға шаққандағы жоғары білікті дәрігерлердің саны 131-ді құрайды. Бұл АҚШ-тағы көрсеткіштен көп төмен, онда ол 100 мың тұрғынға шаққанда 211-ге тең. Сонымен Қазақстанда көптеген дәрігерлер жоғары біліктілік деңгейіне жете алмайды.

Медициналық білім беруді қайта құрылымдау ұсынылады: медициналық жоғары оқу орындарында оқытудың алты жылдық кезеңі аяқталғанға дейін (мысалы, 4-курсан кейін) олардың дәрігерлік жұмысқа жарамдылығын анықтау мақсатымен студенттерді аралық аттестациялау тетігі енгізілсін. Аттестациялаудан өтпей қалған студенттер үшін оларды көмекші медициналық қызметкер мамандығына немесе әкімшілік жұмыстарға ауыстырудың тетігі әзірленіп, енгізілуі қажет. Қалған студенттер үшін дәрігерлер даярлау бағдарламасын неғұрлым қарқынды ету керек.

Медициналық жоғары оқу орындарының оқу бағдарламаларына "жалпы емдеу дәрігері", "менеджер" және басқа жаңа мамандықтар бойынша мамандар даярлауды енгізу қажет.

Диплом алған дәрігерлердің жоғары біліктілікке қол жеткізуі үшін оларды одан әрі даярлауға қаражат бөлу тетігін енгізіп, денсаулық сақтау жүйесі үшін көмекші медициналық қызметкерлер, әкімшілік кадрлар даярлаудың мақсатты бағдарламаларын жасап, іске асыру керек.

Отандық медицина ғылымына қолдау көрсету мақсатында денсаулық сақтаудағы ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың көлемін арттыру қажет. Оның үстіне зерттеулерге медициналық жоғары оқу орындарының жоғарғы курс студенттерін де тарту керек. Процестер мониторингіне ғылыми тұрғыдағы байыптауларға, отандық денсаулық сақтауды дамытудың 10 жылдық тәжірибесін зерделеуге айрықша назар аударылғаны жөн.

Ғылыми орталықтар мен ғылыми-зерттеу институттарының практикадан қол үзу себептерін жою қажет. Ғылыми әзірлемелердің нәтижелері нақты дәрігерге дейін жетуге тиіс.

Қазіргі медициналық жоғары оқу орындарының базасында алты оқу-клиникалық орталықтар құру міндеті республикалық жоспарға енгізілуге тиіс. Олар жаңа техника мен емдеу әдістерін алғаш енгізуге, сондай-ақ оқытуды ұйымдастыру мен медицина қызметкерлерін одан әрі даярлауға пайдаланылуға тиіс. Уақыт өте келе осы мекемелердің базасында дәрігерлік практиканы жүргізуге арналған лицензияны ресімдеу де жүзеге асырылуы мүмкін.

4. ХАЛЫҚТЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУДЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУДЫ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ СТРАТЕГИЯСЫ

4.1. МАҚСАТ

Басты мақсат: адамның өз қабілетін іске асыру және дамыту үшін құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болатындай лайықты өмір сүруі үшін жағдай туғызу.

Жұмыспен қамту саласындағы негізгі мақсат халықты неғұрлым толық түрде өнімді жұмыспен қамту болып табылады. Бұл мақсат екі қосымша мақсатқа қол жеткізуді: жұмыстан шығып қалу деңгейін азайтуды; жұмыссыз халықты жұмысқа орналастыру деңгейін арттыруды көздейді.

Халықты әлеуметтік қорғау саласындағы негізгі мақсат халықтың кедейлік деңгейін азайтуға, қайыршылықты жоюға бағдарланған халықты әлеуметтік жағынан қамтамасыз етудің тиімді жұмыс істейтін жүйесін құру болып табылады.

Қ о с ы м ш а м а қ с а т т а р :

- экономикалық қызметтің барлық түрлері бойынша жалдамалы қызметкерлердің еңбекақы төлеу деңгейін көтеру;
- әлеуметтік сақтандырудың сан алуан түрлерін енгізу арқылы туындауы мүмкін қатерден өзін-өзі қамтамасыз етудің қол жететіндей тетігін жасау;
- көп жағдайда мемлекет есебінен жүзеге асырылатын әлеуметтік қамтамасыз ету жүйесінен әлеуметтік сақтандыру жүйесіне көшу, ол мемлекеттің немесе жұмыс берушінің ғана емес, әрбір жеке адамның да қатысуын көздейді.

4.2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Елдегі экономикалық өзгерістер, бір жағынан, мүгедектік, маскүнемдік, нашақорлық, жарақаттану сияқты әлеуметтік құбылыстардың проблемаларын тереңдетті және екінші жағынан, әлеуметтік қамсыздандыруға мұқтаж халық санының тұрақты өсуіне алып келетін кедейлікті, жұмыссыздықты, балалар қаңғы бастығын туындатты.

Республикада кедейліктің өсуі экономиканың нақты секторында өндірістің құлдырауына орай жұмыссыздықтың едәуір өсуіне, экономикалық қызметтің жекелеген түрлерінде, атап айтқанда, денсаулық сақтауда, білім беруде және ауыл шаруашылығында еңбекақы төлеу деңгейінің төмендеуіне, қызметкерлерге еңбекақы төлеудің ұзақ кідіруіне, халықтың нақты табысының төмендеуіне байланысты.

Экономикалық жағынан белсенді 7 миллионнан асатын халықтың 13,5%-ы жұмыссыз болып табылады. Алайда 6,1 млн. адамның жұмысқа қамтылуы әрдайым жеткілікті табыс деңгейі дегенді білдіре бермейді. Жұмыспен қамтылған халықтың едәуір бөлігін, әсіресе бюджеттік саладағыларды, табысы аздар деп батыл айтуға болады. Бюджеттік саладағы қызметкерлердің еңбекақы мөлшері, әдетте, жұмыспен қамтылған халықтың еңбекақысының республикалық

орташа деңгейінің 75%-ынан аспайды.

Жұмыссыздардың арасында әйелдер басым, оларды жұмысқа орналастыру проблемасы өткір қойылып отыр. Жұмыспен қамту қызметіне өтініш жасаған жұмыссыз әйелдердің әрбір алтыншысы ғана жұмысқа ие болады. Жоғары және орта арнаулы білімі бар 45 және одан жоғары жастағы әйелдердің жұмысқа орналасу мүмкіндігі өте төмен.

1998 жылдың 1 қаңтарынан бастап республикада әрбір жұмыс істейтін азамат өзінің қарттығын материалдық қамтамасыз етуге өзі қам жасайтын дербес зейнетақы жинақтау принципіне негізделген жаңа зейнетақы жүйесі енгізілді. Реформаны жүргізу процесінде қол жеткізілген едәуір нәтижелерге қарамастан, болашақта әлеуметтік қорғаудың бүкіл жүйесіне едәуір әсер етуге қабілетті негізгі проблемалардың бірі, оның еңбекке қабілетті халықты толық қамти алмауы болып табылады. Экономикалық жағынан белсенді 7 млн. халықтың 3,6 млн. адамы ғана жинақтаушы зейнетақы қорларына жарна аударады. Жүйеде жұмыссыздар, село еңбеккерлері мен бейресми сектор аз қамтылған.

Бұл жағдай салық салынбайтын және барлық деңгейдегі бюджеттерді қалыптастыруға қатыспайтын жасырын (көлеңкелі) еңбекақы төлеудің бар екендігі туралы болжауға негіз қалайды. Өзінің қарттығын материалдық қамтамасыз етуге нақты қаражат салмайтын, қазіргі кезде экономикалық жағынан белсенді халықтың осы бөлігі болашақта өзінің еңбегі үшін жинақтаушы жүйеден барабар өтемақы алуға мүмкіндігі жоқ кедейлер қатарына қ о с ы л у ы м ү м к і н .

Ең төменгі күнкөріс мөлшерінен де табысы төмен халықтың үлесі өсіп келеді, мұны адам дамуы туралы ұлттық есеп растап отыр: 1996 жылғы 34,6%-дан 1998 жылы 43,4%-ға дейін өскен. Бір тұрғынның орташа жалақысының ең төменгі күнкөріс мөлшеріне қатынасы 1998 жылы 44,7%-ды құрады, оның үстіне республиканың бүкіл халқының 4%-ы ғана күнкөріс құнының ең төменгі күнкөріс деңгейінің 75%-ынан жоғары жалақы деңгейіне ие. Облыстар арасында жалақы деңгейінің күнкөріс құнына барабарлығына қатысты едәуір а й ы р м а ш ы л ы қ т а р б а р .

Халықтың әлеуметтік жағынан осал жіктеріне көрсетілетін көмек мөлшері көп жағдайда нақты күнкөрістің ең төменгі мөлшерін қамтамасыз ете алмайды, сондықтан осындай мемлекеттік шығындардың тиімділігі төмендейді. Мысалы, республиканың жекелеген облыстарында жергілікті бюджет қаражаты есебінен төленетін балалар жәрдемақысының мөлшері 1000 теңгеден аспайды.

Тұтас алғанда халықтың табысында зейнетақы мен жәрдемақы үлесі артуының қауіпті үрдісі қылаң берді. Бұл біреудің асырауындағы еңбекке қабілетті жастағылар санының өскендігін білдіреді.

Сонымен, еңбек нарығы әлеуетінің біршама жоғары деңгейіне қарамастан,

Қазақстан еңбек нарығының төмен тиімділігіне ие (4-қосымшаны қараңыз).

Жұмыссыздық өсуде, онымен бірге кедейлік те өз позициясын нығайтып келеді. Және әсіресе: жұмыссыздар мен кедейлер арасында жұмыссыздығының созылмалы сипаты салдарынан біліктілігінен толық немесе ішінара айрылған адамдар санының басымдығы алаңдатады.

Қоғам еңбек әлеуеті мен жұмыссыздардың біліктілігін пайдаланудан бас тартып отыр. Халықтың едәуір бөлігінің кәсіби және еңбек тұрғысынан құлдырау процесі ырық берместен жүріп жатыр. Жастар арасындағы жұмыссыздық айрықша алаңдаушылық туғызады.

Қазіргі кезде біз уақытша жұмыссыздықтан гөрі циклды және құрылымды жұмыссыздыққа жиі тап болып отырмыз.

Жұмыссыздық - нарықтық экономика жұмыс істеп тұрған жағдайдағы әбден үйреншікті құбылыс. Алайда мәселе адамның жұмыссыздық қамытын киюінің қашанға дейін созылатындығында. Өркениетті дүниеде, бір адамның жұмыссыздығының ұзақтығы жарты жылдан аспайды. Бізде жұмыссыз статусында бір жылдан аса жүруі қалыпты болып табылады, бұл ретте жұмысқа орналасу мүмкіндігі де өте төмен. Егер жұмыс ұсынылса, көбіне табыс деңгейі отбасы мұқтажын барабар қамтамасыз ете алмайтын төмен біліктілікті жұмыс ұсынылады.

4-қосымша

Еңбек нарығының әлеуеті мен тиімділігі (%)

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

4.2.1. Күшті жақтар

Жұмыспен қамту және еңбек мәселелерінде заң жүзінде бекітілген тұжырымды қағидаттардың болуы.

Халықты жұмыспен қамтуды реттеу мен қамтамасыз ету проблемаларын орталықсыздандыру.

Жұмыспен қамту саясатын жандандыру.

Республиканың жекелеген облыстарындағы халықтың неғұрлым тұрмысы төмен жіктеріне шағын кредит беру тәжірибесі.

Мемлекеттің халықтың әлеуметтік осал жіктеріне ең аз мөлшерде көмек беріп отыруы жөніндегі конституциялық міндеттемелерінің болуы.

Арнаулы мемлекеттік жәрдемақылар мен өзге де әлеуметтік (тұрғын үй, балалар) жәрдемақылардың белгіленуі.

Кедейлік проблемаларын шешу қажеттігіне атқарушы биліктің барлық деңгейлерінде бейілді болу және түсіністікпен қарау.

Үкіметтің әлеуметтік қорғау, кедейлікке қарсы күрес жүйесін жетілдіру

мәселелері бойынша халықаралық қаржы ұйымдарымен, донор елдермен өзара жемісті іс-қимылы.

4.2.2. Әлсіз жақтар

Кәсіптік білім беру жүйесін дамыту мемлекеттік саясаттың пәрменділігі мен нәтижелілігінің төмендігі (жұмысқа орналастыру жағынан алғанда).

Жұмыс берушілер үшін бұрынғы жұмыс орындарын сақтау мен жаңа жұмыс орындарын ашуға экономикалық ынталандырудың болмауы.

Жұмыссыздарды кәсіптік оқытуды ұйымдастыру мүмкіндігінің шектеулілігі. Жұмысшылар мен мамандарды салалық және ішкі фирмалық даярлау мен қайта даярлаудың іс жүзінде толық тоқтауы.

Жұмыссыздарды кәсіптік оқыту бағдарламасымен қамтудың төмендігі.

Жұмыспен қамту мәселелері бойынша әлеуметтік серіктестіктің дамымағандығы.

Экономикалық нәтижелер алуға арналған қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі шаралардың бағдарланбағандығы. Қоғамдық жұмыстарды қаржыландырудың түрлері мен көздерінің шектеулілігі.

Халықты жұмыспен қамту саласындағы бағдарламалардың тиімділігін арттыру үшін қаражаттың жеткіліксіздігі.

Жұмыссыздарды кәсіби қайта даярлау бағдарламаларын қалыптастыру барысында еңбек дағдыларының сапасын ескеру деңгейінің төмендігі.

Еңбек және жұмыспен қамту мәселелері бойынша заңнаманың жетілдірілмегендігі - еңбекшілердің әлсіз қорғалуы.

Мемлекеттік әлеуметтік көмектің атаулылығының, ашықтығының және қол жетімділігінің кемдігі.

Кедейліктің деңгейі мен тереңдігін айқындаудағы тиімсіз қағидаттар.

Жұмыссыздарды әлеуметтік қорғауға арналған шығыстың азаюы. Көрсетілетін материалдық көмек деңгейі мөлшерінің төмендігі. Жұмыстан босатылған қызметкерлердің әлеуметтік қорғалу құқығына нұқсан келтіру.

Жұмысынан, еңбек қабілеттілігінен және табыс көзінен айрылуымен байланысты әлеуметтік қатерге тап болған кезде халықтың өзін-өзі қамтамасыз ету дағдысын қалыптастыру саясатының болмауы.

Жетілдірілмеген зейнетақы заңнамасының және зейнетақы төлемдерінің айқын тетігінің болмауы.

Зейнетақы қорларына салымшылардың қаражаттары инвестициялануы мүмкін қаржы құралдары ауқымының шектеулілігі.

4.2.3. Мүмкіндіктер

Болжамды экономикалық өрлеу. Кәсіби деңгейді арттыруға инвестициялар.

Шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікті дамыту. Әйелдердің арасында кәсіпкерлікті дамыту үшін кредит желісін ашу.

Жұмыссыздықтан сақтандыру институтын енгізу.

Жұмыссыздарға арналған ақы төленетін қоғамдық жұмыстардың түрлері мен нысандарын кеңейтудің жоғары әлеуеті. Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру жөніндегі шаралар шеңберінде жұмыс күшін белсене пайдалануды көздейтін экономика секторларының болуы.

Халықтың еңбекке жұмылуының артуы.

Өндірістік күштерді орналастыру схемасын әзірлеу және енгізу.

Мемлекеттік әлеуметтік шығындарды халықтың ең осал топтарының пайдасына қайта бөлу.

Әлеуметтік сақтандырудың сан алуан түрлерін енгізу жолымен ықтимал қатерден өзін-өзі қамтамасыз етудің қол жетерліктей тетігін жасау.

Әлеуметтік қамсыздандыру саясатын іске асыру кезінде әлеуметтік нормативтердің рөлін арттыру.

Сақтандыру және зейнетақы жүйелерінің параметрлерін оңтайландыру.

Зейнетақы активтерін инвестициялауға арналған қаржы құралдарының өрісін кеңейту.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің міндеттемелерін тәртіпке келтіру.

Үкіметтің кедейлікті жою жөніндегі бастамасын халықаралық ұйымдардың қолдауы.

Әлеуметтік қорғауға айрықша мұқтаж азаматтар үшін кәсіпорындарда жұмыс орындарын квоталаудың нормативтік құқықтық базасының болуы.

4.2.4. Қатерлер

Экономикалық қызметтің жекелеген түрлерінде еңбекақы төлеу деңгейінің төмендігі.

Жұмыспен қамтудың жасырын, заңсыз ауқымының ырық бермей өсуі.

Ұзақ уақыт (жылдан астам) жұмыс істемеген азаматтар санының өсуі.

Село халқының қалаға бақылаусыз көшіп-қонуы.

Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесіне қатысу мен алынған нәтижелердің (әлеуметтік төлемдер) арасында өзара байланыстың болмауы.

Зейнетақы реформасы саласында саясаттың жетілдірілмеуі.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесіне халықтың толық қатысуының жеткіліксіздігі.

Азаматтарды есепке алу мен бірегейлендіру жүйесінің жетілдірілмеуі.

Мемлекеттік әлеуметтік көмектің атаулылығы мен қол жетімділігінің жеткіліксіздігі, оны көрсету кезінде шарттылықтың болмауы.

Әлеуметтік көмекке мұқтаж азаматтардың, олардың одан әрі

шетқақпайлығына алып келетін, елдегі әлеуметтік ахуалды жақсарту жөнінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің тарапынан қабылданған шаралар туралы ақпараттан жеткіліксіз хабардарлығы.

4.3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету саласында мынадай міндеттер белгіленді

:

- кәсіби даярлау жүйесін тиімді дамытуды қамтамасыз ету;
- жұмыссыздарды қайта даярлауды ұйымдастыру мүмкіндіктерін іздестіру;
- ұлттық менеджменттің, кәсіпкерлер табының қалыптасуына жәрдем көрсету

;

- әр түрлі салалық одақтардың құрылуына жәрдемдесу және олардың қызметін қаржыландырудың сенімді көздерін қамтамасыз ету;
- жұмыс берушілердің бұрынғы жұмыс орындарын сақтауын және жаңаларын құруын ынталандыру мәселелерін пысықтау, шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу;
- халықтың әлеуметтік жағынан осал жіктерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу

;

- қоғамдық жұмысты ұйымдастыруды экономикалық тұрғыдан мақсатты ету;
- еңбек көші-қонын ұйымдастыру жөніндегі шараларды қамтамасыз ету.

Халықты әлеуметтік қорғау саласында мынадай стратегиялық міндеттер белгіленді :

- еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру;
- халықтың нақты табысының артуын қамтамасыз ету;
- әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізу;
- мемлекет пен жұртшылықтың әлеуметтік проблемаларды шешудегі серіктестігін дамыту үшін жағдай жасау;
- мүгедектерді оңалту мүгедектікке ұшырататын жағдайлардың алдын алу мәселелері бойынша бағдарламалардың нәтижелілігін арттыру.

4.4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

Жұмыспен қамту саласындағы саясат халықтың жұмыспен өнімді қамтамасыз етілу мақсаттарына сүйенгенде ғана табысты болуы мүмкін. Бұған еңбек ресурстары сапасын қамтамасыз ету арқылы ғана қол жеткізуге болады. Экономикалық өсуді қамтамасыз ету үшін қажетті еңбек ресурстарының сапасы адам ресурстарын дамыту стратегиясы арқылы мүмкін болады. Бұл, өз кезегінде, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің тиімділігіне оң әсер етеді.

Кедейлік пен жұмыссыздық проблемаларын шешуде қысқа мерзімді және орта мерзімді мақсаттар жігін айқын ажырату қажет.

Қысқа мерзімді мақсаттар (2001-2005 жылдар) - бұл жұмыссыздықтың алдын алу және жұмыс іздеушілерге уақытша материалдық қолдау көрсетумен қатар,

оларды жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.

Орта мерзімдегі жоспардың (2005 - 2010 жылдар) басты мақсаты - экономикадағы құрылымдық реформалар арқылы жұмыс күшіне сұранысты ынталандыру: кәсіпкерлік үшін қолайлы орта қалыптастыру; инвестициялық қызметті ынталандыру және жаңа жұмыс орындарын құру; адам капиталының сапасын жақсарту; барабар жалақы мен табысқа кепілдік беру; кедейлікті азайту.

4.4.1. Кәсіби даярлау жүйесін тиімді дамытуды қамтамасыз ету

Кәсіби даярлау мемлекеттің ең басты қамқорлығында болуға тиіс. Бұл әсте мемлекеттік бюджет қаражатынан міндетті түрде көп соманың бөлінуі көзделуге тиіс дегенді білдірмейді. Халықтың тұрақты табысын және оның еселенуін қамтамасыз ететін еңбекке қабілетті халықтың едәуір бөлігінің өнімді жұмыспен қамтылуына бағдар ұстай отырып, адам ресурстарын дамыту бағдарламалары арқылы халықтың жұмыспен қамтылуы саласындағы мемлекеттік саясатты т ү з е т у қ а ж е т .

Жұмыссыздықтан шегілетін қоғамдық шығын көбіне, кейбіреулер жұмыс істемеген жағдайда, өндірілмейтін тауарлар мен қызметтер көрсету көлеміне қатысты терминмен өлшенеді. Бірақ жұмыссыздықтан шегілетін жеке шығындары қызметкерлер мен олардың отбасылары үшін мұнан да күрделі және күйзелісті болуы мүмкін: табыстарын және салымдарын жоғалтатыны сөзсіз, ал кейбір жағдайларда мүлкінен және баспанасынан да айырылады, мұның өзі толқуларға, психологиялық тоқырауға, отбасындағы жанжалға, ал кейде тіпті қылмысқа алып келеді. Осындай себептер бойынша нарықтық экономикадағы елдердің үкіметтері уақыттың әртүрлі кезеңдеріне арналған жұмыссыздыққа байланысты жәрдемақы, сондай-ақ қайта даярлаудың көптеген әртүрлі бағдарламаларын ұсынады.

Барлық деңгейлердегі кәсіптік білім беру жүйесі кәсіптік мектептер, лицейлер, колледждер және жоғары оқу орындары түлектерінің жұмысқа орналасу қызметін құруға тиіс. Бұл стратегия "Білім беру реформасының стратегиясы" деген бөлімде неғұрлым жан-жақты сипатталған. Білім беру жүйесі білікті маманды еңбек рыногына шығару тетігін жасауға тиіс.

4.4.2. Жұмыссыздарды қайта даярлауды ұйымдастыру мүмкіндіктерін іздестіру

Жұмыссыздарды қайта мамандандыруды ұйымдастырудағы нақты мақсат: олардың міндетті түрде еңбекке орналастырылуы көзделуге тиіс. Осыған

байланысты жұмысқа орналастыру қызметтері іске асыратын жұмыссыздарды қайта даярлау бағдарламаларының тиімділігін арттыру қажет.

Жұмыссыздарды қайта даярлаудың тиімділігін арттырудың бұдан басқа, неғұрлым оңтайлы жолы, ұзақ уақыт жұмыссыз жүргендер қатарындағы адамдарды жұмысқа орналастыру мәселелері бойынша кәсіпорындардың жұмысқа орналастыру секторымен өзара іс-қимылы болуы мүмкін. Осыған байланысты жұмыссызды алдағы уақытта аталған кәсіпорынға жұмысқа орналастыру шартымен, кәсіпорынның қызметкерлерді қайта даярлау курстарында жұмыссызды қайта мамандандыруға мемлекет тарапынан қосымша ақы төлеу тетігін енгізу мүмкіндігін зерделеу қажет.

Көптеген кәсіпорындардың өз мамандары мен жұмысшыларын кәсіби тұрғыдан қайта мамандандыруды қамтамасыз етуге шамасы келмейді және олар фирмаішілік кәсіби оқыту мен қайта оқытуды ұйымдастырудағы өз тәжірибесін жоғалтып алды. Әйтсе де таяудағы кеңестік кезде олардың бұл үшін тиісті базасы болып, осы міндетті ойдағыдай атқарып та келген еді. Кәсіпорындардың осындай практиканы қолға алуы немесе қайта түлетуі қажет. Бұл жұмыс берушілердің өз қызметкерлерін кәсіби даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыруды ынталандыру тетігінде көрініс табуға тиіс. Алайда мұның ірі кәсіпорындар туралы сөз болғанда ғана мәні болады. Шағын бизнестің субъектілеріне қатысты біршама өзге көзқарас қажет. Мысалы, қызметкерлерді қайта даярлаудың салалық курстарын құру.

4.4.3. Ұлттық менеджменттің, кәсіпкерлер табының қалыптасуына жәрдем көрсету

Біздің білім беру жүйемізде кәсіпкерлер тәрбиелеу туралы айтуға әлі ерте. Біз кредиттік ресурстарға қол жеткізу жеткілікті қамтамасыз етілсе, кәсіпкердің өзі қажетті нәтижелерді көрсетіп, кәсіпкерлер табын қалыптастыруды қамтамасыз ете бастайды деген болжам жасап отырмыз. Алайда таяудағы өткен кезеңде біздің елімізде өз ісін құрып, жұмысқа жалдамалы қызметкерлер алудан гөрі, жалданып жұмыс істеуге әзір мамандар көбірек болды және бұл жағдай әзірше ө з г е р г е н ж о қ .

Осының бәрі ел экономикасын сапалы адам ресурстарымен қамтамасыз ете отырып, осымен бір мезгілде нағыз кәсіпкерлер тәрбиелеуді ұйымдастыра алатын кәсіптік білім беру жүйесін құру қажеттігін алдыңғы қатарға шығарады.

4.4.4. Әр түрлі салалық одақтардың құрылуына жәрдемдесу және олардың қызметін қаржыландырудың сенімді көздерін қамтамасыз ету

Әр түрлі салалық, мамандандырылған қауымдастықтар, одақтар ұйымдастыру практикасын кеңейту қажет. Нақ солар өз мүшелеріне - кәсіпорындарға қызметкерлерді кәсіби даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыруға, фирма ішіндегі менеджментті жақсартуға жәрдем көрсете алар еді, олар бұл үшін одақтардың, қауымдастықтардың қызметін қамтамасыз ету мақсаттарына қаражат аударар еді.

Құзыретіне қазіргі заманғы менеджмент (корпоративтік, жобалар, адам ресурстары және т.б.) принциптерін енгізу мен өнімділікті арттыру мәселелері кіретін ұйым (менеджмент мәселелері жөніндегі қауымдастықтар) құру мәселесін пысықтаған жөн.

Қауымдастық қызметі ұлттық өнімділік орталықтарының, айталық, мысалы, Азиялық өнімділік ұйымы немесе Неміс өнімділік орталығы сияқты, қызметімен қандай да бір дәрежеде ұқсас болуға тиіс.

Сондай-ақ, кәсіби оқыту қорын құру қажеттігі де пісіп-жетілді. Жер қойнауын пайдаланушылардың қаражаты қаржыландырудың ықтимал көздерінің бірі ретінде қарастырылады. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісім-шарттарда фирманың мұқтажы үшін мамандар даярлауға жұмысты қаржыландырудың жалпы көлемінің 1%-ы көзделген. Көзделген соманың барлығы бірдей кәсіпорынның аталған мұқтаждарына жұмсала қоймайтындықтан, қалған бөлігі ұсынылып отырған қорда шоғырландырылады.

Бұдан өзге, бұл мекемелер қызметін қаржыландырудың негізгі көзі ретінде кәсіпорындардың қор мен қауымдастықта, бірінші кезекте өз қызметіне қолдауды көретін қаражаты болуға тиіс. Қор мен қауымдастықтың жетістігі фирмалардың жетістігі дегенді білдіруге тиіс.

4.4.5. Жұмыс берушілердің бұрынғы жұмыс орындарын сақтауын және жаңаларын құруын ынталандыру мәселелерін пысықтау, шағын бизнес пен жеке кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу

Бизнестің даму мүмкіндіктерін кеңейту - жұмыс берушілердің бұрынғы жұмыс орындарын сақтауын және жаңаларын құруын ынталандыру жолдарының бірі.

Америка Құрама Штаттарында өндірісті қысқарту жағдайларының 70

пайызға жуығы жұмыстан босатылатын уақытша ғана және өзінің бұрынғы жұмыс берушілеріне жұмысқа қайта оралатын қызметкерлерді қамтиды. Және осы айда жұмысы жоқ осы жұмыссыздардың шамамен жартысы келесі айда жұмысқа ие болады, яғни, көптеген жағдайларда адамдар ұзақ уақыт жұмыссыз қалмайды. Жұмыс күшінің бәсекелестік нарықтарында өндірістің қысқаруына байланысты босатылғандар басқа бос орындарды пайдалана алады немесе қ о с ы м ш а м а м а н д ы қ а л а д ы .

Сонымен, өндірісті кеңейтуге, шағын және орта бизнесті, жеке кәсіпкерлікті дамытуға жәрдемдесу бағдарламаларын өрістетуге қажет. Село үшін өзара байланысты мынадай компоненттер: ауыл шаруашылығы кәсіпорындарында жұмыспен қамту және табыстарды ұлғайтуға, шаруа (фермер) қожалығын, халықтың жеке қосалқы шаруашылығын, селодағы ауыл шаруашылығына қатысы жоқ бизнесті, селоның әлеуметтік инфрақұрылымын дамытуға, шағын кредит беруді кеңейтуге жәрдемдесу арқылы село халқын жұмыспен қамту және ауыл халқының табыстарын ұлғайту жөніндегі бағдарламалар неғұрлым м а ң ы з д ы б о л а д ы .

Шағын кредит берілетін адамдар санатын және шағын қарыз алу мақсаттарын кеңейту жолымен шағын кредит беру бағдарламасын жетілдіруді жалғастыру қажет. Кредиттік одақтардың дамуы үшін жағдайлар жасау қажет. Жастарға өз ісін ашу мақсатына арналған кредит беру, кәсіби оқу мақсатына арналған гранттық немесе өзге де қаржылық көмек көрсету бағдарламалары әзірленуге тиіс.

4.4.6. Халықтың әлеуметтік жағынан осал жіктерін жұмыспен қамтуға жәрдемдесу

Келесі бағдарламалар тобы халықтың әлеуметтік жағынан әлсіз қорғалған санатын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу бағдарламасы болуға тиіс: әйелдердің, жастардың жұмысқа тартылуын қамтамасыз ету; кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі комиссияда есепте тұрған жасөспірімдердің мамандық таңдауына және олардың кәсіптік оқуға жіберуге көмек көрсету; жетім балалар мен ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға кәсіптік бағдар беруге көмек көрсету; жасөспірімдерді кәсіпорындарда және ұйымдарда және т.б. уақытша жұмысқа орналастыруға жәрдемдесу.

4.4.7. Қоғамдық жұмысты ұйымдастыруды экономикалық тұрғыдан мақсатты ету

Жұмыспен қамтудың өнімділігін қамтамасыз етуге бағдар ұстай отырып, қоғамдық жұмыстардың философиясы өзгертілуіне тиіс - олар экономикалық мақсатты көздеуге тиіс. Осыған байланысты қоғамдық инфрақұрылымды дамыту үшін қоғамдық жұмыстар бағдарламаларын әзірлеп, іске асыру қажет.

Қоғамдық жұмыстар, егер олардың философиясын өзгертпесе және оларды ұйымдастыруды өндірістік объектілерде бастамаса, таяу уақытта халықтың, әсіресе жастардың түңілуін және өмірге қатыгез көзқарасын ұлғайтады. Құрылыста және өзге де өндірістік объектілерде қоғамдық жұмысты ұйымдастырғанмен мемлекет қаржыландырмаса ол дамымайды. Ондаған мың адамдарды қоғамдық жұмыстарға нәтижесіз тартудың орнына, олардың еңбегін көліктің осы заманғы түрлерін дамыту үшін, мектептен тыс мекемелердің, кітапханалардың, бассейндердің және басқа да спорт кешендерінің саны мен уақытын көбейту арқылы қоғамдық қызметтерді жетілдіруге пайдалануға болар еді.

4.4.8. Еңбек көші-қонын ұйымдастыру жөніндегі шараларды қамтамасыз ету

Өндірістік күштерді орналастырудың схемаларына сәйкес аймақтық еңбек нарықтарында ашылған мүмкіндіктерді ескере отырып, халықтың көші-қон бейімділігін арттыру қажет. Бұл ретте еңбек мигранттары мен олардың отбасыларын тұрғын үймен және негізгі әлеуметтік қызметтермен қамтамасыз ету мәселелерін пысықтаған жөн. Осы мақсатта азаматтардың ішкі көші-қонын қоса алғанда, еңбек ресурстарын ұтымды орналастыру жөнінде шаралар әзірлеу қажет. Еңбек көші-қоны мәселелері аймақаралық деңгейде шешілуіне тиіс.

Бұдан басқа, ішкі еңбек нарығындағы шиеленісті төмендету жөніндегі уақытша шаралар ретінде Қазақстан Республикасынан шетелге жұмыс күшін шығарудың тетігін жетілдіру қажет. Бұл тетік еңбекшілердің - мигранттардың шетелдегі құқықтарын қорғау жөніндегі шараларды қарастыруға тиіс.

4.4.9. Еңбекақы төлеу жүйесін жетілдіру

Кез келген еңбек сыйақы, бұл ретте барабар сыйақы төлеуді талап етеді.

Еңбекақы төлеудің оң серпіні жұмыс күшінің сапалылық әлеуетін арттыру және жалақының төмендігі себепті кедейлік шегінде тұрған қазақстандық отбасыларының жартысына жуығының әлеуметтік қорғалу проблемаларын шешу үшін іс жүзінде негіз болып табылады. Еңбекақы төлеу өспейінше, жұмыс күші нарығын өзгертуге ғана емес, сондай-ақ ең бастысы нарық жағдайында тиімді жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру жүйесін құруға да болмайды.

Жалақы мен табыстардың қияндап алшақтауын азайту жөнінде шаралар қолданған жөн.

4.4.10. Халықтың нақты табысының артуын қамтамасыз ету

Әлеуметтік қамсыздандырудың мемлекеттік саясатында есептік көрсеткішті емес, ең төменгі күнкөрістік мөлшерді деңгейін қолдану қажет. Оның үстіне атаулы әлеуметтік көмек шын мәнінде мұқтаждарға көрсетілуге тиіс. Әлеуметтік қамсыздандыру жүйесінің көмегімен халықты қайсыбір қызмет саласына тартуды ынталандыру - онша сәтті тәжірибе емес. Мұндай мақсат үшін бірден бір ынталандыру - еңбекақы төлеу болуға тиіс.

4.4.11. Әлеуметтік сақтандыру жүйесін енгізу

Орнықты және тұрақты сақтандыру нарығын құрудың басталуы әлеуметтік сақтандырудың еңселі жүйесін дамытуға жағдай жасау болмақ, ол азаматтардың өзін-өзі қамтамасыз ету, әділетті және біркелкі бөлу принциптерінде әлеуметтік қамсыздандыру проблемаларын жеткілікті және тиімді шешу мәселелерінде жауапкершілігін арттыруға алып келеді.

Ресми еңбек нарығында еңбекке қабілетті халықты әлеуметтік сақтандырумен қамту көзделеді. Оның үстіне, әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу азаматтарды өздерінің еңбек қатынастарын заңдастыруға ынталандыратын болады. Бұл жүйеге қатысушылардың бейресми еңбек нарығында жұмыспен қамтылған азаматтармен салыстырғанда баға жеткісіз артықшылықтарға ие бо л у ы н а б а й л а н ы с т ы .

Әлеуметтік сақтандыру жұмыс істейтін халыққа негізгі әлеуметтік қатерлерден (асыраушысының өлімі - одан айрылу, мүгедектік, қарттық, ауру және жұмыссыздық) сақтандырылуға мүмкіндік беретін шаралар кешенін қамтиды. Әлеуметтік сақтандыру жүйесіне қатысу - сақтандыру төлемдері мөлшерінің аударымдардың мерзімі мен мөлшеріне тәуелділігін есепке алуды к ө з д е й д і .

Қызметкердің өмірі мен денсаулығына залал келтіргені үшін жұмыс берушінің жауапкершілігін міндетті сақтандыру іс жүзінде дамытылатын болады .

4.4.12. Мемлекет пен жұртшылықтың әлеуметтік проблемаларды шешуде серіктестігін дамыту үшін жағдай жасау

Жұмыссыздарды әлеуметтік қамсыздандырудың көптеген мәселелері халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі мемлекеттік саясатты дамытуда әлеуметтік серіктестікті жетілдіру үшін негіз болуға тиіс.

Жалдау жөніндегі әлеуметтік агенттіктерді, мемлекеттік емес еңбек биржаларын дамытуды ынталандыру тетігін әзірлеп, енгізу қажет.

Халықты әлеуметтік қорғаудың тиімділігін арттыруға әлеуметтік проблемаларды шешуде мемлекет пен жұртшылықтың серіктестігін дамыту

жөніндегі мемлекеттік саясатты жетілдіру және нақты атаулы әлеуметтік көмекке қол жеткізу сияқты шаралар ықпал етуге тиіс.

4.4.13. Мүгедектерді оңалту, мүгедектікке ұшырататын жағдайлардың алдын алу мәселелері бойынша бағдарламалардың нәтижелілігін арттыру

Бұл бағыт денсаулық сақтау ісін реформалау стратегиясымен тығыз байланысты және бұл ретте негізгі талап профилактикалық шараларды күшейту және халыққа медициналық көмек көрсетуді ұйымдастыруды жетілдіру болып табылады.

Күш-жігерді ана мен баланың денсаулығын қорғауға бағыттау керек - ана мен баланың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі шаралар бала кезінен мүгедектердің үлесін азайтуға мүмкіндік береді. Бұдан өзге, халықтың тұрмыста және өндірісте мүгедектікке ұшырауын болдырмау жөніндегі алдын ала шаралар жүзеге асырылуы керек.

Мүгедектер үшін оңалту жағдай туғызу қажет.

III БӨЛІМ ӨНЕРКӘСІПТІК-ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ САЯСАТ

1. МАҚСАТ

Әлемдік экономиканың ғаламдануы жағдайында ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілетті, тұрақты және орнықты өткізу нарықтары бар, әлемдік халықаралық еңбек бөлінісінде айқындалған және кеңейе түсетін мамандану тән елдің индустриялық кешенін қалыптастыру.

Өнеркәсіптік-технологиялық саясатты іске асыру экономиканың өнеркәсіптік, аграрлық және ғылыми-технологиялық секторларының осы салалардағы сыртқы экономикалық қызметті икемді реттеумен тығыз үйлестіре отырып, интеграцияланған дамуын көздейді.

2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Өнеркәсіптік сектор елдің ІЖӨ-нің 30%-дан астамын өндіреді және өнеркәсіптік өндірістің қарқынды өсімі алдағы жылдарда ІЖӨ-нің оң серпіні мен мақсатты көрсеткіштерге қол жеткізуде айқындаушы фактор болады (5-қосымшаны қараңыз).

Сектор бюджеттің негізгі салық төлеушісі болып табылады, еңбекке қабілетті халықтың 25%-на жуығын жұмыспен қамтамасыз ете отырып, маңызды әлеуметтік функцияларды іске асырады.

Мұнай мен металдар - ел экспортының басты баптары және валюталық түсімдердің негізгі көзі - әлемдік еңбек бөлінісіндегі Қазақстанның мамандануын а й қ ы н д а й д ы .

Өнеркәсіп өзімен ұштасатын экономика, ғылым секторларының және инновациялық саланың дамуын ынталандыратын индустриялық ядро рөлінде бой көрсетеді.

5-қосымша

ІӨЖ-дегі өнеркәсіптің үлесі (%)

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

2.1. Әлемдік үрдістер

Жалпыәлемдік экономикалық өзгеру жаңа технологиялар, өндіріс пен капиталдың шоғырлануы, ғаламдық және аймақтық интеграциялық процестердің күшеюі негізінде жүріп жатыр.

Бұл елдердің экономикалық даму процесінде жоғары технологиялардың алдыңғы қатарға шығарылуы инвестициялау мен ғаламдық бәсекелестік мәселелерінде басымдықтардың ауысуын айқындады.

Дамыған елдерде ғылыми зерттеулер мен тәжірибе-конструкторлық жұмыстарға арналған шығындар ІЖӨ-нің 3%-ға жуығын құрайды.

Ақпараттық технологиялар мен техниканы кеңінен пайдалану әр түрлі елдер экономикасының бәсекеге қабілеттілігінің өсуінің аса маңызды факторына а й н а л д ы .

Индустрияландыру мен ақпараттандыру саласына өнеркәсіптік салалар ғана емес, сонымен бірге ауыл шаруашылығы, қызмет көрсету салалары да қосылып о т ы р .

Технологиялық прогресс дамыған индустриялы елдер өндірісінің ауқымы мен құрылымын өзгертті.

Дамыған елдерде экономиканы дамытудың индустриялық сатысынан индустриядан кейінгі, ақпараттық сатыға көшу жүзеге асырылуда.

Бұл процестерді мемлекеттер белсенді түрде реттеп, ынталандырып отыр. Олардың рөлі іргелі ғылымдар мен мақсатты зерттеулерді қолдаудың дәстүрлі шеңберімен шектелмейді, сонымен бірге басым салаларды мақсатты дамыту жөніндегі шараларды да қамтиды.

Алдыңғы қатарлы индустриялы елдердің экономикасындағы инновациялық процестер даму үстіндегі және өтпелі экономикасы бар елдерде болып жатқан

оқиғалардың дамуымен сай келмейді.

Технологиялардың жаңа буынын жасауға қатыспай және олардың енгізілуіне үлгермей, соңғылар экономикалық дамудың көш басшыларынан барған сайын артта қалауда.

Нәтижесінде қазір әлемде алдыңғы қатарлы елдер жаңа технологиялардың қауырт дамуы есебінен басқаларынан озық тұрған жүйе құрылуда, ал қосылған құны төмен және экологиялық жағынан қолайсыз сипаттамалы өндірістер артта қалған елдерге ауысуда.

Бұл үрдіс әлемдік еңбек бөлінісіндегі шикізаттық бағыттылығы бекіп келе жатқан Қазақстанға да тән.

Қазақстанның Одақтың құрамындағы техникалық-экономикалық дамуы ел экономикасының, бесінші және алтыншы укладтағы технологиялар біртіндеп енгізіле отырып, үшінші және төртінші технологиялық укладтағы өндірістермен және технологиялармен жасақталуын айқындады. Қазақстан экономикасындағы технологиялық жылжу 1992-2000 жылдарда кері кету сипатына ие болды және өткен жылдарда оның технологиялық құрылымдары біртіндеп құлдырай берді. Мұндай артта қалушылық Қазақстанның осы заманғы әлемдік шаруашылықта шеткерілік жағдайының сақталып отырғанын білдіреді.

Сонымен бірге қолда бар өндірістік-шикізаттық әлеует, жоғары ғылым және білім беру әлеуеті, реформалаудың қол жеткізілген деңгейі мен экономиканың ашықтығы мемлекет тарапынан бағыттаушылық әсер етуге орай Қазақстанның әлемнің шаруашылық, экономикалық және технологиялық процестеріне тиімді түрде интеграциялануына мүмкіндік туғызады.

2.2. Өнеркәсіптік сектордың жай-күйі

2.2.1. Күшті жақтар

Секторда өткен жылдарда шаруашылық қатынастарын ырықтандыру жүргізілді. Директивалық жоспарлаудың, ресурстарды орталықтандырылған бөлудің ұйымдық құрылымдары мен тетіктері бөлшектенді.

Меншік қатынастары реформаланды, нарықтың дербес субъектілері қалыптасты және оның инфрақұрылымы құрылды.

Сыртқы экономикалық қызмет ырықтандырылды және экономиканың ашықтығының жоғары дәрежесіне қол жеткізілді.

Тұтастай алғанда осы жылдар ішінде нарықтық-бәсекелестік ортаны қалыптастыру аяқталды. Өндіріс құрылымы шаруашылық жүргізу мен еңбек бөлінісінің әлемдік жағдайларына бейімделді. Құлдырау еңсерілді және өндіріс тұрақтандырылды (6, 7-қосымшаларды қараңыз).

Өнеркәсіптік сектор ішкі сұранымды да, сонымен бірге өсе түскен экспорттық мүмкіндіктерді де қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін сан алуан және бай минералдық-шикізаттық базаға ие.

Өткен жылдарда өнеркәсіптің көп салалы құрылымы, жоғары ғылыми-техникалық әлеует қалыптастырылды. Дамыған отын-энергетикалық және металлургиялық кешендер жұмыс істейді. Өндеуші салаларда өндірістік қуаттардың пайдаланылмаған резервтері бар.

Жекелеген салаларда өндірісті және басқаруды шоғырландырудың жоғары дәрежесіне қол жеткізілді, мұның өзі болашақта әлемдік экономикада бәсекеге төзімді ұлттық корпорациялардың құрылуына негіз болып табылады.

Білікті және арзан жұмыс күші елдің ішкі де, сондай-ақ сыртқы да нарықтарында бәсекеге төзімді өнеркәсіптік сектордың өсуінің аса маңызды факторы болып табылады.

6-қосымша

Өнеркәсіптің физикалық көлемінің индексі (1990 жылы %-бен)

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

7-қосымша

Негізгі қызметтен алынған табыс (залал) (млн. теңге)

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

2.2.2. Әлсіз жақтар

Бұл жылдардағы өнеркәсіптік сектордың өзгеруі, алайда, неғұрлым күрделі және ұзаққа созылған проблемалардың шиеленісумен ұштасып жатты, елдің индустриялық жағынан одан әрі дамуы, оның сыртқы әсерлерге тұрақтылығы үшін бұларды шешудің стратегиялық маңызы бар.

Кеңестік кезеңнен мұраға қалған және әсіресе реформалар кезеңінде көрініс берген құрылымдық қожыраудың өсе түсуі:

- өндеуші салалардың әлсіздігіне орай шикізат салаларының нығаюы, өнеркәсіп құрылымында отын-энергетика және металлургия кешендерінің басым болуы (8-11-қосымшаларды қараңыз);

- салалардың техникалық-технологиялық деңгейінің әркілкілігі.

Негізгі қорлардың елеулі бөлігінің, өндеуші өнеркәсіпке инвестициялар деңгейінің төмендігі және соның салдарынан өнімнің төмен тұтыну сапасы, оларды өндіруге кететін шығынның жоғарылығы отандық өндірістің бәсекеге төтеп бере алмауына әкеп соғады. Нәтижесінде, өндеуші өнеркәсіп орындарындағы өндірістік қуаттар 1999 жылы орта есеппен небәрі 39%-ға іске қосылды.

Үдемелі өндіріс процесінің тұтастығы үзіле отырып халық шаруашылығы

кешені ыдырауының күшеюі:

- валюталық түсімнің есебінен дамитын және үдемелі өндіріс тұрғысында нақты сектордың әлсіз байланысқан басқа буындары экспорттық сектордың оқшаулануы;

- технологиялық тізбектер мен қалыптасқан кооперациялық байланыстардың жойылуы және өндірістік кешендердің, қолданылып келген жоғары технологиялық укладтардың өздігінен күйреуі;

- өнеркәсіптік сектордың ғылыми-технологиялық саладан қол үзуі, ғылымды мемлекеттік қаржыландырудың кемуі: 1999 жылы ғылымды қаржыландырудың көлемі ІЖӨ-нің 0,09%-ын құрады (12-қосымшаны қараңыз). Оның ғылыми-техникалық дамудың әлемдік үрдістерінен кейін қалуы;

- нақты сектордың қаржы секторынан қол үзуінің сақталуы, соңғысы томаға-тұйық, өзіндік жеткілікті және өзіне ғана жұмыс істейтін болды.

1998 жылдың басында сауда секторына экономикаға берілетін кредиттердің жалпы сомасының 24,4%-ы, өнеркәсіпке 33,4%-ы кетті, 2000 жылдың соңындағы жағдай бойынша тиісінше 33,3% және 30,5% болды.

Ішкі рынок шектеулі ауқымы әрі шашыраңқылығы, көлік инфрақұрылымының мешеулігі және өткізу нарығына өнімдер жеткізу жөніндегі көлік шығынының жоғарылығы, тауарлардың экспорттық тобының шекті номенклатурасы өнеркәсіптік сектордың дамуын шектейтін факторлар болды. Өнеркәсіптік менеджмент пен маркетингтің төмен деңгейі сақталып отыр.

8-қосымша

2000 жылғы өнеркәсіп өндірісінің құрылымы (%)

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

9-қосымша

Өнеркәсіп өндірісі құрылымының өзгеруі (%)

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

10-қосымша

2000 жылғы Қазақстан экспортының құрылымы

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

11-қосымша

2000 жылғы Қазақстан импортының құрылымы

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

12-қосымша

Қазақстан Республикасында ғылымға арналған шыындар

	1995 ж.	1996 ж.	1997 ж.	1998 ж.	1999 ж.
Қаржыландыру көлемі (жоспар), млн. теңге	2256	3050	3016	3807	2036
ІЖӨ-нің %-ы	0,18	0,18	0,17	0,16	0,09

2.2.3. Мүмкіндіктер

Мыналар өнеркәсіптік сектордың дамуы үшін қолайлы факторларға айналу да :

- әлемдік экономиканың жоғары өсу қарқыны және тиісінше, отандық шикізат ресурстары мен оларды бастапқы қайта өңдеу өніміне сұраныстың ұ л ғ а ю ы ;

- экспорт мүмкіндіктерінің кеңейе отырып, саудадағы дәстүрлі серіктес елдерде (ТМД) өндірістің тұрақтануы мен өсуі, кейіннен үшінші елдердің нарығына бірлесіп шыға отырып, мемлекетаралық кооперацияны жолға қою;

- жергілікті шикізатты және жинақтаушы бөлшектерді пайдалануды біртіндеп ұлғайтып және кейіннен оларды шектес елдерге (аймақтық филиалдар) экспорттай отырып, әлемдегі жетекші өндірушілердің ТМД-ның және Орталық Азия аймағының тұтыну нарығына бағдарланған дайын өнімді үдемелі өндіру процесінің бір бөлігін Қазақстанда орналастыру;

- ішкі тұтыну нарығының ауқымын кеңейту. Тауарлар нарығы мен мұнай жобалары қызметтерінің өсуі. Өнеркәсіптің шектес салаларының дамуын ынталандыратын аграрлық өндірістің (ауылшармашинажасау, химия, ауылшаршикізатын қайта өңдеу) тұрақтануы және әлеуетінің өсуі.

2.2.4. Қатерлер

Мыналар өнеркәсіптік сектордың тұрақты дамуына кедергі келтіретін ф а к т о р л а р б о л у ы м ү м к і н :

- өнеркәсіпте және экономикада шикізаттық бағыттың бекуі, өңдеуші салалардың құлдырауы және елді индустриясыздану қаупінің пайда болуы;

- ел экспортының негізі баптары болып табылатын тауарлардың шағын тобының әлемдік баға конъюнктурасының ауытқуына тәуелді болуына байланысты экспортқа бағдарланған салалардың шатқаяқтығы. Шектес елдердегі осындай тауар өндірушілер тарапынан бәсекенің өсе түсуі;

- өзіндік өндірістеріміздің:

жабдықтар мен жинақтаушы бөлшектерді (технологиялық тәуелділік);
қуат көздерін (газды, электр қуатын, мұнай өнімдерін) өндіруге қолда бар
және ықтимал іске асырылатын мүмкіндіктері бола тұра сыртқы берілімдерге
тәуелділіктің күшеюі;

- импорттық өнімдердің ішкі тұтыну нарығынан отандық өндіріс тауарларын
ығыстыруы;

- сыртқы сауда қатынастарының реттелмеуі, отандық тауар өндірушілерді
экономикалық кемсітуге алып келетін әлемдік нарықтағы әділетсіз бәсеке мен
протекционизм.

Сонымен, өнеркәсіптік секторды одан әрі дамыту императиві (талабы)
өндірістің тұрақтануы мен өсуі ғана емес, сонымен бірге оның құрылымдарын
тереңдетіп қайта құру мен бүкіл экономиканың үдемелі өндірістік процесінің
тұтастығын қалпына келтіру болады.

Өткен жылдарда пәрменді құрылымдық саясатты сәтсіз өрістету әрекеттері
көп жағдайда нарықтық экономикадағы мемлекеттің реттеуші рөлін барынша
төмендету моделінің Қазақстан жағдайына барабар келмеуі себепші болды.

Мемлекет белсенді инвестициялық саясаттан қол үзген өткен жылдар
тәжірибесі, жеке сектордың экономикаға, ең алдымен өңдеуші өнеркәсіпке
ауқымды ұзақ мерзімді салымдарды қамтамасыз ете алмағанын көрсетті.

Қайта өңдеу салаларын жаңғыртуға шетел инвестицияларын белсенді тарту
үміті ақталмады.

Жоғарыда аталған үрдістер сақталып отыр. Қазіргі кезеңде іс жүзінде
өнеркәсіптік сектордағы құрылымдық өзгерістердің бастамашысы мемлекет қана
болады.

Өнеркәсіптік салада саясаттың бірнеше тұжырымдамалары ауысқанымен,
мемлекеттің реформалау практикасында осы уақытқа дейін айқын және жүйелі
өнеркәсіптік саясат болмай отыр.

Олардың негізгі бағыты - ғылыми-техникалық прогресті жеделдету
қажеттілігі, өндірістің жоғары технологиялық салалары мен түрлерін
қалыптастыруға басым назар аудару, өңдеуші салаларында бәсекеге төзімділіктің
әлемдік деңгейіне шығуы оларды экспорттық әлеуетті еселеудің басты көзіне
айналдыру.

Прогрессивті және стратегиялық баламасыз желі соңғы жылдардағы ел
экономикасының жай-күйін сипаттайтын дағдарыс пен дағдарыстан кейінгі
қалпына келтіру кезеңінде іске асырғысыз болып шықты.

Негізгі себептер:

- нақты секторды тұрақтандырудың жалпы макроэкономикалық алғышарты
ретінде қажетті өнеркәсіптік саясат шаралары мен қаржылық тұрақтандыру

шараларының объективті қарама-қайшылығы (үйлеспеушілігі);

- мемлекеттік бюджет инвестициялық саясаттың белсенді құралы болудан қ а л д ы ;

- өнеркәсіптік саясат құралдарын комбинациялау нақты секторды нарықтық өзгертудің нақты кезеңіне сәйкес келмеді, іс жүзіндегі мүмкіндіктермен ұ ш т а с т ы р ы л м а д ы ;

- мемлекет айқындаған іріктеп қолдау "басымдықтары" санының шектен тыс көптігі, оларды айқындаудағы субъективизм;

- мемлекеттік органдардың сыртқы сауда және ғылыми-технологиялық саясат мәселелерінде нарық субъектілерімен тиімді өзара іс-қимылы жолға қойылмаған.

Қазақстан үшін 2000 жыл тұрақтану және тұрақты экономикалық өсу үшін алғышарттар қалыптастыру басталған жыл болды. Кеңейтілген қоғамдық үдемелі өндірістің қалыпты процесі қалпына келтірілуде және инвестициялық капиталды нақты жинақтаудың алғашқы мүмкіндіктері пайда болуда.

Бұл нарықтық әдістерді ғана емес, сонымен бірге тікелей мемлекеттік қолдау, ресурстарды қайта бөлу және оларды өнеркәсіп пен ғылыми-технологиялық салалардың басым бағыттарында шоғырландыру әдістерін пайдалана отырып, ең алдымен мемлекеттік реттеуді күшейтуді көздейтін белсенді өнеркәсіптік саясатты қалыптастыруға және кеңінен жүргізуге мүмкіндік береді.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Өнеркәсіптік-технологиялық саясатты жүзеге асыру олардың әрқайсысында негізгі міндеттерге назар аудара отырып, мынадай үш кезеңді көздейді:

- бірінші кезең - дағдарыстан кейінгі - тұрақтану - дағдарыстық құлдыраудың зардаптарын еңсеруге және дағдарыстан кейінгі қалпына келтіруге бағытталған (2 0 0 1 - 2 0 0 4 ж ы л д а р) ;

- екінші кезең - тұрақты даму - өнеркәсіптік өндірістің тұрақты және тиімді даму режиміне шығуға және құрылымын ұтымды өзгертуге, оның материалдық-техникалық базасы мен қолданылатын технологияларды қайта құруға, ұлттық экономиканың әлемдік шаруашылық қатынастарға табиғи және тең құқылы қосылуына бағдарланған (2005-2008 жылдар).

Тұтас алғанда өнеркәсіптік-технологиялық саясатты іске асырудың алдағы жылдардағы басымдықтары мыналар болады:

- озық технологиялар негізінде өнеркәсіптік секторды технологиялық жағынан қайта құру, өнімнің сапасы мен бәсекеге төзімділігін арттыру;

- ішкі және салааралық, аймақаралық, сондай-ақ мемлекетаралық шаруашылық байланыстары мен кооперацияны дамыту. Шикізатты өндіруден

бастап жоғары тауарлық әзірлікті өнім өндіруге дейінгі толассыз технологиялық циклды қалыптастыру;

- өндірісті дамыту инновация және менеджмент тұрғысынан тиімді корпоративтік құрылымдар, ішкі және сыртқы нарықтарда өктемдікті қалыптастыру;

- ақпараттық техника мен технологияларды ауқымды енгізу, осы негізде тауарлар мен қызметтердің өзара байланысқан нарығын құру;

- ғылыми-техникалық саланы коммерцияландыру - әзірлемелерді көтермелеу және ең жаңа технологияларды коммерцияландыру.

4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

Пәрменді өнеркәсіптік-технологиялық саясаттың басты шарттары мыналар болып табылады:

- мемлекеттік реттеудің ұтымды жолдары мен шараларын негізді түрде айқындау және іске асыру;

- индустриялық дамуды ынталандыруға деген либералдық және мемлекеттік-реттеуші қағидаттардың оңтайлы үйлестіру.

Мемлекеттік реттеуді күшейту экономикадағы либералдық негіздерді тұншықтырмауға тиіс, қайта кәсіпкерлік негіздер мен бәсекелестік ортаның дамуына жәрдемдесуге тиіс.

4.1. Өнеркәсіптік-технологиялық саясаттың негізгі құралдары

Белгіленген міндеттерге қол жеткізу үшін мемлекет оларды жалпыжүйелік және іріктеулі деп бөле отырып, өнеркәсіптік саясатты жүзеге асыру шараларының әлемдік практикада өзін-өзі ақтаған барлық арсеналын пайдаланады.

Өнеркәсіптік саясат құралдарының комбинациясы түрлендірудің нақты кезеңіне сәйкес келуге және дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру, тұрақтану, экономикалық өрлеу мен белсенді құрылымдық қайта құру кезеңдерінің ауысуына қарай өзгеріп отыруға тиіс.

4.1.1. Жалпыжүйелік шаралар

Экономикалық өмірге мемлекеттік әсер ету шаралары: салық, ақша, бағам, баға және кеден саясаты, техникалық және экономикалық стандарттар.

Негізгі міндеттері - индустрияның дамуына қолайлы ықпал ететін жалпы жағдай туғызу; нарықтың барлық субъектілерінің экономикалық және институционалдық, ұйымдық және құқықтық белсенділік ортасын қалыптастыру.

М е м л е к е т :

- ұлттық валютаның айырбас бағамын реттеу;
- пайыздық ставкалардың деңгейін реттеу;
- сыртқы экономикалық қызметті реттеудің тарифтік және тарифтік емес әдістері ;
- отандық тауарлардың сыртқы нарыққа шығуына жәрдемдесу (бизнеске оның сыртқы экономикалық қызметінде жәрдемдесу);
- табиғи монополия субъектілерінің шығын құрамын реттеу және олардың қызметіне әділ тарифтер белгілеу;
- көлік инфрақұрылымына мемлекеттің инвестициялары;
- өндірісті сертификаттауды және сапаны бақылауды дамыту;
- индустриалдық нарық инфрақұрылымының қалыптасуын құқықтық және ұйымдық, қолдау арқылы өндірісті ынталандыратын қолайлы макроэкономикалық орта жасайды.

Таяу уақытта қаржылық және инвестициялық салада, табиғи монополиялар және монополияға қарсы реттеу саласында, стандарттау, сыртқы сауда, ғылыми-техникалық, институционалдық салаларда мынадай бірінші кезекті шараларды іске асыру қажет.

Қаржы және инвестициялық салада

Белсенді құрылымдық саясат жүргізудің базалық алғышарты ретінде қаржылық тұрақтану процесін аяқтау. Ақша-кредит саясатын кезең-кезеңімен жұмсарту экономиканы монеттендіру деңгейін арттыру. Кәсіпорынға түсетін салық салмағын оңтайландыру және банк пайыздарын төмендету. Икемді бағам с а я с а т ы н ж ү р г і з у .

Оларды кейіннен экономикаға инвестициялау үшін қаржы секторына халықтың және кәсіпорындардың ұзақ мерзімді жинақ ақшаларын тартудың құралдары мен тетіктерінің тізбесін кеңейту.

Шетелдік инвестицияларды тарту жөніндегі құқықтық және шаруашылық ш а р т т а р ы н ж е т і л д і р у .

Ықтимал инвесторлар үшін кәсіпорындардың қаржы қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында бухгалтерлік есептің қазақстандық стандарттарын халықаралық стандарттарға сәйкес жетілдіру.

Шетелдік және отандық инвесторлардың қызметі үшін тең құқықтық және экономикалық жағдай жасау.

Табиғи монополиялар және монополияға қарсы реттеу саласында

Табиғи монополиялар субъектілерінің құрылымдық шығынын оңтайландыру, ресурстар мен энергияны үнемдейтін технологияны енгізуге бағытталған инвестициялық бағдарламаларды іске асыру, ұсынылатын қызметтердің сапасын а р т т ы р у .

Тауар нарығында үстемдікке ие өндірушілердің, тұтынушылардың және мемлекеттің экономикалық мүдделеріндегі тепе-теңдікті сақтау базасында, табиғи монополиялар субъектілері мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметтеріне, жұмыстарына тарифтерді (бағаларды) қалыптастыруға арналған құқықтық және нормативтік-әдістемелік базаны жетілдіру.

Нарыққа бірдей қол жеткізуге жағдай жасау және отандық өндірушілер шығындарын азайту мақсатында ТМД мен Кеден одағы шеңберінде табиғи монополиялар субъектілері көрсететін қызметтер мен олардың тауарларына арналған тарифтерді келісу.

Стандарттау саласында

Өнім сапасын басқарудың халықаралық стандарттарына көшу.

Шығарылатын өнімнің белгіленген стандартқа сәйкестігінің сақталуын мемлекеттік қадағалау.

Сыртқы сауда саласында

Өңдеуші сектордың ішкі нарықтағы позициясын нығайту мақсатындағы іс-қимылдың негізгі бағыттары мыналар:

- саликалы протекционизмді жүзеге асыруға бағытталған сыртқы экономикалық қызметті реттеудің тарифтік және тарифтік емес әдістерінің тиімділігін бірінші кезекте:

демпингке қарсы шараларды, арнаулы қорғау және өтемақы шараларын қолдану салаларын кеңейту;

жеткізілетін тауарлардың сапасы, олардың санитариялық жай-күйі мен экологиялық қауіпсіздігі бойынша нақты және қатаң талаптарды іске қосу есебінен арттыру;

- шетелдік серіктестердің жосықсыз сауда практикасына жедел ден қою үшін бизнеспен кері байланыс жүйесін дамыту;

- жоғары тиімді инвестициялық технологиялар мен жабдықтарды әкелуді ынталандыру.

Сыртқы экономикалық қызметке жәрдемдесу мақсатындағы іс-қимылдың негізгі бағыттары мыналар:

- мемлекеттік органдар жүйесінде экспорттың дамуына жәрдемдесуге жауапты болатын қызметтер құру. Экспорт, шетелдік нарықтарға талдау жасау мәселелері бойынша ақпараттық-консультациялық қызметтер көрсету үшін сауда ақпараттары орталығын құру;

- жетекші сауда серіктестерімен сауда жасағанда бірдей сауда режимдерін белгілеу және техникалық кедергілерді қысқарту;

- экспортты дамыту үшін перспективалы елдерде Қазақстанның сауда өкілдіктерін құру;

- кәсіпорындардың келісім-шарттар жасасуына және шет елдерінің

мемлекеттік сатып алу нарығына қол жеткізуді қамтамасыз етуіне жәрдемдесу;

- сыртқы нарықта тиімді алға жылжу үшін экспорттық өнімнің сапасын халықаралық стандарттар бойынша сертификаттау;
- экспорттаушылар қауымдастығын құруға жәрдемдесу және мемлекеттік органдардың олармен тиімді өзара іс-қимыл жасауын ұйымдастыру;
- экспорттық операцияларды кредиттеуді және сақтандыруды қамтамасыз ететін қаржы институттарын дамыту;
- Дүниежүзілік сауда ұйымына кіруге әзірлену;
- Қазақстанның әлемдік энергетика нарығына қатысуын кеңейту үшін Энергетикалық Хартия құрамындағы тиімді өзара іс-қимыл;
- елдерді - сауда серіктестерін таңдаудағы икемді саясат: өткізу нарығын әртараптандыру, үшінші елдер арқылы транзитті барынша азайта отырып, Азияның таяу нарықтарына қатысуды ұлғайту, аймақтық одақтармен өзара іс-қимылды күшейту.

Ғылыми-техникалық салада

Іргелі зерттеулерді мемлекеттік қаржыландыруды ұлғайту.

Практикалық пайдалануда жоғары әлеуетке ие жобаларды мақсатты қаржыландырудың басым бағыттарын таңдау. Ғылыми зерттеулердің басым бағыттарын бекіту функциясын Қазақстан Республикасының Жоғары ғылыми-техникалық комиссиясына жүктеу.

Өнеркәсіп орындарының бағдарлы ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстар жүргізуін ынталандыру.

Қолданбалы ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарды қаржыландырудың гранттық жүйесіне көшу.

Ғылыми әзірлемелердің отандық қорын құру.

Инновациялық технологиялардың дерек банкін қалыптастыру.

Санаткерлік меншікті және патенттік құқықты қорғау жүйесін одан әрі жетілдіру.

Институционалдық салада

Өндірісті, инновацияны және менеджментті, ішкі салалық және салааралық кооперацияны, ішкі және сыртқы нарықтағы өктемдікті, сондай-ақ өндірушілер бірлестіктерінің (салалық одақтардың, қауымдастықтардың) басқа да нысандарын дамыту тұрғысынан тиімді корпоративтік құрылымдардың (холдингтердің, консорциумдердің, қаржы-өнеркәсіп топтарының) қалыптасуына және құрылуына құқықтық және ұйымдық жәрдем көрсету.

4.1.2. Іріктеп-талғау шаралары

Негізгі міндеттері - мемлекеттің дамуы үшін стратегиялық маңызы бар нарық субъектілерінің белгілі бір топтарына мақсатты ықпал ету, оларға өнеркәсіптік даму міндеттерін шешу үшін үдемелі өндіріс ресурстарын беру. Бұл мынадай

субсидиялар мен сүйемелдеу шараларын қамтиды:

- мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;
- ғылыми-зерттеу мекемелеріне мемлекеттік тапсырыстар беру;
- жекелеген салаларға және ғылымға субсидия беру;
- мемлекеттік емес заемдар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру;
- мемлекеттік кредиттік дамыту ұйымдарының орташа және ұзақ мерзімді кредиттер, басқа кредит институттары берген заемдар мен кредиттер бойынша кепілдіктер беруі, қосымша қаржыландыру және тәуекелді бөлісудің басқа да құралдарын пайдалану;

- салықтық жеңілдіктер мен преференциялар беру;
- табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтеріне, жұмыстарына (тауарларына) арналған тарифтер бойынша төмендететін және жоғарылататын коэффициенттер.

Өнеркәсіптік-технологиялық секторды мемлекеттік қолдау мемлекеттік инвестициялық ресурстардың шоғырлануына қарай кеңейтіледі.

Бірінші кезеңде қолдаудың негізгі нысаны басым салаларға салықтық жеңілдіктер мен преференциялар беру, нарықтар конъюнктурасының жақсаруына қарай оларды біртіндеп алып тастай отырып, табиғи монополиялардың тарифтері бойынша коэффициенттерді төмендететін жекелеген инвестициялық жобаларды орташа және ұзақ мерзімді кредиттеу болып қалады.

Мемлекеттің кепілдігімен негізінен бірінші кезекті капиталды қажет ететін жобаларды іске асыру үшін шетелдік заемдар тартылатын болады.

Тікелей мемлекеттік инвестициялау күрделі ғылыми негізді технологиялар әзірлеуге және оларды енгізуді қаржыландыруға шоғырландырылады.

Екінші кезеңде даму бюджетіндегі мүмкіндіктердің кеңеюіне қарай өнеркәсіптік секторды іріктеп қолдау шараларының күллі құралын неғұрлым ауқымды қолдану басталады.

Іріктеулі мемлекеттік қолдау үшін индустрияның таңдаулы блоктарының нысандарын бөліп шығарудың негізгі өлшемдері мыналар болып табылады:

- өнімдер мен қызметтердің белгілі бір түрлеріне төлемге қабілетті сұраныстың (ішкі және сыртқы) болуы және оның артуының сенімді перспективалары;
- өндірістің қайсыбір түрінің бәсекелестік артықшылықтарының болуы;
- мемлекет қолдауындағы объектілердің кеңейтілген үдемелі өндірісін өзіндік қаржыландыруды қамтамасыз ететін рентабельділігі және өндірістік базаның сапалық параметрлерін, қолданылатын технологиялар мен түпкі өнімнің өзін жақсарту;
- өндірістің таңдап алынған түріне іліктес - шикізат жеткізушілер, жартылай

фабрикаттар мен жинақтаушы бөлшектер салаларына дамудың мультипликативтік (еселенген) әсер етуі.

Бірінші кезекті міндеттер:

- сыртқы заемдардың бір бөлігін шоғырландыру, жекешелендіруден түскен табыстар, салық түсімінің бір бөлігі, зейнетақы қорларының қаражатын және басқа институционалдық инвесторларды тарту негізінде елдің даму бюджетін қалыптастыру;

- өнеркәсіптік сектордың басым салаларына инвестиция салуды қамтамасыз ететін мемлекеттік кредиттік дамыту ұйымдарын құру немесе олардың жұмыс істеп тұрғандарының қызметін жандандыру;

- қолда бар ғылыми-техникалық нобайларды түгендеу;

- ғылыми-технологиялық әзірлемелер деңгейін және оларды коммерцияландыру мүмкіндігін айқындайтын технологиялық болжамдар әзірлеу;

- өнеркәсіпті дамытудың технологиялық даму болжамдарына да, сонымен бірге макроэкономикалық болжамдарға да сүйенетін нұсқалық болжамдар түзу. Даму басымдықтарының объектілік бағыттылығын және экономикалық өсудің ықтимал нүктелерін айқындау.

4.2. Өнеркәсіптік-технологиялық саясаттың салалық бағыттары

Өзінің индустриялық саясатын мемлекет дамуына мемлекеттік қолдаудың алуан қағидатын талап ететін үш ірі салалар кешенінің болуына қарай негіздейді.

4.2.1. Экспорттық бағдарлану салалары

Негізінен бұл - елдің сауда балансында жетекші рөл атқаратын шикізаттық бағыттылық салалары. Мемлекеттік қолдаудың қажетті деңгейіне қарай 2 блокқа бөлінген:

1) Дамыған экспорттық блок.

Мұнай-газ өндіру, металлургия, уран және көмір өнеркәсібі.

Алдағы онжылдықта бұл салалардың, ең алдымен мұнай өндірудің қарыштап өсуі бүкіл экономика үшін айқындаушы болады, мемлекеттің инвестициялық ресурстарын қалыптастыруға алғышарттар жасай отырып, бюджеттің жай-күйіне оң әсер етеді, едәуір дәрежеде мультипликативтік (еселенген) тиімділік әкеледі және экспорттық өндірістің қажетіне қызмет ететін машина жасау және өзге салалардың жандануына серпін береді.

Бірінші кезекті міндеттер:

- көмірсутегі шикізатын тасымалдау мен экспорттау бағыттарының әртараптандырылуы;

- шикізат базасының артта қалуын жою, табиғи шикізаттың кешенділігі мен

қайта өңделу тереңдігін арттыру;

- металлургиялық өнеркәсіпте неғұрлым терең өңдеу өндірісін дамыту;

- мұнай мен металды халықаралық биржаларда тіркеу;

- әлемдік уран нарығында Қазақстанның дербес тұғырын қамтамасыз ету.

Әлемдік ірі өндірушілермен бірге уран өндіру жөніндегі бірлескен кәсіпорын құру ;

- энергетикалық көмір сатудың нарығын сақтау және кеңейту.

Өнеркәсіптік-технологиялық саясат мұнда негізінен саясаттың жалпыжүйелік компоненттеріне шоғырланады.

Іріктеп қолдаудың жекелеген нысандары:

- әлемдік нарықта конъюнктура едәуір нашарлаған жағдайда сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілікті арттыру үшін - табиғи монополия субъектілерінің көрсеткен қызметтері, жұмыстары (тауарлары), (көмір, кен, металл) тарифтері бойынша төмендететін коэффициенттер ұсыну;

- металлургиялық өнеркәсіп пен металл өңдеудегі жекелеген жоғары технологиялық жобалар бойынша мемлекеттік кредиттік дамыту ұйымдарының орташа және ұзақ мерзімді кредиттер беруі.

2) Түзілетін экспорттық блок.

Мұнай-химия және химия өнеркәсібі.

Мұнай-газ секторымен және металлургиямен қатар бұл салалар онжылдықтың соңына қарай тұтас алғанда экономиканың жаңа технологиялық укладтарға көшуі үшін өнеркәсіптің индустриялық ұйтқысын түзеді.

Бірінші кезекті міндеттер:

- тиімді инвестициялар тарту арқылы қазіргі өндірістерді қалпына келтіру және дамыту ;

- айрылып қалған тұғырларымызды қайтару және химия өнімдері нарығында өктемдікті одан әрі жүргізу;

- отандық және әлемдік ғылымның озық әзірлемелері базасында мұнай-газ шикізатын терең қайта өңдеу жөнінде жаңа жоғары технологиялық өндіріс құру.

Мемлекеттік инвестициялық ресурстардың осы салаларда басым қалыптасуына қарай іріктеп қолдау шараларын қолдану кеңейеді.

Іріктеп қолдаудың негізгі нысандары:

- мұнай-химия саласында ірі жобаларды іске асыру үшін мемлекет кепілдігімен халықаралық заемдар тарту;

- салада шағын тоннажды өндіріс құру үшін мемлекеттік кредиттік дамыту ұйымдарының орташа және ұзақ мерзімді кредиттер беруі;

- аграрлық сектор үшін минералдық тыңайтқыштар өндірісіне, өсімдіктерді қорғау құралдарына субсидия беру;

- салықтық жеңілдіктер мен преференциялар беру;
- табиғи монополия субъектілерінің қызметтеріне, жұмыстарына (тауарларына) арналған тарифтер бойынша төмендететін коэффициенттер ұсыну.

4.2.2. Ішкі бағдар салалары

Импорттық тауарлармен бәсекеге түсуге, оларды ішкі нарықтан ығыстыру және әлемдік нарықта біртіндеп өз орнын табуына ықтимал қабілеттілігіне қарай олар үш топқа (блокқа) бөлінеді.

1. Бәсекелестігі жоғары топ (блок):

а) Тамақ өнеркәсібі.

Саланы тиімді дамыту - тұтыну нарығын теңдестірудің міндетті шарты, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және көптеген әлеуметтік проблемаларды шешудің алғышарты. Сала өнімдерінің сұраныс кепілді және ол халықтың табысының өсуіне қарай артатын болады. Капитал айналымының қысқа мерзімдері, біржолғы мардымсыз күрделі қаржы салымдары саланы жекеше инвестициялар үшін тартымды етеді.

Бірінші кезекті міндеттер:

- азық-түлік нарығының жекелеген бөліктерінде импорт алмастыратын өндірістерді, экспортты дамыту;

- байыпты сауда протекционизмін жүзеге асыру, ішкі нарықты жосықсыз бәсекеден, демпингтен және субсидияландырылған экспорттан қорғау.

Жалпыжүйелік шаралар:

- сыртқы сауданы реттеудің тарифтік және тарифтік емес әдістерінің тиімділігін арттыру;

- өнімді экспортқа жылжытуды қамтамасыз ету үшін өнім өндіру және өткізу жөніндегі ірі, орташа және шағын кәсіпорындарды коммерциялық ұйымдарға кезең-кезеңімен өзгерте отырып, олардың өзара іс-қимылы негізінде салалық одақтар, қауымдастықтар құру;

- аграрлық сектормен тігінен интеграцияландырылған, толассыз өндірістік циклді түзілімдер құру.

Іріктеп қолдаудың негізгі нысандары:

- мемлекеттік кредиттік дамыту ұйымдарының шағын кәсіпкерлікті қолдау және импортты алмастыру бағдарламалары шеңберінде орташа және ұзақ мерзімді кредит беруі;

б) мұнай-газ өңдеу өнеркәсібі, электр энергетикасы.

Бұл салалар ішкі нарықта сұранысқа және перспективада экспорттық әлеуетке ие.

Бірінші кезекті міндеттер:

- жұмыс істеп тұрған энергия өндіретін және мұнай айдайтын қуаттардың

жүктемелілігін қамтамасыз ету;

- елдің энергетикалық тәуелсіздігін қамтамасыз ету (электр энергиясымен, газбен, мұнай өнімдерімен өзін-өзі қамтамасыз етуге қол жеткізу). Батыс Қазақстанда газ-турбиналық қондырғылар және республиканың оңтүстік-шығысында шағын су электр станцияларын салу. Ішкі өткізу нарықтары үшін газ өңдеу қуаттарын және газ құбырларын іске қосу;

- мұнай өңдеудің тереңдігін арттыру мақсатында жұмыс істеп тұрған мұнай өндіру зауыттарын қайта жаңарту.

Жалпы жүйелік шаралар:

- электр энергиясының ашық бәсеке нарығын дамыту;
- электр энергиясын беру жөніндегі қызметтерге икемді тариф саясатын жүргізу, елдің солтүстігінен оңтүстік және батыс аймағына электр энергиясын жеткізуді ынталандыру үшін тиімді алмастыру схемасын дамыту;
- мұнай өнімдерін өндірушілер мен өткізу жүйесінің арасындағы салық салмағын оңтайландыру.

Іріктеп қолдаудың негізгі нысандары:

- республиканың мұнай өңдеу зауыттарына мұнай тасымалдауға арналған тарифтер бойынша төмендететін коэффициенттер ұсыну;
- энергия шығаратын жаңа қуаттарды салу жобалары бойынша салықтық жеңілдіктер мен преференциялар беру;
- мемлекеттік кредиттік дамыту ұйымдарының газ өнеркәсібінің жекелеген жобаларына орташа және ұзақ мерзімді кредит беруі.

2. Бәсекелестігі орташа топ (блок):

а) машина жасау.

Жұмыс істеп тұрған машина жасау кәсіпорындары негізінен экспортқа бағдарланған өнеркәсіптік кешеннің, аграрлық сектор мен көліктің көмекші және қызмет көрсетуші блоктарын құрайды.

Бірінші кезекті міндеттер:

- қолда бар өндірістік базада трактор және ауыл шаруашылығы, көліктік машина жасауды, мұнай-газ секторы, кен-металлургия кешендері үшін жабдықтар өндірісін дамыту;

- республиканың машина жасау кәсіпорындарында мұнай-газ секторы мен кен-металлургия кешендері үшін құрал-жабдықтар мен жинақтаушы бөлшектерге арналған тапсырыстардың орналастырылуын қамтамасыз ету;

- жоғары технологиялық өндірістер нобайын қалыптастыру және игеру, соның ішінде франчайзинг шартымен игеру, патенттер мен лицензиялар сатып алу;

- машиналар мен жабдықтарды, электрондық және электротехникалық өнімдерді жетекші өндірушілердің бірлескен кәсіпорындары мен филиалдарын

к ұ р у .

Жалпы жүйелік шаралар:

- Ресеймен және Беларусьпен машина жасау саласында мемлекетаралық өндірістік кооперацияны кеңейту;

- ішкі нарықты жосықсыз бәсекелестіктен, демпингтен және субсидияланған бағадан қорғау;

- жер қойнауын пайдалану жөніндегі жұмыс істеп тұрған келісімшарттарға түзету енгізген және сыртқы басқару мен жаңаларын жасасқан кезде ішкі нарықта жабдықтардың, құралдардың, жекелеген түрлерін дайындауға арналған тапсырыстарды орналастыру бойынша талаптар енгізу;

- машина-технологиялық станциялар желісін дамытуды ынталандыру.

Іріктеп қолдаудың негізгі нысандары:

- мемлекеттің қатысуымен ұйымның лизингтік қоры үшін ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу;

- мемлекеттік кредиттің дамыту ұйымдарының басым жобаларға орташа және ұзақ мерзімді кредит беруі;

- салықтық жеңілдіктер мен преференциялар;

- мемлекеттің қорғаныс және жұмылдыру қажеттері үшін мемлекеттік сатып алу ;

б) құрылыс материалдары өнеркәсібі.

Сектордың дамуы ірі мұнай жобаларын жүзеге асырумен, кен-металлургия өнеркәсібінде, энергетикада жаңа қуаттар салумен, сондай-ақ тұрғын үй құрылысының қарқынын ұлғайтумен тікелей байланысты болады.

Бірінші кезекті міндеттер:

- жаңа технология мен техниканың негізінде өндірістік базаны жаңғырту және техникалық қайта жарақтау;

- құрылыс материалдарын жетекші өндірушілердің бірлескен кәсіпорындарын немесе филиалдарын құру.

Іріктеп қолдаудың негізгі нысандары:

- импорт алмастыратын өндірісті дамыту үшін мемлекеттік кредит ұйымдарының орташа және ұзақ мерзімді кредит беруі;

- цемент өнеркәсібі қуаттарын қайта жаңартуға немесе жаңаларын құруға шетелдік заемдар тарту ;

- сыртқы экономикалық қызметті тарифтік және тарифтік емес реттеудің тетіктерін енгізу жолымен ішкі және сыртқы нарықта отандық өндірушілерді қолдау .

3. Бәсекелестігі төмен блок.

Ішкі нарықта бәсекелестігі әлсіз салалар - жеңіл (тоқыма-тігін, тері-аяқ киім) және ағаш өңдеу өнеркәсіптері.

Мемлекет ең алдымен отандық ауыл шаруашылығы шикізатын (тоқыма және тері өндірісін) өңдеуге бағытталған қолда бар өндірістер әлеуетін сақтау жөнінде шаралар қолданады.

Тігін және аяқ киім өндірісін дамыту оның нарықтық қажеттілігімен және кәсіпкерлердің жеке бастамасымен айқындалады.

Бірінші кезекті міндеттер:

- тиімділігі аз өндірістерді қайта бейімдеу немесе бөлшектеу, солардың негізінде шағын және ұтқыр бәсекеге төзімді өндірістер құру.

Іріктеп қолдаудың негізгі нысандары:

- әскери және соларға теңестірілген арнаулы тұтынушылар, әлеуметтік мекемелер үшін жеңіл және жиһаз өнеркәсіптерінің дайын өнімдерін конкурстық негізде мемлекеттік сатып алу;

- мемлекеттік кредиттік дамыту ұйымдарының импорт алмастыру бағдарламаларының шеңберінде тоқыма өндірісіне орташа және ұзақ мерзімді кредит беруі.

4.2.3. Салыстырмалы түрде жылдам, коммерциялануға бейім салалар мен жоғары технологиялық өндірістер тобы

Барлық бағыттар:

- ақпараттық технологиялар саласында;
- ғарыштық технологиялар саласында;
- биология, химия, фармацевция және медицина түйісер тұста (микробиология, биохимия, биотехнология, тектік инженерия).

Олардың негізінде құрылған технологиялар, үлкен күрделі қаржыны талап етпей-ақ, сапалы жаңа өнімдерді жасау жолымен өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы салаларының өнімділігін арттырады.

Бірінші кезектегі міндеттер:

- отандық түпнұсқа дәрі-дәрмек заттарын жаңадан жасау және әзірленгендерін өндіріске енгізу, өмірлік маңызы бар дәрі-дәрмек заттарын өндіруді ұлғайту;

- металлургия үшін айрықша таза және ғылымды қажетсінетін материалдар өндіру;

- биотехнологиялық әдістер негізінде диагностикалық және дәрі-дәрмек заттарының, ветеринарлық препараттардың жаңа буынын, ауыл шаруашылығы дақылдарының жаңа сорттарын, тамақ, жеңіл, фармацевтік, парфюмерлік-косметикалық, металлургия өнеркәсіптері үшін биотехнологиялық өнімдерді, топырақ пен суды тазартудың технологияларын әзірлеу және енгізу;

- ғарыштық технологиялар әзірлемелерін ауыл шаруашылық, өнеркәсіптік,

медициналық, әскери өндірістерге енгізу;
- ақпараттық технологиялар әзірлеу (қолданбалы компьютерлік бағдарламалар, компьютерлерге арналған компоненттер өндіру және т.б.).

Іріктеп қолдаудың негізгі нысандары:

- мемлекеттік кредиттік дамыту ұйымдарының орташа және ұзақ мерзімді
к р е д и т б е р у і ;
- инновациялық қызмет бағдарламасының шеңберінде субсидиялау.

IV БӨЛІМ

АГРАРЛЫҚ-ИНДУСТРИЯЛЫҚ САЯСАТ

1. МАҚСАТ

Аграрлық және онымен іргелес салаларды дамыту саласындағы мемлекеттік саясат қысқа-, орташа- және ұзақ мерзімді сипаттағы мақсаттарды көздейді және жиынтығында тікелей аграрлық өндірістің өнімділігі мен түсімділігін арттыру негізінде ауыл халқының әл-ауқатын жақсартуға, ауылдағы жұмыспен қамтудың барлық нысандарын, соның ішінде ауылдық жерлерді индустрияландыру арқылы оза дамытуға және оларды қолдауға бағытталатын болады.

Қысқа мерзімді сипатты мақсаттар

Нарықтарды тиімді мемлекеттік реттеу, протекционистік сыртқы сауда саясатын жүргізу, нарықтың және барабар қаржы жүйесінің инфрақұрылымын қалыптастыру, шағын кредиттер беру бағдарламаларын жүзеге асыру, шаруашылықтардың көлбеу кооперациялануын және тігінен интеграциялануын дамыту арқылы өндірісті шоғырландыру жолымен аграрлық сектордың рентабельділігіне және ауыл халқының кірістерін қолдап отыру.

Орташа мерзімді сипатты мақсаттар

Аграрлық өндірісті интенсификациялау және ауыл шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлерін орташа әлемдік өнімділікке жақындату, ауылдағы қайта өңдеу мен сервистік өндірістерді жан-жақты дамыту, ауыл халқына әлеуметтік қызмет көрсету стандарттарын қамтамасыз ету.

Ұзақ мерзімді сипатты мақсаттар

Аграрлық өндірісті тұрақты дамыту және оңтайландыру.

Ауылдық жерлерді индустрияландыру, ауыл мен қала халқының тұрмыс деңгейлеріндегі айырмашылықтарды еңсеру.

2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Ел тұрғындарының 40%-дан астамының қызметі мен тіршілік көзі ауылдық жер болып табылады, олардың көпшілігі үшін жер - негізгі өндіріс құралы.

Аграрлық өндірістің тұрақтылығы - елдің азық-түлік қауіпсіздігінің негізі.

Астық және ауыл шаруашылығының басқа да өнімдері - әлемдік нарықта экспорттық өктемдік жасауда әлеуетті өнімдердің және валюталық түсім көздерінің бірі.

Аграрлық сектордағы өрлеу - экономиканың сабақтас салаларда өсуінің тетігі.

Тұтас алғанда, аграрлық сектордың дамуы мемлекет үшін экономикалық және ең бастысы әлеуметтік аспектіде стратегиялық жағынан маңызды.

2.1. Әлемдік үрдістер

Осы заманғы нарықтық экономикада мемлекет неғұрлым реттейтін және қолдайтын секторлардың бірі аграрлық сектор болып табылады.

90-жылдардың орта шенінде әлемде аграрлық секторды қолдауға жыл сайын 350 млрд. АҚШ доллары жұмсалды.

Мұның өзі осы сектордың ел дамуындағы тарихи және әлеуметтік маңызымен, ең алдымен ауылдың кірісін және онда жұмыспен қамтуды қолдаумен, азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етумен, ауылдық аумақтарды дамытумен және дәстүрлі ауылдық ландшафт пен халықтың санын сақтауға ұмтылумен айқындалады.

Әлеуметтік сектор мен оның жекелеген бөлшектерін мемлекеттік реттеудің классикалық үлгісі - АҚШ, Канада, Еуропа одағы (ЕО) елдері.

Аграрлық сектордың өнімділігі, әсіресе жоғары дамыған елдердегі техникалық прогрестің жылдам жүруіне байланысты өнімділігі өсе түсіп отыр. Тектік инженерияны одан әрі енгізуге және биотехнологияларды дамытуға байланысты оның неғұрлым тез серпін алуы мүмкін.

Артық өндірістік қуаттар мен сұраныстың баяу өсуі жағдайында аграрлық өнімді ұсынудың жылдам ұлғаюы ішкі нарықтарда бағаның құлдырауына және осы елдердің аграрлық секторлары табысының төмендеуіне алып келеді. Мұның өзі ресурстардың экономиканың аграрлық емес секторларына ығысуына жағдай жасайды.

АҚШ-та жұмыс істейтіндердің жалпы санынан аграрлық секторда жұмыс істейтіндердің үлесі 1910 жылғы 35%-дан қазіргі кезде 3-4%-ға дейін қысқарды.

Аграрлық секторда жұмыспен қамтудың қысқаруының тежеусіз үрдісі өсу, даму үстіндегі кез келген экономикаға тән құбылыс және ол Қазақстан үшін де аса өзекті болып отыр. Экономикалық, экологиялық және әлеуметтік салдарлардан басқа, аумақтың кеңдігі мен халықтың сирек қоныстанғандығына орай, ауылдың құлдырауы елдің ұлттық қауіпсіздігіне әсер ететін факторға айналуында.

Елдердің көпшілігінде ресурстардың ығысуының іс жүзіндегі қарқыны біршама баяу жүріп жатыр және аграрлық өндірушілердің кірісін қолдау осы елдердегі аграрлық саясаттың басты міндеті болып отыр.

Аграрлық сектордың кірісін арттыру үшін іс жүзінде барлық жерде және әсіресе, дамыған елдерде арнаулы протекционистік бағдарламалар:

- мемлекеттік сатып алу интервенциялары арқылы бағаның нысаналы деңгейін қолдау;

- өндірушілерге тікелей баға субсидиялары (ең төменгі кепілдікті бағалар);

- экспортты субсидиялау;

- ресурстарды арзандату жолымен шығындарды азайту (материалдық-техникалық ресурстарға арналған субсидиялау, жеңілдетілген кредиттер беру) іске асырылады.

Қолданатын бағалар ұлттық шекаралар шеңберінен шығып кететін экономикалық рабайсыздықты туындатады.

Ішкі нарықты қорғау үшін АҚШ және ұқсас аграрлық бағдарламалары бар басқа да елдер тарифтер, квоталар нысанындағы импорттық кедергілер белгілейді.

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің артық қорлары сыртқы нарыққа шығарылады, мұның өзі осы өнімдерге әлемдік бағалардың төмендеуіне алып келеді.

Басым көпшілігі әлемдік нарықтар конъюнктурасына тәуелді болып отырған нашар дамыған елдер, ішкі өндірістің шектелуі, экспорттың азаюы және ұқсас тауарлар импортының өсуі түрінде залал шегеді.

Өнімдерінің нарықтарда технологиялық жағынан артта қалуы және бәсекеге қабілетсіздігі болмауы жағдайды ушықтырады.

Аграрлық протекционизммен бұрмаланған қазіргі таңдағы әлемдік сауда талаптарына бейімделу, әлемдегі дамыған елдерде қолданылатын аграрлық саясаттың негіздерін ескеру - өтпелі тұрпатты елдердің аса маңызды міндеттері.

Қазақстанның аграрлық секторы әлемдегі орташа еңбек өнімділігіне қол жеткізгенге дейін аграрлық протекционизм шараларын қолдану орта мерзімді кезеңде ел үшін қолайлы.

2.2. Қазақстанның аграрлық секторының жай-күйі

2.2.1. Күшті жақтар

Қазақстан жер ресурстарына бай. Алдын ала суландырмай-ақ егін шаруашылығына жаратуға болатын алқап 39 млн. гектарды құрайды. Табиғи жайылым алқабы мұнан да көп, 179 млн. гектардан астам.

Елдің астық өсіретін белдеуі бидайдың әлемдік нарықта сұраныспен пайдаланылатын қатты және күшті сортты дәндерін өндіруге мүмкіндік береді.

Аграрлық өндірістің көп салалы құрылымы, жоғары ғылыми-зерттеу және

тәжірибе-экспериментальдық әлеует қалыптастырылды. Салада ауыл шаруашылығы өнімдерін дайындау, ұқсату және сақтау жөнінде жеткілікті қуаттар бар. Білікті және арзан жұмыс күшінің болуы аса маңызды бәсекелестік артықшылық болып табылады.

Ілгергі жылдарда аграрлық секторда бағаны ырықтандыру және жер реформасы жүргізілді, мемлекеттік және ұжымдық меншік жекешелендірілді және ауыл шаруашылығы кәсіпорындары қайта ұйымдастырылды.

Нәтижесінде, жерде шаруашылық жүргізудің көпукладты нысаны құрылды және ауылда нарықтық қатынастар дамыды. Өндірістің жаңа нарықтық инфрақұрылымы пайда болып, нығая түсті. Осының бәрі аграрлық өндірісті тиімді жүргізуге жағдай туғызады.

Мемлекеттік органдар нарық процесіне және тауар өндірушілердің шаруашылық қызметін басқаруға араласуды тоқтатып, экономикалық субъектілерге жанама ықпал ету әдістеріне көше бастады.

2.2.2. Әлсіз жақтар

Саланың дамуын шектейтін негізгі проблемалардың бірі өсімдік шаруашылығында өнім шығымдылығының төмендігі және мал шаруашылығының өнімділігі болды.

Себептері: топырақ құнарлылығының нашарлауы зиянкестердің, аурулардың және арамшөптердің таралуы, ветеринарлық қызмет көрсетудің және профилактиканың нашарлауы, табынның, тұқым қорының, саланың материалдық-техникалық базасы жай-күйінің сапалық нашарлауы, ауыл шаруашылығы өндірісінің индустриялық технологияларының бұзылуы.

Шұғыл континенталдық климат және шектен тыс құрғақшылық, сумен қамтамасыз етудің нашарлығы, әсіресе оңтүстік аймақтарда, аграрлық өндірістің тәуекелділігін күшейте түседі.

Өткен жылдарда аграрлық секторды реформалау тереңдей түскен жүйелік дағдарыс кезеңінде өтті.

Осындай жағдайда еркін нарық тұжырымдамасы елдің аграрлық секторын дамытуда бірқатар проблемаларды шеше алмады (13, 14-қосымшаларды қараңыз)

Басты мақсатқа - тиімділікке және тиісінше, діттей отырып реформалар жүргізілген ауыл шаруашылығы өндірісінің түсімділігін арттыруға объективті түрде қол жетпеді.

Шаруашылықтарды бөлшектеу нәтижесінде қалыптасқан жер үлесі мен мүліктік құқықтар мөлшері, көп жағдайда, жоғары тауарлы өндіріс жүргізуге, техниканы тиімді пайдалануға мүмкіндік бермеді.

Ауыл шаруашылығы өнімдеріне және материалдық-техникалық ресурстарға (салааралық), азық-түлікті сатып алу және түпкілікті бағаларына (ішкі салалық)

бағаның қалыптасқан теңсіздігі рентабельділікті төмендетіп, аграрлық өндірістің шығындылығына алып келді.

Өтімді капиталдың болмауы және өндірістің тиімсіздігі банк кредиттерін қолжетімді етпеді және сектордың ауыр қаржылық жағдайын одан сайын ушықтырып жіберді.

Аграрлық секторда өндірілген қосымша өнімнен орасан үлес алатын делдалдық құрылымдар, жергілікті монополистер (өңдеуші және көтерме сауда кәсіпорындары) өткізу мен жабдықтау жүйесінде барған сайын көбірек орын ала бастады.

Осы жылдары объективті тұрғыда шектеулі болған аграрлық секторды мемлекеттік қолдаудың қолданылған жүйесі өндіріске ынталандырушылық әсер ете алмады - бөлінген қаражат тиімсіз пайдаланылды.

Шаруашылық байланыстардың үзілуі, нарықтық инфрақұрылымның, көлік коммуникацияларының мешеулігі өнімді өткізу, соның ішінде экспортқа өткізу мүмкіндігін шектеді (15, 16-қосымшаларды қараңыз).

Соңғы кезге дейін ішкі нарықты қорғаудың айқын жүйесінің болмауы отандық өнімді неғұрлым арзандау импорттық өнімнің ығыстыруына алып келді, мұның өзі өндірісті тұншықтырудың қосымша факторына айналды (17-қосымшаны қараңыз).

Аграрлық өндірістің бәсекеге қабілеттілігі еңбекақы төлеудің төмен деңгейімен ғана ұсталуда. Едәуір дәрежеде мұның өзі отандық және шетелдік ұқсас өнімдердің арасында орын алып отырған еңбекті және материалды көп қажетсінетін айырмашылықты өтейді.

Сұраныстың қысқаруына байланысты, аграрлық сектордың өндіріс қуаттары артық болып қалды.

Аграрлық сектордағы жұмыспен қамтуды эволюциялық емес, түбегейлі қысқарту жұмыссыздықтың етек алуына және халықтың ауылдан кетуіне алып келді.

Нәтижесінде, аграрлық сектордың экономикалық баянсыздығы үздіксіз құбылысқа айналып келеді.

Ауыл қоғамдағы әлеуметтік шиеленістің ошағы болып отыр.

13-қосымша

Ауыл шаруашылығы өнімдерінің нақты көлемінің индексі (1990 жылғы %-бен)

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

14-қосымша

**1990-2000 жылдарда өндірілген ауыл шаруашылығы
өнімдерінің негізгі түрлері**

	!1990	!1991	!1992	!1993	!1994	!1995	!1996	!1997	!1998

!1990 !1991 !1992 !1993 !1994 !1995 !1996 !1997 !1998									

А с т ы қ									
(өңделген.	28488	11992	29772	21631	16454	9506	11237	12378	6396
н е н									
с а л м а ғ ы)									
с о н ы ң									
і ш і н д е :									
Бидай	16197	6889	18285	11585	9052	6490	7678	8955	4746
Картоп	2324	2143	2570	2296	2040	1720	1657	1472	1263
Көкөніс	1136	955	985	808	781	780	778	880	1079
Күнбағыс	126	109	99	86	97	99	64	55	83
Қант	1044	726	1160	843	433	371	341	128	225
қ ы з ы л ш а с ы									
(ф а б р и к а л ы қ)									
Мақта	324	291	252	200	208	223	183	198	162
Ет	1559	1524	1258	1312	1207	985	855	718	642
(с о й ғ а н н а н									
к е й і н г і									
с а л м а ғ ы)									
Сүт	5642	5555	5265	5576	5296	4619	3627	3335	3394
Жұмыртқа,	4185	4075	3565	3288	2629	1841	1262	1266	1388
м л н .									
Жүн (таза	108	104	96	95	75	58	42	35	25
с а л м а ғ ы)									

таблицаның жалғасы:

! 1 9 9 9 ! 2 0 0 0

А с т ы қ		
(өңделген.	14249	11578
н е н		
с а л м а ғ ы)		
с о н ы ң		
к е й і н г і		

і ш і н д е :

Б и д а й	1 1 2 2 7	9 0 9 1
К а р т о п	1 6 9 3	1 6 9 4
К ө к е н і с	1 2 8 3	1 5 3 5
К ү н б а ғ ы с	1 0 4	1 0 5
Қ а н т	2 8 3	2 6 9
қ ы з ы л ш а с ы (ф а б р и к а л ы қ)		
М а қ т а	2 4 9	2 8 7
Е т		6 2 9
(с о й ы л ғ а н н а н к е й і н г і с а л м а ғ ы)		
С ү т	3 5 5 0	3 7 0 1
Ж ұ м ы р т қ а , м л н .	1 5 1 7	1 6 9 2
Ж ү н (т а з а с а л м а ғ ы)	д а н а 2 2	2 2

15-қосымша

**Азық-түлік тауарлары аса маңызды түрлерінің
1995 - 2000 жылдардағы экспорты,
(млн. АҚШ доллары)**

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

16-қосымша

1995 - 2000 жылдардағы бидай экспорты (мың тонна)

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

17-қосымша

**Азық-түлік тауарлары негізгі түрлерінің
1995 - 2000 жылдардағы импорты,
(млн. АҚШ доллары)**

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

2.2.3. Мүмкіндіктер

Жер шары халқының өсуі және әлемдік азық-түлік нарығы ауқымының ұ л ғ а ю ы .

Қазақстанның аграрлық өнімдерін өткізудің дәстүрлі нарықтары - ТМД елдерінің экономикалық өрлеуі.

Иран, Түркия, Қытай, Пәкістан тәрізді және басқа таяудағы елдерде азық-түлік тауарларын тұтынудың артуы.

Әлемде бидайға, ең алдымен, оның күшті және қатты сорттарына, сондай-ақ оның өңделген өнімдеріне сұраныстың көбеюі.

Жаңа көлік жолдарының ашылуы, сондай-ақ әлемдегі жетекші астық өндірушілердің Оңтүстік Шығыс Азия мен Латын Америкасының тез өсіп келе жатқан нарығына қайта бағдарлануы Қазақстан бидайын Таяу Шығыстағы Азияға (Иран, Ирак, Түркия және басқалар) экспорттауды кеңейтуге мүмкіндік б е р е д і .

Тамақты әртараптандыру және табиғи шикізаттан алынған тұтыну тауарларына сұраныстың өсуі.

Елдің тамақ және жеңіл өнеркәсібінде импорт алмастыру процестерінің дамуы.

2.2.4. Қатерлер

Әлемдік азық-түлік нарығындағы жоғары бәсекелестік және протекционизм, сауда қатынастарының реттелмеуі.

Шетел импорттаушыларының тарапынан жүргізілетін жосықсыз бәсекелестік (демпинг, субсидияланған экспорт) және отандық өнімдерді ішкі нарықтан ы ғ ы с т ы р ы л у ы .

Әлемдегі (Қазақстан үшін) ықтимал азық-түлік нарықтарына тиімді көлік ж о л д а р ы н ы ң б о л м а у ы .

Республиканың оңтүстік аймақтарының шектес мемлекеттердің су ресурстарына тәуелділігі.

Ішкі нарық ауқымының шектеулілігі және шашыраңқы орналасуы, ТМД елдерінің дәстүрлі өткізу нарықтарының сатып алу қабілетінің төмендігі.

Аграрлық сектордың өткен жылдардағы дамуының ішкі және сыртқы факторларын жинақтап, қорыта келіп, мынадай тұжырымдар жасауға болады:

- аграрлық сектордағы жағдайдың нашарлап кетуінің негізгі себептерінің бірі - аграрлық секторды және тұтас алғанда ауылдық жерлерді, жаңа нарықтық жағдайларда басқару мен реттеуде мемлекет рөлінің ақырына дейін іске а с ы р ы л м а у ы ;

- басқару мен реттеу объектісі технологиялық байланысты тізбектерді - өндірісті, дайындауды, қайта өңдеуді және өткізуді қамтитын қалыптасып отырған өнім нарықтары емес, тікелей ауыл шаруашылығы қызметі болды;

- азық-түліктің әлемдік нарығы аграрлық протекционизммен қатты

бұрмаланған жағдайда, ырықтандырылған сыртқы сауда режимі жағдайында мемлекеттік қолдау шараларының қысқаруы және тұтас алғанда саланы мемлекеттік реттеу деңгейінің төмендеуі жалпыәлемдік практикаға қайшы келеді ;

- аграрлық саясатты ғана емес, сонымен бірге әлеуметтік саясат шараларын қамтитын, неғұрлым кең тұрғыдағы ауыл саясатын қалыптастыру проблемасы т у ы н д а п о т ы р ;

- аграрлық жұмыспен қамтудың қысқаруының тежеусіз үрдісі жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету міндетін алға қояды, мұның өзі ауыл тұрғындарының басым көпшілігіне өз шаруашылығын жүргізуге мүмкіндік береді. Ауылдық жерлерде жұмыспен қамтудың неғұрлым кең тараған барабар нысаны тамақ өнеркәсібі және қызметтің басқа да индустриалдық салалары болып отыр.

Қазіргі жағдайдағы аграрлық және онымен өзара байланысты экономиканың тамақ өнімдері секторының бөлшектері осы тізбекте қалыптасатын нарықтық институттар жиынтығында мемлекеттің аграрлық-индустриялық саясатының біртұтас объектісі ретінде қарастырылуға тиіс.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Алдағы жылдарда мемлекеттің күш-жігері мынадай міндеттерді шешуге ш о ғ ы р л а н д ы р ы л а д ы :

- аграрлық-индустриялық өнімдердің бәсекеге қабілетті және интеграцияланған нарығын қалыптастыру, олардың жұмыс істеуінің құқықтық және институционалдық инфрақұрылымын құру, жосықсыз бәсекелестіктен және әлемдік нарықтың қолайсыз конъюнктурасынан қорғау;

- ауыл жоғары өнімді техниканы және осы заманғы технологияларды тиімді қолдануға мүмкіндік беретін шаруашылық жүргізудің ұтымды нысандарын қалыптастыру, нарықтық жүйеге сәтті интеграциялану атап айтқанда, шаруашылықтардың көлбеу кооперациялануымен тігінен интеграциялануын (шаруашылықтарды шоғырландыру) дамыту арқылы интеграциялану;

- мемлекеттің аграрлық секторға көмегін ұтымды ету және оның ынталандырушы бағыттылығын күшейту. Саланың қаржы секторын дамыту;

- ұтымды мамандандыруды қалыптастыру және аграрлық сектордың өндірістік күштерін неғұрлым қолайлы табиғи аймақтарда шоғырландыру негізінде аграрлық өндірістің мөлшерін кезең-кезеңімен оңтайландыру және т е р е ң қ а й т а қ ұ р ы л ы м д а у ;

- аграрлық сектормен өзара байланысты қайта өңдеу өнеркәсібінің сегменттерін, жұмыспен қамтудың басқа да барабар түрлерін оза дамыту арқылы ауыл халқын жұмыспен қамтудың барлық нысандарын дамыту;

- аграрлық өндірістің технологиялық деңгейін көтеру және ресурстар үнемдейтін әрі экологиялық таза технологияларды енгізу, ғылыми зерттеулерді қолдау көрсету және ауыл шаруашылығында консультация беру жүйесін енгізу;
- ауылдық өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту.

4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

Белгіленген міндеттерді іске асыру осы салаларда аграрлық-индустриялық нарықты, тиімді менеджмент пен маркетингі, қаржы-кредит жүйесін құруда мемлекеттің ұйымдастырушылық, реттеушілік және ынталандырушылық рөлін күшейту арқылы қамтамасыз етілетін болады.

Нарыққа қатысушылардың қызметін мемлекеттік басқару, реттеу, регламенттеу, қаржыландыру институттары мемлекет атынан, қалыптаса бастаған аграрлық-индустриялық нарықтарға балама ретінде жекеше сектор үшін толыққанды серіктес болып көрінеді, мұның өзі қалыптасқан басқару реформалауды талап етеді.

4.1. Аграрлық-индустриялық нарықтарды реттеу

Негізгі міндеттер:

- халықтың және кәсіпкерлердің едәуір топтары табысының елеулі азаюына жол бермеу;
- аграрлық бизнесті дамыту және трансакциялық шығынды азайту;
- нарыққа қатысушылардың барлығы үшін тең бәсекелестік жағдайды қамтамасыз ету, нарықтың жекелеген бөлшектерінің монополиялануын шектеу.

Нарықты мемлекеттік реттеудің негізгі шаралары:

- кеңейтілген үдемелі өндіріс үшін арналған қажетті рентабельділік деңгейін (сатып алу интервенциясы) қамтамасыз ету ең төменгі кепілді сатып алу бағаларын, кепілді бағаларды белгілеу үшін қайсыбір өнім бағасының мақсатты деңгейін қолдау тетіктерін енгізу арқылы нарықты бағамен реттеу;

- тиісті өнім нарығында, кәсіби операторды қалыптастыруға бағытталған нарықты регламенттеу, нарықтардың жұмыс істеуінің және тұтас алғанда, аграрлық өндірісті коммерцияландырудың жалпы ережелерін белгілеу;

- аграрлық-индустриялық тауарлар саласында протекционистік сыртқы сауда саясатын жүргізу;

- аграрлық бизнес субъектілерінің қалыптасуын ұйымдық және құқықтық тұрғыда қолдауды көздейтін:

дербес ауыл шаруашылығы өндірушілерінің жергілікті өткізуші, қайта өңдеуші, жабдықтаушы, қызмет көрсетуші және кредиттік кооперативтерді қалыптастыруы;

саланың инвестициялық жағынан неғұрлым тартымды субъектілері ретінде

тігінен интеграцияланған түзілімдерді (интеграцияландырушылар - қайта өңдеуші және сауда кәсіпорындары) құру. Қазіргі заман жағдайында өздерінің шикізат аймақтарының дамуына мүдделі қайта өңдеу кәсіпорындары аграрлық сектордың негізгі жекеше инвесторы болуға тиіс;

- нарықты қалыптастыру мен реттеудегі мемлекеттің негізгі серіктесі ретінде аймақтық және республикалық салалық одақтар мен қауымдастықтар құру;

- аграрлық өнімді экспортқа икемдеу жөніндегі күш-жігерді шоғырландыру үшін салалық одақтар мен қауымдастықтарды коммерциялық ұйымдарға кезең-кезеңімен өзгерту.

Бірінші кезекті шаралар:

- аграрлық секторды мемлекеттік басқару мен реттеудің жүйесі мен құрылымын жетілдіру, оны нарықтық реттеу тетігіне интеграциялау;

- аграрлық секторды мемлекеттік реттеудің негізгі бағыттарын әзірлеу;

- аграрлық-индустриялық өнімдердің (астық, сүт және басқалары) негізгі нарықтарын дамытудың ұлттық бағдарламаларын әзірлеу;

- аграрлық-индустриялық өнімдердің негізгі нарықтарын мемлекеттік реттеу мен басқару бағдарламаларын әзірлеу;

- аграрлық-индустриялық нарықты реттеуге жекелеген қатысушылардың қызметіне лицензиялау енгізу;

- әрбір нарық үшін белгіленген көлемнен бастап, мәмілелерді тіркеу жүйесін енгізу;

- өнімді жеткізуге арналған келісім-шарттардың кепілді орындалу жүйесін құру;

- әрбір нарықта мемлекеттің және салалық одақтардың үлестік қатысуымен елеулі өнімдер шығару, нарыққа қатысушыларды біріктіретін және перспективада жедел режимде электронды сауданы (электронды тауар биржасы) енгізуге мүмкіндік беретін компьютерлік желілік ақпараттық-қаржы жүйелерін жасау;

- ұсақ тауар өндірушілердің нарыққа шығуының оңтайлы нысандары ретінде көтерме сауда нарығын және өткізу кооперациясын дамыту. Ірі көтерме сауда нарықтарын бірыңғай ақпараттық жүйеге біріктіру;

- аукциондық сатуды енгізу.

4.2. Аграрлық-индустриялық тауарлар саласында протекционистік сыртқы сауда саясатын жүргізу

Сыртқы сауданы реттеу ішкі нарыққа арналған демпингке және субсидияланатын экспортқа белсенді түрде қарсы тұруға бағдарланатын болады.

Аграрлық-индустриялық өнімдермен сауда жасау мәселелерінде Қазақстан экономиканы құрылымдық өзгертуді жүзеге асырушы ел ретінде Дүниежүзілік Сауда Ұйымының құқықтық құрылымына кіретін ережелерді неғұрлым ұзақ мерзімде іске асырады.

Сыртқы нарықта бәсекеге қабілеттілікті арттыру және трансакциялық шығындарды азайту үшін өнімдерді экспорттау жөніндегі функция мемлекеттің қатысуымен де құрылған, сондай-ақ салалық одақтар, қауымдастықтар жанынан да қалыптастырылған ірі сыртқы сауда фирмаларында шоғырландырылады.

Бірінші кезекті шаралар:

- аграрлық-индустриялық өнімнің әлемдік нарығының мониторингін ұйымдастыру және ішкі нарыққа арналған демпингке және субсидияланатын экспортқа белсенді түрде қарсы тұру;

- нарықтың неғұрлым осал бөлшектерін қорғау үшін тарифтік емес сауда шектеулерін (техникалық стандарттар, ветеринарлық және санитариялық нормалар) қайта қарау және тиімді пайдалану;

- импортталатын өнімдердің экологиялық қауіпсіздігіне талапты қатайту;

- әкелінетін шикізат пен дайын өнімдердің арасына едәуір тарифтік айырмашылық (тарифтік эскалация) енгізу;

- тауарлардың әлемдік нарықтарға бет алуы үшін, мемлекеттің, сондай-ақ әрбір салалық одақтың жанынан ұйымдасқандарының қатысуымен сыртқы сауда фирмалары желілерін құру;

- отандық өнімдерді шетелде насихаттау.

4.3. Мемлекеттің аграрлық секторға көмегін ұтымды ету және оның ынталандырушы бағыттылығын күшейту.

Саланың қаржы секторын дамыту

Субсидиялау саясаты

Мемлекеттік субсидиялау, бірінші кезекте, өндірісті интенсификациялауға арналған прогрессивтік технологияны жасау мен енгізуді ынталандыруға бағытталған (ғылыми зерттеулер, селекция, элитарлық тұқым шаруашылығы, асыл тұқымды мал шаруашылығы, биотехнология және басқалар).

Өзге бағыт - өндірістің ірі инженерлік факторларын қолдау және дамыту жөніндегі инвестициялық жобаларды іске асыру болып табылады (суармалы және мелиоративтік жүйелер және басқалар).

Айрықша тоқыраған және тиімсіз ауыл шаруашылығы аймақтарында ауыл халқына шағын кредит беру, соның ішінде жұмыспен қамтудың барлық нысандарын дамытуға бағытталған шағын кредит беру (нақты жобаларға) жүзеге асырылады.

Маусымдық кредиттер беру

Мемлекет аграрлық секторға жеңілдетілген орталықтандырылған кредиттер беруді бұдан былай да жүзеге асырмайды.

Маусымдық операцияларды мемлекеттік субсидиялаудың негізгі нысандары ресурстарды арзандату атап айтқанда, меншікті кредиттік ресурстар есебінен тікелей банктік кредит беру кезінде банк пайызын субсидиялау бағдарламалары болады.

Аграрлық секторға маусымдық кредит беру аталған аймақтардың жағдайына орай арнайы әзірленген ғылыми негізделген технологияларды енгізу жөніндегі міндеттемелерді шаруашылықтардың қабылдауымен байланыстырылатын болады.

Өндірушілер үшін маусымдық кредитке қол жеткізуді қамтамасыз етудің басқа тағы бір нысаны банктік кредиттерді мемлекеттік кредиттік дамыту ұйымдарының кепілдіктерімен қамтамасыз ету болады.

Маусымдық кредит берудегі негізгі күш саланың ішкі ресурстарын және аграрлық бизнесті жұмылдыруға бағытталады болады:

- биржалық сауданы дамыту және фьючерстік операцияларды кеңейту;
- өндірістік келісімшарттарды дамыту;
- аграрлық-индустриалдық салада өндірісті тікелей интеграциялау шеңберінде кредит беру;
- ауылдық кредиттік серіктестіктер арқылы, сондай-ақ ауылдық кредиттік кооперациялар (өзара кредит беру және өзара сақтандыру қоғамдары) құру арқылы кредит беру;
- маусымдық ресурстарды беріп тұрушы фирмалардың тауарлық кредиттері;
- операциялық лизингті дамыту.

Инвестициялық кредит беру

Қазіргі жағдайда жер өтімді ресурс болып табылмайды және толыққанды кепіл болу рөлін атқара алмайды және тиісінше ипотекалық кредит беру жүйесін кеңінен қалыптастыру үшін жеткілікті алғышарттар жоқ.

Ипотекалық кредит беру жер айналымы белсенді түрде қолданылатын жекелеген аймақтарда дамиды.

Қаржы лизингі басым дамитын болады.

Ұйымдардың лизингтік қор қаражатын мемлекеттің қатысуымен бөлу конкурстық рәсімдер арқылы жүзеге асырылады.

Лизинг қорына ауыл шаруашылығы техникасын сатып алу ауыл шаруашылығы техникасын отандық өндірушілердің сату бағасына бақылау жасауы жөніндегі шаралармен бекемделетін болады.

Аграрлық секторға және онымен өзара байланысты тамақ өнімдері секторының (шағын бизнестің) бөлшектері мемлекеттік ұзақ мерзімді кредит

беру мамандандырылған қаржы институттарына шоғырландырылады.

Ауыл шаруашылығы шикізатына бағдарланған қайта өңдеу өнеркәсібі мен шағын бизнесті қолдау бағдарламалары аграрлық сектордың дамуымен өзара байланысты болуға тиіс.

Бірінші кезекті шаралар:

- аграрлық-индустриялық секторды қаржылық қолдаудың көп арналы жүйесін:

мемлекеттің қатысуымен кредит беру желісін;

ауылдық кредиттік серіктестіктер жүйесін құру;

ауылдық кредит кооперациясын қалыптастыру (бастапқы кезеңде өзара көмек кассасы, өзара кредит беру ретінде);

- аграрлық секторды қолдауға бағытталған мемлекеттік ресурстарды (кредиттік, лизингтік, кепілдік және басқа) толыққанды бір салалық инвестициялық институтта - банктік емес қаржы мекемесінде - аграрлық-кредиттік кепілдік корпорациясында топтастыру;

- қаржылық тұрақтылық негіздерін қалыптастыру және кәсіпорындардың қаржылық тәртібін қатайту;

- аграрлық өндірісте қатерден сақтандыру жүйесін қалыптастыру: табиғи қатерлерге, табиғи апаттарға байланысты ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтандыру;

нарықтағы бағалардың, мерзімдік келісімшарттардың (фьючерстік, опциондық және басқа) ауытқу қатерінен сақтандыру.

4.4. Елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйіне мемлекеттік мониторинг және бақылау ұйымдастыру.

Базалық азық-түлік өнімдерінің сақтандыру қорларын қолдау.

Мемлекеттік ресурстарға: азық-түлік бидайының резервін, тұқымдық бидай ресурстарын, экспорттық ресурстарды қалыптастыруға арналған астық сатып алу жүйесін сақтау.

4.5. Жер қатынастарын реттеу

Жер айналымын реттеу жүйесін қалыптастыру.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы барлық жер бойынша геоакпараттық компьютерлік деректер базасын құру.

Жер ресурстарының бірыңғай кадастрын және жер учаскелері меншік иелерінің аймақтық тізілімдерін енгізу.

Ауыл шаруашылығы жерлерін жалдау мен кепілге салу құқығының нарығын дамыту.

Жер айналымын реттеу ауыл шаруашылығы өндірісі үшін неғұрлым құнды ауыл шаруашылығы жерлерін сақтауды, экологиялық талаптардың сақталуын, жерді артық бөлшектеуге жол бермеуді көздеуге тиіс.

4.6. Салада бірыңғай технологиялық саясат жүргізу, аграрлық секторды ғылыми, консультациялық және кадрлық қамтамасыз ету

Жергілікті биоклиматтық жағдайларға бейімделген өсімдіктер мен мал тұқымдарының жоғары өнімді сорттарын енгізуге бағдарланған селекциялық жұмыстарға, элитарлық тұқым шаруашылығы мен мал тұқымын асылдандыру і с і н қ о л д а у .

Аграрлық-индустриялық өнімдерге арналған стандарттар жүйесін жетілдіру.

Аграрлық ғылымда іргелі зерттеулер бағдарламаларын қалыптастыру және қаржыландыру, биотехнологиялық бағыттағы технологиялар әзірлеу. Оларды жүзеге асыру үшін ресурстарды конкурстық бөлу.

Аграрлық секторда технологиялық процестерге қызмет көрсетудің ғылыми және консультациялық жүйесін дамыту. Мемлекеттік басқару органдарының құрылымында осы жұмыстарды үйлестіру жөніндегі мамандандырылған қызмет к ұ р у .

Ғылыми-зерттеу мекемелерінің қатысуымен республикалық және аймақтық салалық одақтар мен қауымдастықтардың жанынан ғылыми-технологиялық және енгізу орталықтарын қалыптастыру.

Аграрлық-индустриялық салада кадрлар саясатын, кадрларды даярлау мен қайта даярлауды қалыптастыру.

Аграрлық венчурлық кәсіпкерліктің дамуын ынталандыру.

4.7. Жалпы мемлекеттік бақылау қызметін жүзеге асыру

Тұқым шаруашылығы мен асыл тұқымды мал шаруашылығында және басқаларда ветеринарлық, техникалық бақылауды нығайту.

Егіс даласынан бастап түпкілікті тұтынушыға дейінгі барлық кезеңнен өту барысында аграрлық-индустриялық өнімнің сапасын бақылау мен сертификаттау жүйесін құру. Өнімдердің экологиялық тазалығын қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды қатайту. Тамақ өнімдері қауіпсіздігінің мамандандырылған қызметін к ұ р у .

Ұлттық санитариялық және фитосанитариялық стандарттарды халықаралық стандарттармен біріздендіру.

Ауылдық жерлердегі қоршаған ортаға антропогендік салмақты азайту үшін аграрлық өндірісте технологияларды бақылау жүйесін әзірлеу.

4.8. Құрылымдық саясат

Дамудың технологиялық прогресін айқындайтын басымдықты шағын салалардың дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттік мақсатты бағдарламалар әзірлеу және олардың іске асырылуын инвестициялық, сыртқы сауда, технологиялық саясат тетіктерімен қамтамасыз ету.

Жоғары тауарлы өндірісті қамтамасыз ету мақсатында ұсақ ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын шоғырландыру үшін заңдық және экономикалық жағдайлар туғызу.

4.9. Ауыл аумағын дамыту

Ауыл халқын әлеуметтік қамсыздандыру стандарттарын әзірлеу және іске асыру.

Ауылдық жерлерде жұмыспен қамтудың аймақтық бағдарламасын әзірлеу және іске асыру.

Ауыл шаруашылығы қызметкерлерін қайта даярлау бағдарламасын әзірлеу. Ауылда шағын кредит беру бағдарламаларын кеңейту.

Ауылдың әлеуметтік инфрақұрылымының базалық салалары - білім беру мен денсаулық сақтау ісін қаржыландыру көлемін ұлғайту.

Ауылдың көлікке қол жетімділігін қамтамасыз ету.

Ауылдық жерлердегі бюджеттік ұйымдарда жұмыспен қамтылу деңгейінің төмендеуіне жол бермеу.

Жұмысты іздестірудің неғұрлым оңтайлылығын қамтамасыз ету үшін жастардың білім алу деңгейін (кәсіптік орта білім беру жүйесі) қолдау.

4.10. Аграрлық-индустриялық саясатты құқықтық қамтамасыз ету

Мыналарды :

- аграрлық-индустриялық секторды мемлекеттік басқару мен реттеуді;
- мемлекеттің және салалық одақтардың, қауымдастықтардың өзара іс-қимылын ;

- экологиялық талаптардың негізінде аграрлық және азық-түлік өндірісін реттейтін заңдар мен басқа да нормативтік құқықтық актілер сериясын әзірлеу.

Мыналарды :

- жердің нарықтық айналымын реттеуді;
- ауыл шаруашылығы кооперациясын дамытуды реттейтін нормативтік құқықтық актілерді одан әрі жетілдіру.

V БӨЛІМ КӨЛК ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

1. МАҚСАТ

Қазақстанның жедел экономикалық өрлеуіне ықпалын тигізетін және экономика мен қоғамның қажеттерін сапалы қызметтермен қамтамасыз ететін тиімді және технологиялық жағынан жаңартылған көлік кешенін құру.

2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Экономиканы ырықтандыру және көлік кешеніндегі құрылымдық өзгерістер көлік қызметін көрсету нарығын қалыптастыруға алып келді, нормативтік құқықтық орта, саланы басқару жүйесі өзгеруде. Аталған жағдайларда қажеттіктерді болжауға ғана негізделген көлік қызметін дамытуға дәстүрлі қағидаттар салааралық бағдарлауды талап етеді.

Сонымен бірге әлемдік үрдістерге сәйкес болу қажеттілігі, сондай-ақ көлік түрлері бойынша тасымал құрылымы көлік-коммуникациялық кешен элементтерінің дамуы үшін жауапкершіліктің неғұрлым айқын бекітілуін талап етеді.

Көлік кешеніндегі тасымал көлемінің едәуір қысқаруы нәтижесінде (18-қосымшаны қараңыз) артық қуаттар пайда болды, оларды тиімсіз пайдалану қосымша шығындарды туындатады.

Негізгі магистральдық жолдар мен тасымал құралдарын жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары төмен қарқынмен жүргізілуде. Жүйенің техникалық жай-күйінің, пайдалану құралдарының нашарлауының тұрақты беталысы орын алып отыр, мұның өзі саланың транзиттік әлеуетін төмендетеді (19-қосымшаны қараңыз).

Іліктес салалардағы өзіндік құнның едәуір жоғарылығы және өнім шығарудың төмендеуі, ауылдағы қатынас жүйесінің құлдырауы, жұмыспен қамтудың төмендеуі көліктен тысқары әсердің (көліктің басқа салаларға ықпал ету әсері) бұлтартпас салдары болып табылады.

Нәтижесінде, саланың басты міндеттері: көлік қызметін неғұрлым аз шығынмен, толық көлемде және жоғары сапалық деңгейде ұсыну сондай-ақ транзиттен табыс алу толық көлемінде орындалған жоқ.

Дегенмен, соңғы уақытта ұлттық экономикадағы көлік кешені ролінің тұрақты түрде өсуі байқалады. Егер 90-жылдардың бас кезінде көлік пен байланыстың Қазақстан Республикасының ішкі жалпы өніміндегі үлесі 8,9% деңгейінде бағаланса онжылдықтың аяғына қарай ол 13,3%-ға дейін өсті.

Көлік қызметін көрсету нарықтарын игеру жолындағы ішкі (басым жағдайда автомобиль және авиация көлігінде) және салааралық (басым жағдайда автомобиль және темір жол, темір жол және су көлігі түрлерінің арасында)

бәсекелестік, сондай-ақ шетел тасымалдаушыларымен бәсекелестік көлік жүйелерінің белгілі бір дәрежеде өзін-өзі сақтауын қамтамасыз етеді.

Көліктік жобалардың едәуір бөлігінің құнының жоғарылығы болуы бүгінгі таңда елдің стратегиялық инвестор ролінде көрінуіне мүмкіндік бермейді. Сондықтан транзиттік әлеуетті іске асырудан келетін экономикалық пайданы көбейту, сондай-ақ жобаларды іске асыру үшін қолайлы экономикалық жағдай жасау, жеке инвесторлар мен мердігерлерді тарту, стратегиялық маңызы жоқ объектілерді бөлу және жекешелендіру жолымен инфрақұрылымды дамытуға арналған инвестициялық шығыстарды азайту негізгі міндет болып отыр.

18-қосымша

Көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалының көлемі және жүк айналымының динамикасы

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

19-қосымша

2000 жылғы күзгі тексерудің нәтижесі бойынша жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының жай-күйі

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

2.1. Күшті жақтар

Географиялық жағынан тиімді орналасу: транзиттік маршруттардың едәуір бөлігі елдің аумағы бойынша өтеді. Трансконтинентальдық еуразиялық қатынаста жүк жеткізудің неғұрлым қысқа (TRASECA дәлізі) және ыңғайлы (Орталық дәліз) жолдары.

Орта Азия республикаларының Ресей Федерациясымен экономикалық байланыстарына іс жүзінде баламасыз қызмет көрсету.

Аса бай энергетикалық ресурстар саланың ұзақ мерзімді кезеңде үздіксіз жұмыс істеуіне ықтимал кепілдік береді.

Қажетті санаткерлік және еңбек ресурстарының болуы.

Көлік-коммуникациялық жүйедегі шағын салалардың қызметін реттейтін нарық институттары - ұлттық компаниялар құрылды және жұмыс істейді. Көлік кешені қызметінің тиімділігін арттырудың тұжырымдамалық жобалары әзірленді.

Байланыс құралдарын және көлік кешенін ақпараттандыруды дамыту тұтас алғанда әлемдік үрдістерге сәйкес келеді және ішкі қажеттер үшін жеткілікті.

2.2. Әлсіз жақтар

Көлік-коммуникациялық кешендегі шағын салаларды құрылымдық өзгерту барабар құқықтық қамтамасыз етумен бекітілмейді. Көліктің барлық түрлерінің

жұмысында өзара байланыс пен үйлестіру, мемлекеттің қолданыстағы инфрақұрылымды басқаруының бірыңғай схемасы жоқ.

Тасымалдаудың, жол сервисі инфрақұрылымының, қозғалыс қауіпсіздігінің халықаралық стандарттарға сәйкес келмеуі. Көлік-коммуникациялық кешенге қатысты халықаралық шарттар мен келісімдердің жеткіліксіздігі.

Көлік жүйесі әлі күнге дейін бірінші кезекте елдің ішкі қатынасын қамтамасыз етуге емес, шикізатты әкетуге бағдарланған. Аудан орталықтары туралы айтпағанда, көптеген облыс орталықтарында тікелей автомобиль және темір жол қатынастары жоқ.

- Көлік-коммуникациялық қызметтерін дамыту салааралық ерекшеліктер ескерілмей қарастырылды. Саланың дамуындағы ұзаққа созылған құлдырау кезеңі осының салдары болып табылады:

- көлік құралдары техникалық жай-күйінің нашарлай түсуінің тұрақты үрдіске айналуы;

- автомобиль жолдарының техникалық деңгейінің төмендігі, автомобиль жолдарының тиімді жұмыс істеуіне қажетті тұрақты және сенімді қаржы жүйесінің болмауы;

- мемлекеттің оңтайлы көлік жүйесінің болмауы;

- тасымалдаудың және ақпаратты өңдеудің ескірген технологиялары;

- Ертіс өзенінде төте кеме қатынасының болмауы;

- көлік магистральдарының жекелеген учаскелерінің өткізу қабілетінің төмендігі.

Күш-жігерді негізінен ағымдағы проблемаларды орындауға бағыттау, атқарушы органдардың саланы дамытуды жүйелі жоспарлауға жеткілікті назар аудармауы.

Экономикалық міндеттерді басқа салалардың пайдасына көлік кешенінің есебінен іске асырудың белсенді практикасы, мұның өзі оның дамуына тежеуші әсер етеді.

2.3. Мүмкіндіктер

Өсе түскен минералдық-шикізат экспортына көлік-коммуникациялық қызмет көрсету.

Белгілі бір жағдайларда Орталық Азия мемлекеттерінің көлік әлеуетіне қатысты стратегиялық басымдықтарды сақтау.

Шығыс пен Батыстың арасындағы сауданың өсуін ескере отырып көліктің барлық түрлері бойынша қызметтерін, сондай-ақ аэронавигациялық сүйемелдеу қызметтерін экспорттау.

Елорданы Астанаға көшіруге байланысты ішкі аймақтық қатынасты нығайту, аймақаралық ынтымақтастықты дамыту, туризмді дамыту мүмкіндіктері.

Жақсы менеджмент пен маркетинг жағдайындағы өзін-өзі қамтамасыз ету

және рентабельді жұмыс.

Жаңа технологияларға бет бұру аясында қолда бар салалық ғылыми-зерттеу институттары мен ғылыми әлеуетті пайдалану, олар сыртқы нарықты игеруге жәрдемдесетін болады.

Кеме жөндеу-кеме құрылысы кәсіпорындарының қолда бар өндірістік-өнеркәсіптік әлеуетін пайдалану.

2.4. Қатерлер

Шектес мемлекеттердің өздерінің транзиттік әлеуетін немесе балама көлік жолдарын пайдалану жөніндегі белсенді позициясы.

Негізгі көлік магистральдары бойынша кеден-тарифтік келісімдердің болмауы.

Ішкі көлік нарығына шетел тасымалдаушыларының енуі және каботаждық тасымалдаудың көбеюі.

Халықаралық экологиялық стандарттарға сай келетін жылжымалы құрамның болмауы.

Көлік қызметінің халықаралық нарығында отандық тасымалдаушылардың қызметін шектеу.

Көлік-коммуникациялық қызметтерін ұсынудың ескірген стандарттарын, нормалары мен ережелерін пайдалану.

2.5. Әлемдік үрдістер

Тұтынушылардың мүддесіне бағдар ұстау, ұсынылатын қызметтердің көп нұсқалылығы көлік-коммуникациялық саланың нарықтық мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Әлемдік экономиканың көлік процесін жетілдіруге, жүктерді кепілді сақтау мен қатаң ырғақты тауар берімін сақтай отырып тасымалдаудың жоғары технологиялық, жоғары интеграцияланған схемасын одан әрі дамытуға мүдделілігі әлемнің озық елдерінде көлікті дамытуға ықпалын тигізу үстінде.

Әлемдік экономиканың дамуын болжау жаңа ғасырдың бас кезінде АҚШ - Еуропа - Қиыр Шығыс үштігі әлемнің негізгі қаржы, тауар тасқынының шоғырланатын орынға айналатынын көрсетеді. Соңғы жылдары әлемдік сауда көлемі әлемдік жалпы ішкі өнім өсімінен 1,5-2 есе асатын қарқынмен өсуде. 1993-1998 жылдары ЕО елдері арасындағы жүк тасымалы 7,5%-ды құрады, ал ЕО мен үшінші елдер арасындағы жүк тасымалы 13%-ға өсті.

Еуропа - Оңтүстік Шығыс және Шығыс Азия бағыттары бойынша тасымалданған тауар массасының жалпы көлемін халықаралық талдау орталықтары 330-400 млрд. АҚШ долларына бағалайды. Осы көлемнен ресейлік және қазақстандық коммуникацияға 20%-ға дейіні тиеді.

Ғаламдану жағдайында экономиканың даму тұрақтылығына барабар ұлттық көлік-коммуникациялық жүйесінің болуы қол жеткізеді. Қажетті ақпаратты

жедел алу мен өңдеу қажеттігі өсе түседі. Компьютерлік технологияның дамуы және әлемдік ақпараттық жүйеде жұмыс істеу мүмкіндігі негізгі факторға айналып отыр. 90-жылдардың ортасында ғаламдық ақпараттық инфрақұрылым ұғымы пайда болды. Цифрлық және барынша дербестендірілген, шектеусіз ресурстарға ие бірыңғай желі құрылуда. Жана ақпараттық технологияларды енгізу көлік салаларының қызметтерін көрсетулерін оңай комбинациялауға мүмкіндік береді.

Көліктің бәсекелес түрлерін өзара іс-қимыл жасаушылар мен алуан түрлі және бірінші сыныпты сервис ұсынушыларға айналдыратын мультимодальдық тасымалдау көптеген елдерде мемлекеттік саясат дәрежесіне жеткізілді. Бұдан басқа, әлемдік экономиканың ғаламдану салдарының бірі ұлттық көлік компанияларының трансұлттық негізде қосылуы, әр түрлі мемлекеттердің қауымдастықтармен бірлескен көлік-экспедициялық кәсіпорындар құруы болып табылады.

Халықаралық көлік жобаларын іске асыру перспективада барабар дәліздер қалыптастыру және транзит үшін бәсекені күшейту жағдайында жүретін болады. Контейнерлік жүк үлесінің көбейгені, құрылықтағы көліктің теңіздегі көлікпен бәсекелесуінің артқаны байқалады.

Транссібір темір жол магистралы еуразиялық ендік бағытындағы базалық маршрут болып табылады. Оны транзиттік жүктер тасымалдау үшін пайдалану оларды Азия-Тынық мұхиты аймағы мен Еуропа арасындағы тауар берімдері мерзімін едәуір қысқартуды қамтамасыз етеді. Бұған Еуразия құрылығын айнала жүретін оңтүстік теңіз жолымен салыстырғанда маршруттың едәуір қысқалығы есебінен қол жеткізіледі. Транссібір магистралының қазіргі жай-күйінде одан жылына 260-300 мың бірлікке дейінгі көлемде транзиттік контейнерлер тасқыны өтеді.

Автомобиль көлігі өзінің халықаралық қатынастарын дербес түрде де, сондай-ақ интермодальдық тасымалдау шеңберінде көліктің басқа түрлерімен тығыз кооперация түрінде де барған сайын пәрменді етіп келеді. Көліктің бұл түрі сұраныстың өзгеруіне тез бейімделеді, өз кезегінде ол экономиканың жай-күйіне, халықтың әлеуметтік жағдайына тәуелді. Батыс елдерінде автокөліктің көлік теңгеріміндегі үлесі ішкі жалпы өнімнің ұлғаюына сай өседі. Соңғы 25 жылда АҚШ-та ішкі тасымалдаудағы жүк айналымы екі есе өсті. Автомобиль көлігін серпінді дамытудың арқасында жалпы жүк айналымы осы кезеңде шамамен екі есе өскен Батыс Еуропада да осыған ұқсас үрдіс байқалады.

Контейнерлендірілген жүктер тасымалының басым көпшілігі сол немесе басқа көліктің өзара тиімді қосымша мүмкіндіктерін пайдалану есебінен темір жол және автомобиль көліктерінің ынтымақтастығы негізінде жүзеге асырылады.

Тұтастай алғанда Батыс Еуропа бойынша автомобиль көлігіндегі жүк айналымы темір жолдан 4 есе асып түседі.

Батыс Еуропадағы автомобильмен тасымалдаудың өзіндік құнының АҚШ-пен салыстырғанда неғұрлым жоғары болуына байланысты қазіргі кезде жолдарда болашақ шығындарды алдын ала есептеп шығару мүмкіндігін қарастыра отырып, төлемдер мен алымдар өндіріп алудың жаңа жүйесі әзірленуде. Нәтижесінде жол инфрақұрылымын жетілдіру, тасымалдаудың жаңа прогрессивті технологиялары мен тәсілдерін дамытуға жағдай жасалатын болады.

Тасымалдаудың интермодальдық схемасын енгізуге байланысты 1995-1999 жылдарда темір жол көлігі рөлінің тұрақтанғаны (кұлдырау үрдісінен) байқалады. Бұған қоса, сала Еуразияның жеткілікті дәрежеде игерілмеген кеңістігінде қанат жаю мүмкіндігін алады. Еуропаны Тынық мұхит аймағымен қосатын трансқұрылықтық трассалар неғұрлым маңызды жобалар болып табылады. Тиімді геосаяси жағдай транзиттік әлеуетті өсіру есебінен елдің экономикалық мүмкіндіктерін арттыруға ықпал етеді.

Теңіз, өзен және әуе көлігінде өсудің төмендеу үрдісі қалыптасып отыр. Айталық, соңғы жылдары теңіз сауда флоты көрсеткіштерінің жылдық өсімі 1994-1995 жылдардағы 10%-дан 3%-ға дейін төмендеді.

Көлікке, әсіресе, жеткізу мерзімдеріне барған сайын қатаң талаптар қойылып отырған жағдайда көліктің басқа түрлеріндегі - автомобиль мен темір жолдағы бәсеке ішкі су қатынастары рөлінің шектелуіне ықпал етеді. Дунайда, мысалы, халықаралық тасымалдар 1980 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін 1/3-ге - 30,6 млн. тоннадан 20,3 млн. тоннаға дейін қысқарды. Ресейде тасымалдар көлемі қ ұ л д ы р а п б а р а д ы .

Көліктің елеулі жобалары құнының жоғары болуына орай мемлекеттер бүгінде стратегиялық инвестор рөлінде көрінуге қабілетсіз болып отыр. Олардың міндеті жобаларды іске асыру, жеке инвесторлар мен мердігерлерді тарту, кепілдік беру үшін қолайлы экономикалық жағдай жасау болып отыр. Инвестициялау саласында "құрылыс - операция жасау - беру" схемасын пайдалануға көшу жүріп жатыр.

Халық тұрмысының әлеуметтік жақтарын сипаттайтын көрсеткіштердің жол желісінің даму деңгейіне тәуелді екені байқалады. Нәресте өлімі, жұқпалы аурулар проблемаларын халықаралық зерттеулер, көлікке аймақ ішінде қол жетімділіктің артуы аталған көрсеткішті іс жүзінде 40-50%-ға төмендететінін көрсетеді.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Коммуникациялар халық тұрмысының сапасын арттыру және шаруашылық жүргізудің нарықтық мүмкіндіктерінің құралы ретінде, сондай-ақ тұтыну нарығын тұрақтандырудың факторы ретінде қарастырылуға тиіс.

Қазақстан өнеркәсіптің кен өндіру, тамақ және басқа салаларына, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруге, транзиттік тасымалдауға маманданады, олардың тиімділігі едәуір дәрежеде жол желісінің сенімділігіне тәуелді. Сондықтан экономиканың аталған секторлары жол шаруашылығын дамытуға тікелей мүдделі болуға тиіс, ал аса маңызды басымдықтардың бірі автомобиль жолдарының желісін сақтау және ұлғайту болып табылады.

Егер темір жол, теңіз және авиациялық тасымалдардың едәуір бөлігі транзиттік тасымалдауларға жатқызылса, автомобиль мен өзен көліктері көп жағдайда ішкі қажеттерді, соның ішінде жекелеген аймақтардың қажеттерін қанағаттандыруға бағдарланған.

Бұл көліктің неғұрлым маңызды екі түрін дамытуға қаржы басымдығында бекітілуі тиіс. Өйткені темір жол көлігі едәуір дәрежеде республикалық функциялар атқаратындықтан, ол басым жағдайда республикалық көздерден қаржыландырылуға тиіс. Автомобиль көлігі үшін республикалық және аймақтық ресурстардан үлестік қаржыландыру жағдайын туғызу талап етіледі.

Экономиканың ғаламдану барысында ХХІ ғасырдың басындағы халықаралық көлік дәлізін қалыптастыру іс жүзінде аяқталатын болады. Қазақстанның Еуропа - Оңтүстік-Шығыс Азия бағытындағы объективті бәсекелестік басымдықтары қолда бар көлік тораптары мен дәліздерін пайдалана отырып қатарға жаңа көлік коммуникацияларын енгізумен қысқа мерзімде іске асырылуға тиіс.

Әлемдік сауда технологияларының өзгеруі, тауар алмасу процесін кешенді ақпараттандыру логистика принциптерінің негізінде көлік-бөлу технологияларын өзгерту міндетін қояды.

Күш-жігерді екі бағытта: транзиттік саясат пен ішкі қажеттерді қанағаттандыру бағыттарында шоғырландыру талап етіледі.

3.1. Транзиттік саясат

Транзит ұлттық көлік жүйесінің резервтерін тиімді пайдалануға мүмкіндік береді, олардың кеңейтілген үдемелі өндірісін ынталандырады. Өз кезегінде көліктік машина жасау дамиды, жол, жүктерді ауыстырып тиеу, ілеспе сервис пункттерін салу жандандырылады, жаңа жұмыс орындары құрылады.

Көліктің жекелеген түрлеріне тән ерекше проблемалармен қатар, республика көлік кешенін дамытудың ортақ басты проблемасы әлемдік көлік жүйесіне интеграцияланудың негізі ретінде трансқұрылықтық қатынастардағы халықаралық байланысты қамтамасыз ететін маршруттар бойынша тасымалдар шартын жетілдіру болып табылады.

Республика қажеттеріне көлік қызметін көрсетудегі жетекші рөл ішкі

Солтүстік дәлізге неғұрлым көп транзиттік жүк қауырттылығы тән. Солтүстік дәліздің техникалық мүмкіндіктерін жеткілікті пайдаланбау Еуропа-Азия баламалы маршруттарының ерекше жоғары бәсекелестігімен, шешілмеген мәселелер кешенінің болуымен және осы бағытта жүк тасқынын ұлғайту бойынша трансазиялық маршрут (Қытай-Қазақстан арқылы) пайдалануға қатысушы мемлекеттердің барабар күш-жігер жұмсамауымен түсіндіріледі.

Орталық дәліз шекарасында неғұрлым көп жүк қауырттылығы екі бағыттағы тасқын бірігетін дәліздің екі жолды бөлігіне - Шу - Шенгелді учаскесіне тән. Қазіргі кезде дәліз бойынша тасымалдың көлемі едәуір азайды. Бұл Ресей - Орта Азия қатынасындағы экономикалық байланыстардың күрт қысқаруына және Қазақстанның Орта Азия мемлекеттерімен экспорттық-импорттық байланысының азаюына байланысты.

Оңтүстік-Шығыс және Орта Азия арасындағы қатынаста шағын көлемді тасымалдар жүзеге асырылады. Өзбекстаннан Қашқар қаласына (Қытай Халық Республикасы) тікелей темір жол салудың көзделуіне байланысты осы тасымалдау бойынша Қазақстан өз позициясын іс жүзінде жоғалтты.

Ел аумағы бойынша тағы екі халықаралық темір жол маршруттары өтеді: ортаазиялық, онымен тасымалдар Орталық Азия республикаларын алыс және таяу шетел мемлекеттерімен байланыстыратын мемлекетаралық қатынаста жүзеге асырылады;

батыс, онымен тасымалдар жиілеу перспективасы негізінен Ақтау теңіз порты арқылы көліктік байланыстарды дамытуға байланысты. Оны одан әрі дамытуға сондай-ақ Ресей, Қазақстан, Түркіменстан және Иран темір жол желілері арқылы Еуропаның солтүстік-батыс аудандарынан Парсы шығанағы ауданына төтелей шығуды қамтамасыз ететін "Солтүстік-Оңтүстік" халықаралық көлік магистралын қалыптастырудың жобасын жүзеге асырған кезде мүмкіндік т у а д ы .

Қазақстан үшін сондай-ақ Еуропаға шығудың ресейлік нұсқасына балама ретінде, Каспий теңізі, Кавказ және Қара теңіз арқылы ортаазиялық аймақтан еуропалық елдерге шығуды қамтамасыз ететін ТРАСЕКА дәлізінің маңызы аз е м е с .

Автомобиль жолдары саласында жалпы пайдаланудағы жолдардың ұзындығы мен жолдардың тығыздығы жағдайының салыстырмалы түрде қолайлылығына қарамастан, (23-қосымшаны қараңыз), оларды пайдаланудың жай-күйі мейлінше қанағаттанғысыздығымен сипатталып отыр.

Қазақстаннан таяу шетелдерге шығатын автожолдардың шекаралық өткелдері

, олардың көптігіне және бұрынғы Кеңес Одағы республикаларының қалыптасқан айрықша байланыстарына орай, қазіргі кезде халықаралық талаптарға сәйкес жабдықталмаған. Тек республикалық жолдар бойынша таяу шетелдерге шығатын 11 жол бар.

Қытаймен шекарадағы автожолдар өткелдерінің маңызы ерекше. Республикалық автожолдарда орналасқан негізгі өткелдер - Қорғас, Достық, Б а қ т ы , М а й қ а п ш а ғ а й .

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша транзиттік тасымалдаудың негізгі көлемін шетелдік автомобильдер жүзеге асырады, соның ішінде транзиттік жүк тасқындарының 20%-ы үшінші елдер автомобильдерімен жүзеге асырылады (мысалы, Қырғызстанда тіркелген автомобильдер, қытай жүктерін Ресейге тасымалдайды). Қазақстандық автокөлік құралдарының транзиттік тасымалдарға қатысу үлесі салыстырмалы түрде көп емес (24-қосымшаны қ а р а ң ы з) .

Қазақстанның транзиттік әуе маршруттары Еуропа мен Оңтүстік-Шығыс Азия арасындағы ұшуды орындайтын шетелдік авиакомпаниялар үшін тиімді болып табылады, өйткені маршруттардың ұзындығын едәуір қысқартуға мүмкіндік береді (25-қосымшаны қараңыз). Қазақстанның әуе кеңістігін пайдалануға қазіргі сұраныс әуе қозғалысын басқарудың техникалық құралдарын , навигация мен байланысты жетілдіруді талап етеді.

Қосымша әуе маршруттары (Қытай, Әзірбайжан, Өзбекстан) ашылды. Халықаралық әуе дәліздерінің саны 1998 жылғы 56-дан, 1999 жылы 72-ге дейін артты. Халықаралық әуе трассасының ұзындығы 45000 шақырымды құрайды.

Су көлігіндегі негізгі транзиттік жүк тасқыны Ақтау порты арқылы өтеді. Қайта жаңартудан кейін жүктерді қайта өңдеу технологиясын жақсарту және жұмысты ұйымдастыру есебінен порттың өткізу қабілеті, айлақты жұмыспен қамту 65-70% болған жағдайда құрғақ жүктер үшін жылына 1,5 млн. тоннаны, соның ішінде 0,6 млн. тонна жалпы құрғақ жүктерді, 0,9 млн. тонна ақтарылма жү к т е р д і құ р а й д ы .

Каспий бассейнінде пайдаланылатын темір жол және автомобиль көлігіне қызмет көрсету үшін паромдық айлақты оңалту жөніндегі ТРАСЕКА жобасын әзірлеу және Солтүстік-Оңтүстік жобасын іске асыру Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық тасымалдарды жүзеге асыру үшін порттың мүмкіндіктерін кеңейтуге жол ашады.

Теңіз тасымалдарын жүзеге асыру жөнінде ықтимал мүмкіндіктер бола тұра өзімізде теңіз флотының болмауы олардың дамуын тежеп отыр. Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен "Ұлттық теңіз кеме қатынас компаниясы - "Қазтеңізкөлікфлот" ЖАҚ ұйымдастырылды, оның міндеті "өзен-теңіз" класты кемелердің теңіздегі өзіндік танкерлік пен құрғақ жүк

тасымалы флотын құру болып табылады, мұның өзі Қазақстанның су көлігінің әлемдік көлік жүйесіне интеграциялануына ықпал ететін болады.

Тұтас алғанда транзиттік саясатты толыққанды іске асыруға қол жеткізу мынадай жағдайларда мүмкін болады:

- сыртқы көлік саясатын жандандыру;
- экономикалық, ұйымдық-құқықтық және техникалық жағдайлар жасау, транзиттік дәліздердің бәсекеге қабілеттілігін арттыру;
- шектес елдердің баламалы транзиттік дәліздеріне тәуелділікті төмендету жөніндегі жаңа бағыттарды әзірлеу;
- көлік процестерінде неғұрлым тиімді шешімдер іздестіру үшін осы заманғы ғылыми жетістіктерді және ақпараттық технологияларды пайдалану;
- отандық өнеркәсіпті, сыртқы сауданы дамыту және ілеспе сервис саласында жұмыспен қамтуды арттыру үшін транзиттің әлеуметтік-экономикалық тиімділігін қамтамасыз ету.

Транзиттік саясатты іске асыру жөніндегі стратегиялық міндеттер мыналар:

- транзиттік тасымалдардан түсетін табыстың өсуі, Қазақстанның халықаралық көлік жүйесіне тең құқықты интеграциялануы және позициясының нығайтуы;
- толыққанды инфрақұрылым құру және ілеспе сервис саласында жұмыспен қамтуды ұлғайту;
- ақпараттық технологияларды дамыту арқылы халықаралық озық тәжірибемен қамтамасыз ету.

20-қосымша

Қазақстанның еуразиялық көлік дәліздері жүйесіндегі орыны

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

21-қосымша

Қазақстан Республикасында темір жолдар торабының қалыптасуы

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

22-қосымша

Темір жол көлігімен транзиттік тасымалдар серпіні

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

23-қосымша

Қазақстан Республикасындағы автомобильдер жолдарының торабы

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

24-қосымша

Жүк тасымалдайтын елдердің транзиттік жүк ағынындағы үлесі (%)

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

25-қосымша

Қазақстан Республикасының халықаралық әуе жолдарының схемасы

(қағаздағы мәтіннен қараңыз.)

3.2. Ішкі қажеттерді қанағаттандыру саясаты

1997-1998 жылдардағы жалпы экономикалық дағдарыс көлік қызметінің негізгі көрсеткіштерінде көрініс тапты. Өндірістің төмендеуі салдарынан экономиканың барлық салаларында көліктің барлық түрлерімен жүк тасымалдау көлемінің қысқарғаны байқалды.

Аумақтың кеңдігіне және ірі кәсіпорындардың көпшілігінің экспорттық-шикізаттық бағытта болуына орай, Қазақстан Республикасында темір жолдың күллі отандық экономика үшін стратегиялық маңызы бар. Жүктің көптеген түрлері үшін темір жол көлігі көліктің баламасы жоқ түрі болып т а б ы л а д ы .

Таяу болашақта темір жол көлігі қызметі құнының отандық өнімнің ішкі және сыртқы нарықтарда бәсекеге қабілеттілігіне ықпалы сақталады. Бұл ретте көліктің басқа түрлері тарапынан және бірінші кезекте автомобиль көлігінің тарапынан бәсекелестік күшейетін болады.

Темір жол желісі бұрынғы жалпыодақтық Шығыс-Батыс жүйесінің магистралы өтетін Қазақстанның солтүстік бөлігінде неғұрлым жақсы дамыған. Республиканың қалған аумағында желі жеткілікті қалыптаспаған, ол аумақтың шығыс және орталық бөліктеріндегі екі меридиандық бағыттармен және Орск мен Оренбургке тартылған тармақтары бар Ташкент-Шымкент-Ақтөбе-Орал-Самара магистральдарымен сипатталады.

Бірқатар облыстардың арасындағы темір жол қатынастары Ресей аумағы арқылы жүзеге асырылады, мұның өзі тасымалдар жасаған кезде белгілі бір

Өнеркәсіп өндірісі өнімдерінің, әсіресе жанар-жағар май материалдары бағасының инфляция жағдайында өсуі және тасымалдау тарифтерінің 1998-1999 жылдар ішінде өзгеріссіз қалуы темір жол көлігінің негізгі құралдары мен жылжымалы құрамын жұмысқа қабілетті етіп ұстау жөніндегі барлық бағдарламаларды 70%-дан астам қысқартуға мәжбүрледі. Темір жол көлігін жаңғыртуға және дамытуға арналған меншікті инвестиция мен тартылған қаражат 5 млрд-тан астам теңгеге азайтылды.

Темір жолдағы институционалдық қайта құру көлік кешенінің басқа секторларымен салыстырғанда неғұрлым тежеліңкі қарқынмен жүрді. Осы сектордағы нарықтық қатынастардың одан әрі дамуы Қазақстан Республикасының Үкіметі мақұлдаған Қазақстан Республикасының Темір жол көлігін дамытудың 2005 жылға дейінгі орташа мерзімді салалық бағдарламасымен белгіленген. Бағдарлама темір жолдың бүкіл қызметін кезең-кезеңімен коммерцияландыруды, инфрақұрылымға тең қол жеткізетін бірнеше темір жол операторын құруды және олардың көлік қызметі нарығында бәсекеге түсуіне жағдай жасауды көздейді. Бұдан басқа жолаушылар тасымалдарын бөлшектеу және жеке акционерлік компания құру мәселелері ш е ш і л у д е .

Ішкі тасымалдарды жүзеге асыруда автомобиль жолдары маңызды рөл атқарады. Жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының ұзындығы 89,3 мың шақырымды құрайды. Автомобиль жолдарының жүйесінде 3 мыңнан астам көпірлер мен жолдар бар.

Жалпы пайдаланудағы жолдардың құрамындағы республикалық маңызы бар жолдардың ұзындығы - 23 мың шақырым, жергілікті маңызы бар жолдардың ұзындығы - 66,3 мың шақырым. Республикалық маңызы бар жолдар 23%-ды ғана құрайтынына қарамастан, автокөлік жұмыстарының 50%-дан астамы соларда.

Жол саласының басты проблемасы - жол төсеніштерінің төзімді қабаттарының жылдам тозуы. Автожолдардың көптеген учаскелері техникалық параметрлері жағынан автомобиль белтеміріне түсетін салмақ бойынша 10 тоннадан аспайтын нормативтік талаптарға сай келмейді. Техникалық жай-күйдің төмендігі жол қозғалысының қауіпсіздігіне теріс әсер етеді.

Саланы қаржыландырудың күрт қысқаруы жолдардың техникалық-пайдалану деңгейіне теріс әсер ету факторына айналды.

Қазақстанның 1000 тұрғынына 85,9 автомобильден келеді, бұл Румыния, Украина тәрізді елдердегі автомобильдендірілу деңгейіне сәйкес келеді. Салыстыру үшін, АҚШ-та әрбір 1000 тұрғынға 670 астам автомобиль тиесілі.

Сала алдында тұрған негізгі проблемалардың бірі, заңдық және нормативтік құқықтық базаның жетілдірілмеуі болып табылады, мұның өзі автомобиль

көлігін толыққанды мемлекеттік реттеуді қамтамасыз етуге мүмкіндік бермейді. Халықаралық қатынаста автомобиль көлігімен тасымалдауды бақылау және ақпараттық қамтамасыз ету жүйесі жоқ.

Авиация саласындағы қазіргі жағдай саясаттың теңдестірілмеуімен сипатталады: авиакомпаниялар, аэронавигация және әуежайлар өзара қажетті байланыссыз және келісілген қызмет пен даму саясатынсыз дербес өмір сүруде. Тасымалдар көлемінің жоқтығы әуежайлардың көпшілігіне тән нәрсе, оны авиаторлар тарифті көтерумен өтуге тырысады. Бұл тасымалдар көлемінің одан әрі төмендеуіне алып келеді.

Қазіргі кезде ішкі су жолдарындағы кеме қатынасы жолдарының ұзындығы 4 мыңнан астам шақырымды құрайды. Салалардың көпшілігінде, әсіресе құрылыста қалыптасқан шаруашылық байланыстарының бұзылуы және өндіріс көлемінің азаюы, сондай-ақ Шульба шлюз құрылысының аяқталмауы себебінен Ертіс өзенінде кемелердің тоқтаусыз жүзе алмауы тасымалдар көлемінің күрт қысқаруына алып келді.

Су жолдарын күтіп ұстауға арналған мемлекеттік қаражаттың жыл сайынғы қысқаруы (2000 жылға дейін) кеме қатынасының қауіпсіздігі проблемаларының шиеленісуіне және жекелеген кеме қатынасы учаскелердің жабылуына алып келді.

Осыдан ширек ғасырдан астам уақыт бұрын пароход жөндеу қажеттерін толық қанағаттандыратын өнеркәсіп орындарын технологиялық жабдықтау паркі, қазіргі кезде осы заманғы кеме жабдықтарымен жарақтанған кемелерге техникалық қызмет көрсету талаптарына мүлдем жауап бермейді.

Су көлігінің инвентарлық паркін 80%-ға жуығы өз ресурстарын бітірген 965 өзен кемелері мен 23421 шағын көлемді кемелер құрайды.

Ішкі қажеттерді қанағаттандыру саясатын іске асыру жөніндегі стратегиялық міндеттер мыналар:

- ұлттық көлік инфрақұрылымын қалыптастыру;
- оза дамыту стратегиясы, мемлекеттің реттеушілік рөлін күшейту арқылы тұтас алғанда экономика бойынша мультипликативтік (еселенген) тиімділікке қол жеткізу болып табылады.

4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

2001 - 2002 жылдарда:

саладағы ахуалды тұрақтандыру, республикалық және аймақтық ресурстарды көлік-коммуникациялық жүйелерді негізгі құрамдас бөліктері - автожол салалары мен темір жол көлігінде шоғырландыру арқылы тұрақты өсу үшін жұмылдыру. Жұмыс істеп тұрған коммуникациялары жүйесін қолдау, оның

техникалық жай-күйін тиісті нормативтік талаптар деңгейіне дейін жеткізу. Транзиттік саясатты, ілеспе сервис инфрақұрылымын, экономиканың басқа секторларымен кооперацияны қалыптастыру. Төлемдер мерзімі едәуір ұзартылған "жұмсақ" сыртқы заемдар тарту.

2003 - 2005 жылдарда :

мемлекетаралық қауымдастықтарға қатысу арқылы көлік-коммуникациялық желісін кеңейту, халықаралық көлік жүйесіне интеграциялану және транзиттік әлеуетті дамыту жөніндегі инвестициялық бағдарламаларды іске асыру. Жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарындағы қажеттерді толық қанағаттандыруды қамтамасыз ететін кәсіпорындар желісін құру. Әлемдік, ақпарат алмасу стандарттарын, соның ішінде мемлекеттік органдар арасында қамтамасыз ету.

2006 - 2010 жылдарда :

бірыңғай көлік-коммуникациялық кеңістік қалыптастыру, мультимодальдық тасымалдау мен көліктік логистиканың принциптерін іске асыру. Республиканың барлық елді мекендері үшін көлікке қол жетімділікті қамтамасыз ету, азаматтардың сапасы жөнінен әлемдік деңгейге сай келетін және тұтынушылардың мұқтажына бағдарланған көлік қызметіне қажеттігін қамтамасыз ету. Саланың рентабельділігін арттыру, транзиттен түсетін табысты өсіру, заем қаражатын қайтара бастау.

4.1. Транзиттік саясатты іске асыру жөніндегі стратегиялық іс-қимыл 4.1.1.

Транзиттік тасымалдардан түсетін табыстың өсуі,

Қазақстанның халықаралық көлік жүйесіне тең құқылы интеграциялануы және ондағы позициясын нығайту

Сыртқы факторларды ескере отырып көлік дәліздерінің пайдаланылуына жүйелі түрде талдау жүргізу және оларды жүктемелеу жөніндегі шараларды іске асыру .

Өзара тиімді мемлекетаралық келісімдер негізінде трансқұрылықтық дәліздердің баламалы учаскелері бойынша халықаралық сауда ағындарының бөлінісіне қол жеткізу. Көлік қызметінің халықаралық нарығында конъюнктураны бірлесіп зерттеу және еуразиялық және трансазиялық негізгі жүк ағындарын болжау .

Көлік коммуникацияларын өзара тиімді пайдалануды ұйымдастыру жөніндегі мемлекетаралық қауымдастықтар құру:

- Трансазиялық темір жолдың Солтүстік дәлізін дамыту жөнінде Ресей Федерациясымен, Қытаймен, сондай-ақ басқа да қатысушы елдермен ынтымақтастық жасау ;

- "Жібек жолы" темір жол және автожол көлік дәліздерінің учаскелерін

д а м ы т у ;

- Солтүстік-Оңтүстік транзиттік дәлізіне кіру жөніндегі іс-қимылды ж а н д а н д ы р у ;

- транзиттік жүк ағынын тарту үшін Ақтау, Түркменбашы теңіз порттарының мүмкіндіктерін пайдалану мәселелерінде Түркіменстанмен ынтымақтастық ж а с а с у ;

- көрші елдермен байланысты және әлемдік теңіз порттарына шығуды қамтамасыз ететін автомобиль жолдарын салу;

- Ертіс өзенінде төте кеме қатынасын қалпына келтіру;

- Орал-Каспий арнасын қалпына келтіру.

Елдер, сондай-ақ тасымалдаушылар мен жүк жөнелтушілер мүдделерінің теңгерімін қамтамасыз ететін темір жол тарифінің деңгейін келісу.

Жүктерді және экспедиторлық қызметтерді сақтандыру нарығын дамыту, көлік-экспедиторлық қызметін нормативтік және құқықтық қамтамасыз ету.

Көлік коммуникацияларында заңсыз алымдар мен бақылау орнату ә р е к е т т е р і н ж о ю .

Қазақстан Республикасы үшін басым халықаралық конвенциялар мен келісімдерді тану және оларды құқықтық қамтамасыз ету.

Ұлттық қауіпсіздік мүдделерін ескере отырып қозғалысты және жеткізуді бақылаудың жалпыәлемдік технологиялық стандарттарын енгізу негізінде кеден және шекара бақылауы рәсімдерін жетілдіру.

4.1.2. Толыққанды инфрақұрылым құру және ілеспе сервис саласында жұмыспен қамтуды ұлғайту

Автоматтандырылған технологиялар енгізу жолымен қолда бар транзиттік коммуникацияларды жаңғырту.

Басқа елдерден "жұмсақ" заем тарту арқылы шапшаң жүруге арналған автомобиль және темір жол магистральдарын салу және пайдалануға беру.

Ілеспе сервистің: қонақүйлердің, мотельдердің, кемпингтердің, жедел тамақтану, тұрмыстық қызметтер кәсіпорындарының жүйесін құру. Франчайзинг туралы, қонақ үй бизнесі туралы және басқа нормативтік құқықтық актілер дайындау мен қабылдау арқылы салаға шағын бизнес субъектілерін тарту.

Индустриялық транзитті дамыту - коммуникациялар жанынан жүктерді өңдеу , байыту өнеркәсібі объектілерін құру.

"Жібек жолы", Астана-Петропавл-Челябинск, Алматы-Өскемен-Рубцовск, Ташкент-Шымкент-Ақтөбе-Орал-Самара, Майқапшағай-Омбы, Бейнеу-Ақжігіт, Қызылорда-Петропавл және Фетисово-Бейнеу халықаралық автомобиль маршруттарында учаскелерді қалпына келтіру.

4.1.3. Ақпараттық технологияларды дамыту арқылы халықаралық озық тәжірибемен қамтамасыз ету

Ұдайы жаңартылып отыратын мемлекеттік ақпараттық деректер базасын ж а с а у .

Көлік қызметінің ұлттық нарығы туралы ақпаратқа, транзиттік дәліздер бойынша тасымалдардың көлемі, номенклатурасы және маршруттары туралы ақпаратқа кедергісіз қол жеткізу режимін жасау.

Жаңа техника мен прогрессивтік технологиялар енгізу, транзиттік жүктерді тасымалдар жылдамдығын арттыруға бағытталған ішкі мемлекеттік іс-шаралар ж ү р г і з у .

Ғаламдық байланыс жүйесінің негізінде транзиттік тасымалдарды алып жүрудің ақпараттық жүйелерін құру.

Салалық ғылыми-зерттеу институттарының қолда бар базаларын белсенді түрде тарта отырып көлік-коммуникациялық кешен инфрақұрылымының салалық одақтары мен қауымдастықтарын құру.

4.2. Ішкі қажеттерді қанағаттандыру саясатын іске асыру жөніндегі стратегиялық іс-қимыл

4.2.1. Ұлттық көлік инфрақұрылымын қалыптастыру

Көлік кешенін дамытудың қызметті жоспарлаудың республикалық және аймақтық деңгейде үйлестірілген тұжырымдамалық бірыңғай стратегиялық м о д е л і н е к ө ш у .

Көлік саласы позициясының республиканың экспортқа бағдарланған кәсіпорындары мен импорт алмастырушы кешендерінің стратегиялық мүдделерімен үйлесімділігіне қол жеткізу.

Мультимодальдық тасымалдарды дамыту, көлік логистикасының принциптерін іске асыру, әртүрлі көлік түрлерінің тікелей өзара іс-қимылын жасау нүктелерінде көлік инфрақұрылымын жетілдіру.

Жолаушылар және жүк тасымалдарын, әсіресе автомобиль көлігімен тасымалдардың дұрыс статистикалық есебін жүргізу әдістемесін әзірлеу.

Саланың бірыңғай ақпараттық кеңістігін және ақпараттандырудың техникалық базасын құру.

Ауыл шаруашылығы және әлеуметтік маңызы бар қалалық жолаушылар тасымалдарын қамтамасыз ету үшін лизингтік көлік компанияларын құру.

Көлік қызметін көрсету нарығында бәсекелік ортаны дамыту. Қазіргі көлік жүйелерінің техникалық және технологиялық деңгейін арттыру.

Көлік жүйелерінің мынадай ұтымды құрылымдарын әзірлеу:

- Қазақстанның белсенді дамып келе жатқан батыс аймақтарында көлік инфрақұрылымын жетілдіру;

- Қазақстанның солтүстік және батыс аймақтары арасындағы жүктерді тасымалдаудың маршрутын орта есеппен 1600 шақырымға қысқартуға мүмкіндік беретін Красноярский - Дөң темір жолын салу;

- Ақсу - Дегелең желісін салуды аяқтау, ол Солтүстік және Шығыс Қазақстан арасындағы жолды 1200-ден шақырымға астам қысқартады;

- Өскемен - Шар (Орталық және Шығыс Қазақстан) темір жолын салу;

- Қызылорда - Жезқазған темір жолын салу және басқалар (26-қосымшаны қараңыз).

26-қосымша

2010 жылға дейін іске асырылуы қажет негізгі жобалардың тізбесі

Рет!	Жобаның атауы	!Шамамен ба. ғалану құны ! (А Қ Ш - т ы ң ! млн. долл.)
------	---------------	---

Темір жол көлігі

1.	Дружба станциясын және Ақтоғай-Достық темір жолын қайта жаңарту (1-кезең)	65,8
2.	Краснооктябрьск кеніші-Дөң КБК темір жолын салу	390
3.	Ақтоғай-Достық темір жолын қайта жаңарту (2-кезең)	68
4.	Өскемен-Шар темір жолын салу	161
5.	Саяқ-Мойынты темір жолын қайта жаңарту	29
6.	Бейнеу-Маңғыстау темір жолын қайта жаңарту	32
7.	Қызылорда-Жезқазған темір жолын салу	

Автомобиль жолдары

1.	Астана-Алматы автомобиль жолын оңалту	180
2.	Батыс Қазақстанның автомобиль жолдарын оңалту	156
3.	Орал өзені арқылы көпір салу	35,6
4.	Қызыләскер-Киров жолын салу	30

Әуе көлігі

1. Астана әуежайын қайта жаңарту	180
2. Алматы қаласы әуежайының жолаушылар терминалын салу	18
3. Әуе кемелерінің паркін жаңарту	-

Су көлігі

1. Меншікті кеме сауда флотын құру	94
2. Ақтау теңіз портын қайта жаңарту (2-кезең)	-

4.2.2. Оза дамыту стратегиясы, мемлекеттің реттеуші рөлін күшейту арқылы тұтастай алғанда экономика бойынша мультипликативтік тиімділікке қол жеткізу

Ауыл шаруашылық, өнеркәсіп, құрылыс, сауда өнімдерінің қозғалысы мен жеткізілуі процестерін мемлекеттік реттеу бағдарламаларын әзірлеу.

Салааралық технологиялық және ұйымдық кооперация есебінен көлік инфрақұрылымы жұмысының ресурсты ауқымдылығын төмендету.

Қазіргі салалық ғылыми-зерттеу институттарының ғылыми әлеуетін пайдалану және көлік кешенінде осы заманғы инновациялық сектор қ а л ы п т а с т ы р у .

Көлік кешені үшін жинақтаушы материалдар мен жабдықтар шығару жөніндегі шағын және орташа бизнес кәсіпорындарының жүйесін құру.

"Көлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңын көлік қызметі нарығының даму серпініне қарай дамытып, бейімдейтін:

- автомобиль көлігі туралы;
- автомобиль жолдары туралы;
- темір жол көлігі туралы;
- теңіздегі жүзбе сауда туралы;
- өзен көлігі туралы;
- көлік-экспедициялық қызмет туралы;

- мультимодальдық тасымалдар туралы түбегейлі заңдар қабылдау.

Жолаушылар мен жүктерді республиканың ішінде жеке тасымалдарын, автокөлік құралдарын жөндеу мен қызмет көрсету жөніндегі қызметтерді мемлекеттік реттеудің тетігін әзірлеу.

Көлік қызметін басқару саласында орталық билік органдарының өкілеттігін, жауапкершілігін жергілікті атқарушы органдармен және жеке сектормен өзара іс-қимылының тәртібін белгілеу.

Көлемге, бағыттарға, жер қашықтығына, маусымға, құндылығына және басқа параметрлерге қарай жіктелуді толық ескере отырып жаңа тарифтік прейскурант

ж а с а у .

Халыққа, соның ішінде жекелеген әлеуметтік топтарға атаулы қолдау көрсете отырып көлік қызметін көрсетудің әлеуметтік стандарттарын және оларды іске асырудың тетіктерін әзірлеу және енгізу.

5. БІРІНШІ КЕЗЕКТІ ШАРАЛАР

Белгіленген мақсаттарды іске асыруға бірінші кезекте саланың толыққанды қаржы-кредит жүйесін құру арқылы қол жеткізіледі.

Көлік-коммуникациялық кешенін мемлекеттік қолдауды тиімді ету қаржылық қамтамасыз етуді қайта қарауды талап етеді. Нарықтық қатынас жағдайында жол жүйесін дамытуды жоспарлау қағидаттары жетілдірілуге тиіс. Әлемдік практика қаражат түсімі көздері неғұрлым нақты айқындалса, олардың мақсатты пайдаланылуы мен жиналуы да соғұрлым жоғары болатынын көрсетеді.

Республиканың ішкі қажеттерін қамтамасыз ету тұрғысынан көлік-коммуникациялық кешеннің басты проблемаларының бірі - автожолдар саласын инвестициялаудың толыққанды тетігінің болмауы, жол желісінің төмен тығыздығы соның салдары болып табылады. Мысалы, жер көлемі Қазақстан аумағынан 2,8 есе көп, ал халқы саны 2 млн. адамға ғана артық Австралиямен салыстырғанда, біздің елдегі автожолдар тығыздығы 1 мың адамға шаққанда 10 е с е т ө м е н .

Қазіргі кезде Қазақстанда жалпы пайдаланудағы жолдардың ұзындығы 89,3 мың шақырымды құрайды, олардың 85%-ы жетілдірілмеген төсеніштер.

Ресурстардың жеткіліксіздігінен Қазақстанда автомобиль жолдарының желісін дамыту күрделі және орташа жөндеуден өткізу арқылы ғана жүргізіледі. Халықаралық қаржы ұйымдарының қаражаты Алматы-Гүлшат-Ақшатау-Қарағанды-Астана-Бурабай, Алматы-Бішкек трассаларын, Батыс Қазақстанның жолдарын, "Жібек жолы" маршрутының автожолдар учаскелерін оңайтуға тартылды.

Жалпы пайдаланудағы жолдарды күтіп ұстау, жөндеу және салу жөніндегі шығыстарды қаржыландыру 1996-1999 жылдары Қазақстан Республикасының Жол қоры қаражатынан жүзеге асырылды. Бұл қаражат нысаналы мақсат бойынша жол шаруашылығының республикалық және жергілікті мұқтаждарына пайдаланылды. Жол қоры таратылғаннан кейін жол саласын қаржыландыру қалдық принципі бойынша жүзеге асырылып отыр.

Экономикалық аспектілер

Жол желісінің даму деңгейі мен техникалық жай-күйі макроэкономикалық, сондай-ақ микроэкономикалық деңгейде әсер ете отырып, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына едәуір ықпал етеді. Жол желісінің

экономиканың салаларына ықпал етуін кешенді бағалауға ІЖӨ құрылымын талдау жолымен мүмкіндік туады. Ресей сарапшыларының бағалауы бойынша 1990 жылдары автожолдардың өнеркәсіп өнімдерінің өзіндік құнындағы үлесі 1%, ауыл шаруашылығында - кемінде 5%, құрылыста - 9%-ға жуық, көлікте - 5%-ға жуық болды. Осы салалардың ІЖӨ құрылымындағы үлес салмағын ескерер болсақ, автожолдардың ықтимал үлесі қазіргі шығыннан асып түседі.

Жол желісін дамыту сол сияқты отынды үнемдеуге, жүктерді тасымалдауға арналған басқа да шығындарды азайтуға септігін тигізеді.

Әлеуметтік аспектілер

Республикада барлық елді мекендердің арасында қатты төсеніші бар жолдар бойынша сенімді автожолдар байланысы жоқ. ГЕОГРАКОМ консалтинг фирмасының (Ресей Федерациясы) жүргізген зерттеулерінің нәтижелері 500 адамнан астам тұрғыны бар елді мекендердің 70%-ы ғана осындай жолдармен жалғастырылғанын көрсетті. Неғұрлым дағдарысты жағдай Батыс Қазақстан облысында қалыптасып отыр, онда елді мекендердің үштен екісіне жуығы облыс орталығымен қатты төсеніші бар автожолдармен байланыстырылмаған, Ақтөбе облысында осы көрсеткіш - 42%.

Республика облыстары бойынша көлікке қол жетімділіктің нормативтік аймағынан тыс халықтың орташа пайызы, бағалау бойынша, 50%-ды құрайды, ал ресей аймақтарының көпшілігінде ол 1-2%-дан аспайды. Мұның салдары мамандандырылған медициналық көмек алудың, жоғары технологиялық тұрмыстық техниканы жөндеудің, тұрмыстық қызмет көрсетудің шектелуі және жолсыздықтың басқа да келеңсіз зардаптары болып табылады.

5.1. Іске асыру міндеттері мен тетіктері

1. Автомобиль жолдары жүйесін қаржыландырудың:

- автомобиль жолдарын күтіп ұстауды, жөндеуді және салуды мемлекеттік қаржыландырудың нысаналы көздерін айқындауды және инвестицияланған ресурстарды қайтарудың жүйесін құруды;

- транзиттік бағыттарда "жұмсақ" заемдарды белсенді тартуды;

- көлік шығындарын төмендетуге, инвестиция тартуға мүдделі экономика секторларымен салааралық одақтар мен қауымдастықтар құруды;

- аймақтардағы автомобиль жолдарын күтіп ұстауға, жөндеуге және салуға арналған қаражатты пайдалану үшін салық және басқа міндетті төлемдердің барынша толық түсуіне жергілікті билік органдарының мүдделілігін қамтамасыз ететін тиімді жүйесін құру.

2. Аймақтардың:

- автожол мердігерлік ұйымдарының емес, автожолдарды тұтынушылардың мүддесін;

- аймақта жол желісінің даму деңгейі неғұрлым төмен аудандарға

ресурстарды қайта бөлуге мүмкіндік беретін, көлік коммуникацияларының басқа түрлерінің болуын;

- бір жолдың өзі облыстың тіршілігі мен оның әкімшілік-аумақтық бірлігінде әр түрлі рөл атқаратындықтан, түрлі деңгейдегі аумақтардың мүдделерін ұштастыруды;

- аймақтағы экономикалық белсенділіктің қайта бөлінуіне байланысты инвестициядан түсетін кешенді тиімділікті есепке алуды;

- аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуының қосымша ресурстары ретінде желінің сапасын есепке алуды;

- экономикалық және әлеуметтік тиімділікті бөлуді (халықтың адам-сағат есебімен алғандағы бос уақыты қорының өсімі әлеуметтік тиімділіктің өлшемі бола алады);

- Қазақстанның батыс аймақтарында аймақтардың жаңа астанамен байланысын қамтамасыз ету бағыттарында инфрақұрылым мен жол желісін басым дамытуды көздейтін автожолдар желісін байыпты жоспарлау.

VI БӨЛІМ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ

ТАБИҒИ РЕСУРСТАР

1. МАҚСАТ

Қоршаған ортаның сапасын тұрақтандыру.

2. ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

Халық тіршілік ететін негізгі жерлерде қоршаған ортаның жай-күйі қанағаттанғысыз болып отыр және сапалы ауыз судың жетіспеушілігі мен ауаның ластануы халықтың денсаулығына теріс әсер ететін негізгі факторлар болып табылады. Өнеркәсіптік және тұрмыстық қалдықтардың, ластанған сарқынды сулардың прогрессивті жинақталуы бұл факторларды едәуір күшейтеді.

Елде Кеңес Одағы кезеңінде ескі технологиялармен салынған қуатты өндірістердің болуы ластанған заттардың қоршаған ортаға тасталу эмиссиясының азаймайтынын болжауға негіз қалайды.

2.1. Күшті жақтар

Табиғат қорғау заңдарының негізі қаланды, қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша бірқатар халықаралық конвенцияларға қол қойылды,

табиғат қорғау қызметін басқару жүйесі құрылды.

Әскери полигондар жабылды, ядролық қаруды сынау тоқтатылды, үкіметтік емес экологиялық ұйымдардың қызметі жанданды.

Ластайтын барлық көздердің мемлекеттік кадастры және олардың орналасу карталары жасалды.

Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем жасау жүйесі дамуда. Қоршаған ортаны ластағаны үшін жасалған төлемдерден түскен қаражаттың шоғырландырылған көлемі роялтиден алынған түсімдермен шамалас едәуір соманы құрайды.

2.2. Әлсіз жақтар

Қазақстандағы су ресурстарының тапшылығы табиғи байлықтарды игеруді, өндірістік күштердің дамуын және тұтастай алғанда экономикалық өсуді тежейтін елеулі фактор болып табылады. Осындай проблемалардың аймақтағы басқа мемлекеттерде де орын алуы жағдайды ушықтыра түседі.

Қазақстан Еуроазия құрылығындағы суға неғұрлым тапшы елдердің бірі болып табылады. Жердің үстіңгі қабатындағы су ресурстарының барлық көлемінің жартысына жуығы республикадан тысқары жерлерде қалыптасады, үштен бірі Қазақстан арқылы көрші мемлекеттердің аумағына өтеді. Халықаралық өзендерге трансшекаралық әсер етудің өсе түсуіне орай Қазақстанда жердің үстіңгі қабатындағы табиғи су ресурстарының қысқару үрдісі байқалады.

Перспективада республиканың және шектес мемлекеттердің трансшекаралық өзендер бассейнінде, әсіресе су ресурстарын қалыптастыру және басым пайдалану аймағында шаруашылық қызметінің ұлғаюына орай су жетіспеу проблемасы күшейетін болады.

Осы ресурстың Орталық Азия аймағында тапшылығын ескере отырып, трансшекаралық су ағынының сапасы мәселесін де шешу қажет.

Бірінші кезекте, өнеркәсіп пен ауыл шаруашылық қызметінің интенсивтілігіне байланысты су көлемі мөлшерінің қысқаруы және трансшекаралық су ағынының концентратпен ластануының көбеюі республиканың оңтүстігіндегі аграрлық секторға әсер етеді.

Аралдың және Сырдария мен Амудария бассейндеріндегі өзендердің экологиялық проблемалары, ірі халықаралық гидротораптарды бірлесіп пайдалану, суландыру жүйелерін технологиялық жарактандыру мәселелері өткір қойылып отыр.

Гидроресурстарды тұрақты түрде ұтымды пайдалануды қамтамасыз етудің мемлекетаралық деңгейде нақты тұжырымдалған тетігі әлі де жоқ.

Республиканың оңтүстігі мен шығыс бөлігін нәрлендіретін өзендер, негізінен елден тыс жерлерден бастау алады, соның ішінде Сырдария мен Ертіс тәрізді ірі

өзендер бірнеше мемлекеттердің аумағы арқылы өтеді және олар үшін өмірлік маңызы бар экономикалық күретамыр болып табылады. Өзендер бассейндерімен байланысты аймақтың өндірістік және салалық мамандануына қарай, мемлекеттер үшін олар маңызды стратегиялық мәнге ие болады.

Елдегі барлық су объектілері сапасының жай-күйі іс жүзінде қанағаттанғысыз күйде қалып отыр. Негізгі ластану су объектілеріне өнеркәсіптің және түсті металлургияның мұнай-химия, машина жасау салалары кәсіпорындарының қалдық суларынан келіп түседі.

Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету проблемасының өткірлігі төмендемей отыр. Елді мекендердің көпшілігіндегі ауыз судың сапасы ұлттық және халықаралық стандарттардың талаптарына жауап бермейді.

Елдің қалалары мен өнеркәсіп орталықтарында атмосфералық ауа ластануының айтарлықтай жоғары деңгейі сақталып отыр. Автокөлік санының көбеюі, сапасыз бензин пайдалану жағдайдың нашарлай түсуіне алып келуде.

Бос жатқан құмдауыт жерлер алаңының көп болуы, жайылымды жүйесіз пайдалану топырақтың жел мен су эрозиясына ұшырауына алып келді.

Топырақтың және өсімдіктің азып-тозуына алып келетін шөлейттену процесінің ұлғаю үрдісі байқалады.

Ауыл шаруашылығын экстенсивті жүргізудің нәтижесінде дала мен орманды даланың табиғи ландшафты жойылуда. Тыңайтқыштардың қолданылып жүрген жүйесі қоректендірудің негізгі элементтерімен теңдестірілмеген. Суармалы егін шаруашылығында суарудың артта қалған, суды шығынға ұшырататын технологиясы басым.

Өндіріс пен тұтыну қалдықтарын, соның ішінде қауіпті және радиоактивті қалдықтарды басқару жүйесі іс жүзінде жоқ. Тұрмыстық қалдықтарды жинау, сақтау, кәдеге жарату және қайта өңдеу жүйесінің жетілдірілмеуі қоршаған ортаның ластануына алып келеді.

Мұнай өндіру аудандарында қоршаған ортаның ластануы елеулі экологиялық проблемаға айналуда. Пайдалы шикізатты жабық тәсілмен өндіру кезінде жыныс қабатын толық өңдеу жөніндегі нормативтер бұзылады.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар үлесінің елдің жалпы аумағымен салыстырғанда мардымсыз болуы, мұның өзі елдің айрықша бағалы ландшафты мен табиғи қорықтық қор объектілерін сақтау мен қалпына келтіруге мүлдем жеткіліксіз.

Су ресурстарын мемлекетаралық бөлуге ықпал ету тетіктерінің болмауы республиканың мүддесіне қысым жасайды.

Су шаруашылығын басқарудың қазіргі жүйесі оны реформалаудың міндеттеріне жауап бермейді.

Табиғат қорғау заңдарының әзірленген стандарттары іс жүзінде сақталмайды.

Қоршаған ортаның ластануын қадағалау пункттерінің жүйесі жеткіліксіз.

Орман алып жатқан алқаптардың азаюы өрт, ағаш шабу нәтижесінде, сондай-ақ орманды қалпына келтіру мен қорғаныс ағаштарын егу көлемінің азаюынан болып отыр.

2.3. Мүмкіндіктер

Табиғи ресурстар әзірлеуден алынған қаражатты қоршаған ортаны қорғауға бөлу. Өнеркәсібі дамыған елдердің пайдалы қазбаларды өндіру бойынша Қазақстанмен ынтымақтасуға мүдделілігіне байланысты экологиялық міндеттерді шешу үшін қаржы қаражаты мен технологияны тартуға мүмкіндік бар.

Дамыған елдердің дамушы елдерге көмек көрсету жөнінде өздеріне міндеттеме қабылдауы. Қазақстанның қоршаған ортаны қорғау жөнінде іс-шаралар жүргізуге арналған қаражат алуға мүмкіндігі бар.

Әлемдік қоғамдастықтың қоршаған ортаны қорғау жөнінде жинақтаған тәжірибесі мен күш жігерін пайдалану.

2.4. Қатерлер

Қазақстан экономикасының дамуына орай су тапшылығы проблемасын, әсіресе трансшекаралық өзендер бассейнінде шиеленістіретін, су тұтынудың әлеуетті ұлғаюы. Гидроресурстарды бөлу мәселелері бойынша позицияның сай келмеуі және осы проблеманы шешу тетігінің болмауы судың Орталық Азия мемлекеттерінің экономикалық өсуін жүзеге асыратын құралдан, керісінше, аймақтағы мемлекетаралық келіспеушіліктердің өзекті проблемасына айналуына алып келеді.

Шекаралық мәселелер реттелмей отырған жағдайда су бөлу проблемасының жанжалды әлеуетінің көтеріңкі болуы.

Қоршаған ортаға пайдалы қазбалар өндірумен ілесе жүретін әсер етулер. Табиғат қорғау қызметіндегі негізгі қиындық табиғатқа келтірілетін шығын мен осы шығын үшін өтемнің мөлшері арасындағы қатынасты белгілеу болып табылады.

Техникалық көмек беру арқылы жүзеге асырылатын дамыған елдермен ынтымақтастық кезінде қосымша міндеттемелер таңу әрекеті байқалады, оларды орындау Қазақстан үшін ауыртпалық болып табылады және ол іс жүзінде экономикалық өсуге ықпал етпейді.

Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемдерді әдеттегі салыққа теңестіру оның бастапқы мәнін бұрмалайды және ластаушылар тарапынан теріс әрекетке алып келуі мүмкін.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Қазақстанда қоғамдағы және экономикадағы өзгерістермен қатар табиғат пайдалану мәселелерін реттеуге қатысты трансформациялау процесі жүріп жатыр. Сондықтан табиғат пайдалануды мемлекеттік реттеу процесінің қоғамның қажеттері мен күткендеріне барабар болуы қажет.

Қазақстанда қалыптасқан экологиялық-экономикалық жағдай табиғат қорғау саясатын басқарудың айрықша ерекшелікті технологиясын талап етеді.

Таяудағы он жылда қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды қорғау саласында мынадай стратегиялық міндеттерді шешу қажет:

- су ресурстарының тапшылығын қысқарту, сумен жабдықтаудың деңгейін арттыру ;
- қолданыстағы заңдарды жетілдіру және халықаралық ынтымақтастықты дамыту ;
- табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жүйесін оңтайландыру;
 - қалдықтарды пайдалану деңгейін арттыру;
- экологиялық оқу-ағартуды қамтамасыз ету.

4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ 4.1. Су ресурстарының тапшылығын қысқарту, сумен жабдықтаудың деңгейін арттыру

Трансшекаралық суды ұтымды пайдаланудың тетіктерін оларды шешудің айқын шаралары мен санкцияларын көздейтін, іске асырудың қатаң тетіктерін белгілей отырып, көп жақты негізде әзірлеу.

Көрші мемлекеттердің Қазақстанда бар ресурстарға және елдің транзиттік әлеуетіне өткір қажеттілігін ескере отырып, трансшекаралық суды пайдалану проблемаларын кешенді түрде пәтуамен шешудің жолдарын іздеу қажет.

Су шаруашылығы органдары мемлекетаралық салада ағын суды бөлу кезінде елдің мүддесін қорғауды және трансшекаралық өзендер суын тиімді басқару жөнінде ынтымақтастықты күшейтуді ұстануы керек.

Су ресурстарының барлық түрлерін, ең алдымен, ластанудан неғұрлым қорғалған жер асты су көздерін пайдалануды интенсивтендірудің есебінен ауыз сумен жабдықтауды жақсарту жөнінде шаралар әзірлеу.

Таяу перспективада ауыз су сапасына мемлекеттік мониторингтің бірыңғай жүйесін құру. Халықты ауыз сумен қамтамасыз ету саласында мемлекеттің инвестициялық саясатын жоспарлауды жүзеге асыру.

Су тапшылығы өткір өзендер бассейнінде суды сақтау, суды көп қажет ететін өндірістің даму қарқыны мен көлемін шектеу жөнінде іс-шаралар жүргізу, егіс

алқаптарының құрылымын қайта қарау.

Өзендердің ағысын реттеу және аймақаралық бөлу жөнінде іс-шаралар жүргізу.

Жер асты суларын пайдалануды ұлғайту жөнінде іс-шаралар жүргізу.

Су ресурстарының өткір тапшылығы мен стратегиялық мәнділігі жағдайында саланы экономикалық әдістермен басқаруға көшуді мемлекет иелігінен алу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асыру.

4.2. Қолданыстағы заңдарды жетілдіру және халықаралық ынтымақтастықты дамыту

Халықаралық және аймақтық құжаттардың тәртібін сақтаудан жалтармау негізінде қоршаған ортаны қорғаудың ғаламдық және аймақтық жүйесін қалыптастыруға қатысу.

Халықаралық келісімдердің міндеттемелерін зерделеуде оларға қол қоюдың мақсатқа сай келетін-келмейтіндігін айқындау кезінде іс-қимылдың ақылға қонымдылығы мен ой-елегінен өткізілуін қамтамасыз ететін сапалы жаңа қағидаттарды талдап және алынған қаражатқа мемлекет тарапынан бақылау белгілеу.

Халықаралық ынтымақтастық процесі мен сыртқы және аралас қаржыландыру жобаларын жалпы және тиімді басқаруды қамтамасыз ету проблемасын шешу.

Траншекаралық экология проблемаларын шешу үшін аймақтық экологиялық саясатты талдап жасау саласында Орталық Азия мемлекеттерімен ынтымақтастықтың тұрақты тетігін жасау.

Қабылданған халықаралық конвенцияларға сәйкес табиғи-ресурстық және өзге заңдардың жетілдірілуін қамтамасыз ету.

Әлемдік тәжірибе негізінде экологиялық сақтандыруды және бюджеттен тыс экологиялық қорларды енгізудің жүйесін әзірлеу.

4.3. Табиғат пайдалану және қоршаған ортаны қорғау жүйесін оңтайландыру

Қоршаған орта мен табиғи ресурстар мониторингінің бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйесін әзірлеу.

Елдің аумағын экологиялық аудандастыруды жүзеге асыру. Табиғи ресурстарды алудың экологиялық тұрғыдан жол берілетін шегін айқындау және қоршаған ортаның ластануын шектеу. Әртүрлі аумақтарды бағалау мен салыстырудың өлшемдерін әзірлеу.

Табиғи ресурстардың автоматтандырылған деректер базасын және

мемлекеттік кадастр жүргізу жүйесін жасау.

Жер қойнауын пайдаланушылардан және роялтиден түскен салық түсімдері қаражатын бағыттай отырып, жер қойнауын геологиялық зерделеуді бюджеттен қаржыландыруды көбейту.

Пайдалы қазбалардың кен орындарын болжаудың, іздестіру мен барлаудың тиімді әдістері мен технологияларын енгізу. Бәсекеге төзімді жаңа кен орындарын ашудың ғылыми негіздерін жасау.

Каспий аймағының биологиялық саналуандылығын сақтау мақсатында су мен биологиялық ресурстардың жай-күйін зерделеу және қоршаған ортаның ластану көздері мен биологиялық саналуандылықтың азаю себептерін анықтау, қорықтық аймақтарда экологиялық аймақтандыру жүргізу. Теңіздің жағалау бөлігінде және теңізде су мен биологиялық ресурстардың сапасына мониторинг пен талдауды тұрақты негізде жүзеге асыру.

Деректерді өңдеу мен гидрометеорологиялық болжауды берудің тиімді жүйесін құра отырып республиканың шаруашылық кешенін гидрометеорологиялық қамтамасыз ету жүйесін дамыту.

Ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды дамыту мен орналастырудың, экологиялық туризм маршруттарын дамытудың бағдарламасын әзірлеу.

Инновацияны енгізу және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану мақсатында шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметіне қатаң нормалар мен стандарттар белгілеу.

4.4. Қалдықтарды пайдалану деңгейін арттыру

Агрожүйенің қанағаттанарлық мелиоративтік жай-күйі жағдайында топырақтың сандық және сапалық органикалық заттарын көбейте отырып, жер құнарлылығын тұрақты түрде ұдайы арттыра отырып ауыл шаруашылығы өндірісінің органикалық немесе экологиялық егін шаруашылығына негізделген тұрақты жүйесіне көшу қажет.

Өндіріс пен тұтыну қалдықтарының мониторингін жүзеге асыру, зиянды қалдықтарды көмудің қоршаған ортаға әсерін бағалау.

Ресурс-энергия үнемдеуші технологияны белсенді түрде енгізу, қалдықтарды өңдеу мен пайдалану жөніндегі қызметті ынталандыру.

4.5. Экологиялық оқу-ағартуды қамтамасыз ету

Қоғамда экология және табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану саласында насихат пен оқу-ағарту жұмыстарын жүргізуге зор назар аудару.

Бұқаралық ақпарат құралдарының ақпараттық-насихат жұмыстарын кеңейту.

Экологиялық білім беру жүйесін құру. Оқу құралдарын әзірлеу және шығару. Эколог-мамандарды даярлау мен олардың біліктілігін арттыру жүйесін құру.

Экологиялық білім берудің және тәрбиелеудің нормативтік құқықтық базасын жасау.

Үкіметтік емес ұйымдар мен мемлекеттік органдардың қоршаған ортаны қорғау саласындағы өзара іс-қимылын күшейту.

Қоғамдық экологиялық қозғалыстардың, ассоциациялардың, топтардың дамуына жағдай жасау.

VII БӨЛІМ

АҚША-КРЕДИТ САЯСАТЫ

1. МАҚСАТ

Тұрақты экономикалық өсуге, отандық экономиканың бәсекеге қабілеттілігін нығайтуға, банктік секторды одан әрі дамытуға және оның халықаралық қаржы нарығына интеграциялануына қол жеткізу үшін қолайлы макроэкономикалық жағдай туғызу.

2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Әлемдік қаржы және тауар нарығындағы қолайлы конъюнктура және 1999 жылғы сәуірдегі теңгенің айырбас бағамы режимінің өзгеруі 2000 жылы елдегі макроэкономикалық ахуалға оң ықпал етуін жалғастырды.

Теңгенің айырбас бағамы салыстырмалы тұрақтылығын сақтады. 2000 жылы теңге бағамының АҚШ долларына шаққанда төмендеуі 5,2%-ды құрады. Теңгенің айырбас бағамының салыстырмалы тұрақтылығы, сондай-ақ нақты өндірістің едәуір өсуі инфляцияның жыл ішінде екі есеге жуық: 17,8%-дан 9,8%-ға дейін төмендеуіне себеп болды.

Соңғы төрт жылда тұңғыш рет төлем балансының едәуір профицитіне қол жеткізілді, алтын-валюта резерві айтарлықтай көбейді.

Халықаралық резервтердің өсуі 2000 жылғы мамырда Ұлттық Банктің Халықаралық Валюта Қоры алдындағы өзінің міндеттемелерін мерзімінен бұрын және толық өтеуін қамтамасыз етті.

Бұған қоса, 2000 жылы қаржы нарығында басқа да игілікті өзгерістер болды:

- қайта қаржыландыру ставкасы Қазақстан тәуелсіздігін алған күннен бері ең төмен деңгейге дейін (14%-ға дейін) төмендеді және ТМД елдерінің арасында ең төменгілерінің бірі болды;

- мемлекеттік міндеттемелерді орналастыру мерзімдері едәуір артты, олар бойынша кірістік төмендеді. Ішкі нарықтағы барлық қарыз алулар қазіргі кезде теңгелік бағалы қағаздар арқылы ғана жүргізіледі;

- халықтың мерзімді депозиттеріне кепілдік беру (сақтандыру) жүйесінің

жұмыс істеуінің арқасында халықтың банк жүйесіне сенімі едәуір нығайды. Жыл ішінде банк жүйесіндегі резиденттердің депозиттері 72%-ға өсті, ал халықтың депозиттері (резидент еместердің депозиттерін ескере отырып) 66,7%-ға көбейді. Қазіргі уақытта Қазақстанда халықтың жан басына шаққанда салымның орташа мөлшері 6,2 мың теңгені немесе 42,6 АҚШ долларын құрайды, мұның өзі салыстырмалы түрде ТМД елдері арасында Ресейден кейінгі жоғары көрсеткіш болып табылады;

- банктердің депозиттік қоржынының құрылымы мерзімді депозиттер үлесінің артуы есебінен 39,3%-дан 55,5%-ға дейін жақсарды;

- банктердің ресурстық базасының неғұрлым интенсивті өсуіне орай олардың кредиттік белсенділігі артты. Жыл ішінде банктердің экономикадағы кредит көлемі 85,6%-ға, соның ішінде орташа және ұзақ мерзімді кредиттер - 81,2%-ға өсті;

- заңды тұлғаларға жыл басынан бері ұлттық валютамен берілген кредиттер бойынша сыйақы ставкасы 20,8%-дан 18,8%-ға дейін, валюталық бойынша - 20,4%-дан 14,7%-ға дейін төмендеді, мұның өзі ТМД елдері арасында неғұрлым төмен көрсеткіштер болып табылады;

- банктердің несие қоржынының сапасы едәуір жақсарды, экономикаға салынған кредиттердің жалпы көлеміндегі мерзімі өтіп кеткен кредиттер үлесінің 6,6%-дан 1,7%-ға дейін төмендеуі осыны дәлелдейді.

Банктерді шоғырландыру және оларды капиталдандыруды арттыру елдің қаржы нарығында жетекші орынды иеленіп отырған банк жүйесінің нығаюына ықпалын тигізді. Банк секторының меншікті жиынтық капиталы 2000 жыл ішінде 43,0%-ға - 98,7 млрд. теңгеге дейін өсті.

Банктер өздерінің еншілес ұйымдары арқылы бағалы қағаздар нарығына, сақтандыру нарығына, зейнетақы қорларының қызметіне белсене араласуда.

2000 жылы Қазақстанда "Қазатомөнеркәсіп" ҰАҚ вексельдерін алғашқы қайта есептеу жүзеге асырылды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі Тұрғын үй Құрылысын ұзақ мерзімді қаржыландыру және Қазақстан Республикасында ипотекалық кредит жүйесін дамыту тұжырымдамасын мақұлдады. 2000 жылғы желтоқсанда "Қазақстан ипотекалық компаниясы" ЖАҚ-ы құрылды, оның негізгі функциясы ипотекалық облигацияларды шығару және оларды қайталама нарықтарда орналастыру жолымен екінші деңгейдегі банктерді қайта қаржыландыру болады.

Қаржы лизингі және тұрғын үй құрылысы жинақ ақшаларының жүйесін дамыту саласында заңдар базасы жасалды, мұның өзі қаржы жүйесіне халықтың уақытша бос ақшаларын тартуға мүмкіндік береді.

Елімізде халықаралық стандарттарға мейлінше жақындатылған, дамыған төлем жүйесі жұмыс істейді. Ақша аударудың банкаралық жүйесі енгізілді, ол

нақты уақыт режиміндегі жалпы төлемдер жүйесін білдіреді және төлем карточкаларының әр түрлі жүйелерінің үйлесімділігін қамтамасыз ететін бірыңғай процессингтік орталық құрылды.

Сақтандыру саласында ұлттық сақтандыру нарығының инфрақұрылымын дамыту және сақтандыру ұйымдарын институционалдық жағынан нығайту үшін құқықтық жағдайлар жасалды. Халықаралық стандарттарға толық сай келетін тұжырымды жаңа заң қабылданды.

2.1. Күшті жақтар

Қазақстанның Ұлттық Банкі ақша-кредит саясатының жанама құралдарын пайдалана отырып, ақша базасының деңгейін реттеу жолымен инфляцияның төмен қарқынын ұстауға бағытталған тәуелсіз ақша-кредит саясатын жүргізеді.

1998 жылдан бастап Ұлттық Банк бюджет тапшылығын тікелей кредиттеу практикасын доғарды.

Соңғы 5 жылдың (1996-2000 жж.) қорытындысы бойынша девальвация мен инфляция сияқты көрсеткіштер бойынша Қазақстан Шығыс Еуропаның Польша және Венгрия тәрізді елдерімен бір қатарда тұр. Инфляцияның төмен қарқыны және ұлттық валютаның нақты қайта бағалануының болмауы өндірістің және экспорттың өсуіне оң ықпал етеді.

Бай табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану теңге бағамын нығайтуға және төлем балансының ағымдағы шотының оң сальдосын қолдауға ықпал ететін шетел валютасының елге жеткілікті келуін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Қазақстанда екі деңгейлі банк жүйесі тұрақты қалыптасты, ол таяу шетелдердегі банк жүйесімен салыстырғанда неғұрлым дамыған болып табылады. Екінші деңгейдегі банктердің қызметтің және есептіліктің халықаралық стандарттарына көшуі, шетел банктерін ішкі нарыққа жіберу, банк капиталын шоғырландыру және банк секторын капиталдандыруды одан әрі арттыру банктеріміздің бәсекеге қабілеттілігін арттырады, Қазақстанның банк капиталының әлемдік қаржы ағынына интеграциялануын ынталандырады. Халықаралық рейтинглік агенттіктердің кредиттік рейтингіне ие отандық банктердің саны 8-ге дейін өсті.

Банктік сектордың тұрақтылығы, жеке тұлғалардың депозиттерін міндетті ұжымдық сақтандыру жүйесінің жұмыс істеуі коммерциялық банктердің жұмысына халықтың сенімін біртіндеп нығайтады, мұның өзі банктердің ресурстық базасының ұлғаюына ықпал етеді.

Өз кезегінде олардың ресурстық базасының өсуі, банктер арасындағы бәсекенің күшеюі және қайта қаржыландыру ставкаларының бірнеше мәрте төмендеуі экономиканы кредиттеуді кеңейту үшін қолайлы жағдайлар жасайды.

Қазіргі кезде таза халықаралық резервтер ақша базасынан 2,3 есе асып түседі, мұның өзі ұлттық валютаның тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Оның үстіне

Қазақстан алтын өндіретін ел болып табылады және алтын-валюта резервтерін ішкі тауар өндірушілерінен алтын сатып алу есебінен толықтыру мүмкіндігіне ие .

2.2. Әлсіз жақтар

Қаржы жүйесі дамуының жеткіліксіз деңгейде болуы, ол экономиканы монетаризациялау деңгейінің салыстырмалы түрде төмен болуынан және қолма-қол ақша айналымы үлесінің жоғары болуынан көрінеді.

Экономиканың шикізаттық бағытта болуы салдарынан экспорттық валюта түсімінің көлемі шикізаттың әлемдік бағасының конъюнктурасына тым тәуелді және өте-мөте тұрақсыз, ал бұл төлемдік баланс жағдайына және ұлттық валюта бағамының тұрақтылығына тікелей ықпал етеді.

Экономиканың долларлануының айтарлықтай деңгейде сақталуы ақша-кредит саясатының тиімділігін төмендетеді, банк жүйесінің және экономиканың нақты секторының әлсіздігін арттырады, мемлекеттің кірісін а з а й т а д ы .

Банк секторының тұрақты дамуына қарамастан, кредиттеу көлемі экономиканың нақты секторының кредиттерге, әсіресе өндірісті техникалық қайта жабдықтау мақсаттарына арналған қажеттігін әлі де қанағаттандырмайды.

2.3. Мүмкіндіктер

Мұнай экспортының ұлғаюымен елге келетін валюталық түсімнің өсуі, бір жағынан, ұлттық валюта құнын қолдауға, екіншіден - елдің ішкі экономикасына инвестициялар ретінде бағытталатын қосымша айналым қаражатының келуін қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

Қазақстанның банк жүйесінің өз дамуында таяу шетелдердегі банк жүйесінің дамуынан алда келе жатқанын ескере отырып, банк капиталының ТМД аймақтарына ықтимал өктемдігінің жолдары мен тетіктерін қарастыру қажет. Бұдан өзге, Қазақстанда ұлттық ауқымдағы жүйені құрайтын ірі банктердің болуы Алматы қаласын Орталық Азиялық аймағының қаржы орталығына айналдыру үшін нақты жағдай жасайды.

Шоғырландырылған негіздегі қадағалауды енгізу банктердің қаржылық жай-күйін бағалаудың объективтілігін едәуір арттыруға және банктердің қатерлерге тап болуын, соның ішінде өздерімен аффилиирленген тұлғалар тарапынан тап болуын шектеуге, нәтижесінде банк секторының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етуге айтарлықтай мүмкіндік туғызады.

Ұлттық қор құру мұнай қызметінен түсетін табысты тұрақтандырады және экономикадағы дағдарыстық ахуалдар жағдайына қажетті резервтік активтерді қ а м т а м а с ы з е т е д і .

Банктердің ресурстық базасының одан әрі нығаюына жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру)

жүйесін жетілдіру және банктердің банкаралық кредиттер бойынша міндеттемелеріне кепілдік беру қорын құру ықпал ететін болады.

Экономиканың нақты секторын кредиттеудің өсуіне: қаржылық жағынан тұрақты кәсіпорындарға кредит беретін банктердің вексельдік қайта қаржыландыру практикасын кеңейту; Даму Банкінің жұмыс істеуі; қаржы лизингін жандандыру кредиттік серіктестіктердің қызметі, ал тұрғын үй құрылысы саласында - 2000 жылғы желтоқсанда құрылған, екінші деңгейдегі банктерден ипотекалық кредиттерді сатып алу жөнінде операциялар жүргізетін Қазақстанның ипотекалық компаниясының қызметі ықпал ететін болады.

Экономиканың нақты секторының мониторингін дамыту Ұлттық Банктің ақша-кредит саясатының тиімділігін оның экономиканың нақты секторының қажетіне бағдарлануын күшейту есебінен едәуір арттыруға мүмкіндік береді.

2.4. Қатерлер

Қазақстанның экономикалық даму үрдістері көбінесе ресейлік экономикада болатын өзгерістермен айқындалатынына орай, еліміз үшін ықтимал қатерлердің бірі Ресейдегі макроэкономикалық тұрақсыздық болуы мүмкін.

Таяудағы жылдар ішінде Қазақстан экономикасының шикізаттың әлемдік бағасының өзгеруіне өте-мөте тәуелділігі сақталады. Шикізат экспортының күтіліп отырған өсуіне қарай таяудағы онжылдықта біздің экономикамыз айырбас бағамының еркін құбылмалы режимі жағдайында нақты проблемаға - ұлттық валюта бағамының едәуір нығаюына тап болады, мұның өзі ішкі нарыққа бағдарланған нақты экономика секторын тұралататын "голланд сырқатына" әкелетін болады.

Ішкі қаржы нарығы көлемінің шағындығы оған едәуір келіп түскен шетел валютасын макроэкономикалық тұрақтылыққа зиян келтірмей игеруге мүмкіндік бермейді.

Шетелдік қатысушыларды ішкі қаржы нарығына, әсіресе қысқа мерзімді алыпсатарлық капитал нарығына жіберу ықтимал әлемдік экономикалық дағдарыстар жағдайында экономиканың осалдық дәрежесін көтеріп жібереді.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Ақша-кредит саясаты мынадай міндеттерді шешуге бағытталады:

- инфляцияны төмен деңгейде ұстап тұру;
- теңге бағамын қайта бағалауға жол бермейтін валюталық саясат жүргізу;
- банк жүйесі мен сақтандыру нарығының тұрақты дамуын қамтамасыз ету;
- банктердің ресурстық базасының одан әрі өсуіне және экономиканың нақты секторын кредиттеуді кеңейтуге жәрдемдесу;
- төлем жүйесінің орнықтылығын және одан әрі дамуын қамтамасыз ету.

4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

4.1. Инфляцияны төмен деңгейде ұстап тұру

Монетарлық саясаттың құрамдас бөлігінің бірі экономикалық өсуге кедергі келтірмейтін, инфляцияның жол берілетін деңгейін анықтау болып табылады. Бәсекелестікті жетілдірмейтін, көптеген құрылымдық тосқауылдары бар өтпелі экономика жағдайында инфляцияға қарсы тым қатаң саясат ұстану елде қажетсіз шиеленісті туындатады, төлемдердің өсуіне, өндірістің құлдырауына алып келеді. Сонымен, инфляцияны 10% шегінде ұстау алға қойған мақсатқа қайшы келмейді, атап айтқанда 2007 жылы ІЖӨ-нің 1990 жылғы деңгейіне жетуге және ІЖӨ-ді одан әрі 7%-ға өсіруге барлық негіз бар деп есептеуге болады.

Осыған байланысты ақша-кредит саясатының негізгі мақсаты жылдық инфляцияны 5-тен 10%-ға дейінгі шекте ұстау болады, мұның өзі ел экономикасында экономикалық өсудің ең жоғары қарқынына қол жеткізуге жәрдемдеседі. Жылдық инфляцияның аталған шектен шығып кететін өсу қарқыны, әлемдік тәжірибе көрсеткендей, экономиканың нақты өсу қарқынын төмендетеді.

Инфляцияның неғұрлым жоғары қарқыны ұлттық валютаның баға ауқымы және қаражатты қорландыру функциясының орындалу тиімділігінің төмендеуіне орай, өндірістің нақты деңгейінің қарқынына теріс әсер етуі мүмкін. Инфляцияның неғұрлым төмен қарқыны экономиканың ауыртпалықсыз құрылымдық қайта құрылуы үшін қажетті артық ақша ресурсының экономикада азаюының нәтижесінде экономиканың жандануын тұншықтырады.

5-тен 10%-ға дейінгі шектегі орташа жылдық инфляция қарқынына қол жеткізу Ұлттық Банкте бар ақша-кредит саясатының барлық құралдарын пайдалана отырып ақша базасының деңгейін реттеумен қамтамасыз етілетін болады. Алайда бұл ретте Үкіметтің экономикалық саясаты да инфляцияның осындай деңгейіне бағдарлануға тиіс.

Ұлттық Банк осы бағытта қолма-қол ақшасыз айналымды дамыту жөніндегі шараларды да жүзеге асырады.

4.2. Теңге бағамын қайта бағалауға жол бермейтін валюталық саясат жүргізу

Қазақстанның валюталық саясаты мемлекеттің және тұтастай алғанда экономиканың ақша жүйесін теңгенің айырбас бағамының күрт ауытқуының теріс салдарынан қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. Ұлттық валютаның объективті белгіленген айырбас бағамы мемлекеттің макроэкономикалық тұрақтылығын қамтамасыз ететін іргелі негіз болып табылады.

Осыған байланысты мемлекеттің валюталық реттеу саласындағы негізгі басымдығы ұлттық валютаның бағамын қайта бағалауға жол бермейтін және үнемі өзгеріп отыратын әлемдік конъюнктура жағдайында отандық өндірістің бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсер етпейтін бағам саясатын таңдау болуға тиіс.

Шикізатқа әлемдік бағаның көтерілуі және 1999 жылы сәуірде жүргізілген теңгені құнсыздандыру өндіруші және кейбір импорт алмастырушы салалардың өсуіне және мемлекет экономикасының жандануына ықпал етті. Айырбас бағамы саясаты әлемдік бағаның өзгеруіне, сыртқы сауда талабына дұрыс икемделе отырып, ішкі экономика дамуының іргетасы болуға тиіс. Осы саясатты жаңа технологияларды, жабдықтарды пайдалану, еңбек сапасын арттыру сияқты факторлармен үйлестіре отырып, қатаң ұстану арқылы мемлекет жедел даму траекториясына шыға алады.

Мұнан кейінгі бес жыл ішінде теңгенің еркін құбылмалы айырбас бағамын сақтау көзделеді, ол құнсыздандудың ел ішіндегі және шетелдегі инфляция деңгейінің өзгеруіне барабар болуын көздейді, мұның өзі Қазақстан тауарларының сыртқы нарықтағы баға бәсекесіне қабілеттілігінің сақталуына және сол арқылы қалыптасып келе жатқан қолайлы экономикалық позицияның нығаюына және Қазақстанның болашақта табысты дамуы үшін алғышарттар жасауға ықпал етеді.

Осы валюталық режимді сақтау өндірістің және әлбетте экспорттың шикізаттық бағытының жойылмауынан туындап отыр, яғни шикізатқа әлемдік бағаның өзгеруіне қарай ел экономикасының жоғары осалдығы сақталады. Бұған қоса, елдің сыртқы сауда айналымында Ресейдің үлесі жоғары, сондықтан экономиканың дамуы Ресейдегі ахуалға тәуелді болады.

Егер экономиканың осы тәуелділігі еңсерілсе, онда, әрине, ұлттық валютаның айырбас бағамын басқарудың валюталық режимін өзгерту қажеттігі туындайды.

Бұл арада жаңа валюталық режимнің мынадай бірнеше нұсқасы болуы мүмкін:

- "валюта себетіне" (АҚШ доллары, еуро, иена, ресей рублі және т.б.) байланылық;

- мыналардың: Еуразия экономикалық қауымдастығының немесе бүкіл ТМД-ның, Орталық Азия республикаларының (Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан), сондай-ақ көрші елдердің бірімен одақтың (Қырғызстан) шеңберінде бірыңғай валютаға көшу.

Сонымен бірге, экономиканың бәсекеге қабілеттілігін қолдауға бағам саясатының есебінен ғана шешіле қоймайды. Бұл арада еңбек өнімділігін, өнім сапасын арттыру, қосылған құны жоғары өнім шығаруды ұлғайту бағытында экономиканы құрылымдық қайта құру, сондай-ақ экспортты әртараптандыру жөніндегі шаралар негізгі рөл атқаруға тиіс.

4.3. Банк жүйесі мен сақтандыру нарығының тұрақты дамуын қамтамасыз ету

Банк қызметін халықаралық аспектіде дамыту орнықты әрі тұрақты банк жүйесінің болуын, банк ісінің мәдениетін және екінші деңгейдегі банктер қызметін реттеудің сапасын арттыруды талап етеді, сондықтан банк жүйесінің қаржылық жағынан орнықты болуы қамтамасыз етілуге тиіс. Ол үшін банктер қызметін пруденциалдық реттеуді одан әрі жетілдіру, халықтың салымдарына кепілдік беру тетіктерін нығайту жүргізіледі, сондай-ақ тұтас алғанда қаржы жүйесін институционалдық дамыту қамтамасыз етіледі. Банк қызметі тәуекелдерін басқару жөнінде ұсынымдар енгізіліп, шоғырландырылған негізде қадағалау әдістері жетілдірілетін болады.

Әлемдік экономиканың ғаламдануы мен интеграциялануының өсуіне қарай банктердің жаңа әлемдік тәртіптің қаржылық орталықтары ретіндегі рөлі артады. Көптеген елдерде банктерді ірілендіру үрдісі байқалады. Ірілендірудің негізгі мақсаты - капиталды шоғырландыру және капиталдың әлемдік нарығында бәсекеге қабілетті кешенді ұйым құруға ұмтылу. Ірілендіру қаржы институттарының бірігуі және шоғырлануы есебінен де, олардың табиғи өсуі есебінен де жүргізуі мүмкін.

Банк институттарының біртіндеп іріленуіне қарамастан, тармақталған банк жүйесін құруға байланысты міндет мемлекет үшін басым міндеттердің бірі болуға тиіс. Сондықтан қаржы жүйесінің дамуына қарай нарықта айрықша міндеттері бар мамандандырылған жаңа кредиттік мекемелердің (ипотекалық, даму және тұрғын үй құрылысы) пайда болуы және жұмыс істеп тұрған банктік емес қаржы ұйымдарының одан әрі дамуы күтіледі.

Халыққа сапалы қаржылық қызмет көрсету үшін аймақтарда почта-жинақ жүйесі құрылатын болады. Ол сондай-ақ халыққа, әсіресе ауылдық жерлерде қаржы қызметтерін ұсынуды кеңейтуге және қаржы секторына жаңа жинақ ақшаның келуіне қолайлы жағдай жасауға мүмкіндік береді. Сондықтан банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар, соның ішінде почта-жинақ мекемелері жүйесі секторын дамыту үшін нормативтік құқықтық базаны жетілдіру әрі жаңа қаржы құралдарын дамытуға жәрдемдесу маңызды болады.

Сонымен, Қазақстанның қаржы нарығы неғұрлым ірі клиенттерге қызмет көрсетумен шұғылданатын банктерді ғана емес, сонымен бірге қызметі орташа және ұсақ клиенттермен тығыз байланыста болатын банктік емес қаржы мекемелерін де ұсынатын болады. Осыған байланысты халыққа және кәсіпорындарға көрсетілетін банк қызметінің сапасын арттыру және қызмет

аясын кеңейту, соның ішінде жаңа банктік технологияларды енгізу есебінен кеңейту күтіледі. Банктердің аймақтардағы филиалдық желісін нығайту күтіледі, ол банк қызметтеріне кең қол жетімділікті қамтамасыз етеді.

Банкаралық кредиттер бойынша банктердің міндеттемелеріне кепілдік беру қорын құру да банктердің орнықты жұмыс істеуіне ықпал ететін болады.

Елдің сақтандыру нарығын жедел дамыту көзделеді. Осы заманғы ұлттық сақтандыру индустриясын құру сақтандыру қызметін көрсететін нарықты сапалық жаңа деңгейге көтеру жөнінде шаралар әзірлеп, оларды кезең-кезеңмен іске асыруды талап етеді. Осыған байланысты Қазақстанның сақтандыру индустриясын дамытудың негізгі аспектілері мен бағыттары Қазақстан Республикасында Сақтандыруды дамытудың 2000-2002 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында неғұрлым толық көрініс тапқан. Осы бағдарламаның іске асырылуына қарай сақтандыру ұйымдарының функцияларын кеңейтуге және елдің қаржы жүйесін дамытуда сақтандыру нарығының рөлін күшейтуге жәрдемдесетін жаңа міндеттер мен іс-шаралар белгіленетін болады.

4.4. Банктердің ресурстық базасының одан әрі өсуіне және экономиканың нақты секторын кредиттеуді кеңейтуге жәрдемдесу

Елдің банк жүйесінің орнықты жұмыс істеуі, халықтың банктердегі салымдарын қорғау жүйесін жетілдіру банктердің ресурстық базасының біртіндеп өсуіне және олардың кредиттік әлеуетінің нығаюына алып келеді. Құрылған ипотекалық компаниялар да осы бағытта іс-қимыл жасайтын болады, мұның өзі банктердің ресурстық базасын институционалдық инвесторлардың ақша қаражатын тарту (зейнетақы және сақтандыру қорлары), сондай-ақ депозиттерді сақтандырудың банкаралық қорын құру есебінен ұзартуға және к е ң е й т у г е а л ы п к е л е д і .

Бұл жағдайда қаржы ресурстарын тиімді пайдалану неғұрлым маңызды болып көрінеді, сондықтан қаржы ресурстарының экономиканың нақты секторына түсуін ынталандыратын мынадай талаптарды:

- мемлекет ресурстарын ел экономикасын дамытудың басым бағыттарына шоғырландыру үшін мамандандырылған Даму Банкінің тиімді қызмет етуін;

- экономиканың нақты секторын кредиттеудің ақшаны қайтарылмау қатерінен оңтайлы бөлуді ескеретін әр түрлі тетіктерін дамытуды және ж е т і л д і р у д і ;

- экономиканың нақты секторының мониторингін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды жалғастыруды және ақша-кредит саясатының экономиканың нақты секторының қажетіне бағдарлануын күшейтуді;

- елде ипотекалық кредиттеу мен құрылыс жинақ ақша жүйелерін жетілдіруді және дамытуды ;
- аймақтарда қаржы лизингін белсенді дамытуды;
- аймақтарда банктік емес қаржы ұйымдарының, соның ішінде кредиттік серіктестіктердің жүйесін кеңейтуді;
- отандық және шетелдік инвесторлардың қызметі үшін бірдей жағдайлар жасауды ;
- экономиканың басым салаларындағы инвестициялар үшін қолайлы жағдайлар жасауды, яғни жеңілдіктер мен преференциялар беруді (қараңыз. III-бөлім. Өнеркәсіптік-технологиялық саясат);
- қор нарығын одан әрі дамытуды (қараңыз. IX-бөлім. Инвестициялық саясат) және тағы басқаларды іске асыру қажет.

4.5. Төлем жүйесінің орнықтылығын және одан әрі дамуын қамтамасыз ету

Төлем жүйесінің техникалық деңгейін көтеру және ұйымдастыру оны төлем жүйелеріне қойылатын халықаралық стандарттарға сәйкес келтіруге бағытталатын болады .

Банктер ұсынатын қызмет көрсетулер аясын кеңейту, аударым арқылы төлем жасауды дамыту сондай-ақ бөлшек саудада операциялардың ашықтығын арттыру мақсатында төлем карточкаларының ұлттық жүйесі құрылатын болады.

Төлем жүйесінде қатерлерді болдырмау жөнінде шаралар қабылданатын болады: төлем жүйесінің іркіліссіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету қуатын ұлғайту және іс қауіпсіздік деңгейін арттыру үшін резервтік орталық құрылысын салу.

VII БӨЛІМ САЛЫҚ-БЮДЖЕТ САЯСАТЫ

1. МАҚСАТ

Мемлекет өз міндеттерін орындау үшін мемлекеттік бюджеттің кірісіне қажетті түсімдердің көлемін қамтамасыз ету мақсатында мемлекет пен шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық өзара қарым-қатынастағы мүдделерінің балансына қол жеткізу және Қазақстан Республикасының стратегиялық және бюджеттік жоспарлауының біртұтастығын қолдау мақсатында орнықты бюджет жүйесін, әлеуметтік-экономикалық басымдықтарды қалыптастыру.

2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

2.1. Күшті жақтар

Бүгінде Қазақстанда салық жүйесінде, бюджеттің атқарылуында біраз табыстар бар, негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің тұрақтануына қол жеткізілді. Тиімді бюджет жүйесін құру жөнінде едәуір қадамдар жасалды.

1999 жылғы есептік деректерге сәйкес мемлекеттік бюджетке түсімдер ІЖӨ-нің 19,8%-ын, шығыстар мен кредиттер - ІЖӨ-нің 23,2%-ын құрады. Мемлекеттік бюджеттің тапшылығы ІЖӨ-нің 3,5%-ын құрады және 1998 жылмен салыстырғанда 0,7%-ға төмендеді. Есептік деректер бойынша, (есептеу кезеңінсіз) 2000 жылы мемлекеттік бюджеттің ІЖӨ-ге 0,1% болған шамалы профицит жағдайында, мемлекеттік бюджетке түсімдер ІЖӨ-нің 23,1%-ын, шығыстар мен кредиттер - ІЖӨ-нің 23,0%-ын құрады.

Қазақстан ТМД мемлекеттерінің алғашқыларының бірі болып салық туралы заң қабылдады. Оны 1995 жылы қабылдау республиканың қаржы жүйесін қалыптастыруда, барлық міндетті төлемдерді бюджетке құрылымдандыруда, салықтарды есептеу мен алудың тәсілдерін белгілеуде едәуір рөл атқарды.

Мемлекеттік кіріс жүйесіндегі реформалау, мемлекеттік бюджет қаражатының келіп түсуін бақылау мәселелеріне байланысты барлық фискалдық органдарды бір ведомство шегінде шоғырландыру процестері табысты жүргізілді.

Салық заңдарын жетілдіру жөнінде жұмыс жүріп жатыр. Экономиканың даму перспективасын ескеретін және мемлекет пен салық төлеушілердің мүдделерін оңтайлы үйлестіретін қолайлы орта жасауға барлық нормативтік құқықтық актілерді бір заң актісінің шеңберінде біріктіруге бағытталған жаңа Салық кодексі қабылданды.

Салық жүктемесін азайту мақсатында 2001 жылы қосылған құн салығының ставкасы 16%-ға дейін және әлеуметтік салық 21%-ға дейін төмендетілді.

Шығыстардың тиімді жүйесін жасау жөнінде шаралар қолданылды. Қазынашылық жұмысы тиісті деңгейде жолға қойылды. ТМД елдерінің арасында алғашқылардың бірі болып Қазақстан қазынашылық жүйесі арқылы бюджеттік бағдарламаларды уақтылы және мақсатты қаржыландыруға қол жеткізді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры және Қазақстанның Даму Банкі құрылды.

Әлемдік стандарттардың талаптарына жауап беретін кірістер мен шығыстарды жаңа бюджеттік жіктеу енгізілді.

Шығыстар жүйесін жетілдіру жөнінде маңызды іс-шаралар орындалды.

1999 жылдан бастап барлық бюджеттен тыс қорлар таратылды, ал олардың кірістері мен шығыстары мемлекеттік бюджетке шоғырландырылды. Сондай-ақ

алдын ала бақылау жасау тетігін жетілдіру жөнінде шаралар қолданылды, мемлекеттік мекемелердің міндеттемелерін тіркеуді есепке алу енгізілді. Сондай-ақ республика халқының белгілі бір санаттарына бюджет көтере алмайтын нақты жеңілдіктер мөлшерін берудің көп жылдық практикасы оларды азаматтардың жекелеген санаттарына ақшалай өтемақы берумен алмастыру арқылы алып тасталды. Барлық деңгейдегі бюджеттер бюджеттік бағдарламалар деңгейінде бекітіледі, ал бюджеттен қаражат бөлу жекелеген министрліктер мен ведомстволарды қаржыландыруға емес, бюджеттік бағдарламаларды орындауға жүзеге асырылады.

Мемлекеттік бюджет кірісін басқару процесін жетілдіру шеңберінде 1999 жылы мемлекеттік қаржыны басқару мәселелері бойынша бюджет заңдарына өзгерістер енгізілді. 1999 жылдың 1 сәуірінде қабылданған "Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы бюджетаралық қатынастың жаңа тетіктерін белгіледі.

Мемлекеттік секторға функционалдық талдау жүргізу нәтижесінде мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар мемлекеттік мекемелер мен мемлекеттік кәсіпорындарға бөлінді. Азаматтық және бюджеттік заңдарға тиісті өзгерістер енгізілді. 1999 жылдан бастап кейбір мемлекеттік функциялар бәсекелестік ортаға берілді және мемлекетке қызмет көрсету нысанында орындалады. Мұндай функцияларды іске асыру жөніндегі бюджеттік бағдарламалар мемлекеттік тапсырыс нысанында орындалады.

2.2. Әлсіз жақтар

Қазақстанда жұмыс істейтін ірі шетел компаниялары салық заңдарын жиі бұза отырып, салық төлеуден жалтарады, мұны тіпті халықаралық ұйымдар да атап көрсетеді.

Бюджетке түсімді көбейту үшін едәуір резерв нақ осында бола тұрса да, бюджетке берешекті өтеу жөніндегі жұмыс нашар жүргізіледі.

Бюджетке төлем жасау жөніндегі салық мерзімін кейінге қалдырудың тәртібіне өзгерістер енгізу талап етіледі, өйткені қазіргі кезде салық органының басшысы тиісті қаржы органының басшысымен келісім бойынша салық төлеу жөніндегі мерзімді ұзартуға құқылы.

Соттардың жұмыс бастылығына және судьялардың арнаулы білімінің жоқтығына байланысты кәдімгі сот арқылы салық төлеушілердің құқығын қорғау тым қиындатылған.

Қазақстан аумағына шектес мемлекеттерден тауарлардың кеден бақылауынан өтпей әкеліну мүмкіндігі мемлекетке елеулі экономикалық залал келтіреді.

ІЖӨ көлемінің жыл сайынғы өсуі жағдайында мемлекеттік бюджеттің көлемі тұтас алғанда төмен болып отыр, ол ІЖӨ-нің 25%-дан кем мөлшерін құрайды. Шығыстардың мұндай деңгей жағдайында мемлекеттік бюджет мемлекеттің

барлық функцияларын орындауды толық қамтамасыз ете алмайды.

Бюджет жүйесін орталықсыздандырудың аяқталмауы бюджетаралық қатынастың өзекті проблемасы болып отыр.

Бюджеттің теңдестірілмеуі бюджеттер өкілеттігінің айқын ажыратылуының жеткілікті болмауына байланысты тереңдей түсуде.

Бюджет ресурстарын орталықсыздандыру мен бюджет өкілеттіктерін орталықтандыру арасында үйлесімсіздік бар.

Қазіргі кезде қалыптасқан жағдай бюджет жүйесін орталықсыздандыруды күрделендіреді. Бұл ең алдымен бюджеттің тігінен түсірілуі туралы түсініктің сақталуына байланысты.

Аймақаралық күрт айырмашылық бюджет жүйесін орталықсыздандырудың артықшылықтарын пайдалануға кедергі келтіреді.

Бюджетті жоспарлаудың уақыт аясы орталықта да, сондай-ақ аймақтық деңгейлерде де қысқа мерзімді болып отыр.

Бюджеттердің аудандық және облыстық деңгейлерінде өзіндік кіріс көздері бекітілмеген.

Республикалық бюджетке ішінара аударылатын кірістер есебінен жергілікті бюджеттердің кіріс бөлігін асыра орындауы көбіне мемлекеттік бюджеттің еркін қаражатын түзеді.

Жергілікті атқарушы және өкілді органдар осы көздер бойынша кіріс жоспарын ұлғайту және қаражатты қосымша шығыстарға бағыттау мүмкін болмайтын проблемаларға тап болады.

Еркін қаражат айналымға уақтылы тартыла алмайды және өткір әлеуметтік-экономикалық проблемаларды шешуге жіберіле алмайды.

Қайсыбір кіріс көздері бойынша болжамды деректерді асырып жіберу немесе төмендету фактілері жиі кездеседі, бұл өз кезегінде, әр түрлі деңгейдегі бюджеттердің атқарылуын тұрақсыздандырады.

Заңдарда белгіленген ұзақ мерзімді бюджеттік алу мен субвенциялар мөлшерін белгілеу рәсімі практикада жеткілікті деңгейде іске асырылмайды.

Жергілікті бюджеттердің шығысы негізінен ағымдағы шығындарға шоғырландырылған және күрделі шығындарды бекітуде белгісіздік орын алған.

Трансферттердің ағымдағы тетігі аймақтардың жай-күйін бағалаудың маңызды факторларын қамтымайды, ол ашық емес және орталықтан тұрақты түрде түзетілуге мұқтаж.

Трансферттердің қолданыстағы жүйесі алулар мен субвенцияларды реттеу әдісімен "жыртықты жамаудың" ескі тетігін шын мәнінде қайталайды және сол арқылы облыстардың бюджетін теңдестіреді.

Шығыстар жоспары ел дамуының басымдықтарымен әрдайым байланыстырыла бермейді.

Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуының жеткілікті дәрежеде ашық болмауы мемлекеттік шығыстарды тиімсіз басқаруға алып келеді .

Бюджеттің шығыс бөлігінде ағымдық сипаттағы шығыстар мен дамытуға арналған шығыстар бөлек көрсетілмеген.

Ішкі және сыртқы аудит жүйесі тиімсіз.

Жүзеге асырылып жатқан шығыстардың тиімділігін бағалау тұрғысынан бюджет қаражатын жұмсаудың мониторинг жүйесі жоқ.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері және оларға ведомстволық бағынысты мекемелер деңгейінде бюджет қаражатын тиімсіз басқару нәтижесінде, сондай-ақ тауарлар мен қызмет көрсетулерді сатып алуға арналған уақтылы өткізілмейтін конкурстар есебінен бюджеттің пайдаланылмаған қ а р а ж а т ы к ө б е ю д е .

Өткізілген конкурстар басқа ықтимал жеткізушілердің жоқтығына иек арта отырып көбіне бір көздегі жеңімпаздарды айқындайды.

Тауарлар мен қызметтерді конкурстық айқындау есебінен пайда болған бюджет қаражатын үнемдеу ашық болмай отыр.

Аумақтық Қазынашылық органдарының жергілікті бюджеттің атқарылуына қызмет көрсетуге қатысты талаптары қаражатты ұтымды және тиімді пайдалануды толық қамтамасыз етпейді.

Шетелдік көздерден қарызға қаражат алуға байланысты консультациялық шығыстар жоғары күйінде қалып отыр.

2.3. Мүмкіндіктер

Салық салу базасын өндірістің өсуі мен салық әкімшілігін жүргізуді жақсарту е с е б і н е н к е ң е й т у .

Кейбір салықтардың ставкасын төмендету.

Салық салу жүйесін жеңілдету.

Тұрақты кіріс көздерін іс барысында айқын анықтау кезінде бюджетаралық қатынастардың орнықты жүйесін қалыптастыру.

Халықаралық ұйымдар тарапынан жәрдемдесудің болуы, шетелдік тәжірибені зерделеу және енгізу.

2.4. Қатерлер

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саласының құлдырауы.

Салық заңдары мен салық әкімшілігін жүргізудің жетілдірілмегендігі төлем тәртібін арттыруға ықпал етпейді.

Алым түрлерінің және басқа да міндетті төлемдердің және оларды өндіріп алу рәсімдерінің көптігі салық жүйесін күрделендіреді.

Әлеуметтік дамудағы аймақтық үйлесімсіздік.

Мемлекеттік борыштың өсуі.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Салық-бюджет саясаты саласында 2001-2010 жылдар кезеңіне арналған мынадай негізгі стратегиялық міндеттер болады:

- салық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- бюджетке салық түсімінің ІЖӨ-нің 30% деңгейіне дейін өсуін қамтамасыз ету ;
- салық заңдарын жетілдіру;
- салық жеңілдіктерін жүйеге келтіру;
- кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызметіне тиімді мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету;
- бюджетті орталықсыздандыру принциптерін іске асыру;
- мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саласын даму стратегиясымен өзара байланыста дамытуға бағдарлайтын бюджет саясатын жүзеге асыру;
- бюджетаралық трансферттер жүйесін жетілдіру;
- ІЖӨ-ге қатысты мемлекеттік борышты тұрақтандыруға және біртіндеп қысқартуға қол жеткізу ;
- бюджетті жоспарлау жүйесін жетілдіру;
- бюджеттің ашықтығын қамтамасыз ету.

4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

4.1. Салық жүйесінің тұрақтылығын қамтамасыз ету

Салық заңдарының тұрақтылығы принципін заң тәртібімен бекіту қажет, өйткені салық заңдарына өзгерістерді жиі енгізу елдегі экономикалық ортаға теріс ықпал етеді .

Қаржы-банк жүйесінің, экономиканың аграрлық секторының нығаюына, шағын кәсіпкерліктің қоғамның орташа табы ретінде қалыптасуына, әлеуметтік саланың экономикалық негізінің нығаюына қарай, Салық кодексінің жаңа редакциясын қабылдау қажет.

Мемлекеттік бюджеттің кіріс бөлігінің нығаюына және өсу мүмкіндіктеріне орай халықтың өз күнін өзі көру және экономиканың жекелеген секторларына салық жеңілдіктерін беру саясатынан халықтың әлеуметтік әлсіз жіктеріне, сондай-ақ экономиканың тиімсіз, бірақ үлкен әлеуметтік маңызы бар секторларын мемлекеттің тікелей қолдауының рөлін күшейту саясатына көшу қажет.

4.2. Бюджетке салық түсімінің ІЖӨ-нің 30% деңгейіне дейін өсуін қамтамасыз ету

Мемлекеттік бюджетке салық түсімінің өсуі салық әкімшілігін жүргізуді жақсарту және салық заңдарының нормаларын мүлтіксіз сақтау есебінен қамтамасыз етілетін болады.

Барлық дамыған елдерде бөлінетін ІЖӨ-нің үлесі әрбір он жыл сайын заңды түрде өсіп, ІЖӨ-нің 50%-ына жақындағанын ескере отырып, таяу жылдарда мемлекеттік бюджетке салық және салықтық емес түсімдердің деңгейі ІЖӨ-ге қатысы бойынша 30%-ға жетеді.

4.3. Салық заңдарын жетілдіруді қамтамасыз ету

Перспективада 5-7 жылдан кейін салық жүйесінде мынадай бағыттар бойынша реформалар жүргізілетін болады:

- жеке табыс салығына салық салу жүйесі бойынша едәуір ұқсастығы бар әлеуметтік салық, мемлекеттік сақтандыру қорына төленетін жарна болып қайта құрылатын болады. Бұл жағдайда жарна төлеушілер бюджетте неге жұмсалатыны белгісіз әлеуметтік салықпен салыстырғанда, қор қаражатының қандай мақсаттарға пайдаланылатынын білетін болады (қараңыз. IX-бөлім. Инвестициялық саясат);

- салық төлемдерінен жалтарудың мүмкін еместігі мен оның тиімсіздігін қамтамасыз ететін, соның ішінде жеке тұлғалардың табысын жаппай мәлімдеу және табысы неғұрлым жоғары тұлғаларға салық салуды күшейту есебінен қамтамасыз ететін тетіктер қолданысқа енгізілетін болады, мұның өзі осы санаттағы салық төлеушілерден салық жинау ісіндегі жағдайды едәуір жақсартарды;

- салық салу базасын кеңейту және экономиканың нақты секторына салық жүктемесін неғұрлым теңдей бөлу үшін әлемдік практикада жергілікті бюджеттер үшін кірістің маңызды көзі болып табылатын бөлшек саудада сатуға салық салуды енгізудің орындылығы қарастырылатын болады.

4.4. Салық жеңілдіктерін жүйеге келтіру

Салық жүктемесін барлық салық төлеушілерге теңдей және әділетті бөлу мәселесі принципті мәнге ие. Басымдықты салаларда іскер белсенділікті ынталандыратын мақсатты бағытталған бірыңғай жеңілдік жүйесін қалыптастыру қажет.

Салық артықшылықтарын пайдаланбайтын салық төлеушілерге қатысты салық жүйесіндегі әділеттілік принципін бұзатын негізсіз жеке салық жеңілдіктері жойылады, өйткені салық төлеушілердің бірі үшін жеңілдікті салық режимі сөзсіз басқаларға қосымша салық ауыртпалығын түсіру дегенді білдіреді.

4.5. Кәсіпорындардың сыртқы экономикалық қызметіне тиімді мемлекеттік бақылауды қамтамасыз ету

Қазақстандық тұлғалардың сыртқы экономикалық қызметінің өсуі, сыртқы экономикалық қызметтегі белсенді өзгерістер кеден шекарасында экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз етуде, контрабандаға тосқауыл қоюда, кеден төлемдері мен салықтарды толық көлемде өндіруде республика кеден органдарының ролін арттырады.

Кеден әкімшілігін жүргізудің сапасын арттыру республиканың кеден қызметіне бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық жүйе енгізілуі қамтамасыз етілетін болады.

Сонымен қатар кеден қызметі қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесін, әсіресе кеден шекарасынан өткізу пункттеріндегі жүйесін реформалау қажет, өйткені нақ осы еңбекке ақы төлеудің төмендігі сапасыз кеден бақылауының себебі болып отыр және кеден қызметі қызметкерлерінің арасында сыбайлас жемқорлықтың көбеюі де соның салдары.

4.6. Бюджетті орталықсыздандыру принциптерін іске асыру

Мыналар қажет:

- жергілікті бюджеттердің мейлінше дербестігін қамтамасыз ету жолымен бюджетаралық қатынастардың тиімді жүйесін құру;

- шығыс жасау өкілеттігі мен шығыстар бойынша жауапкершілікті заң тұрғысынан айқын ажыратуға қол жеткізу;

- Қазақстан Республикасының Бюджет кодексін әзірлеу және қабылдау, ол бюджеттерді жасаудың, бекітудің және атқарудың бірыңғай құқықтық нормасын қамтамасыз етеді;

- салықтар мен алымдарды мемлекеттік бюджеттің белгілі бір деңгейлеріне бекіту;

- трансферттердің тиімді жүйесін құру;

- дамудың жалпы мемлекеттік стратегиясы шеңберінде әлеуметтік-экономикалық дамудың және бюджет қаражатының соларға сәйкес жұмсалыуының басымдықтарын белгілеуде аймақтардың дербестігін қамтамасыз ету.

4.7. Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саласын даму стратегиясымен өзара байланыста дамытуға бағдарлайтын бюджет саясатын жүзеге асыру

Республикалық бюджеттің ағымдағы және даму бюджеті деп бөлінген жаңа құрылымын жасау көзделді.

Қазақстан Республикасының ағымдағы бюджетінен (бұдан әрі - ағымдағы бюджет) функционалдық топтардың ағымдағы шығыстарын қаржыландыру және мемлекеттік борышқа қызмет көрсету.

Ағымдағы бюджеттің шығыс бөлігі нақты мақсаттары көрсетіле отырып, бюджеттік бағдарламалар негізінде қалыптастырылады.

Әлеуметтік салаға арналған шығыстар ағымдағы бюджеттің негізгі басым шығыстары деп болады.

Білім беруге арналған шығыстар ІЖӨ-нің 8%-ына, денсаулық сақтауға - ІЖӨ-нің 4%-ына, әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік көмекке - ІЖӨ-нің 9%-ына, қорғанысқа - ІЖӨ-нің 1%-ына дейін жеткізіледі.

2010 жылға қарай мемлекеттік бюджеттің шығысы ІЖӨ-нің 30%-ына дейін жетеді. Еуропа елдеріндегі мемлекеттік шығыс 1970 жылы орта есеппен ІЖӨ-нің 34,5%-ынан 1997 жылы 46,6%-ға дейін көбейді. Қазіргі кезде осындай көрсеткіштер АҚШ пен Жапония бойынша ІЖӨ-нің тиісінше 34%-ын және 35%-ын құрайды.

Қазақстан Республикасының даму бюджеті (бұдан әрі - даму бюджеті) күрделі шығыстар құрамында қалыптастырылатын және инвестициялық бағдарламаларды қаржыландыру үшін пайдаланылатын (қараңыз. ІХ-бөлім. Инвестициялық саясат) республикалық бюджеттің құрамдас бөлігі болады.

Даму бюджеті шығыстарды қаржыландырудың мынадай бағдарламаларын қамтамасыз ететін болады:

- экономиканың нақты секторын кредиттеу;
- бюджет аясындағы салаларда жаңа объектілер салу;
 - көлік инфрақұрылымы;
- осы заманғы жабдықтар сатып алу және бюджет саласының объектілерін техникалық жаратандыру;
- ұлттық-мәдени құндылықтарды қайта түлету.

Даму бюджетінің атқарылуы туралы есеп Қазақстан Республикасының Парламентіне республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептің құрамында ұсынылады.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қоры бөлу шотының қаражатынан түсетін жыл сайынғы түсімді даму бюджеті көздерінің бірі деп белгілеу мүмкіндігі қарастырылады.

4.8. Бюджетаралық трансферттер жүйесін жетілдіру

Ресми трансферттерді айқындау әдістемесі жетілдіріледі.

Трансферттер жүйесі аймақтарда әлеуметтік қызметтердің ең төменгі қамтамасыз етілуіне кепілдік береді және сонымен бір мезгілде аймақтарды

салық базасын кеңейтуге ынталандырады.

Ағымдағы бюджет өзінен төмен тұрған бюджеттерді, негізгі объективті факторларды (халықтың саны, оқушылардың, қарттардың саны, табиғи-климаттық жағдай, кедейшілік деңгейі, автомобиль жолдарының ұзындығы және т.б.) ескере отырып, халықтың жан басына есептелген трансферттер қорының қаражаты есебінен аймақтарға қажетті трансферттермен қамтамасыз ететін болады.

4.9. ІЖӨ-ге қатысты мемлекеттік борышты тұрақтандыруға және біртіндеп қысқартуға қол жеткізу

Мемлекеттің төлем қабілеттігін қамтамасыз ету шаралары қолданылады.

ІЖӨ-ге қатысты мемлекеттік борышты тұрақтандыруға және біртіндеп қысқартуға қол жеткізу керек.

Бюджет тапшылығының деңгейін қысқарта отырып, мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген қарыз алудың және Үкімет борышын басқарудың тетігін жетілдіру қажет.

4.10. Бюджетті жоспарлау жүйесін жетілдіру

М ы н а л а р :

- бюджетті жоспарлаудың әдістемесін жетілдіру, соның ішінде бюджеттік бағдарламалардың орындалу нәтижелерін бағалау негізінде жетілдіру;
- мемлекеттің міндеттемелерін өзінің ресурстарымен мейлінше теңдестіре отырып 3-5 жылға дейінгі бюджет көрсеткіштерін орташа мерзімді жоспарлаудың жүйесін әзірлеу;
- орталық және жергілікті басқару органдарының арасындағы ресурстарды олардың міндеттеріне барабар бөлуді жүзеге асыру;
- мемлекеттік қызмет көрсетуді қаржыландырудың үздіксіздігі және тиімді қаржылық жоспарлау қамтамасыз етіледі.

4.11. Бюджеттің ашықтығын қамтамасыз ету

Бюджеттік қаржыландыру туралы нақты және айқын ақпаратқа қол жеткізу керек.

Бюджеттік қаржыландырудың ашықтық принципі:

- заңдық және нормативтік құжаттардың жариялануымен;
- жылдық қаржылық және жедел баяндамалар мен есептердің (бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жасаған) жариялануымен;
- мемлекеттік қаржы жасаған толық ақпараттың жариялануымен жүзеге асырылатын болады.

Жүзеге асырылып жатқан шығыстардың тиімділігін бағалау үшін бюджет қаражатының пайдаланылуына бақылау күшейтіледі.

Қаражаттың жұмсалыуына мониторинг қатаң және жетілдірілген жүйе бойынша жүзеге асырылатын болады.

Ішкі, сол сияқты сыртқы аудит те маңызды рөл атқарады, өйткені олар шығындар мен бұрмалаушылықтар жағдайларын анықтауға мүмкіндік беріп қана қоймайды, сонымен бірге құрылымдық реформалар жүргізуге де ықпал етеді. Объективті аудит артық факторларды анықтауға және жаңалықтар мен озық практикалық тәжірибені таратуға көмектеседі.

Мемлекеттік сектордың ішкі және сыртқы аудит жүйесін дамыту үшін заңдық базаны жетілдіру жөніндегі жұмыс жалғастырылады.

Тиімділікті бағалауды айқындауға қол жеткізу, қолдануы күрделі және қымбат тұратын ескірген ережелерді анықтау сондай-ақ бұрын әзірленген реформаларды түзету қажет.

Бюджет саласы үшін қажетті тауарлар мен қызметтер ұсынуға арналған конкурстар өткізуге бақылау күшейеді.

Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің рөлі күшейтіледі.

IX БӨЛІМ

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ САЯСАТ

1. МАҚСАТ

Тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатында бәсекеге қабілетті, жоғары технологиялы және ғылымды қажетсінетін өндірісті дамытуға басым тәртіппен бағытталатын, ішкі және сыртқы инвестициялардың жоғары деңгейіне қол жеткізу.

2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Қазақстандағы ең басты стратегиялық міндеттердің бірі әрдайым елге экономикалық өсу бағдарламасын іске асыруға мүмкіндік беретін тікелей және "қоржындық" инвестицияларды тарту болып келді.

Экономиканы дамытуға бағытталған қаржы ресурстары көлемін едәуір арттырмайынша ІЖӨ өсімінің жыл сайынғы 5-7% деңгейінде болжанып отырған жоғарғы қарқынына қол жеткізу мүмкін емес.

Мемлекеттік және жеке инвестициялардың экономикаға тартылған ағымдағы көлемі осы заманғы экономиканың жылдам өсіп отырған қажеттерін қанағаттандыру үшін жеткіліксіз. Негізгі капиталға салынған инвестициялар

көлемі қазіргі кезде ІЖӨ-нің 18-19%-ынан аспайтын мөлшерді құрайды, ал елімізге осы қолда бар деңгейден екі есе асып түсетін инвестициялар көлемі қажет.

2.1. Күшті жақтар

Бүгінгі таңда жүргізіліп отырған инвестициялық саясат бірқатар жағымдылықтарымен сипатталады, солардың арасынан шетелдік инвестицияны тарту үшін тұтас алғанда қолайлы инвестициялық ахуалдың сақталғанын, бағалы қағаздар нарығының құрылғаны мен дамығанын, жаңа институционалдық инвесторлар қалыптасқанын, экономиканы кредиттеуде банктердің рөлі күшейгенін атап өткен жөн.

2.1.1. Шетелдік инвестициялар

Шетелдік инвестицияларды тарту көлемі бойынша Қазақстан жан басына шаққанда ТМД елдері арасында жетекші орынға ие болып келеді. Жыл сайынғы тікелей шетелдік инвестициялардың жиынтық көлемі орта есеппен ІЖӨ-нің 8%-ы деңгейінде сақталып отыр.

Қазақстандағы қолайлы инвестициялық ахуалға мынадай жолдармен қол жетіп отыр:

- саяси тұрақтылықты және алдын ала болжауды сақтау;
- валютаның тұрақтылығын қолдау;
- нарықтық өзгерістерге бағытталған реформалар жолын ұстану саясатын жүргізу және әлемдік экономикаға интеграцияланған демократиялық құқықтық мемлекет құру.

2.1.2. Банк секторы

Орнықты банк жүйесі құрылды.

Жеке тұлғалардың салымдарын (депозиттерін) міндетті ұжымдық сақтандыру (кепілдік беру) және банк құпиясы институты тетігін іске қосу банк жүйесіне сенімді арттыруға мүмкіндік берді.

Коммерциялық банктердің ресурстық базасы артып келеді.

2.1.3. Бағалы қағаздар нарығы

Республикада экономиканың өндірістік секторларын дамытуға ішкі және сыртқы қаржы ресурстарын қайта бөлудің тиімді тетігі ретінде бағалы қағаздар нарығын дамытуға зор маңыз беріледі.

Мемлекеттік бағалы қағаздардың дамыған нарығы құрылды және мемлекеттік емес бағалы қағаздар нарығы дамып келеді.

Бағалы қағаздар нарығының базалық құқықтық және институционалдық инфрақұрылымы жасалды; бағалы қағаздар нарығының жұмыс істеп тұрған техникалық инфрақұрылымы депозитарлық және есептеу-клирингтік қызметтерді жүзеге асырудың халықаралық стандарттарына сай келеді.

1999 жылы халықаралық сарапшылар корпорациялық басқару мәселелері

жөніндегі Қазақстан заңнамасын Орталық және Шығыс Еуропа, ТМД және Балтық жағалауы елдеріндегі үздік заңнамалардың бірі ретінде мойындады.

2000 жылы қаржыландырудың тәсілі ретінде банктік кредиттеуге балама болған корпорациялық облигациялардың алғашқы нарығы ойдағыдай жұмыс істей бастады.

Сақтандыру нарығы дамып келеді. Сақтандыру заңнамаларына енгізілген өзгерістер сақтандыру ұйымдарының ұйымдық-құқықтық нысанын акционерлік кәсіпорындар нысанында орнықтырады. Сақтандыру қызметі туралы жаңа Заңның қабылдануына орай сақтандыру ұйымдарының сақтандыру резервтерін тарту және олардың инвестициялық мүмкіндіктері саласындағы қызметін кеңейту үшін мүмкіндіктер жасалатын болады.

Құрылыс жинақ ақшалары жүйесі мен ипотекалық кредиттеудің енгізілуі тұрғын үй құрылысын дамытуға инвестициялардың қосымша құйылымын ынталандыруға мүмкіндік береді. Бұған қоса, қор нарығында жаңа қаржылық құрал - ипотекалық облигация пайда болады.

2.1.4. Ішкі жинақ ақшалар

Бағалы қағаздар нарығында жаңа институционалдық инвестор - жинақтаушы зейнетақы қорларының пайда болуы ішкі жинақ ақшаларды жұмылдыру тетігін институционалдандыруға мүмкіндік берді. Зейнетақымен қамсыздандыру саясатын одан әрі жетілдіру кезінде жинақтаушы зейнетақы қорлары азаматтардың ақшаларын шоғырландыратын аса ірі ұлттық институционалдық инвесторлар болады.

2.2. Әлсіз жақтар

Сонымен бірге қалыптасқан инвестициялық жағдайдың бірқатар әлсіз жақтары бар екендігін, оларды еңсеру елдегі инвестициялық жағдайды жақсарту үшін қажет екендігін атап өткен жөн.

2.2.1. Шетелдік инвестициялар

Шетелдік капитал өндірістік сектордың дамуына ықпал етпейді, өйткені іс жүзінде толығымен экономиканың өндіруші секторларына, негізінен мұнай өндіру мен металлургия салаларына жіберіледі. Бұдан басқа, инвестициялар құрылымын талдау шетелдік инвесторлардың ақшаның көп бөлігін айналым қаражатына немесе қысқа мерзімді пайдаланудың негізгі қаражатына салатынын көрсетеді.

Шетелдік инвестициялардың келуін ынталандыру саясаты отандық және шетелдік инвесторлардың теңсіз жағдайға қойылуына алып келді.

Капиталдың елден жылысуының жалғасуы Қазақстан экономикасын дамытуға теріс әсер етіп отыр.

Тартылатын шетелдік капитал көлемін арттыруға кедергі келтіретін бірқатар факторлар бар, олардың ішінен мыналарды атап көрсетуге болады:

- Қазақстан нарығындағы іскерлік белсенділіктің төмендігі;
- заңнама мен реттеуші шаралардың көмескілігі;
- ақша қаражатының төлемсіздік дағдарысымен шиеленіскен төмен өтімділігі;
- сенімді ақпараттың өткір тапшылығы.

Бұдан басқа, мемлекет рөлінің әлсіздігі сыбайлас жемқорлық пен қызмет бабын теріс пайдаланудың таралуына, келісімшарт талаптарының орындалмауына мүмкіндіктер туғызды; санаткерлік меншік құқығын қорғау қамтамасыз етілмейді.

2.2.2. Негізгі капиталға инвестициялар

Төмен инвестициялық белсенділік салдарынан экономиканың нақты секторының негізгі капиталы әбден ескірді, іс жүзінде экономиканың барлық салалары техникалық жағынан кері кетуде. Негізгі капиталға инвестицияның қазіргі ІЖӨ-нің 18-19% мөлшеріндегі деңгейі таяу жылдары негізгі капиталды оның табиғи тозуы салдарынан толық шығарып тастауы мүмкін.

Кәсіпорындардың амортизациялық аударымдары негізгі өндірістік құралдарды ұдайы өндіру функциясын орындамайды және нысаналы пайдаланылмайды. Көптеген кәсіпорындарды шетелдік инвесторлар өндіріс қуаттарының қалдық құнынан едәуір төмен баға бойынша сатып алды. Алайда бұл ретте кәсіпорындардың жаңа меншік иелері салық салынатын пайдадан амортизациялық шегерім жүргізу мүмкіндігін басқа кәсіпорындармен бірдей пайдаланады.

2.2.3. Банк секторы

Халық салымдары көлемінің едәуір өсуі банктердің экономиканың нақты секторына беретін кредиттер көлемінің өсуіне ықпал етті, бірақ осымен бір мезгілде жоғары банктердің кредиттеу көлемі тәуекелдерге орай экономиканың нақты секторының сұранысына сай келмейді.

Банктердің кредиттік қоржынында қысқа мерзімді кредиттер басым.

Кредиттер бойынша жоғары пайыздық ставкалар банк кредиттерін шағын және орташа бизнес үшін қол жеткізілуі қиын қаражат көзіне айналдырды.

Экономика салалары арасында сауда секторына кредит беру басым тұр.

2.2.4. Бағалы қағаздар рыногы

Бүгінгі таңда қор нарығының негізгі қатысушылары банктер мен аса ірі компаниялар болып табылады, ал бұл кезде шағын және орташа кәсіпорындар қор нарығына қол жеткізуде қиындықтарды бастан кешіріп отыр.

Қазақстан экономикасы өнеркәсіп секторының бәсекеге төзімділігінің төмендігі қор нарығының толыққанды дамуына кедергі келтіреді.

Қор нарығына қатысушылар ұзақ мерзімді салымдарға мүдделі емес.

Қазақстанның қор нарығы ең алдымен облигациялардың бастапқы нарығы

ретінде дамуға. Облигациялардың қайталама нарығы іс жүзінде жоқ, өйткені инвесторлар (бірінші кезекте, зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар) сатып алған облигацияларын өтегенге дейін ұстай тұруды жөн көреді, ал брокер-делдалдар өздерінің салыстырмалы қаржылық әлсіздіктеріне орай қайталама мәмілелерді жеткілікті көлемде қолдай алмайды. Қор нарығы арқылы акцияларды орналастыру әлі жүргізілмейді. Ал акциялардың қайталама нарықтағы көлемі негізінен Қазақстан кәсіпорындары меншік иелерінің ауысуы нәтижесінде жасалған мәмілелер есебінен қалыптасады.

Қазақстан эмитенттерінің қор нарығында ұсынатын мемлекеттік емес корпорациялық бағалы қағаздарының көлемі инвесторлар, ең алдымен институционалдық инвесторлар тарапынан туатын сұранысты қанағаттандыру үшін жеткіліксіз.

Қазақстан акционерлік кәсіпорындары қосымша қаржы ресурстарын тартуға қор нарығының мүмкіндіктерін пайдаланбайды. Шетелдік компаниялар Қазақстанда жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер нысанында жұмыс істегенді жөн көреді және акционерлендіруді қаламайды, өйткені өз компанияларына бақылауды сақтап қалуға мүдделі. Қазақстан эмитенттерінің ашық қор нарығына шығудан бас тартуы себептерінің арасынан олардың қаржы ақпаратын ашуды және кәсіпорынды басқаруға ішкі акционерлерді жіберуді қаламайтынын атап көрсету керек.

Мемлекеттік емес бағалы қағаздарды ұсынудың бәсеңдігінен басқа олардың инвесторлар үшін тартымдылығы проблемасы да бар. Халықаралық стандарттарға жауап беретін жеткілікті ашықтықтың болмауы корпоративтік басқарудың түйінді проблемасы болып қала береді.

Акционерлік қоғамдарға бақылау жасаудың тиімді жүйесінің жеткіліксіздігі салдарынан соңғылардың дивидендтер төлеу бөлігінде, соның ішінде артықшылықты акциялар бойынша дивидендтер төлеу бөлігінде төлем тәртібі жоқ. Сөйтіп, акциялардың бақылау пакетіне иелік етпейтін акционерлердің құқықтары бұзылады.

Бұдан басқа, акционерлік қоғамдар өз қызметтері туралы ақпаратты ашу жөнінде заң жүзінде белгіленген нормаларды бұзуға жол береді, мұның өзі инвесторларға олардың инвестициялық тартымдылығын бағалауға бермейді.

Инвесторлардың қор нарығындағы құрылымы әзірше теңдестірілмеген. Облигациялар нарығында зейнетақы активтерін басқару жөніндегі компаниялар басым.

2.2.5. Ішкі жинақ ақшалар

Елдегі ішкі жинақ ақшаның әлеуетін іске асыру әлсіз.

Қаржы нарығы мен қаржы нарығына ресурстар беруші ретіндегі халықтың арасындағы байланыс бұзылған, мұның өзі халықтың қаржы институттарына

сенбеуінен, халықтың капиталды өсірудің әр түрлі тәсілдерін пайдаланудан хабарсыздығынан және оған дайын болмауынан туындайды.

Зейнетақы қорларының толыққанды институционалдық инвестор ретінде құрылуы Қазақстандағы ұжымдық инвестициялау институтының негізін қалауға тиіс болатын. Өкінішке қарай бүгінгі таңда зейнетақы активтерінің болмашы бөлігі ғана экономиканың өндірістік секторын инвестициялау үшін пайдаланылады.

Зейнетақы қорлары шоғырландырған активтердің көп бөлігі оларды мемлекеттік бағалы қағаздарға салу жолымен бюджет тапшылығын қаржыландыруға пайдаланылады. Зейнетақы қорларын мұндай инвестициялау саясаты табыстылығы және сенімділігі жағынан бірдей мәні бар бағалы қағаздар ұсынуға қабілетсіз қазақстандық қор нарығының қазіргі даму деңгейінен туындайды және сонымен тығыз байланысты.

Елде инвестициялық қорлар тәрізді халықтың жинақ ақшаларын жұмылдырудың ерікті тетіктерін құруға халықтың жан басына шаққандағы табысының салыстырмалы түрде орташа деңгейден төмендігі, халық санының аздығы және оның үлкен аумақта шашыраңқы орналасуы кедергі келтіреді, мұның өзі халықтың жинақтаған қорын тартудың өзіндік құнын арттырады және инвестициялық қорлардың қымбат инфрақұрылымының қайтарымдылығын қиындатады.

2.2.6. Мемлекеттік инвестициялар

Егер мемлекеттік инвестицияларға қарайтын болсақ, олар ел үшін өмірлік маңызы бар жобалардың өзін қаржыландыру үшін де жеткіліксіз. Бүгінгі таңда қолданылып отырған Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасы экономиканың басым салаларындағы кәсіпорындарға кредит беру үшін іс жүзінде қаражат көздемейді.

2.3. Мүмкіндіктер

Инвестициялық саясаттағы мемлекеттің белсенді позициясы экономикаға инвестиция көлемін арттыру үшін мүмкіндік жасайды, түпкі мақсаты - жоғары қосылған құны бар өндірісті дамытудың, әр түрлі қаржы құралдарын дамытуды ынталандыру жолымен, өтімді қаражатты өнеркәсіптік мақсаттарға сәйкес пайдалану үшін тетіктерді іске қосуға мүмкіндік береді.

Ұлттық қор идеясын іске асыру Қазақстанның жағымсыз сыртқы факторларға тұрлаулылығын арттыруға, сондай-ақ экономиканы жаңарту үшін капиталды қажетсінетін жаңа қуаттар құруға мүмкіндік береді.

2.4. Қатерлер

Енжар инвестициялық саясат жүргізуді жалғастыру экономикалық өсудің жоғары қарқынына қатысты болжамдардың орындалуына қатер төндіреді.

Инвестициялық саясатқа мемлекет белсенді түрде араласпаса, экономиканың

өндіруші салаларының басым түсуі одан әрі жалғаса беретін болады. Елдің болашағы оның табиғи ресурстар қорының мөлшеріне тәуелді болып қалады.

Тиісті мемлекеттік бақылау болмаса капиталдың жылыстау процесі жалғаса беретін болады, қазіргі ішкі инвесторлардың қаржылық мүмкіндіктерінің шектеулілігіне байланысты қор нарығы шетелдік инвесторлардың ықпалында қалып қоюы мүмкін.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Қазіргі инвестициялық саясатқа жасалған талдаудан елдің экономикалық игілігінің негізі болып табылатын экономиканың өндірістік секторын дамытуды қаржыландыру жеткілікті дәрежеде жүргізілмейді деп қорытынды жасауға б о л а д ы .

Соңғы жылдардағы экономикалық реттеулер тәжірибесі, шетелдік жекеше инвестициялардың бәсекеге қабілетті, жоғары қосылған құнмен өнім шығаратын өндіріс құруға ешқашан да бармайтынын көрсетіп отыр, өйткені шетелдік капитал өз өндірісіне бәсекелестер туғызуға ұмтылмайды.

Шетелдік капитал да, ішкі капитал да экономиканың нақты секторына ірі ауқымды ұзақ мерзімді инвестицияларды қамтамасыз ете алмайды. Банк секторының, қор нарығының, шетелдік инвесторлардың қызметі ең алдымен бір сәттік пайда түсіруге бағытталған, нәтижесінде қаржы капиталының өндірістік сектордан бөлінуі жүріп жатыр, ұлттық мүдделер мен даму басымдықтарына қ а т е р т ө н у д е .

Инвестициялық саясат стратегиясы мынадай міндеттердің шешілуін талап е т е д і :

- ішкі жинақ ақша әлеуетін жүзеге асыруға көңіл аударып отырып экономиканың нақты секторын дамытуға инвестициялық ресурстарды тарту мен бағыттау процесіндегі мемлекеттің рөлін күшейту;

- қаржы ағынының инвестордан заемшыға ұйымдасқан түрде өтуін қамтамасыз ететін, экономиканың маңызды буыны ретіндегі қор нарығының қалыптасуы үшін жағдайлар жасау;

- нақты экономика саласындағы банктердің кредиттік қызметін жандандыру;

- Қазақстанның ұлттық мүдделерін сақтай отырып шетелдік инвестициялардың келуін ынталандыру мен шетелдік және отандық инвесторларды экономиканың басым салаларына тарту үшін қолайлы жағдай жасау.

4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ 4.1. Ішкі жинақ ақша әлеуетін жүзеге асыруға көңіл аударып отырып экономиканың нақты секторын дамытуға

инвестициялық ресурстарды тарту мен бағыттау процесіндегі мемлекеттің рөлін күшейту

4.1.1. Мемлекеттік инвестициялық саясат

Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, жоғары технологияларды және ғылымды көп қажетсінетін өндірістің дамуын ынталандыратын мақсатты мемлекеттік ғылыми-техникалық, өнеркәсіптік және инвестициялық саясат жүргізбейінше экономиканы құрылымдық қайта құру мүмкін емес.

Қазіргі заманғы жағдайларда мемлекеттік инвестициялық саясатты күшейту Қазақстанда да жүргізілуге тиіс. Мемлекет экономиканы дамытудың ең басты қозғаушы күші болуға тиіс. Мемлекет қана инвестициялық процестердің дамуына және ел ішінде ірі инвестицияларды ұзақ мерзімді жобаларда жүзеге асыруға түрткі бола алады. Жеке кәсіпкерлікті дамыту үшін жағдайлар жасауда ғана емес, сонымен бірге қолда бар бос ресурстарды экономиканың нақты секторын көтеруге бағыттау үшін мамандандырылған институттар мен тетіктер құруда да мемлекеттің рөлі болуға тиіс.

Мемлекеттік инвестициялық саясат бірінші кезекте, дайындалуы неғұрлым жоғары дәрежедегі, импорттық тауарлармен бәсекеге түсуге және оларды ішкі рыноктан ығыстыруға қабілетті өнімдерді экспорттауға бағдарланған өндірісті дамытуға және қолдауға бағытталатын болады.

Белсенді мемлекеттік инвестициялық саясатты жүзеге асыру үшін инвестициялық бағдарламаларды қолдаудың арнаулы ұйымдастыру нысандарын құру қажет. Мемлекеттік инвестициялар жүйесін неғұрлым ұтымды құру үшін жұмыс істеп тұрған Ұлттық қормен қатар даму бюджеті, мемлекеттік кредиттік дамыту ұйымдары сияқты мемлекеттік қаржы институттарын дамыту талап етіледі.

4.1.2. Даму бюджеті

Мемлекеттік шығыстар ағымдағы және күрделі деп бөлінуге тиіс. Бұл үшін республикалық бюджетте дербес бөлім инвестициялық жобаларды кредиттеуге, инвестициялауға және кепілдікті қамтамасыз етуге арналған даму бюджеті болуы қажет.

Мемлекеттік инвестициялық саясатты іске асыру қаржы ресурстарының жеткілікті болуына байланысты болғандықтан, инвестицияның қажетті көлемін қамтамасыз етуге бюджеттің мүмкіндігі туралы мәселе өткір қойылады.

Қалыптасып отырған жағдайда ашық емес және тиімді емес Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасынан бас тарту жолымен мемлекеттік инвестициялық саясатқа өзгерістер енгізу және даму бюджетін құра отырып, бюджетті ағымдағы және күрделі деп бөлуге көшу қажеттігі пісіп-жетілді.

Даму бюджетін құру және оған мемлекеттік инвестицияларды жүзеге асыруға

арналған барлық ықтимал ресурстарды шоғырландыру мемлекеттік инвестициялаудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Даму бюджетінің қаражаттары жеңілдікті сыртқы заемдардың, инвестициялық мақсаттар үшін мемлекеттік бағалы қағаздар шығару жолымен ішкі қарыз алудың, мемлекеттік мүлікті жекешелендіруден түскен табыстардың, салықтық табыстардың бір бөлігі есебінен қалыптастырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бюджетті ағымдағы және инвестициялық деп бөлу салықтардың бір бөлігін инвестициялық мақсаттарға пайдалану тұрғысынан маңызды, түптеп келгенде ол, салықтық түсімдердің артуына алып келеді.

Инвестициялық мақсаттарға арналған мемлекеттік бағалы қағаздар немесе мемлекеттік инвестициялық бағалы қағаздар жинақтаушы зейнетақы қорлары, сақтандыру ұйымдары, басқа да институционалдық инвесторлар арасында орналастырылатын болады, сондай-ақ почта-жинақтау жүйесінің қаражатын шоғырландырады. Аталған бағалы қағаздар капитал мен ол бойынша табыстарды жоғалтудың мейлінше төмен қатеріне байланысты ең тартымды қаржы құралдарының бірі бола алады. Бұдан басқа, жаңа қаржы құралдарының пайда болуы қайталама қаржы нарығын жандандырады. Мемлекеттік емес корпорациялық бағалы қағаздардың дамуына қарай мемлекеттік инвестициялық бағалы қағаздар айналысы қысқаратын болады.

Сыртқы берешектің өсу қарқыны ІЖӨ-нің өсу қарқынынан асып түсіп отырған ағымдағы сәтте инвестициялық саясатты жүргізген кезде бірінші кезекте қолда бар меншікті ресурстарға бағдар ұстаған және оларды отандық экономиканы инвестициялау үшін пайдаланған жөн.

Ішкі институционалдық инвесторлардан тартылған қаражат есебінен қалыптасатын даму бюджетінің тетігі халықтың ішкі жинақ ақшаларын нақты инвестициялық жобаларға бағыттауға мүмкіндік береді.

Республикалық мемлекеттік бюджеттің бір бөлігі ретіндегі даму бюджетінде оның қаражаты пайдаланылатын баптар тізбесі болуға тиіс. Даму бюджетіне, ағымдағы қаржы жылында инвестициялау болжанып отырған жобалар тізбесінен басқа, көзделмеген, бірақ перспективалық жобаларды жедел қаржыландыру үшін резервтер салынуға тиіс. Жобалар тізбесін әзірлеуді ықтимал заемшылардың, коммерциялық банктердің, мүдделі министрліктер мен ведомстволардың, Үкіметтің келісілген бірлесіп қатысу процесі арқылы жүзеге асыру қажет.

4.1.3. Ұлттық қор

Ұлттық қордың қызметі мемлекеттің негізгі шикізат ресурстарын әзірлеу, өндіру және экспорттау жөніндегі қызметінен түсетін үстеме табысын шоғырландырудан және оларды әлемдік қаржы нарықтарында одан әрі инвестициялаудан тұратын болады. Шикізат қорлары таусылатын және орны толмайтын ресурстар болып табылатындықтан оны өндіруден, қайта өңдеу мен

өткізуден түсетін болашақ қаржы ағындарына дұрыс иелік еткен маңызды. Ұлттық қорды құру артық валюта түсімдерін стерилизациялау, экономикада дағдарысты ахуалдар жағдайына резервтік активтер құру, болашақ ұрпақ үшін қор қалыптастыру мақсатын көздейді.

Ұлттық қор қаражаты мемлекеттік бюджеттен алынатын трансферттер жолымен шаруашылық жүргізуші субъектілердің экономиканың шикізат секторындағы қызметінен төлейтін салық түсімдері мен басқа да міндетті төлемдердің бір бөлігінен қалыптастырылатын болады.

Мұндай трансферттер бюджеттің ағымдағы шығыстары бойынша профицитке қол жеткен жағдайда ғана жүзеге асырылуға тиіс. Бұл таяу жылдарда мемлекеттің шикізат ресурстарын өндіру және экспорттау қызметінен түсетін үстеме табыстардың ең алдымен бюджеттің ағымдағы шығыстар бойынша тапшылығы мен мемлекеттік және мемлекет кепілдік берген борышқа қызмет ету жөніндегі шығыстарды азайтуға бағытталуға тиіс екендігін білдіреді.

Сонымен бірге даму бюджеті ішкі және сыртқы нарықта жыл сайынғы қарыз алу нәтижесінде бюджеттің тұрақты инвестициялық тапшылығын қалыптастыратын болады.

Ұлттық қор қаражаты әлемдік қаржы нарықтарында бағалы қағаздардың кең әртараптандырылған қоржынында инвестицияланатын болады. Ішкі экономикаға инвестициялау үшін түскен инвестициялық кіріс есебінен қалыптастырылатын Ұлттық қордың бөлу шотынан қаражаттар пайдаланылатын болады.

4.1.4. Мемлекеттік кредиттік дамыту ұйымдары (МКДҰ)

Кәсіпорындарды инвестициялау мен кредиттеуді Мемлекеттік кредиттік дамыту ұйымдары (МКДҰ) тікелей жүзеге асыратын болады.

МКДҰ - бұл мемлекеттік инвестициялық саясатты жүзеге асыруға ықпал ететін мамандандырылған мемлекеттік институттар. Даму бюджетінде шоғырланған қаражат оларды бұдан былай нақты кешенді бағдарламаларға салу үшін МКДҰ арасында бөлінеді. Өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы, тұрғын үй құрылысы, шағын және орта бизнеске кредит беру, инфрақұрылым салаларында МКДҰ құрылуы мүмкін.

Бұл қаржылық даму институттары жұмыс істеп тұрған қорлардың негізінде және солардың тәжірибесін ескере отырып ұйымдастырылуы мүмкін, олардың арасында - "Ауыл шаруашылығын қаржылық қолдау қоры" ЖАҚ-ы, "Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры" ЖАҚ-ы бар. Қорлардың барлығы дерлік тармақталған облыстық филиалдар жүйесіне ие, алайда олардың қызметі осы уақытқа дейін айтарлықтай нәтижелер берген жоқ. Осыған байланысты жұмыс істеп тұрған қорларды алдын ала ұйымдық және қаржылық қайта құрылымдауды жүргізгеннен кейін ғана мемлекеттік кредиттік ұйымдардың функциясын

ж ү к т е г е н

о р ы н д ы .

Жаңадан құрылған Қазақстан Даму Банкін айрықша атап өту керек, ол мемлекеттік инвестициялық саясат жүргізушілердің негізгілерінің бірі болады.

МКДҰ-ның негізгі міндеті экономиканың басым секторларындағы қаржыландырылуға мұқтаж кәсіпорындарға кредит беру және құрылым түзетін өнеркәсіптік кәсіпорындарды экономикалық сауықтыру бағдарламасын жасау мен жүзеге асыру болады. Даму бюджеті қаражатын бөлу ашықтық, айқындық, қол жетімділік және тең құқықтық принципінде жүзеге асырылуға тиіс. Мемлекеттік инвестициялық қоржын коммерциялық жағынан өтелімді жобаларды да, сондай-ақ өтелімділігі жанама нәтижелі жобаларды да, бірақ әлеуметтік және саяси мәні бар жобаларды қамтиды.

МКДҰ үкімет белгілеген шеңберде қосымша кредиттік ресурстарды тарту мүмкіндігіне ие болуға тиіс. Кредиттік ұйымдарды құру белсенді және кәсіби басқарылған жағдайда ағымдағы өтімділік пен табыстылыққа қол жеткізе отырып ресурстарды шоғырландыру, тиісті біліктілік сараптамасымен бірге атаулы инвестицияларды басым салаларға бағыттау мүмкіндігін қамтамасыз е т е д і .

МКДҰ кәсіпорындар-заемшылармен тұрақты тығыз өзара іс-қимыл негізінде, белгіленген мерзімде өтелімді жобалар бойынша қаржының қайтарымдылығын қамтамасыз ету үшін берілген кредиттердің нысаналы пайдаланылуын бақылайтын болады. Кредиттерді берудің қатаң рәсімдері және олардың бұдан кейінгі тұрақты мониторингі экономиканың нақты секторында бар қатерлерді оралымды еңсеруге мүмкіндік береді. Мемлекеттік инвестициялардың тиімділігі мен қайтарымдылығын арттыру үшін жекеше банктер тарапынан жобаларды бірлесіп қаржыландыру мемлекеттік кредит ұйымдарының кредит беру шарты бола алады. МКДҰ инвестициялық және реттеуші функцияларын жүзеге асырудан тыс, оңалтушылық және лизингтік қызметтер де көрсете алған болар еді.

4.1.5. Ішкі жинақ ақшаларды тартудың басқа жолдары

Ішкі ұлттық жинақ ақшаларды шоғырландыратын институционалдық инвесторларды одан әрі дамыту мемлекеттік инвестициялық саясатты жүргізу мен даму бюджеті қорларын қалыптастыру үшін қажетті шарт болып табылады. Даму бюджетінің тетіктерінен тыс, жинақтаушы зейнетақы қорлары мен сақтандыру ұйымдары өз активтерін корпорациялық бағалы қағаздар мен Қазақстан қор биржасының листингінен өткен қазақстандық кәсіпорындардың акцияларына салуды кеңейту жолымен экономиканың нақты секторын кредиттеу мүмкіндігіне и е б о л а д ы .

Осыған байланысты сақтандыру нарығының осы заманғы инфрақұрылымын қалыптастыру, сақтандыру ұйымдарының қаржылық орнықтылығын арттыру

жөніндегі іс-шараларды жалғастыру керек.

Қазақстанда бұқаралық шағын инвесторларды жинақтауды шоғырландыратын институттар ретінде толыққанды және өзін-өзі ақтайтын инвестициялық қорлардың құрылуына және жұмыс істеуіне объективті кедергілер орын алып отырған жағдайда, саны онша көп емес, бірақ салыстырмалы түрде алғанда халықтың тұрмысты жігінің жинақ ақшаларын тартудың (соның ішінде ақшаны және бағалы қағаздарды сенімді инвестициялық басқару жүйесі арқылы) тетігі әзірленетін болады.

4.1.6. Мемлекеттік меншік саласындағы инвестициялар

Мемлекеттің экономикаға белсенді қатысуы аталған шараларды өткізумен шектелмеуге тиіс. Мемлекет экономика саласында ұлттық экономикалық қауіпсіздіктің стратегиялық маңызды меншік иесі болуы қажет.

Мемлекет жүйе түзетін ұлттық компаниялардың меншігіне қатысуға тиіс. Сондықтан мемлекеттік ресурстардың бір бөлігі стратегиялық кәсіпорындардың бақылау пакетін сатып алуға бағытталуы мүмкін.

Елдің стратегиялық және экономикалық мүдделерін қамтамасыз ету үшін таяу шет елдердегі тиісті кәсіпорындарды сатып алуға және өз бақылауына көшіруге бағытталған іс-әрекет жасау қажет. Инфрақұрылымдық объектілер, құбырлар мен мұнай өңдеу зауыттары қызығушылық тудырады.

Мемлекеттің кең ауқымды инвестициялық қызметтер жүргізуінің табысты болуы мемлекеттік меншік пен сыртқы борышты тиімді басқаруға, салықтардың жиналуына, сыбайлас жемқорлықтың еңсерілуіне байланысты (қараңыз. X Бөлім. Мемлекеттік активтерді басқару).

4.2. Қаржы ағынының инвестордан заемшыға ұйымдасқан түрде өтуін қамтамасыз ететін, экономиканың маңызды буыны ретінде қор нарығының қалыптасуы үшін жағдайлар жасау

Қор нарығын дамыту қор нарығына ішкі инвесторларды тарту, ұжымдық инвестициялаудың әртүрлі нысандарын дамыту, листингке жаңа эмитенттерді ынталандыру, бағалы қағаздардың қайталама нарықтағы айналысын жандандыру жөніндегі шараларды жүргізуді талап етеді.

Институционалдық инвесторлардың қызметін кеңейту үшін:

- әр түрлі қаржы құралдарын: акциялар, корпорациялық облигациялар, ипотекалық облигациялар, туынды бағалы қағаздар шығару есебінен Қазақстан қор нарығында инвестициялаудың жаңа мүмкіндіктерін жасау;

- ұйымдаспаған нарықтағы операцияларды шектеу есебінен қор нарығындағы қаражатты инвестициялаудың сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыру қажет.

Қор нарығына жаңа эмитенттерді шығару үшін:

- активтері ең жоғары мөлшерден асып кеткен жағдайда, кәсіпорынды акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанына көшіруді заң жүзінде а й қ ы н д а у ;

- стратегиялық маңызы жоқ Қазақстан кәсіпорындары акцияларының мемлекеттік пакеттерін сатуды қор нарығы арқылы жүргізу талап етіледі. Бұл ретте акцияларды орналастыру аффилиирленбеген әр түрлі инвесторлардың қалың тобы арасында жүргізілуге тиіс.

Мемлекет қаржы нарығын корпорациялық құралдармен молықтыру процестеріне тікелей әсер ететін шаралардан басқа, реттеудің инвестициялық институттарды (өзара қарыз қорларын, трасталық компанияларды) қалыптастыруды ынталандыратын, халықтың қор нарығының құралдарына қол жетімділігін жеңілдететін жанама нысандарын қолдана алады.

Инвесторлар үшін мемлекеттік емес бағалы қағаздардың тартымдылығын арттыру ақпараттың халықаралық стандарттарға сәйкес деңгейін және қор нарығына қатысушылар қызметінің айқындығын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолдануды талап етеді.

О с ы ғ а н б а й л а н ы с т ы :

- бағалы қағаздар нарығына қатысушыларды олардың өз қызметі туралы ақпаратты ашу, бағалы қағаздар бойынша табыстарды есептеу мен төлеу кезіндегі төлем тәртібін арттыру жөніндегі талаптарды орындау бөлігінде мемлекеттік реттеуді күшейтуге;

- бағалы қағаздарды иеленушілердің құқықтарын бұзғаны үшін компания басшыларының әкімшілік жауапкершілігін күшейтуге, акцияның бақылау пакетіне ие емес акционерлердің құқығын қорғайтын нормативтік актілер қабылдауға мүмкіндік туады.

Халықтың хабардарлық деңгейін арттыру үшін:

- бағалы қағаздар нарығындағы қызметті бұқаралық ақпарат құралдарында жариялап отыру ;

- мамандандырылған әдебиеттер шығаруды қамтамасыз ету;

- бағалы қағаздардың ықтимал эмитенттері үшін семинарлар өткізу қажет.

4.3. Коммерциялық банктердің нақты экономика саласындағы кредиттік қызметін жандандыру

Коммерциялық банктердің кредит саясатын жандандыру олардың ресурстық базасын ұлғайтуды талап етеді.

Халықтың ұзақ мерзімді депозиттерінің үлесін ұлғайтудың оң үрдістеріне қолдау көрсету үшін халықтың салымдарын міндетті сақтандыру жүйесін нығайту мен банктердің жүйелік орнықтылығын арттыруды қамтитын банк

жүйесіне деген халық сенімін арттыру жөніндегі іс-шараларды одан әрі жүргізу қажет (қараңыз: VII Бөлім. Ақша-кредит саясаты).

4.4. Қазақстанның ұлттық мүдделерін сақтай отырып шетелдік инвестициялардың келуін ынталандыру мен шетелдік және отандық инвесторларды экономиканың басым салаларына тарту үшін қолайлы жағдай жасау

Қазақстан шетелдік инвесторларға күрделі қаржылардың, технологиялардың, басқару мен маркетинг саласындағы тәжірибенің маңызды көзі ретінде қарай отырып, дәйексіз және бұлыңғыр саясат нәтижесінде өзінің ұлттық мүдделеріне қысым жасалуына жол бермеуге тиіс.

Үкіметтің саясаты, ұлттық мүдде тұрғысынан қарағандағы құқықтық және әкімшілік шаралар шетел инвестицияларын тарту міндеттеріне және инвесторлардың өз мүдделеріне жауап беретін жағдайларды қамтамасыз етуге тиіс. Сонымен бірге шетел инвесторлары операцияларының Қазақстан экономикасына тигізетін қажетсіз зардаптарын болдырмауға немесе, ең болмағанда, бәсеңдетуге мүмкіндік беретін тетіктер әзірлеу қажет.

Инвестициялық ахуалды жақсарту үшін мынадай шаралар қолданылуға тиіс:

- заңнаманың даму дәрежесі мен тұрақтылығы, мемлекеттік саясаттың болжамдылығы инвестициялық ахуалдың салауатты жай-күйінің кепілі болуға тиіс ;

- заңнаманы тиімді қолдану мәселесі шешілуге тиіс. Қазақстанның іскер қауымдастығы мен Үкіметтің беделін арттыру үшін жергілікті және халықаралық сот шешімдерін орындауды, шарттарды сақтауды және күшіне енгізуді қамтамасыз ету қажет ;

- заңнамаға шетелдік және ішкі инвесторлар үшін бірдей жағдай жасайтын түзетулер енгізу қажет ;

- инвестициялық қызмет туралы заңнаманы жетілдіру әлемдік стандарттарға жауап беретін нақты, айқын және бір мәнді құқықтық нормалардың бар болуын қамтамасыз етуге тиіс ;

- шетелдік күрделі қаржы және инвесторлардың құқықтары заңнамамен кепілді қорғалуға тиіс ;

- тіркелген сауда маркалары мен патенттерді қорғау, қарақшылық өнімдердің заңсыз айналымына қарсы күрес маңызды міндет болып табылады. Бұл үшін авторлық құқықтарды қорғау саласында жұмыс істейтін мамандардың біліктілігі деңгейін арттыру талап етіледі ;

- инвесторлар үшін қаржы ақпаратының айқындығының, уақтылы болуының, толықтығы мен дұрыстығының аса маңызды мәні бар. Осы орайда бухгалтерлік

және статистикалық есеп беру стандарттарын жетілдіру жөніндегі іс-шараларды жалғастыру қажет.

Шетелдік инвестицияларды тартуда өнеркәсіптің өңдеуші салаларына басымдық берілуге тиіс. Жаңа ірі инвестициялар есебінен маркетинг пен менеджменттің осы заманғы әдістері қолданылатын технологиялық жағынан күрделі өндірістер құрылуы мүмкін.

Шетелдік тікелей инвесторлар қызметін реттеу кезінде олардың кәсіпорынның негізгі капиталына инвестиция салуы жөніндегі және экологиялық қауіпсіздік нормаларын орындауы жөніндегі міндеттемелерін атқаруына бақылау жасау шараларын заң жүзінде бекіту қажет.

Инвестициялық преференциялар (салық және кеден жеңілдіктері, мемлекеттік заттай гранттар) мемлекеттік инвестициялық саясаттың маңызды құралы болады. Шетелдік және отандық инвесторларды мемлекеттік қолдау жүйесі инвестициялық преференциялар алудың инвесторлардың негізгі құралдарға инвестиция салу, сондай-ақ салық төлеуден босатуды оның мерзімін кейінге қалдырумен (жедел амортизация) алмастыру және жер салығы бойынша жеңілдіктерді алып тастау есебінен бәсекелестік ортаны сауықтыру жөніндегі міндеттемелерді орындауына неғұрлым қатаң тәуелді болуын көздейтін болады.

Тікелей инвестициялардағы едәуір үлесті жер қойнауын пайдалану инвестициясы иеленеді, ол басқа салаларды дамытуға мультипликативтік (еселенген) нәтижесін тигізе алар еді. Бұл нәтижеге ие болу үшін жер қойнауын пайдаланушылармен келісімшарт жасаған кезде отандық кәсіпорындарға жабдықтар мен қосалқы бөлшектер беруге, отандық жұмысшылар мен мамандарды тартуға, әлеуметтік объектілерді салу мен жөндеуге қаражат аударуға тапсырыстар орналастыру бөлігінде инвесторлардың міндеттемелерін ескерту қажет.

Ұлттық мүдделерді сақтау үшін шетелдік инвесторлардың нарыққа монополистік бақылау орнатуына жол беруге болмайды, салық төлеуден жалтару мақсатында трансферттік баға белгілеуді пайдаланудың жолын кесу керек.

Сонымен қатар, Қазақстанның ұлттық мүдделеріне қайшы келген жағдайда шетелдік инвесторлармен жасалған келісімшарттарды қайта қарауға батыл бару қажет.

X БӨЛІМ

МЕМЛЕКЕТТІК АКТИВТЕРДІ БАСҚАРУ

1. МАҚСАТ

Мемлекетті дәйекті меншік иесі ретінде қалыптастыру және мемлекеттік кәсіпкерлікті дамыту.

2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Қазіргі кезде Қазақстандағы жекешелендіру кезеңі негізінен аяқталды. Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің ұлттық бағдарламасын орындау барысында тұтыну нарығындағы үстем жағдайға жекеше сектор ие болды, ол бүгінгі таңда ІЖӨ-нің 75%-ға жуығын өндіреді.

Жекешелендіру нәтижесінде кәсіпорындардың едәуір бөлігі жеке меншікке көшкеніне қарамастан, тиімді жеке меншік иелерінің қалың жігін қалыптастырудың сәті түспеді.

Сырттан тартылған шетелдік консультанттар ірі инвесторлардың Қазақстан үшін стратегиялық салаларды бақылауға алуына жәрдемдесті. Мемлекеттік кәсіпорындардың бір бөлігі соңыра салық төлеуден жалтарған инвесторларға сатылды, мұның өзі елдің экономикалық дамуына теріс әсер етті.

Жекешелендіру Қазақстанға келетін инвестицияларға жол ашты. Алайда кәсіпорындардың жаңа меншік иелерінің қызметі саланы дамыту мен жаңа өндірістер құруға емес, бір сәттік нәтижелерге бағытталды. Оның үстіне, бірқатар салаларда кәсіпорындардың отандық және әлемдік нарықтардағы бәсекелестік жағдайын сақтаудың сәті түспеді.

Алайда мемлекет едәуір активтерді иеленіп отыр. Едәуір бөлігі экономиканың стратегиялық жағынан маңызды салаларында жұмыс істейтін 242 акционерлік қоғам мен 188 серіктестіктің акциялар пакеті мен үлестері мемлекеттің меншігінде сақталған.

Мемлекет сол сияқты:

- республикалық меншіктегі 1983 кәсіпорын мен республикалық бюджеттен қаржыландырылатын 2503 мекеменің;

- коммуналдық меншіктегі 3716 кәсіпорын мен жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын 13500 мекеменің меншік иесі болып табылады.

1999 жылы 1998 жылмен салыстырғанда мемлекеттік кәсіпорындардың саны артты және сонымен бір мезетте мемлекеттік бюджет алатын кірістер төмендеді. Сөйтіп, мемлекеттік кәсіпорындардың таза пайдасынан мемлекеттік бюджет алған кірістер сомасы 1998 жылы 113 млн. теңгені, 1999 жылы - 34 млн. теңгені құрады. Акциялардың мемлекеттік пакеті бойынша дивидендтер 1998 жылы 1,2 млрд. теңгені, 1999 жылы - 1 млрд. теңгені құрады. Жылжымайтын мүлік объектілерін жалға беруден мемлекеттік бюджеттің кірісі 1998 жылы 475 млн. теңгені, ал 1999 жылы - 433 млн. теңгені құрады.

2.1. Күшті жақтар

Мемлекеттің өндірістік қуаттардың иеленушісі ретіндегі үлесі ұдайы төмендеп келе жатқанына қарамастан, ол елдің өнеркәсіптік кешенін дамытуда маңызды рөл атқаруын жалғастырып отыр. Мемлекет Қазақстан Республикасының стратегиялық мүдделері үшін айрықша маңызы бар кәсіпорындар мен объектілер қызметін реттеу құқығын өзінде сақтап қалды.

Бүгінгі таңда мемлекет мемлекеттік активтерді басқару тиімділігінің артуы нәтижесінде бұдан былай дивидендтер түсімінің және мемлекеттік кәсіпорындар пайдасының бір бөлігінің өсімімен өтеледі деген есеппен жекешелендіруден бас тарта алады.

2.2. Әлсіз жақтар

Мемлекеттік активтердің ағымдағы жай-күйін талдау бүгінгі таңда мемлекеттік кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметінің, акциялардың мемлекеттік пакеттерін басқарудың және мемлекеттік тұрғын үй емес қор объектілерінің алаңдарын пайдаланудың тиімсіздігі туралы негізделген тұжырым жасауға мүмкіндік береді. Мемлекет іс жүзінде өз активтерін басқарудың тиімділігіне мүдделі емес. Мемлекеттік кәсіпорындарды басқарудағы уәкілетті органның негізгі рөлі негізгі құрал-жабдықтарды иеліктен шығаруға келісім беруден аяқталады.

Бұдан ертерек кезеңде қабылданған жекешелендіру процесін реттейтін заңнамалық актілер әр түрлі ерекшеліктері бар мемлекеттік меншік нысандарының барлық алуан қырларын көрсете алмайды, сондай-ақ оларды жүзеге асыру рәсімдерінің жеткілікті транспаренттілігін қамтамасыз етпейді. Сондай-ақ бұрын қабылданған заңнамалық актілер жекешелендіруді өзінің негізгі мақсаты ретінде қарастырады және мемлекеттік активтерді басқаруға байланысты мәселелерді толық көлемде көрсете алған жоқ.

Мемлекеттік кәсіпорындар мен олардың басшылары жұмысының тиімділігін бағалау жүйесі, сондай-ақ қызмет нәтижелері бойынша жүйелі есептілік жоқ.

Мемлекеттің қатысу үлесі бар заңды тұлғалардың бақылау және байқау органдарындағы мемлекеттік органдар қызметкерлерінің қызметін регламенттеудің жалпыға бірдей қабылданған практикасы жоқ. Аталған қызметкерлер мемлекеттің мүдделерін білмейді және осы органдардағы шешімдерді талқылау кезінде оларды басшылыққа алып отырмайды.

Акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктеріндегі акциялардың мемлекеттік пакетін және қатысу үлесін басқаруды бақылау азаюда. Көптеген акционерлік қоғамдар бойынша мемлекет акционерлер тізілімінде көрсетілмеген.

Мемлекеттік капиталға ұтқырлық тән болмай отыр. Ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындар мемлекет кірісіне салықтарды ғана аударып, мемлекеттік капиталды өздерінің "ведомстволық" мақсаттары үшін пайдаланады.

Өзінің қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерінен және жылжымайтын мүлік объектілерін жалға беруден пайда табатын мемлекеттік кәсіпорындардың сол пайданың белгіленген бір бөлігін мемлекеттік бюджет кірісіне аудармайтын ф а к т і л е р і о р ы н а л у д а .

Мемлекеттік активтер туралы толық ақпараттың болмауына байланысты олардың жиынтық құнын анықтау, оларды пайдалану тиімділігіне дұрыс талдау жүргізу, сондай-ақ тиісті бюджеттерге қаражаттың түсуіне болжам жасау мүмкін е м е с .

Коммуналдық меншікті басқарудың жеткілікті құқықтық базасының болмауы коммуналдық кәсіпорындардың құрылуына және қызмет етуіне кедергі жасайды.

2.3. Мүмкіндіктер

Қазақстанның мемлекеттік активтерді басқару саласындағы мүмкіндіктері бірінші кезекте менеджерлердің жаңа буынының келуіне байланысты.

Үкіметте де, сондай-ақ жекеше секторда да қалыптасқан кәсіби кадрлар мемлекеттің меншік иесі ретінде орнығуына және мемлекеттік активтерді басқару саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыруға жәрдемдесетін болады.

Иеліктен алынғандарды қайтару және жаңа негізгі құрал-жабдықтар құру жолымен мемлекеттік активтерді молайтуға мүмкіндіктер бар.

Қазақстанда корпорациялық басқаруға көшу мүмкіндігі бар. Холдинг рөлінде көрінуге қабілетті бірқатар компаниялар іс жүзінде қалыптасып та үлгерді, оларды ұйымдастырып, заң жүзінде ресімдеу ғана қажет.

2.4. Қатерлер

Мемлекеттік активтерді басқару функцияларын орталықсыздандыру жағдайында мемлекеттік мекемелерді қайта ұйымдастыру есебінен республикалық мемлекеттік кәсіпорындар (РМК) санының негізсіз өсуі және мемлекеттік сатып алуларды қаржыландыру бойынша міндеттемелерді тиісінше с о л а р ғ а к ө ш і р у б а й қ а л а д ы .

Бұл ретте шаруашылық жүргізу құқығының заңдық түзілімі РКМ-ның өздері мен оларға қатысты меншік құқығы субъектілері болып табылатын министрліктердің бірлесіп мемлекеттік меншікті иеліктен алу мүмкіндігіне жол береді.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Мемлекеттік активтерді басқару саласындағы мемлекеттік саясаттың негізі мемлекеттік жылжымалы мүлік пен акциялардың мемлекеттік пакетін басқару саласындағы мемлекеттің рөлін ой елегінен қайта өткізу болмақ. Елді

индустриялық дамытудың негізгі міндеті мемлекетті өз капиталының толық құқықты меншік иесі рөлінде орнықтыру болмақ.

Мемлекеттік активтерді басқару саласындағы мемлекеттік саясатты табысты іске асыру үшін :

- мемлекеттік активтерді елдің капитал айналымына тарту және оларды басқарудың тиімділігін арттыру;

- мемлекеттің тікелей қатысуымен ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындар секторын құру;

- ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың ақиқат қаржылық жай-күйіне аудиторлық тексерулер жүргізіп, анықтау мақсатында инспекциялайтын агенттік құру мүмкіндігін қарастыру;

- мемлекеттік капиталға икемді ұтқырлық тән ету және оны ең алдымен ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың өз мұқтаждарына емес, мемлекеттік міндеттерді шешуге бағыттау;

- коммуналдық меншікке көшірілуі қажет объектілерге түгендеу, бағалау жүргізу және олардың тізілімін әзірлеу.

4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ 4.1. Мемлекеттік активтерді елдің капитал айналымына тарту және оларды басқарудың тиімділігін арттыру

2010 жылға қарай мемлекеттің өз активтерін басқаруға қатынасы түбегейлі өзгереді. Экономиканың негізгі салаларында мемлекеттің рөлі арттырылады. Отандық кәсіпорындар бәсекеге қабілетті өнімдерімен әлемдік нарықтарға шығады.

Аталған кезеңде мемлекеттік кәсіпкерліктің оңтайлы шеңберін айқындау қажет. Дамыған елдердің де, сондай-ақ дамушы елдердің де тәжірибесі, жекеше кәсіпкерліктің мемлекеттік кәсіпкерлікпен толықтырылуға тиіс екендігін көрсетіп отыр. Бұл ретте ел өзінің экономикалық дамуында неғұрлым артта қалса, мемлекеттің шаруашылық қызметінің қатысушысы ретіндегі жалпыұлттық ауқымда аса маңызды экономикалық проблемаларды шешуге жәрдемдесуді мұрат тұтатын тиісті рөлі соғұрлым жоғары болатынын ескеру қажет.

Ұлттық экономиканың жекеше капитал бармайтын не олардың капиталды көп қажетсінетіндігіне, өтемділік мерзімінің ұзақтығына және тәуекел дәрежесінің жоғарылығына орай жеткіліксіз көлемде баратын, өмірлік маңызы бар салаларын мемлекеттік қолдау қажет.

Қазақстан Республикасының аумағындағы, сондай-ақ шет елдердегі мемлекеттік меншіктің бірыңғай тізілімін әзірлеуді аяқтау қажет. Бұл тізілімде мемлекеттік меншік объектілерінің жай-күйі, олардың амортизациясы мен нақты жай-күйі, жалға, кепілге, сенімді басқаруға берілуі, сондай-ақ тиісті шарттардың

талаптары, мемлекеттік меншікті пайдаланғаны үшін төлем түсімдерінің жүйелілігі мен толықтығы ескеріле отырып, көрсетілуге тиіс.

Мемлекеттік кәсіпорындар санын қысқарту және басқару шығындарын оңтайландыру, сондай-ақ акциялардың мемлекеттік пакеттерінен түсетін кірістерді ұлғайту мақсатында:

- мемлекеттің активтері мен пассивтері балансының әдістемесі әзірленеді;
- экономикалық және әлеуметтік жағынан маңызы аз кәсіпорындардағы мемлекеттік меншік орналасқан акциялар саны қысқартылады;
- акциялардың мемлекеттік пакеттерін басқару тетіктері жетілдіріледі.

Мемлекеттік үлес белгіленген деңгейден асып түсетін жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер акционерлендіруге тиіс. Акция пакеттерін ұлттық компаниялардың басқаруына беру мүмкіндігін қарастыру қажет. Мемлекет үшін маңызы аз серіктестерде қалған үлес жекешелендірілуі қажет.

Бүгінгі таңда мемлекет балансында бар меншікті олардың жалпымемлекеттік мүдделерді қамтамасыз етудегі маңызына сәйкес санаттарға бөлу және оларды сақтау не жекешелендіру туралы шешім қабылдау қажет.

Бірінші санатқа жекешелендіруге жатпайтын мемлекеттік меншікті жатқызу қажет. Толық мемлекеттік меншікте қалатындар:

- Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті штаттағы мүліктер, әскери-техникалық мақсаттағы кәсіпорындар мен объектілер;

- мемлекеттік халықаралық маршруттар желісіне қосылған, магистральді темір жолдар, жалпы пайдаланудағы республикалық автомобиль жолдары, сондай-ақ инженерлік ғимараттарды қоса алғанда, қорғаныс кемелері жүретін су жолдары, маяктар, кеме қатынасының қауіпсіздігін реттейтін және оған кепілдік беретін құрылғылар мен навигациялық белгілер;

- мемлекеттің әлеуметтік міндеттерін шешу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелер.

Екінші санатқа республикалық маңызы бар мемлекеттік меншік жатқызылуы қажет. Бұл ең алдымен мұнай-газ және химия кешенінің, өндіруші және өңдеуші өнеркәсіптің орындары, аса ірі құрылыс, машина жасау, көлік және байланыс кәсіпорындары. Акцияларының бақылау немесе тосқауылдық пакеті мемлекеттік меншікте болатын екінші санаттағы кәсіпорындар елдің ұлттық компаниялары мен мемлекеттік кәсіпорындар секторына кіреді. Акциялардың бақылау немесе тосқауылдық пакеті болуының қажеттігі әр саласы үшін оның стратегиялық мақсаты және оған мемлекеттік ықпалдың қажеттігі ескеріле отырып, дербес айқындалатын болады.

Үшінші санатты жекешелендіру немесе коммуналдық меншікке беру жөн болатын мемлекеттік меншік құрайды. Аяқталмаған құрылыстар мен

мемлекеттік мұқтаж үшін пайдаланылмайтын басқа да мемлекеттік меншікті жекешелендіру жүргізілетін болады, мұның өзі өндіріс үшін және бизнесті дамыту үшін жаңа алаңдар жасайды. Пайдаланылмайтын не мақсатқа сай пайдаланылмайтын мемлекеттік мекемелер меншігін табу және алып қою, жылжымайтын мүлік объектілерін пайдалануға беру жөніндегі іс-әрекеттің ашықтығын, олардың тізімін барлық мүдделі тұлғалар үшін міндетті түрде жариялай отырып қамтамасыз ету қажет.

Мемлекеттік бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерді ұлғайту және шағын кәсіпкерлікті қолдау мақсатында мемлекеттік меншіктегі жылжымайтын мүлік объектілері жалға берілетін болады. Бұл ретте аталған объектілерді жалға беру конкурс өткізу және транспаренттілік жағдайында, кейіннен атаулы сату шартынсыз өткізілетін болады. Мемлекеттік жылжымайтын мүлікті пайдаланғаны үшін төленетін жалдау ақысының ставкасы нарықта қалыптасқан ставкаға сәйкес келетін болады. Мемлекеттік кәсіпорын алған жалдау ақысының бір бөлігі мемлекеттің кірісіне алынатын болады, ал бір бөлігі - осы кәсіпорынның пайдасын құрайды.

Заң түріндегі базалық нормативтік құқықтық акт әзірлеу қажет, ол мемлекеттік меншікті басқару деп нені түсіну керектігін, оның мақсаттары мен міндеттерінің қандай екендігін, басқарудың негізгі принциптерін, нысандары мен әдістерін, басқарудың объектілері мен субъектілерін, мемлекеттік меншікті есепке алу мен тиімді пайдалануды бақылау тәртібін белгілейді.

4.2. Мемлекеттің тікелей қатысуымен ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындар секторын құру

Ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындар секторын құру мақсатымен мемлекет елдің ішінде де, сондай-ақ одан тысқары да іс-әрекет жасауға қабілетті кәсіпкер рөлінде көрінуге тиіс.

Ұлттық компаниялар секторын құруға отандық капиталды елдің ішінде шоғырландыру қажеттігі себеп болып отыр.

Мемлекеттің қатысуы қажет салаларда мемлекеттің 100% қатысуымен жабық акционерлік қоғамның ұйымдық-құқықтық нысанындағы мемлекеттік холдингтер ретінде ұлттық компаниялар жұмыс істейтін болады. Оларды құрудың мақсаты ұлттық экономиканың тұтқалы салаларындағы технологиялық байланысты өндірістер қызметін басқаруға салады.

Қазақстаннан тысқары жерлерде экономикалық өктемдік, таяу шетелден Қазақстан үшін қажетті өнеркәсіптік объектілер мен инфрақұрылымдар сатып алу жүргізілетін болады.

Сонымен, мемлекеттік холдинг нысанындағы ұлттық компанияларды құру

корпоративтік басқару әдістеріне көшуді білдіреді. Корпоративтік басқару шығындарды оңтайландыруға, технологиялық және кадр саясатын тұжырымдауға, сала шеңберінде кәсіпорындар қызметін үйлестіруді жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Елдің стратегиялық кәсіпорындарының дамуына отандық жекеше инвесторлардың қаражаттарын тарту қажет. Жинақтаушы зейнетақы қорлары мен сақтандыру компаниялары инвесторлар ретінде әрекет ете алады.

Мұндай инвестицияларды тарту жекешелендіру туралы шешімдерді тездеткен болар еді, өйткені мемлекет кәсіпорындарды орнықты қаржылық жағдайға келтіріп және олар үшін нарықтық текшені қамтамасыз ете отырып, оларды жекеше секторға беруге тиіс.

4.3. Ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың ақиқат қаржылық жай-күйін аудиторлық тексеру мен анықтау мақсатында инспекциялайтын агенттік құру

Ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету үшін инспекциялайтын агенттік құру мүмкіндігін қарастыру қажет.

Агенттік ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың басшылығынан толық тәуелсіз болуға және есептерді тікелей Үкіметке ұсынуға тиіс.

Агенттіктің бірінші кезекті міндеттері:

- ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың қаржылық есептілігіне аудит жүргізу, сондай-ақ олардың қаржы-шаруашылық қызметін талдау;

- акциялардың мемлекеттік пакеттерін басқарудың тиімділігін бағалау;

- кәсіпорындардың жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесін сақтаудың немесе сатып алудың экономикалық орындылығын бағалау;

- мемлекет қатысатын кәсіпорындарды қаржылай, экономикалық және өзгедей қолдау жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

- кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметін ескере отырып мемлекеттің үлестері бойынша дивидендтердің мөлшері туралы ұлттық компаниялардың шешімдерін үйлестіру;

- мемлекеттің қатысуындағы кәсіпорындардың акциялары мен өзге де бағалы қағаздарын алмастыру, сатып алу-сату туралы ұлттық компаниялардың шешімдерін үйлестіру;

- ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың басқару органдарында мемлекеттің мүдделерін білдіретін кандидаттарды аттестациялау,

олардың қызметін бағалау;

- ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың өндірістік бағдарламаларының тепе-теңдігін, нарықтық конъюнктураны зерделеу және талдау, маркетингтік қызметті жүзеге асыру бола алады.

4.4. Мемлекеттік капиталға икемді ұтқырлық беру және оны ең алдымен ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындардың өз мұқтаждарына емес, мемлекеттік міндеттерді шешуге бағыттау

Мемлекеттік сектордың компаниялары мен кәсіпорындары арасында ресурстарды орталықтандырған бөлінісін орнықтыру үшін қолда бар меншікке бақылауды арттыру қажет. Мемлекет өзіне меншік иесінің рөлін алып, кәсіпорындар арасында ресурстар орналастыру үшін қажетті шешімдер қабылдайтын жағдайда ғана мемлекеттік секторда капиталға икемді ұтқырлық беру тетіктері өмір сүре алады.

Мемлекет меншік иесі ретінде өз активтеріне табыс алудың құралы ретінде қарауға және қаражатын неғұрлым жоғары пайда алу ұйғарылып отырған салаларға салуға және шығынға ұшырататын салаларды таратып отыруға тиіс. Сөйтіп, қандай салаға немесе кәсіпорынға қанша қаражат салынатындығын мемлекет қана шешуге тиіс. Өз капиталын тиімді басқара алу ғана мемлекетке ұлттық компаниялардың, мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекеттің меншік үлесі бар кәсіпорындардың табысты қызметіне қол жеткізуге мүмкіндік б е р е д і .

Ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындар бюджеттік шектеулер шеңберінде жұмыс істейтін болады. Әрбір ұлттық компания мен мемлекеттік кәсіпорын үшін тиісті бюджет бекітілетін болады. Бюджет жобасы салалық министрліктермен тығыз ынтымақтастықта әзірленіп, оны Үкімет бекітеді және назарға алу үшін Қазақстан Республикасының Парламентіне ұсынылатын болады .

Өз капиталына басшылық жасай отырып мемлекет, мемлекеттік активтерді пайдаланудан түскен кірістің бір бөлігін осы қаражатты инвестициялаудың құралы ретінде даму бюджетіне, ал бір бөлігін - мемлекеттік борышты өтеу есебіне аударуды көздеу қажет.

4.5. Коммуналдық меншікке көшірілуі қажет объектілерге түгендеу, бағалау жүргізу және олардың тізілімін әзірлеу

Мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру шеңберінде коммуналдық меншікті республикалық меншіктен бөліп шығару тетіктерін және олардың басқару деңгейлері бойынша бөлінісінің тәртібін жетілдіру қажет. Коммуналдық меншікке көшірілуге тиісті объектілерге түгендеу, бағалау жүргізу және олардың тізілімін әзірлеуді жүзеге асыру керек.

Әкімшілік-аумақтық бірліктер кәсіпорындардың акциялар пакеттерін иеленбеуге тиіс. Ұлттық компаниялар мүдделілік танытпаған және коммуналдық кәсіпорындар тізіліміне кіргізілмеген кәсіпорындар акцияларының мемлекеттік пакеттері жекешелендірілетін болады.

Ұлттық компаниялар мен мемлекеттік кәсіпорындар сияқты, коммуналдық кәсіпорындар да бюджеттік шектеулер шеңберінде жұмыс істеуге тиіс, осыған байланысты олардың бюджеттерін мәслихаттар бекітетін болады.

XI БӨЛІМ

САЯСИ ЖҮЙЕНІ РЕФОРМАЛАУ

1. МАҚСАТ

Бүкіл қоғам мүддесін іске асыруды қамтамасыз етуге қабілетті, пәрменді саяси жүйе қалыптастыру.

2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Тәуелсіздіктің тоғыз жылы ішінде Қазақстанның саяси дамуында елеулі саяси және экономикалық жаңарулар болып өтті.

Қол жеткізілгенді объективті бағалау саяси жүйенің одан әрі даму барысын дұрыс айқындауға мүмкіндік береді.

2.1. Күшті жақтар

Дәйекті саяси реформалардың нәтижесінде мемлекеттіліктің негізі қалыптасты, Қазақстанның одан әрі дамуының бағыты белгіленді, демократиялық құқықтық мемлекет және азаматтық қоғам құрудың қажетті алғышарттары жасалды.

Қазақстанда саяси жүйені дамытудың демократиялық бағыттылығы қалыптасты.

Мемлекеттік құрылыста биліктің заң шығарушылық, атқарушылық және сот тармақтарына бөліну принципі конституциялық тұрғыда айқындалды.

Мемлекет басшысын сайлау баламалы негізде өткізілді.

Өкілді органдарға (Парламент және мәслихаттар) сайлауды партиялық тізім

бойынша өткізудің негізі қаланды, ол партиялық құрылыс процесін жандандыруға, мемлекеттің саяси өмірінде партияның рөлін күшейтуге жәрдемдесуге тиіс.

Саяси плюрализм заң жүзінде бекітілді, көппартиялылықты қалыптастырудың негізі қаланды.

Мемлекеттік емес бұқаралық ақпарат құралдары түзіліп, жұмыс істеуде.

Қоғамның әр түрлі топтары мен жіктерінің мүддесін білдіретін үкіметтік емес қоғамдық ұйымдар құру процесі жүріп жатыр.

Нарықтық экономиканың дамуы қазақстандық саяси ортада дербес әлеуметтік-демократиялық идеялардың бекуі үшін әлеуметтік база болған меншік иелерінің жеткілікті өкілді жаңа табын құруға алып келді. Қоғамды және оның саяси жүйесін одан әрі ырықтандыру адамдардың осы әлеуметтік топтарының ұмтылыстарына жауап береді.

Қазақстан халқының білім деңгейінің жоғарылығы тұтас алғанда қоғамды одан әрі демократияландыруға да ықпал етеді.

Ұлтаралық татулық саясатын жүргізу құралы ретінде Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды.

2.2. Әлсіз жақтар

Атқарушы биліктің шектен тыс орталықтандырылуы және тұрақсыздығы.

Өкілді органдардың қызметі қазіргі қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық жағдайға толық дәрежеде сай емес.

Партиялардың саяси жүйедегі рөлі әлі де әлсіз, қазіргі саяси партиялардың жұртшылыққа белгісіздігі және әрекетсіздігі.

Биліктің өзара іс-қимылының тетіктерін пысықтау және жетілдіру қажеттігі.

Сот жүйесінің жекелеген буындарының атқарушы билікке тәуелділігінің сақталуы.

Демократиялық дәстүрлердің және ырықтандырылған, нарықтық экономика жағдайында өмір сүру тәжірибесінің жетіспеушілігі.

2.3. Мүмкіндіктер

Қоғамның демократиялық реформаларды жалғастыру, демократиялық институттарды тұрақты түрде дамыту мен нығайту қажеттігін түсінуі.

Құқықтық мемлекет ісіне бүкіл қазақстандық қоғамның күш-жігерін шоғырландыру, онда заң үстемдік етеді және азаматтардың түбегейлі құқықтары мен бостандықтары қамтамасыз етіледі.

Елдің әлемдік қауымдастыққа ақпараттық интеграциялануын кеңейтуге ықпал ететін Қазақстан қоғамының ашықтығы.

Саяси дамудың халықаралық оң және теріс тәжірибелерін кеңінен зерделеу

м ү м к і н д і г і .

Әлемде демократиялық процестердің ғаламдануы және мемлекеттердің экономикалық және саяси өзара тәуелділігінің артуы.

2.4. Қатерлер

Шет елдердің тәжірибесі, егер жүйе өз дамуында тоқырауға ұшыраса, оның ұдайы өзгеріп отырған сыртқы және ішкі жағдайларға барабар үн қосудан қалатынын дәлелдейді. Мұндай жағдайда болжаусыз елдегі жағдайды тұрақсыздандыруы мүмкін әлеуметтік-саяси зардаптар қатері туындайды. Демек, жүйе ұдайы серпінді дамып отыруға, қоғамдағы өзгерістерге бейімделуге және сол өзгерістерге үн қатуға тиіс.

Қазіргі уақытта ел басынан өткеріп отырған әлеуметтік-экономикалық қиындықтар және соның салдарынан халықтың бір бөлігінің әлеуметтік қанағаттанбаушылығы қоғамда әр алуан әлеуметтік жанжалдардың, жалпы ішкі саяси тұрақсыздықтың туындау қаупін арттырады.

Елдің көпұлттылығы әр түрлі этникалық топтар мүдделерін үйлестірудің демократиялық тетіктері болуы қажеттігін талап етеді, өйткені Қазақстанның бұл ерекшелігі елдің одан әрі дамуы үшін, жалпыұлттық татулық пен азаматтық бітімнің сақталуы аса маңызды талап етіп қояды. Тарихтың бірнеше мәрте көрсеткеніндей, ұлтаралық проблемаларды демократиялық емес әдістермен шешу орын алған жерде көпұлттылық мемлекеттілік ұстынын шайқайтын және қоғамды ішкі тұрақсыздыққа жетелейтін фактор ретінде көрінеді.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

XX ғасырдың соңы демократиялық процестердің ғаламдануымен сипатталады. Көптеген елдер саяси жүйені демократияландыру жолына түсті және демократиялық дамудың қандай да бір сатысында тұр. Әрбір елдің өзінің саяси тарихы, өзінің саяси дәстүрі өзінің саяси мәдениеті, өзіндік тарихи даму жолы бар. Сондықтан әрбір елдегі демократияландыру процесінің өз ерекшеліктері, алғышарттары немесе керісінше, кедергілері бар. Саяси жүйені өзгертудің едәуір мол тәжірибесі жинақталған, оны зерделеу мен талдау жүргізіліп жатқан жаңартулардың дұрыстығын бағдарлауға мүмкіндік береді.

Демократиялық жетістіктердің барлығына қарамастан, қазір Қазақстанның демократияландырудың бастапқы кезеңінде ғана тұрғаны анық және алда саяси жүйедегі реформаларды дәйекті және ойластырылған түрде жалғастыру міндеті тұр.

Мынадай стратегиялық міндеттерді шешу қажет:

- елдің саяси өмірінде өкілді билік органдарының ролін кеңейту;
- соттардың іс жүзіндегі тәуелсіздігін және кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз

е т у ;

- басқару функцияларының бір бөлігін орталықсыздандыру;
- көппартиялық жүйені дамыту үшін жағдай жасау;
- сайлау процесін жетілдіру;
- үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың рөлін күшейту, олар азаматтардың мүдделерін іске асыруға белсенді және жемісті қатысуға тиіс.

4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

Қазақстанның Конституциясы қуатты президенттік республиканың қалыптасуын және биліктің үш тармағы арасында өкілеттіктерді бөлуді заң жүзінде ресімдеді. Конституция бойынша Президент мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының үйлесімді жұмыс істеуін және билік органдарының халық алдында жауаптылығын қамтамасыз етеді. Президенттің мұндай мәртебесі мемлекет мүддесіне, мемлекеттік биліктің орнықтылығы мен тұрақтылығын қамтамасыз етуге жауап береді.

Сонымен бірге бүгінгі таңда биліктің барлық тармақтарының пәрменділігін күшейту әрбір билік тармағының мемлекеттің саяси жүйесіндегі рөлін күшейту қажеттігі анық.

4.1. Елдің саяси өмірінде өкілді билік органдарының рөлін кеңейту

Саяси жүйені жетілдірудің маңызды бағыттарының бірі елдің саяси өмірінде Парламенттің функциясы мен рөлін кеңейту болады.

Өкілді органдардың саяси жүйедегі рөлін күшейту, реформалар процесін толыққанды заңдық қамтамасыз ету үшін олардың өкілеттігін кеңейту олардың атқарушы органдардан тәуелсіздігін қамтамасыз ету талап етіледі.

Парламенттің рөлін, оның функцияларын тиімді пайдалана отырып күшейту қажет. Парламент республикалық бюджеттің орындалуын бақылауда неғұрлым белсенді рөл атқаруға тиіс.

Жергілікті мәслихаттар жергілікті бюджеттердің орындалуын нақты бақылауға тиіс.

Қоғамда орын алып отырған әлеуметтік-саяси мүдделерге орай тиімді үйлестіру мақсатында Парламенттің жанынан әр түрлі партиялар мен қоғамдық-саяси қозғалыстардың, кәсіподақтардың, соның ішінде Парламентте өкілдігі жоқтардың арасында жүйелі түрде саяси консультациялар өткізуді ұйымдастыру қажет.

4.2. Соттардың тәуелсіздігін және кәсіби құзыреттілігін қамтамасыз ету

Сот жүйесінің нақты тәуелсіздігіне қол жеткізу - қоғам алдында тұрған басты міндеттердің бірі. Тәуелсіз сот - өзіміз іргесін қалағымыз келіп отырған құқықтық мемлекеттің аса маңызды институттарының бірі болып табылады.

Сот қызметін неғұрлым тиімді жүзеге асыру үшін олардың жоғарғы және төменгі инстанцияларының арасындағы функцияларды талдау және оңтайлы бөлу қажет. Қазақстанда мамандандырылған соттар енгізудің қажеттігі барған сайын өзекті болып отыр. Бұл сот-құқықтық реформаның маңызды бағыттарының бірі болды.

Соттарды кадрлармен қамтамасыз ету туралы және тиісінше судьялыққа кандидаттарды іріктеуге жәрдемдесетін органдар туралы мәселе айрықша өзекті. Озық шетелдік тәжірибені ескере отырып, Әділет біліктілік алқасы мен Жоғары Сот Кеңесінің рөлін күшейту және судьялыққа кандидаттарға талапты қатайту қажет.

Қазақстанда алқа заседательдері институтын енгізу мүмкіндігі Конституция жүзінде танылған. Бұл институтты енгізудің мәні сотталушының ісін алқа заседательдерінің не судьялар алқасының қатысуымен қарау құқығы туындайтындығына келіп салды, мұның өзі сот процесінде адам құқығын қорғаудың қосымша кепілі болып табылады. Осыған байланысты алда сот заңнамасына тиісті толықтырулар енгізу күтіп отыр.

Сот жүйесінің тәуелсіздігіне қол жеткізу және оны нығайту мақсатында судьялардың еңбегіне ақы төлеу жүйесін одан әрі жетілдіру, сондай-ақ соттардың қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешу қажет.

Заңды күшіне енген сот қаулыларының орындалуын бақылауды қатайту қажет. Бұл сот жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етудің маңызды талаптарының бірі болып табылады.

4.3. Басқару функциясының бір бөлігін орталықсыздандыру (қараңыз. XIII бөлім. Мемлекеттік функцияны орталықсыздандыру)

Демократиялық өзгерістерді табысты жүргізу орталық пен аймақтар арасында өзара қарым-қатынасты уақтылы реттеуді және өкілеттіктерді бөлуді талап етеді. Негізгі аймақтық проблемалар жергілікті билік органдары деңгейінде шешілуге тиіс.

4.4. Көппартиялық жүйені дамыту үшін жағдай жасау

Саяси партиялар нақты беделге, халықтың қолдауына ие болуға тиіс, саяси стратегияларды тұжырымдауға қабілетті болуға тиіс.

Қазіргі таңда жұмыс жүргізуші партиялар мен олардың парламенттегі фракцияларының қызметі қоғамның кең жіктерінің мүдделеріне саяси өкілдік етудің болашақ құрылымын қалыптастыру үшін бастапқы шарттар жасауға тиіс.

Партиялар дауыс беру жолымен қоғамдық пікір білдіруге ықпал етуге, қоғамның және мемлекеттік органдардың арасында тұрақты байланысты жүзеге асыруға тиіс. Партиялық қызмет арқылы саяси элитаны, басқару аппаратының кадрларын іріктеу және әзірлеу жүзеге асырылуға тиіс.

Мемлекетте көппартиялықтың болуы азаматтардың саясатқа қатысуына кеңінен қол жеткізуін қамтамасыз етудің қажетті шарттарының бірі ретінде көрінеді.

Парламенттегі партиялық фракциялардың рөлін арттыру үшін Парламенттегі партиялық фракциялардың жұмыс істеу тетігін нақты айқындайтын заңнаманы қабылдау қажет.

4.5. Сайлау процесін жетілдіру

Сайлау заңнамасын, сайлау жүйесін жетілдіруді, сайлау процесін ұйымдастыруды, кандидаттар туралы ақпаратты сайлаушыларға жеткізудегі және іс-шараларының басқа да кезеңдерін жария етуде бұқаралық ақпарат құралдарының рөлін нығайтуды жалғастыру қажет.

Сайлау комиссияларының құрамына кәсіби мамандар ұсынылуға тиіс, әрбір комиссияда тым болмаса бір заңгер болуға тиіс.

Төмен тұрған сайлау комиссияларын саяси партиялардың, басқа қоғамдық бірлестіктердің, азаматтардың пікірлерін ескере отырып өкілді органдар (мәслихаттар) құруға тиіс.

Дауыс беру және дауыстарды есептеу рәсімі барынша "ашық" болуға тиіс. Дауыстарды есептеудің автоматтандырылған жүйесін енгізу сайлау процесін жетілдіруді қамтамасыз ету бағыттарының бірі болады.

4.6. Үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың азаматтардың мүдделерін іске асыруға белсенді және жемісті қатысуға тиіс рөлін күшейту

Халықтың әр түрлі топтары мен жіктерінің мүдделерін талап ететін үкіметтік емес ұйымдарды (ҮЕҰ) дамыту және нығайту қажет. Осыған байланысты үкіметтік емес ұйымдардың одан әрі дамуын қамтамасыз ететін арнаулы заңнамалық актілер қабылдаған орынды.

Мемлекеттің және үкіметтік емес қоғамдық ұйымдардың өзара іс-қимылын жандандыру талап етіледі. Бұл орын алып отырған проблемаларды шешудің

жолдарын тез және тиімді табуға мүмкіндік береді.

ҮЕҰ-ды қолдаудың нақты нысандарының бірі оларға әлеуметтік маңызды жобаларды іске асыруға арналған мемлекеттік гранттар беру мүмкіндіктері мен тәртібін айқындау болып табылады.

Қазақстанның жастар мен балалар ұйымдарын қолдауға және оларды дамытуға айрықша назар аудару қажет. Бұл жастарды барабар әлеуметтендіруге және әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге, олардың сыңаржақ діни немесе экстремистік саяси идеяларды қабылдау салдарынан қылмысқа бой алдырмауына жәрдемдеседі.

XII БӨЛІМ

ӘКІМШІЛІК РЕФОРМА

1. МАҚСАТ

Жаңа экономикалық және саяси ортада іс-қимыл жасауға, өз функцияларын толық көлемде орындауға қабілетті пәрменді мемлекеттік аппарат құру.

2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Әлемдік тәжірибені зерделеу көрсетіп отырғанындай, мемлекетті басқарудың абсолютті жетілдірілген құрылымы әлемнің бірде бір елінде жоқ, ал мемлекеттік билік органдарын реформалау үздіксіз процесс болып табылады. Өтпелі экономика тұсындағы елдердің ерекшелігі: оларда қоғамдық және экономикалық қатынастардағы өзгерістермен қатар, мемлекеттің өзінің рөлін трансформациялау процесі жүріп жататындығы болып табылады. Сондықтан мемлекеттік аппарат пен мемлекеттік қызмет жүйесінің қоғамның қажеттері мен күтуіне де, сондай-ақ мемлекеттің өзгермелі функциясына да барабарлығы өзекті болады.

Біздің елімізде бірқатар жылдардан бері мемлекетті басқару құрылымын оңтайландыру мен жетілдіру процесі жүріп жатыр, оның мақсаты Қазақстанды дамытудың ағымдағы және перспективадағы мәселелерін тиімді шешуге қабілетті кәсіби үкімет құру болып табылады.

Әрбір кезеңде елдегі әлеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси укладтың нақты жай-күйі талап ететін міндеттер шешіледі.

Және де бүгінгі таңда қоғамның болашақ қажеттеріне, ұзақ мерзімді міндеттерді шешуге және мемлекетті дамытудың стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге бағдарланған әкімшілік реформасы өзекті болып табылады.

2.1. Күшті жақтар

Билік тармақтарының жұмыс істейтін және өзара іс-қимыл жасайтын заңнамалық-құқықтық негізі қаланды.

Рабайсыз ұлғайған командалық-салалық басқару құрылымы мен мемлекеттік аппараттың саны қысқартылды.

Қазақстанда мемлекеттік қызметтің жаңа моделі жұмыс істейді.

2000 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік қызметшілерді саяси және әкімшілік деп бөлуді, әкімшілік мемлекеттік қызметке қабылдау кезінде конкурстық рәсімнен міндетті түрде өтуді, әкімшілік мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік-құқықтық қорғауды, кадрлар резервін қалыптастыру тетігін күшейтуді көздейтін "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасының Заңы күшіне енді.

Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекеттік қызметші антының мәтінін, Мемлекеттік қызметшінің қызмет этикасы ережесін, Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану ережесін, Кадрлар резервін қалыптастыру тәртібін бекіткен жарлықтары, мемлекеттік қызмет саласындағы қатынастарды реттейтін және басқа да актілер: мемлекеттік қызметшілердің мүліктерін сенімді басқаруға беру тәртібі туралы Үкіметтің қаулысы, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің актілері - Әкімшілік лауазымды иеленуге арналған конкурстар өткізудің тәртібі, Әкімшілік мемлекеттік лауазымдар санаттарына қойылатын үлгі біліктілік талаптары қабылданды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жандандыру мақсатында тиісті заң мен бірқатар нормативтік құқықтық актілер қабылданды.

2.2. Әлсіз жақтар

Жүргізілген құрылымдық өзгерістерге, мемлекеттік органдардың саны мен олардың штат санын қысқартуға қарамастан, мемлекеттік аппараттың икемділігі мен тиімділігі бұрынғысынша жеткіліксіз күйінде қалып отыр.

Құрылымның көп деңгейлілігі және функциялардың қосарлана атқарылуы, сондай-ақ мемлекеттік органдар алдында тұрған міндеттердің көмескілігі жауапкершілік пен есептілік мәселелерінде ретсіздіктерге әкеп соқты.

Мемлекеттік органдардың құрылымын және олардың міндеттері мен функцияларын ұдайы қайта қарау нәтижесінде ведомствоаралық өзара іс-қимыл әлсіреді, мемлекеттік аппарат ішіндегі, сондай-ақ сыртқы институттарға қатысты интеграция, бақылау мен үйлестіру деңгейінің төмендегені байқалуда.

Мемлекеттік аппараттың қызметі жедел өзгеріп отырған сыртқы орта мен қоғамның қажеттеріне баяу бейімделумен, шешімдер қабылдаудың тиімсіз тетіктерімен сипатталады.

Мемлекеттік аппараттың қызметі мен мемлекеттік қызметшілердің беделі қоғамдық санада бұрынғысынша төмен күйінде қалып отыр.

Сыбайлас жемқорлықтың әлеуметтік алғышарттарын іздестіруде белсенділік

жетіспейді, оларды шектеу мен жою жөнінде нысаналы жұмыстар жүзеге асырылмай келеді.

Мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу мәселесі проблемалы күйінде қалып отыр. Проблема еңбекке барабар деңгейде ақы төлеуге ғана емес, сонымен бірге ақы төлеу жүйесінің мемлекеттік қызметшілер біліктілігін арттыруды көтермелеуге де қатысты.

Осы уақытқа дейін мұғалімдердің, дәрігерлердің және басқалардың, сондай-ақ республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен ұлттық компаниялар қызметкерлерінің мәртебесі айқындалмай отыр.

Мемлекеттік аппараттың қызметін ұйымдастыруда айқын іс-қимыл стратегиясы мен жүйелі қағидат жоқ.

2.3. Мүмкіндіктер

Елдің жоғары басшылығы мен қоғамның мемлекеттік аппаратты реформалау қажеттігін түсінуі.

Тиісінше ынталандыру болса Қазақстан халқы білімдарлығының жеткілікті жоғары деңгейі мемлекеттік қызметке кәсіби кадрларды тартуға мүмкіндік береді.

Елдің егеменді дамуына бағдар ұстанған мемлекеттік менеджерлердің жеткілікті дәрежедегі мол әрі жоғары білікті корпусы.

Халықаралық ұйымдардың Қазақстандағы мемлекеттік құрылыс процесін қолдауы.

Қоғамда сыбайлас жемқорлыққа төзбеушіліктің өсуі.

2.4. Қатерлер

Мемлекеттік аппарат құрылымын негізінен мемлекеттік органдар санын қысқарту есебінен ретсіз оңтайландыру Үкіметтің экономиканы басқаруға шамасы келмей қалатын ахуалға соқтыруы мүмкін.

Күш-жігерді сыбайлас жемқорлыққа ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөніндегі жүйелі жұмысқа емес, негізінен сыбайлас жемқорлықтың жекелеген көріністеріне қарсы бағыттау қоғамда қылмыстылық қатерін ушықтырады.

Жаңа жағдайда жұмыс істеуге даяр емес жекелеген шенеуніктер тарапынан жасырын қарсылық.

Жиі құрылымдық өзгерістер практикасының сақталуы мемлекеттік қызметшілер қатарының тұрақсыздануына әкеп соғуы мүмкін.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Қазіргі жағдайда нарықтық бастама мемлекеттің белсенді және оралымды қатысуына мұқтаж.

Экономикалық және әлеуметтік салаларда белсенді саясат жүргізу мемлекеттің рөлін көтеруді көздейді. Түптеп келгенде - бұл тиімді, қоғам талаптарына сай келетін заңдар мен нормативтік құқықтық актілерді әзірлеп, жүзеге асыру.

Мемлекет қызметінің пәрменділігін арттыру Қазақстанның болашағын айқындайтын басты фактор. Демек, бұл - аса маңызды стратегиялық міндет.

Сондықтан бүгінде мемлекеттік қызметшілер мен тұтас алғанда мемлекеттік органдар жұмысының тиімділігін арттыру және тиісінше мемлекеттік ресурстарды неғұрлым ұтымды пайдалану қажет.

Тұтас алғанда мемлекеттік аппарат пен оның жекелеген буындары жұмысының тиімділігін арттыруға озық ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды енгізу жәрдемдесуге тиіс.

Әкімшілік реформасының стратегиясы мынадай міндеттерді шешуді қамтиды :

- Үкіметтің оңтайлы құрылымын жасақтау;
- басқару жүйесі мен әдістерін жетілдіру, үйлестіру мен бақылаудың тиімді тетіктерін енгізу;
- мемлекеттік сектордағы кадрлық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру;
- қоғам мен мемлекеттің сыбайлас жемқорлық көрінісінің барлық түрлерінің алдын алуға бағытталған өзара қарым-қатынасының жүйелік негіздерін жасау.

4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ

4.1. Үкіметтің оңтайлы құрылымын жасақтау

Мемлекеттік органдардың функциялар (жоспарлаушы, атқарушы, реттеуші және бақылаушы) бойынша бөлінісі негізінде Үкіметті қайта ұйымдастыру. Аталған схемаға сәйкес экономикалық және бюджеттік жоспарлау үшін жауапты министрлік құрған жөн. Бұл министрліктің міндеті республикалық бюджетті түзуді және мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларды жоспарлауды қамтуға тиіс. Мемлекеттік бюджеттің атқарылуы да бір жеке министрлікте шоғырландырылуға тиіс.

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің жанынан мемлекеттік басқаруды жетілдіру жөнінде тұрақты жұмыс істейтін комиссия құру. Оның қызметінің негізгі бағыттары мыналар болуға тиіс:

- тиісті ұсынымдарды тұжырымдай отырып, мемлекеттік билік органдарының жұмысын кешенді талдау;
- перспективалы мемлекеттік шенеуніктердің жоғары тиімді мемлекеттік менеджменті бар елдерде (мемлекеттік басқаруды жетілдіру әдіснамасын үйрене отырып) интенсивті тағылымдамадан өтуін ұйымдастыру;

- әрбір мемлекеттік орган туралы, оның функцияларын айқын тұжырымдайтын ережелер әзірлеу;
- мемлекеттік қызметтер ұсыну стандарттарын әзірлеу;
- жоғары және орташа қызметтер атқаратын мемлекеттік қызметшілердің құзыреттілігі мен психологиялық сапасына қойылатын біріздендірілген талаптарды талдап жасау;
- кімнің, қандай деңгейде және қандай дербес шешім қабылдайтынын айқындайтын, біріздендірілген лауазымдық нұсқаулықтар дайындау;
- Үкіметтің, ведомстволардың және лауазымды адамдардың қызметін бағалаудың біріздендірілген өлшемдерін талдап жасау.

Ведомстволардың өзге ведомстволардың функцияларын қосарлана атқаратын құрылымдық бөлімшелер құру практикасын толық жою.

Мемлекеттік құрылымдарды қайта ұйымдастыру ісін ойластырылған және саликалы түрде жүргізу, содан кейін мемлекеттік аппарат құрылымына белгілі бір кезең ішінде қандай да бір өзгерістер енгізуге мораторий жариялау.

4.2. Басқару жүйесі мен әдістерін жетілдіру, үйлестіру мен бақылаудың тиімді тегігін енгізу

Барлық мемлекеттік органдарда ұлттық компаниялар мен республикалық мемлекеттік кәсіпорындарда стратегиялық жоспарлаудың біртұтас көп деңгейлі жүйесін қалыптастыру. Әрбір мемлекеттік құрылым өз жұмысын стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге орай құруға тиіс.

Мемлекеттік органдар қызметін келісімді үйлестіру үшін құрамы лауазымдар негізінде регламенттеліп, тұрақты жұмыс істейтін ведомствоаралық комиссиялар құру.

Министрліктер мен ведомстволардың көлбеу іс-қимылын күшейту. Біріздендірілген лауазымдық нұсқаулықтар негізінде мәселелерді мемлекеттік органдардың құрылымдық бөлімшелері (бөлімдер, басқармалар, департаменттер) басшыларының деңгейінде олардың өз құзыреті шегінде шешу практикасын енгізу.

Орталық атқарушы билік органдарының, олардың аумақтық бөлімшелерін қоса, жергілікті билік органдарымен үйлесімділігі мен өзара іс-қимылының бірыңғай рәсімін белгілеу.

Өндіріс мониторингі, оны басқару, жоспарлау және ел шаруашылығының әртүрлі салаларын дамыту жөніндегі міндеттерді шешу тиімділігін арттыру мақсатында Қазақстан Республикасы мемлекеттік билік органдарының ұлттық геоақпараттық жүйесін (МБО ГАЖ) құру.

ГАЖ - бұл аумақтық бағдарланған деректерді жинаудың, сақтаудың,

құрылымдандыру мен басқарудың, талдаудың және қорытудың компьютерлік жүйесі. Аталған технология карта ұсынатын толыққанды визуализация жасау мен географиялық (кеңістіктік) талдаудың артықшылықтарымен дерек базаларымен сұрау салу мен статистикалық талдау тәрізді жұмыстың дәстүрлі операцияларын біріктіреді. Бұдан басқа, ол басты факторлар мен себептерді, сондай-ақ олардың ықтимал салдарларын көрсете отырып, стратегиялық шешімдерді және қолға алынатын іс-қимылдың ағымдағы салдарларын жоспарлай отырып, қоршаған әлемдегі құбылыстар мен оқиғаларды талдау мен болжауға байланысты кең спектрлі міндеттерді шешуде қолданудың бірегей мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

ГАЗ технологиясы тұтас алғанда адамзаттың және ішінара алғанда нақты ұйымдардың немесе адамдар топтарының алдында тұрған проблемаларды талдауға және міндеттерді шешуге жаңа, неғұрлым тиімді, қолайлы әрі жылдам қағидаттарды ұсынады. Ол талдау мен болжаудың рәсімдерін автоматтандырады.

Мемлекеттік басқару саласында дағдарысты ахуалдардың алдын алу орын алған жағдайдан ойдағыдай шығуды іздестіру, қабылданған шешімнің ықтимал салдарын бағалау, қаржылық ахуалдың үрдістері мен даму заңдылықтарын анықтау, стратегиялық жоспарлау, жоспарлар мен бағдарламалардың орындалу тиімділігін бақылау және бағалау, баламалы сценарийлер түзу және т.б. - санаткерлік-ақпараттық қолдаусыз олардағы ақпараттық технологияны тиімді пайдалану мүмкін емес, яғни проблемалық салаларда.

МБО ГАЗ мақсаты басқарушылық шешімдердің жан-жақты зерттелуі, бағалануы және негізделуі үшін мемлекеттік билік органдарын өзекті, сенімді және кешенді ақпаратпен қамтамасыз ету болып табылады.

Мемлекеттік органдар дамыған елдердің қазіргі заманғы мемлекеттік басқару жүйесінде және табысты жұмыс істейтін жеке компанияларда қолданылып жүрген жаңа жұмыс әдістерін игеруге және соған көшуге тиіс.

Әлемдік практиканы зерделеу пәрменді жұмыс істейтін мемлекеттік аппаратқа тән сипатты ерекшеліктерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Жалпы түрінде бұл процесті дәстүрлі құндылықтардан жаңа құндылықтарға көшу деп қ а р а с т ы р у ғ а б о л а д ы .

Мемлекеттік басқарудың сапасын шұғыл арттырмайынша салиқалы әлеуметтік және экономикалық өзгерістер жүргізу мүмкін емес. Мемлекеттік ресурстарға иелік етуде, тактикалық және жедел мақсаттарды анықтауда, кадр саясатын жүргізуде және тағы басқаларда мемлекеттік мекемелер басшыларына көбірек іс-қимыл еркіндігін беру осының сөзсіз шарты болып табылады.

Төрешілдікке тәуелділіктің және иерархиялық бағыныстылықтың орнына дербестік пен мемлекеттік құрылымға жүктелген негізгі міндетті орындаудағы

жауаптылық принципі келеді. Осы орайда ұйымдастырушылық икемділік, инновацияларды басқару, орталықсыздандыру, қызметкерлердің елеулі іс-қимыл еркіндігі бірінші қатарға шығады.

Мемлекетті басқару сапасы көбіне жоғары басшылардың қызметіне байланысты. Олардың мемлекеттік аппараттағы айрықша ролін мойындау бірқатар елдерде (АҚШ, Австралия) мансапқа емес, орындалатын жұмысқа бағдарланған неғұрлым талантты басшылар мен құзыретті мамандарды іріктеп алуға мүмкіндік беретін жеке институттың - жоғары шенеуніктер қызметінің пайда болуына ықпал етті.

Дербестікті көбірек беру мемлекеттік аппараттың есептілік және бақылау жүйесіне жаңа қағидаттарды талап етті. Егер бұрын негізгі назар жұмыстың орындалуы мен мемлекеттік ресурстарды пайдалану процесіне аударылса, қазір нәтижелер мен салдарларды бақылауға және бағалауға күш салынады.

Көптеген аралық буындарды жоюға жетелейтін неғұрлым қарапайым және үнемді ұйымдық құрылымдарға көшу байқалады.

Мемлекеттік органдардың қызметін бағалау азаматтардың мемлекеттік қызметтерге қанағаттану деңгейіне, олардың мемлекетке сену дәрежесіне және шешімдерді әзірлеу мен қабылдауға қатысуларының нақты мүмкіндігіне байланысты.

4.3. Мемлекеттік сектордағы кадрлық қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру

Мемлекеттік бюджеттен жалақы алатын барлық қызметшілердің (дәрігерлердің, мұғалімдердің және басқалардың) мәртебесін, құқықтарын және еңбегіне ақы төлеу ережелерін заңнамамен айқындау.

Республикалық мемлекеттік кәсіпорындар мен ұлттық компаниялардың қызметін қамтитын мемлекеттік кәсіпкерлік саласындағы қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру. Мұндай жүйені Үкімет айқындауға және ол бекітілген жалақы мен мөлшері кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерімен байланысты болатын бонустардан құралуға тиіс.

Лауазымдарға қызметтік талдау жүргізу негізінде мемлекеттік қызметтегі жалақы мөлшерін жеке сектордағы ақы төлеуге біртіндеп жақындату үшін мемлекеттік қызметшілердің еңбегіне ақы төлеу жүйесін жетілдіру.

Мемлекеттік қызметшілерді үздіксіз даярлау мен біліктілігін арттыру тетігін іске қосу.

Мемлекеттік қызметшілерді оқыту бағдарламаларын қаржыландырудың орнықты тетігін жасау.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметшілерін, елдегі және шет елдердегі жоғары оқу орындары түлектерін, әкімшілік

мемлекеттік қызмет лауазымына тілек білдірген және оған ие болуға өзінің біліктілік құқығын растаған азаматтарды қамтитын мемлекеттік қызмет кадрларын басқарудың ақпараттық жүйесін енгізу.

4.4. Сыбайлас жемқорлық көрінісінің барлық нысандарының алдын алуға бағытталған қоғам мен мемлекеттің өзара қарым-қатынасының жүйелі негіздерін жасау

Мемлекеттік органдар қызметін қоғамдық бақылаудың тиімді тетігі ретінде азаматтардың мемлекеттік мекемелерге шағымын қарау үшін тағайындалатын омбудсмендер институтын енгізу.

Омбудсмен дегеніміз азаматтардың құқықтарын қорғауға және барлық мемлекеттік лауазымдарды, олар қабылдаған шешімді өзгерту құқығынсыз, кең қадағалау нысанындағы бақылауға сенім білдіруге лайықты уәкілетті тәуелсіз т ұ л ғ а .

Жоғары лауазымды шенеуніктердің активтері мен табыстары туралы ақпарат жариялау практикасын енгізу.

Шенеуніктің бақылауындағы құқықтық өкілеттікті ауыстыру мақсатымен кадрлардың белгілі бір санаттарының мерзімді алмастырылуын қамтамасыз ету.

Шаруашылық қызметте құқықтық ортаның болжамдылығын орнықтыру үшін заңнамалық және басқа нормативтік құқықтық актілерді барынша қарапайым ету . Неғұрлым толығырақ келесі шағын бөлімде.

5. СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС 5.1. Сыбайлас жемқорлық және экономикалық реформалардың табыстылығы

Қазақстандағы мемлекеттік билік пен қоғам үшін жалпы қылмыспен қатар сыбайлас жемқорлық елеулі алаңдаушылық тудырып отыр. Сандық тұрғыда ол:

- пара беруге арналған шығындарды ұлғайту қажеттігіне байланысты қатысты тауарлар мен қызметтер құнының артуынан;
- жемқор шенеуніктердің экономикалық тиімсіз немесе жөнсіз жобаларды қабылдауының салдарынан әлеуметтік сипаттағы бюджеттік бағдарламалардың ақшалай көлемінің кеміп, мемлекеттік борыштың артуынан;
- елдің экономикалық бет-бейнесі мен стандарттардың төмендеуінен, өйткені сапасы төмен тауарлар жеткізіледі, ескірген не қажетсіз технологиялар мен техника сатып алынады; мұндай жағдайда инвестициялардың тиімділігі нөлге тең немесе тіпті теріс болып шығуы мүмкін;
- бюджеттік қаражаттың тиімсіз немесе нысансыз жұмсалыуынан;

- мемлекеттің бақылау және қадағалау функцияларын күшейтуге арналған қосымша ресурстардан көрінеді.

Жағдайлардың теңсіздігінің тереңдей түсуі әлеуметтік шиеленіс туғызуы мүмкін, өйткені шағын және орташа кәсіпорындарға арқа сүйейтін нарықтық экономиканың негізгі агенттерінің жеткіліксіз дамуы мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық саясатының өзекті мақсаты - жұмыссыздықты азайту мен халықтың негізгі бөлігінің табысын өсіруге қол жеткізуді қиындатады. Сыбайлас жемқорлық сондай-ақ инвесторлардың сенімін азайтады, оларсыз жекеше сектордың серпінді дамуы мен шетелдік инвестицияларды тарту мүмкін емес.

Алайда бақылаусыз сыбайлас жемқорлықтың неғұрлым қауіпті салдары қоғам мен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынастың жүйелі негізінің " зардап шегуі" болып табылады. Адамдардың сыбайлас жемқорлықты қоғамдық мүддеге қатер төндіруші ретінде емес, керісінше мінез-құлық нормасы ретінде қабылдайтын қоғамдық енжарлығы мен көнбістігі, сыбайлас жемқорлықтың қалыптасып келе жатқан құқықтық мемлекеттің іргетасын күйретуге қабілетті, бақылаусыз күш екендігінің шынайы дерлік кепілі болып табылады.

Қолда бар мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың тәжірибесі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясының келесі кезеңіндегі тұжырымдамалау мен жоспарлау кезінде ескерілуге тиіс. Стратегияның жүйелі сипаты болуға және сыбайлас жемқорлық көрінісінің барлық негізгі түрлеріне бір мезгілде "соққы" беруге тиіс. Алайда мұндай қағидат жылдам және қомақты нәтижелерге қол жеткізуге бағытталған практикалық шаралар кешенін әзірлеуді қиындатып жіберуі де мүмкін. Әлсіз үйлестірілу мен шектеулі мүмкіндіктер жағдайында ресурстар бытырап, ал іс-әрекет даңғаз, бірақ орындалмайтын мәлімдемелермен доғарылып қалуы мүмкін. Сондықтан мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлықтың сипаты мен даму дәрежесін нақты білу мақсатында ахуалды бағалаған жөн.

5.2. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес (негізгі нәтижелер)

Неғұрлым маңызды қадам, сөз жоқ, 1998 жылғы 2 шілдедегі "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңның қабылдануы болды. Заң сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылығының негізгі түрлерін, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін қажетті шараларды және лауазымды адамдардың заң алдындағы жауапкершілігін айқын белгілейді. Бұл Заң сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің қуатты құралы болып табылады, бірақ оның тиімді орындалуы мемлекет тарапынан жүйелі және үйлестірілген шаралардың тұтас кешенін қолдануды талап етеді. Осы мақсатта Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің 1998-2000 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қабылданды, Сыбайлас

жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мемлекеттік комиссия құрылды.

1999 жылы Мемлекеттік комиссия таратылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы науқанды жүйелі және нысаналы жүргізу жауапкершілігі жекелеген орталық мемлекеттік органдар арасында бөлінді.

Сыбайлас жемқорлықтың жолын кесу шараларын жасау жөнінде белгілі бір жұмыстар жүргізіліп жатыр. Осы тұрғыдан алғанда, қаржы бақылау органдарын қалпына келтірудің зор маңызы бар. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің рөлі біртіндеп күшейіп келеді. Билікті теріс пайдаланушылықпен күресте бюджет пен қаржы саласының басым салалар болып табылатындығы белгілі. Мемлекеттік қызметшілердің және олардың жұбайларының табыстарын мәлімдеу жөніндегі жаңа ережелер, Ант қабылдау институты мен Қызметтік этика ережелерін енгізу мемлекеттік қызмет саласында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі маңызды жүйелік шаралар болып отыр. Мемлекеттік бюджет, аудит, салық әкімшілігін жүргізу мен кеден қызметі - мемлекет халықаралық қаржы органдарының көмегін тарта отырып заңдылықтың сақталуын нығайтуды жоспарлап отырған өзге де басым салалар

б о л ы п т а б ы л а д ы .

Алайда тұтас алғанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөнінде жүргізіліп жатқан шаралар әзірше тиісті нәтижелер берген жоқ.

5.3. Дертті анықтау

Сыбайлас жемқорлықтың дәрежесі мен сипатын талдауға және бағалауға ұмтылған ретте елеулі проблемалардың бірі, көпшілік санайтындай, оны анықтаудың және тіпті бір өлшемге салудың қиындығы. Сонымен бірге задында сыбайлас жемқорлықты шамалаудың мүмкін екендігін тәжірибе көрсетіп отыр. Мысалы, сыбайлас жемқорлық пен паракорлықты түйсінудің кең таралған индекстері осы мақсатқа қызмет етеді. Бұл индекстер кәсіпкерлік құрылымдар арасындағы зерттеулер деректеріне негізделеді. Дертті анықтайтын зерттеулер жүргізудің негізгі мақсаты паракорлық пен сыбайлас жемқорлықтың неғұрлым негізгі түрлерін, сондай-ақ жағдайлары мен себептерін табу. Азды-көпті объективті деректер алу бұл проблеманы едәуір дәрежеде "саясатсыздандыруға" және неғұрлым әділ бағалауға мүмкіндік береді. Деректер мен оларды талдау стратегияның басымдықтарын айқындауға көмектеседі және қабылданған шаралардың ілгерілеуі мен нәтижелілігін өлшеу үшін негіз қалайды.

Дертті анықтау зерттеулері, әдетте, кәсіпкерлік құрылымдар, үй шаруашылықтары және мемлекеттік қызметшілер арасында жүргізіледі. Бұл ретте зерттеудің әдістемелері тұрақты жетілдіріліп отырады, жаңа индекстер енгізіледі, фокустық топ тәрізді және т.б. әдістерді пайдалану ұсынылады. Қазіргі уақытта өз функциялары мен өкілеттіктерін теріс пайдалануға едәуір мүмкіндіктері бар жекелеген мекемелер деңгейінде зерттеулер әдіснамасын

әзірлеу де жүргізіледі. Әдетте, әдіснама зерттеулерді қайталап жүргізуді көздейді, бұл сыбайлас жемқорлық деңгейіндегі өзгерістер серпініне зер салып отыруға мүмкіндік береді. Қазақстанда кәсіпкерлік салада осындай зерттеулер жүргізу тәжірибесі бар да. Кәсіпкерлердің сыбайлас жемқорлық проблемасын бағалау жөнінде 1999 жылы жүргізілген социологиялық зерттеулер осының мысалы бола алады.

5.4. Сыбайлас жемқорлықты бақылау және оның алдын алудың негізгі құралдары мен стратегиясы

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің әлемдік тәжірибесі мол және сан алуан. Бұл күресте табысқа жетудің принципті шарттары саяси ерік-жігер, заңдардың орындалуын қадағалаудың тиімді институттарын қалыптастыру, оған азаматтардың, жекеше сектордың, бұқаралық ақпарат құралдарының және әр түрлі үкіметтік емес ұйымдардың атынан қоғамның қатысуы болып табылады. Бұған қоса, бақылау мен тойтарудың әр түрлі саяси тетіктерін қалыптастыру сыбайлас жемқорлыққа қарсы науқанды саяси мақсаттарға пайдакүнемдікпен пайдалануды едәуір дәрежеде тияды. Алайда мұндай тетіктерге барлық мемлекеттер бірдей ие емес. Сондықтан сыбайлас жемқорлықты шектеудің неғұрлым пәрменді институттары мен құралдарын жасау маңызды болмақ. Мұндай институттарды дамытудың негізгі мақсаты кез келген деңгейдегі лауазымды тұлғаның құқық бұзушылығын анықтаудың және оны жасағаны үшін жазалану ықтималдығын едәуір арттыру болуға тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясының негізгі бағыттары мыналар болып табылады:

Заңның атқарылуы

"Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы" Заңның тиімді атқарылуы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте практикалық нәтижелерге қол жеткізудің басты шарты ретінде қарастырылады. Заңның атқарылуы сыбайлас жемқорлық сипатындағы жолсыздықтарды білікті түрде анықтауға қабілетті, жақсы жолға қойылған мемлекеттік тетіктің іркіліссіз жұмыс істеуін және құқық бұзушының деңгейі мен лауазымына қарамастан әділетті жазалаудың қамтамасыз етілуін көздейді. Заңды орындаудағы салиқалы "агрессивтілік" сыбайлас жемқорлыққа төзбестік ахуалды айтарлықтай тез орнықтыруға және жазаланбаушылық, әсіресе ірі ауқымды ықтимал сыбайлас жемқорлық саласында (мемлекеттік сатып алу, келісімшарттар, жекешелендіру, монополияларды реттеу, импорттық квоталарды бөлу және т.б.) жазаланбаушылық шегін шектеуге тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі мамандандырылған органдардың рөлі

Белгілі бір жағдайда, мүмкіндіктер және өкілеттіктер болған ретте айрықша сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске маманданған органдар құру Заңның атқарылуын қамтамасыз етудің пәрменді құралы болуы мүмкін. Әдетте, мұндай органдардың тәуелсіз мәртебесі, кең, айқын белгіленген өкілеттіктері, ақы төлеудің жоғары деңгейі және білікті кадрлары болады. Агенттіктердің көпшілігінің екі негізгі функциясы сыбайлас жемқорлықты тексеру және алдын алу функциясы бар. Мұның үстіне кейбір елдерде бұл функциялар мемлекетке ғана емес, сонымен бірге жекеше секторға да тиесілі. Мұндай органдардың өкілеттігі оларды бұл маңызды міндетті орындауда тиімді ете түседі. Сонымен бірге қоғамдық бақылау мен тәуелсіз соттар болмаған жағдайда, мұндай органдардың мемлекеттік мүдделерді емес, жеке мүдделерді қорғау құралына айналу қаупі туады. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресетін мамандандырылған органдар құру ісінде алдымен мұндай органдардың құрылымын, функцияларын, жауапкершілігін, кадрлармен қамтамасыз етілуін және басшыларының тағайындалуын, сондай-ақ бақылауда болуы мен есептілігін белгілеу жөніндегі жан-жақты әзірлік жұмыстары жасалуға тиіс.

Омбудсмен

Омбудсмендердің мемлекеттік органдар тарапынан құқықтары мен мүдделерінің бұзылуына қатысты азаматтардың шағымдарын алуға және тексеру жүргізуге өкілеттігі бар. Қазақстанда орнықтыру жоспарланып отырған бұл институт жұртшылық үшін құқық бұзушылықтар туралы ақпаратты берудің баламалы және неғұрлым қол жетімді арна қызметін атқарады. Омбудсмен құқық қорғау органдарының заңдылықты сақтау жөніндегі қызметін толықтыра алады және сонымен бір мезгілде олардың қызметіне қоғамдық бақылау жасаудың айтарлықтай тиімді тетігі болады.

Бюджет, аудит және қаржы бақылау

Мемлекеттік қаражатты нысанасыз жұмсаудың жолын кесу, сондай-ақ мемлекеттік кірістер саласындағы сыбайлас жемқорлықты анықтау сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі іс-қимыл бағдарламасында неғұрлым маңызды басымдықтар болуға тиіс. Мемлекеттік қаржы саласында билікті теріс пайдаланушылық, кәсіпкерлікті дамыту мен жұмыссыздыққа және қайыршылыққа қарсы күресті қоса алғанда, әлеуметтік маңызды инвестициялар мен бағдарламалардың жетімсіз қаржыландырудың жетелейді. Осы мақсатта, мемлекеттік қаржы бақылауды қоса алғанда, қаржылық және бюджеттік бақылау институттары мен құралдарын нығайтуды жалғастыру маңызды. Жоғары дәрежелі мемлекеттік қызметшілердің жеке шоттарына ғана емес, сонымен бірге

министрліктердің, агенттіктердің және ұлттық компаниялардың шоттарына да жүйелі аудит пен тексерулер жүргізіп отырған жөн. Аудитті министрліктер мен жергілікті басқару органдарының жанындағы қызметтер мен инспекциялар, сондай-ақ сыртқы мемлекеттік аудит жүргізуге тиіс. Бұл бағытта мемлекеттік аудиторларды институционалдық дамыту, әзірлеу және оқыту жөніндегі шараларды жалғастырған жөн.

Неғұрлым кең мағынасында қаржы транспаренттілігі мемлекеттік бюджет саласында сыбайлас жемқорлыққа қарсы алдын алу шараларын әзірлеуде басшылыққа алатын принцип болуға тиіс. Мұнда мемлекеттік және мемлекеттік емес функциялардың неғұрлым нақты бөлінуі, мемлекеттік қаржы бойынша ақпараттың мүдделі адамдар үшін қол жетімділігі, бюджеттен тыс қорларды жою немесе оларды бюджеттік процестің және есепке алудың жалпы жүйесіне қосу, мемлекеттік бюджетті әзірлеудің, атқарудың және ол бойынша есеп беру процесінің неғұрлым ашықтығы, шығыстар жіктелісінің ашықтығы және анықтығы неғұрлым маңызды принциптер болып табылады.

Мемлекеттік реттеу және нарықтық бәсеке

Сыбайлас жемқорлықтың дамуының негізгі принциптерінің бірі нарық жағдайында шаруашылық жүргізуші субъектілердің қызметін нормативтік шектеу және сонымен байланысты мемлекеттік реттеу болып табылады. Экономикалық қызметті кең ауқымды реттеу мен оған бақылау жасау ережелер мен рәсімдер жүйесін сақтаудың, тексерулер жүргізудің және жеке сектор мен мемлекет арасындағы өзара қарым-қатынастың тұтас бір кешенін дамыту қажеттігін туындатады. Бұл сыбайлас жемқорлықтың дамуы үшін ықтимал мүмкіндіктер тудырмай қоймайды. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың экономикалық себептеріне қарсы күрестің жалпы стратегиясы мемлекет бақылауындағы салаларды қысқарту және нарықтық заңдар мен тетіктердің жұмыс істеуін кеңейту болып табылады. Экономикалық белсенділікті бақылайтын және оған ықпал ететін ведомстволар сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес органдары мен жұртшылықтың ұдайы және мұқият бақылауында болуға тиіс.

Мемлекеттік қызмет - еңбек сіңіру принципі, қызмет этикасы және еңбекке ақы төлеу

Әкімшілік этикасы мен рәсімдер, мемлекеттік қызметті ұйымдастыру жүйесі сыбайлас жемқорлыққа ықпал етуі немесе оны болдырмауы мүмкін. Мемлекеттік қызметшінің этикасы қоғамдық мүдделерге қызмет ету үшін құрылған институт ретінде мемлекеттің ерекше мәртебесімен және рөлімен тікелей байланысты. Этикалық стандарттар мен тиісті жағдайларды неғұрлым егжей-тегжейлі реттеу

мемлекеттік қызметшінің мінез-құлқын айқын құқықтық шеңберге қоюға және этикалық тұрғыда дұрыс шешім қабылдауға көмектесуге бағытталған. Өз кезегінде мемлекеттік қызметшілер Қызмет этикасы ережелерін және басқа ережелерді оқып-үйренуге, білікті заң консультацияларын алуға тиіс.

Мемлекеттік қызметке конкурстық іріктеу ережесін енгізу әділеттілік принципі мен білімнің басымдығын, мемлекеттік функцияларды орындау үшін қажет қабілеттілік пен дағдыларды қамтамасыз етуге ғана емес, сонымен бірге қамқоршылық пен ағайынгершілік бұрушылық мүмкіндіктерін қысқартуға жәрдемдесуге тиіс. Конкурстық іріктеу билікті теріс пайдаланушылық пен сыбайлас жемқорлық үшін мүмкіндіктердің жоқтығына кепілдік бермесе де, институт ретінде, мемлекеттік қызмет мәртебесін түбегейлі өзгертеді және жеке басы ешкімге тәуелсіз, әділ және кәсіби мемлекеттік әкімшілік қалыптастыру үшін негіз қалайды.

Кәсіби әрі сыбайлас жемқорлықтан қорғалған мемлекеттік қызметті құру кезіндегі маңызды міндеттер еңбекке ақы төлеу жүйелерін реформалау, медициналық қызмет көрсету, сондай-ақ тұрғын үй беру және оны сатып алу жөніндегі жеңілдіктер жөніндегі кепілдіктерді қоса алғанда, мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік қорғау жөніндегі нормативтік актілерді әзірлеу болып қала береді. Әділетті және бәсекеге қабілетті еңбекке ақы төлеу жүйесінің ішкі және сыртқы талаптары бар. Ішкі талаптар лауазымдарды талап етілетін білім, қабілеттілік және жауапкершілік деңгейі тұрғысынан бағалау негізінде мемлекеттік қызметшілерге ақы төлеу санаттары мен деңгейін айқындаудан тұрады. Жүйеге сыртқы талап жекеше сектордағы ақы төлеу деңгейімен салыстырмалы және бәсекеге қабілетті ақы төлеу деңгейін қамтамасыз етуге саяды. Еңбекке ақы төлеудің төмендігі, әсіресе мемлекеттік қызметтің орташа және төменгі деңгейінде және жергілікті басқару органдарында сыбайлас жемқорлықтың таралуының айтарлықтай себептерінің бірі болып табылады. Лауазымдық жалақы төмен жағдайда, тіпті құқық бұзғаны үшін жұмыстан босап қалу қаупінің жоғарылығының өзінде, материалдық игіліктен айрылудың мардымсыздығынан, оның мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлықты болдырмау нәтижелілігі төмен. Халыққа және ұйымдарға мемлекеттік қызметтерді тікелей көрсету деңгейіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді құралы кадрларды ауыстыру бола алады. Шенеуніктің бақылауындағы құқықтық өкілеттікті ауыстыру мақсатымен кадрлардың белгілі бір санаттарын мезгіл-мезгіл ауыстыру мемлекеттік шенеуніктер мен олардың қызметін тұтынушылар арасында қамқоршылық қатынастарының орнығу қаупі төмендетуге мүмкіндік береді.

Қоғамдық қатысуды жұмылдыру және білім беру

Сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселесіндегі халықтың білімі мен құқықтық сауаттылығы - мемлекеттік қызметшілер тарапынан билікті теріс пайдалануға тиімді қоғамдық бақылау жасаудың маңызды және қажетті алғышарты. Егер халық оған табанды түрде қарсы әрекет жасауға бейім болса, сыбайлас жемқорлықты анықтау мен жазалаудың ықтималдығы едәуір өседі. Бұл жұртшылық арасында төзбеушілік ахуалын орнықтырады, мұның өзі билікті теріс пайдаланушылықтың алдын алудың елеулі факторына айналады. Білім беру, соның ішінде мектептегі білім беру қоғамдық пікір қалыптастырудың маңызды арнасы болып табылады. Сыбайлас жемқорлық қылмыстары туралы тексерулер жүргізуге және қоғамды хабардар етуге қабілетті тәуелсіз бұқаралық ақпарат құралдары да қоғамның сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етуге мүдделілігінің өсуіне ықпал жасайды. Азаматтардың құқықтарын, заңнама ережелерін, сыбайлас жемқорлық қылмыстарының түрлерін түсіндіретін кеңінен таратылатын ақпараттық кітапшалар, әкімшілік этикасының бұзылуы мен билікті теріс пайдалану жағдайларында ұсынылатын іс-әрекеттер кең туылған халықтың қатысуы мен қолдауын қамтамасыз ететін тиімді әдістердің бірі болып табылады.

Әр түрлі елдердегі жергілікті билік әкімшілік жүйесінің барынша ашықтығының қамтамасыз ету және халықтың сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға неғұрлым белсене қатысуы проблемаларының әртүрлі инновациялық шешімдерін табуда. Мысалы, Сеул әкімшілігі азаматтар мен жеке құрылымдардың Интернет арқылы өз өтінімдерінің, лицензияларының, анықтамаларының және басқа құжаттарының қаралу жай-күйі туралы, олардың мәселелерімен айналысатын лауазымды адамдар мен қызметтер және т.б. туралы ақпаратқа қол жеткізуіне мүмкіндік беретін ақпараттық жүйені ойдағыдай енгізді. Инновациялық шешімнің басқа бір мысалы жергілікті мемлекеттік мекемелер халыққа қызмет көрсететін жерлерде қызмет бабын теріс пайдалану жағдайлары белгіленген ережелер азаматтар құқықтарының бұзылуы туралы қала мәріне тікелей хабарлаудың арнаулы нысандарын тарату болып табылады. Сондай-ақ билікті азаматтардың қала аудандары деңгейінде шағын құрылыс жобаларына инспекциялық тексеру мен мониторинг жүргізу үшін тағайындалу мүмкіндігі де бар.

Жекеше сектордың рөлі мен қатысуы

Сыбайлас жемқорлық, әдетте, мемлекет пен жекеше сектор арасындағы өзара қарым-қатынастар негізінде пайда болады. Кәсіпкерлер мен коммерциялық ұйымдар белгілі бір артықшылықтар алу үшін заңсыз қызметтер мен төлемдер ұсынатын белсенді тарап ретінде де, сондай-ақ өзінің заңды құқықтарын іске асыру мүмкіндігінің орнына төлем талап етудің объектісі ретінде де көрінуі мүмкін. Жекеше сектор, дерті анықтау жағдайындағы сияқты, сыбайлас

жемқорлықтың сипаты мен деңгейі, оның неғұрлым елеулі түрлері мен схемалары туралы ақпараттың маңызды көзі болады. Жекеше секторда сыбайлас жемқорлықтың азаюы корпоративтік этиканың айқын ережелерін әзірлеу мен сақтауға, қолданылып жүрген заң шеңберінде бопсалап, төлем алуға қарсы күрестің мүмкіндіктері мен құралдарын білуге, сондай-ақ нарықтық экономиканың дамуына кедергі келтіретін сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықты неғұрлым қатаң қадағалау мен жазалауға байланысты. Мысалы, кейбір мемлекеттердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес практикасында мамандандырылған органдар мемлекеттік секторда ғана емес, сонымен бірге жекеше секторда да құқық бұзушылықтарды тексеру жөнінде белсенді жұмыстар жүргізеді. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу стратегиясы шеңберінде аталған органдар корпоративтік этиканы нығайту мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама ережелері туралы хабардарлықты арттыру үшін жекеше компаниялардың қызметкерлері арасында жүйелі білім беру науқандарын жүргізеді.

Транспаренттік және ақпаратқа қол жеткізу

Мемлекет пен оның институттарында мейлінше ашықтық ахуалын орнықтыру - ұзақ мерзімді перспективада билікті теріс пайдалану үшін шарттар мен ынталандыруды қысқартудың сенімді жолы. Мейлінше ашықтық мемлекеттік қызметтердің клиент-тұтынушылары үшін де, сондай-ақ тұтас алғанда бұқаралық ақпарат құралдары мен халық үшін де әкімшілік сипатындағы ақпаратқа кеңінен қол жеткізу дегенді білдіреді. Мұның өзі халықтың мемлекетке деген сенімін біртіндеп қалпына келтіру және сыбайлас жемқорлықты түп-тамырымен жоюға деген жұртшылық мүдделілігін ояту үшін қажетті шарт болып табылады. Томаға-тұйықтық, қол жетімсіздік, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін табиғи қабыл көрмеу дәстүрлі мемлекеттік басқарудың жүйесі мен мәдениетіндегі өзгерістердің әзірге әлсіз болып отырғанын дәлелдейді. Ашықтық саясатының негізгі идеологиялық жемісі, бірінші кезекте, өмір сүруінің бірден бір заңды негізі азаматтардың конституциялық мүдделері мен құқықтарын қамтамасыз ету болып табылатын мемлекеттің тұжырымдамасын білдіретін мемлекеттік басқаруды демократияландыру болуға тиіс. Жаңа ақпараттық технология және ең алдымен, Интернет адамдардың әкімшілік ақпаратқа қол жеткізуін кеңейтуге, мемлекетті халыққа жақындатуға және мемлекеттік органдар мен мекемелер қызметінің сапасы мен тиімділігін жақсарту үшін кері байланыс орнатуға мүмкіндік ж а с а й д ы .

Егер сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес стратегиясының басты мақсаты заңдылықты және баршаның заң алдында теңдігін қамтамасыз ету болса, айқын тәсілдер мен құралдарды ұсынса және ұсақ сыбайлас жемқорлықпен ғана емес,

сонымен бірге ірі ауқымды қылмыстармен де ымырасыз әрі принципті күресуге бағытталса, ол жұртшылықтың сенімі мен қолдауына ие болады. Саяси бағдарлар мен басымдықтар тиісті бағдарламада көрініс табуға тиіс, оның іске асырылуы Мемлекет басшысының тұрақты бақылауында болады.

ХІІІ БӨЛІМ

МЕМЛЕКЕТТІК ФУНКЦИЯЛАРДЫ ОРТАЛЫҚСЫЗДАНДЫРУ

1. МАҚСАТ

Мемлекеттік басқаруға азаматтардың қатысуын кеңейту және мемлекеттік органдардың халыққа есептілігін күшейту жолымен мемлекеттік басқару негіздерін демократияландыру.

2. АХУАЛДЫ ТАЛДАУ

Басқарудың әр түрлі деңгейінің рөлін, жауапкершілігін және өкілеттігін ой елегінен қайта өткізу және өзгерту ретінде орталықсыздандыру үкімет қызметінің тиімділігіне қол жеткізу әдістерінің бірі болып табылады. Еуропа және ТМД елдеріндегі реформалардың тәжірибесі орталықсыздандырудың экономиканы және қоғамды демократияландыру мен өзгерту процесінде маңызды рөл атқаратынын көрсетті. Бұл өзінің мәнін дұрыс түсінуді, іс-қимылдың салықалылығы мен сарабалдығын талап ететін күрделі процесс, өйткені ол қоғам өмірінің: саяси, құқықтық, әлеуметтік, әкімшілік, экономикалық және мәдени әр түрлі қырларын қозғайды.

Орталықсыздандыру нақты жүзеге асырылған елдердің тәжірибесі оның артықшылықтары саяси да, сонымен бірге экономикалық та сипатқа ие екендігін көрсетіп отыр.

Орталықсыздандыру азаматтардың биліктегі өз өкілдерін жақсы білуіне мүмкіндік береді, өз кезегінде олар өз сайлаушыларының проблемаларымен және қажеттерімен жақсы танысады және тиісінше, саяси шешімдерді талдап жасауға және іске асыруға неғұрлым белсенді ықпал етеді.

Жергілікті деңгейде жаңа элитаның пайда болуына мүмкіндіктер жасалады, ол елдің саяси өміріне қатысу үшін қажет демократиялық саяси дағдылар мен функцияларды игере алады.

Орталықсыздандыру билік органдарының жергілікті қажеттіктер мен проблемаларға сергек қарауын арттыруға ықпал етеді. Қызметтер ұсыну мен инфрақұрылымды қамтамасыз ету жауапкершілігі орталықсыздандырылған кезде

жергілікті органдар кірістер мен шығыстардың ара қатынасын жақсы бағалайды, сондай-ақ бюджеттік шектеулер шеңберінде халықтың қажетіне неғұрлым икемді үн қосатын болады.

Орталықсыздандыру үкіметтің және орталық мемлекеттік органдардың жұмыс тиімділігін арттыруға ықпал етеді, өйткені бұл оларды жергілікті сипаттағы міндеттерді шешуден босатады және назарды ел дамуының стратегиялық мәселелеріне шоғырландыруға, республикалық деңгейде әр түрлі бағдарламаларды мұқият жоспарлау мен ұйымдастыруға мүмкіндік жасайды.

Жергілікті жерлерде таңдау процесін дамыту тұтас алғанда халықтың саяси белсенділігін одан әрі демократияландыруға және арттыруға түрткі болады.

Экономикалық тұрғыда орталықсыздандыру мемлекеттік ресурстарды неғұрлым ұтымды пайдалануға мүмкіндік береді.

Қазақстан тәуелсіздігінің алғашқы жылдары орын алған мемлекеттік билікті күшті орталықтандыру өзін ақтады, өйткені мемлекет құру, елдің егемендігін нығайту, аумақтық тұтастықты сақтау басым міндеттер болды. Орташа мерзімді перспективада билікті тым орталықтандыру тіпті таяу көршілерден стратегиялық жағынан артта қалу қаупін туындата отырып, елдің дамуын тежейтін болады.

Әлемдік экономиканың ғаламдану, мемлекеттік басқару жүйелерінің демократиялану процестері орталықсыздандыру саясатын әзірлеуді жеделдетуді т а л а п е т е д і .

Әлемдегі орталықсыздандырудың сан алуан модельдерін, сондай-ақ Қазақстандағы мемлекеттік басқарудың нақты болмыстары мен дәстүрлерін ескере отырып, өзіндік орталықсыздандыру стратегиямызды талдап жасау қажет.

2.1. Күшті жақтар

Реформаны жүзеге асыру үшін қажетті ішкі ресурстардың болуы.

Жергілікті басқару институтының болуы.

Республикада әр түрлі деңгейде басқарудың оңтайлы модельдерін іздестіру жү р г і з і л у д е .

Белгілі бір функциялардың, өкілеттіктердің, қаржылық жауапкершіліктердің орталық Үкіметтен мемлекеттік биліктің одан төмен тұрған деңгейлеріне берілуі жү з е г е а с ы р ы л у д а .

Әкімдердің тіпті дамыған елдерде қабылданған нормалардан бірсыпыра асып түсетін кеңінен жария етілген өкілеттіктері жауапкершіліктің қазіргі көлемімен салыстырғанда нақты өкілеттіктің жай-күйіне талдау жасау қажеттігін көрсетеді.

2.2. Әлсіз жақтар

Жергілікті басқару органдарының басшыларын тағайындаудың қазіргі жүйесі олардың халыққа есептілігі мен бақылаулы болуын қамтамасыз етпейді.

Өз араларындағы функциялар мен өкілеттіктердің айқын ажыратылмауы салдарынан биліктің әр түрлі деңгейлерінің арасында жауапкершілікті бір-біріне а р т у м е н т а р т ы с т а р .

Жергілікті өкілді органдардың әлсіздігі және олардың жергілікті атқарушы органдарға тәуелділігі.

Жергілікті жерлерде және аймақтық әкімшіліктерде орталық органдардың функцияларының қайталануы.

2.3. Мүмкіндіктер

Қоғамның тұтас алғанда мемлекеттік басқару жүйесі мен жергілікті мемлекеттік басқару жүйесін мемлекеттік басқару негіздерін демократияландыруға қарай реформалау қажеттігіне түсіністікпен қарауы.

Әлемдегі орталықсыздандыру процесінің қазіргі мол тәжірибесін зерделеу ортақ үрдістер мен заңдылықтарды анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасынан мемлекеттік басқару жүйесін демократияландыруды талап ететін әлемдік экономиканың ғаламдану үрдісі.

2.4. Қатерлер

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері назар аударуды талап етеді. Бұған қоса, аймақтардың басшыларының сайланбалылығына асығыс түрде көшуге жол беруге болмайды, өйткені тіпті сепаратистік үрдістердің туындауына дейін дерлік саяси тұрақсыздық, ұлтаралық егес туындау қатері бар.

Аймақтардың әр түрлі экономикалық әлеуетіне байланысты ойластырылмаған бюджеттік орталықсыздандырудың да теріс әсері болуы және аймақтардың әлеуметтік қызметтермен біркелкі қамтамасыз етілмеуіне алып келуі мүмкін.

3. СТРАТЕГИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕР

Нарықтық экономика құрудың стратегиялық міндеттері мемлекеттік басқарудың барлық деңгейлерін демократиялық құрылысын талап етеді, өйткені демократиялық тетіктерсіз және басқару органдарының жұмысын бақылаусыз әділетті нарықтық бәсекелестік жағдай туғызу мүмкін емес.

Екінші жағынан, нарықтық экономика шешім қабылдау жүйесінде шектен тыс орталықтандыруға көнбейді және экономикалық, әлеуметтік өмірдің субъектілерімен тікелей жанасатын жергілікті органдарға белгілі бір билік пен қаржы өкілеттігін бекітіп беруді талап етеді.

Сонымен бірге орталықсыздандыру процесі орталық мемлекеттік органдардың рөлін төмендеуді білдірмейді, олар мемлекет қызметінің негізгі салалары үшін жауапты болып қала береді және жергілікті билік органдарының қызметін заңнамалық актілер мен бюджетаралық трансферттер жүйесі арқылы

р е т т е й д і .

Қазақстандағы орталықсыздандырудың негізгі міндеттері:

- биліктің әр түрлі деңгейлерінің арасындағы қызмет, функциялар және жауапкершілік салаларын айқын шектеу;
- жергілікті мемлекеттік басқарудың пәрменді жұмыс істеуі үшін жағдай ж а с а у ;
- демократиялық мемлекеттің іргетасы ретінде жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізу.

4. ІС-ҚИМЫЛ СТРАТЕГИЯСЫ 4.1. Биліктің әр түрлі деңгейлерінің арасындағы қызмет, функциялар және жауапкершілік салаларын айқын шектеу

Міндетке қол жеткізу үшін мынадай нақты шараларды мақсатты түрде жүзеге а с ы р у қ а ж е т .

Құзырында орталықсыздандыру жоспарын әзірлеу және оның орындалуын бақылау, сондай-ақ мемлекеттік функцияларды орталықсыздандыру мәселелері бойынша мемлекеттік басқару органдарының қызметін үйлестіруді жүзеге асыру болатын уәкілетті органды белгілеу.

Функциялар мен өкілеттіктерді беру процесінің кезеңдері мен бағыттарын, мемлекеттік басқарудың әрбір деңгейінің рөлі мен міндеттерін және олардың өзара іс-қимыл жүйесін, сондай-ақ жергілікті өзін-өзі басқару органдарына және мемлекеттік емес ұйымдарға беруге жататын функцияларды айқындайтын орталықсыздандыру жөніндегі іс-қимылдың мемлекеттік жоспарын әзірлеу.

Мемлекеттік басқарудың әрбір деңгейінің орындайтын функцияларына қойылатын талаптарды егжей-тегжейлі әзірлеу. Өкілеттіктерді беру жоспары, іске асыру барысында ашылатын мүмкіндіктерді пайдалану үшін стратегиялық сипатқа ие болуға тиіс. Бұл жоспар орталық пен аймақтардың арасындағы қатынастардың серпінді дамуын ескере отырып әзірленуге тиіс.

Басқару органдарының функциясы айқын белгіленуге және ажыратылуға тиіс . Халықаралық тәжірибені және Қазақстанда қалыптасқан жағдайды ескере отырып, негізгі функцияларды тиісінше бекіту белгіленуі мүмкін (27-қосымшаны қ а р а ң ы з) .

Оларды билік деңгейлерінің арасында бөлуді заң жүзінде бекемдеп, аталған функцияларды нақтылау мен кеңейту үшін барлық деңгейдегі билік өкілдерінің қатысуымен мұқият функционалдық талдау жүргізу қажет.

27-қосымша

Басқару органдарының негізгі функциялары

Басқару деңгейі	!	Функциялары
Төменгі деңгей (ауыл және шағын қалалар)		Коммуналдық шаруашылық, мәдениет мекемелері, жер мен суды пайдалану, жылумен жабдықтау, абаттандыру және көгалдандыру мәселелері.
Орташа деңгей (аудандар мен облыстық маңызы бар қалалар)		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру, алғашқы медициналық-санитарлық көмек, жалпы бағдардағы емханалар мен ауруханалар, қоғамдық тәртіпті сақтау, жергілікті маңызы бар жолдар, құрылысты жоспарлау, жергілікті тұрғын үй салу және күтіп ұстау, коммуналдық қызметтерге арналған тарифтерді реттеу.
Жоғарғы деңгей (облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар)		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, коммуналдық қызмет көрсетулерге арналған тарифтерді реттеу, құрылысты жоспарлау, муниципалдық тұрғын үй (қалалар үшін) салу, құрылысын жүргізу және күтіп ұстау, арнаулы орта білім беру, облыстық маңызы бар жалпы бағдардағы ауруханалар, індеттерге қарсы қызметтер, атаулы әлеуметтік көмек, халықты жұмыспен қамтуға жәрдем көрсету, қоғамдық тәртіпті сақтау, облыстық маңызы бар жолдарды салу, күтіп ұстау және жөндеу, облыс шегіндегі халыққа көліктік қызмет көрсету, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, облыстық деңгейдегі төтенше жағдайларды жою, ауыл шаруашылығы

мәселелері, қоршаған ортаны қорғау, қызметтің белгілі бір түрі мен шұғылдануға лицензиялар беру, шағын және орта бизнесті қолдау, шетел инвесторларымен келісімшарт әзірлеуге қатысу және олардың орындалуын бақылау, кең таралған пайдалы қазбаларды пайдалануды басқару, аудандар мен қалаларға қаржылық көмек көрсету.

4.2. Жергілікті мемлекеттік басқарудың тиімді жұмыс істеуі үшін жағдай жасау

Мемлекеттік басқарудың барлық деңгейіндегі жергілікті органдарға бюджет пен меншіктің айқын белгіленген өкілеттіктері берілуге тиіс, өздеріне мемлекет берген функцияны атқаруға тиіс.

Жергілікті органдардың өз бюджеттеріне қатысты нақты өкілеттіктерін қамтамасыз ету, яғни басқарудың әрбір деңгейі үшін кірістің меншікті көздерін, оларды жұмсаудың бағыттарын дербес белгілеу құқығын бекіту қажет. Жергілікті мәслихаттар жергілікті бюджетті бекітуге және оның атқарылуын нақты бақылауға тиіс (қараңыз. VIII бөлім. Салық-бюджет саясаты).

Сондай-ақ, жергілікті басқару органдары қызметкерлерінің даярлығы мен біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру қажет.

4.3. Демократиялық мемлекеттің іргетасы ретінде жергілікті өзін-өзі басқаруды енгізу

Мемлекеттік басқаруды қайта құрылымдау жөніндегі міндеттердің күрделілігін ескере отырып реформаны "пилоттық" жобаларды іске асыру арқылы, кезең-кезеңімен жүргізу қажет.

Өзін-өзі басқарудың жаңа принциптерін жекелеген ауылдық округтерде, қалаларда, аудандарда, бір жыл ішінде алдын ала байқап көрген жөн және сонан соң ғана оларды заңнамалық актілерде бекіткен жөн. Мұндай тактика сынақ кезеңі ішінде жаңа жағдайдағы жұмыс тәжірибесін жинақтауға, заңнамалық нормаларды мұқият пысықтауға және бүкіл ел ауқымында ірі қателіктер мен кемшіліктер жібермеуге мүмкіндік береді.

Реформалаудың оң және теріс нәтижелерін зерделеу мен талдау оны келесі

деңгейлерде одан әрі тарату үшін бағдар болады.

Орталықсыздандырудың бірінші кезеңінде ауыл мен шағын қалалардағы, яғни қазіргі кезде биліктің белгілі бір жетімсіздігі орын алып, мұның өзі үлкен келеңсіздіктерге әкеліп отырған жерлерде проблемаларды шешу айрықша маңызды болып табылады.

Ауылдық округтер, қала тұрпаттас поселкелер және аудандық маңызы бар қалалар деңгейінде әкімдер сайлау жүргізілетін болады.

Екінші кезеңде төмен деңгейдегі әкімшілік-аумақтық бірлік деңгейінде, яғни ауылдық округтер, қала тұрпаттас поселкелер мен аудандық маңызы бар қалалар деңгейінде басқарудың толыққанды органдарын құру мүмкіндіктерін қарастыру керек.

Орталықсыздандырудың бұл кезеңінде аудандық деңгейдегі жергілікті мемлекеттік басқару реформасы талап етіледі. Халыққа есептілігі мен бақылаулылығын күшейту мақсатында тиісті өкілді органдармен - аудандық (қалалық) мәслихаттармен келісе отырып белгілі бір мерзімге аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) әкімдерін қызметке тағайындау және орнынан алу тәртібін енгізу қажет. Аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімін аудандық (қалалық) мәслихат депутаттарының қатарынан облыстық әкімнің тағайындау нұсқасы да болуы мүмкін.

Үшінші кезеңде облыстық маңызы бар аудандар мен қалалар деңгейінде орталықсыздандыру принциптерін енгізу қажет.

XIV БӨЛІМ

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР

Ұзақ мерзімге орайластырылған бәсекеге қабілетті экономика құру.

ІЖӨ-нің көлемін екі есе ұлғайту.

Осы заманғы бюджет жүйесінің жұмыс істеуі, бюджетке түсетін түсімдердің ІЖӨ-нің 30%-ына дейін өсуін қамтамасыз ету.

Мемлекеттің қатысуымен ірі ұлттық компаниялар құру және аймақтық әрі мүмкіндігінше, әлемдік деңгейге шығару.

Пәрменді, мемлекеттік кәсіпкерлікті басқаруға қабілетті Үкімет құру.

Орталықсыздандыру принциптерінде жергілікті басқарудың осы заманғы жүйесін құру.

Халықтың санын, ұзақ жасаудың базалық көрсеткішінің (туылған кездегі алдағы өмірінің орташа күтілетін ұзақтығы) ерлер үшін 4 жылға, әйелдер үшін - 2 жылға өсу жағдайында, 16 млн. адамға және одан да астамға дейін көбейту.

Экономикалық жағынан белсенді халықтың көпшілігін зейнетақы, әлеуметтік және медициналық сақтандыру жүйелерімен қамту.

ӨНЕРКӘСІПТІК ЖӘНЕ АГРАРЛЫҚ САЛАДА

Онжылдықтың аяқталуына қарай елдің ішкі және сыртқы нарықта бәсекеге қабілетті, тұрақты және орнықты өткізу нарығы бар, әлемдік еңбек бөлінісінде мамандануы айқындалған индустриалдық кешені жасақталатын болады.

Өнеркәсіп пен экономиканың тұтастай алғанда жаңа технологиялық укладтарға көшуі үшін алғышарттар жасалатын болады.

Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2000 жылмен салыстырғанда 2 еседен астам, аграрлық өндіріс көлемі - 1,5-еседен астам өседі.

Осы кезең ішінде өнеркәсіп өндірісінің құрылымы өзгереді, оның материалдық-техникалық базасы мен қолданылатын технологияларды қайта жаңарту жүргізілетін болады.

Экспортқа бағдарланған блок - мұнай-газ секторы мен металлургия, мұнай-химия және химия - өнеркәсіптің индустриалдық ұйтқысы болып қалыптасады және солармен байланысты салалардың дамуына да кең мультипликативтік (еселенген) әсер етеді.

Машина жасау, құрылыс индустриясы, негізінен экспорттық өнеркәсіптік кешеннің, сондай-ақ аграрлық сектор мен көліктің көмекші және қызмет көрсетуші блогын құрайды. Осымен бір қатарда электр-техникалық және электрондық өнеркәсіпте жаңа өндірістер енгізілетін болады.

Жоғары технологиялық және ғылымды көп қажетсінетін өндірістер, ең алдымен биология, химия, медицина түйісіндегі, сондай-ақ ақпараттық технологиялар саласындағы өндірістер басым дамуға ие болады.

Аграрлық сектор мен тамақ өнеркәсібі елдің азық-түлік қауіпсіздігін ғана емес, сонымен бірге отандық тамақ өнімдерінің әлемдік нарықтағы өктемдігін де қамтамасыз етеді. Бұл үшін субъектілері ауыл шаруашылығы өндірісшілерінің кооперативтік бірлестіктері, салалық одақтар мен қауымдастықтар, аграрлық және қайта өңдеу кәсіпорындарының тігінен интеграцияланған бірлестіктері болатын аграрлық-индустриялық өнімнің бәсекелес және интеграцияланған нарығының дамуы, ауылда агробизнестің қалыптасуы айқындаушы болып табылады.

Тұтас алғанда, экономиканың индустриялық секторында ақпараттық технологиялар мен техника ауқымды пайдаланылатын болады және тауарлар мен қызметтердің өзара сабақтас нарығы осы негізде құрылады.

Өндірістерді, инновациялар мен менеджментті, ішкі және сыртқы нарықтардағы өктемдікті дамыту тұрғысынан тиімді корпорациялық құрылымдар (холдингтер, консорциумдер, қаржы-өнеркәсіп топтары) қалыптастырылады.

Осының бәрі ұлттық экономиканың әлемдік шаруашылық қатынастарына табиғи және тең құқылы кірігуіне мүмкіндік береді. Сөйтіп экономиканың

дамудың индустриалдық сатысынан постиндустриалдық сатыға өтуі үшін алғышарттар жасалатын болады.

КӨЛІК КЕШЕНІНДЕ

Іргелі міндет - дамуға ықпал ететін және экономика мен қоғамның қажеттерін сапалы қызметтермен қамтамасыз ететін тиімді және технологиялық жаңарған көлік кешенін құру шешіледі.

Транзиттік жүктерді жыл сайын тасымалдаудан түскен кіріс кемінде 1 млрд. АҚШ долларын құрайтын болады.

Ұсынылатын қызметтер көлемінің ұлғаюы көлік кешені кірісінің өсуіне әсер етеді, бұл өз кезегінде кешеннің қызметтеріне арналған тарифтердің төмендеу мүмкіндігіне алып келеді.

Транзиттен түскен кірістер мен көлік кешеніне тікелей инвестициялар тарту саланы меншікті қаражат есебінен қаржыландыруға және бюджет жүктемесін төмендетуге мүмкіндік береді.

Нәтижеде экономиканың нақты секторында өндіріс жанданады және жұмыс орындарының саны көбейеді. Ең үлкен тиімділік бірінші кезекте өнімнің өзіндік құнында көлік шығынының үлесі жоғары болып отырған өнеркәсіптің шикізат секторының экспортқа бағдарланған салаларынан алынатын болады.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАДА

Мамандандырылған оқуға мұқтаж балаларды қоса алғанда, мектеп жасындағы балаларды орта мектеп бағдарламасы бойынша оқумен 100% қамтуға қол жеткізілетін болады.

Жалпыға бірдей білім беру мектептері түлектерінің 70%-ы осы заманғы жұмысшы кәсіптерін меңгерген және жұмысшы кәсібінің теңдестірілген еңбек нарығын құрайды.

Елдің еңбекке қабілетті халқының көп бөлігі қазақ және орыс тілдерін бірдей жақсы меңгереді, шетел тілін меңгергендердің үлесі артады.

Туберкулезбен ауыру жағдайлары жартылай қысқарады.

Өсіп-өну денсаулығы жөніндегі арнаулы бағдарламаларды іске асыру арқасында әйелдердің денсаулық индексі жоғарылайды.

Алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдарында пациенттерге өсіп-өну денсаулығы, жыныс жолдарымен берілетін жұқпалы аурулардың, ЖҚТБ /АҚТБ-ның алдын-алу және олардан емделу мәселелері бойынша сапалы қызметтер көрсетілетін болады.

Халықтың үлкен бөлігіне сапалы медициналық қызмет көрсетуді қамтамасыз ететін әлемнің жетекші медициналық орталықтарымен ынтымақтастық жасайтын оқу-клиникалық орталықтар жұмыс істейтін болады.

